


Қазыбек ЕШТАНАЕВ

**ҚАРАША АУЫЛ
ҚАРАТАЛ
ЖАҒАСЫНДА...**



Алматы – 2023

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШЫМ ҚАЛҒАН МЕКЕН

*«Қағаз не жазсаң да көтереді, бірақ ұят та керек
нәрсе»*

Әлихан БӨКЕЙХАН.

*Елден жырақ кеткелі, нанасың ба?
Біраз бопты,
Көрмеппін қарасын да.
Барып қайттым,
Ен жайлап жатыр екен,
Қараша ауыл,
Қаратал жағасында.
Өмір сырын өзінше безбендеген,
Қарттарым-ай, саясат,сөзге ермеген.
Жанталасып өзге ауыл жатыр, өне,
Біздің ауыл, Құдай-ау, өзгермеген.*

Ғазиз ЕШТАНАЕВ.

Апай төсін Арқа бөліне кере тастап, төңірегінің мысын басып жатқан Ақсораң тауы сұлулығымен Бурабай, Қарқаралы сынды ажарлы. Жылдың төрт мезгілінде келбеті өзгермейтін туған өлке барған сайын көк бояулы көктемге айналып, мамыражай мамыр болып, маңдайыңнан сыйпайды. Шатқалын өрлей, қара тасты жарып шыққан әсем қарағайлар жарықтық жаратылыстың ерекше сыйы. Ат құлағы көрінбес баурайдағы қалың жыныс, беткейдегі арша, етектегі бұлақ бар бояу болмысымен жарасымын тауып, жырасынан жылылық есіп тұрғандай.

«Қасиет – ғарыштан, талант – туған топырақтан» деп түсінсек, қайсар бабалар мен шешен билер дүниеге келген Ата тауым – Ақсораңның бауырында Әлиханның бесігі тербеліп, Әлімханның жөргегі жайылған. «Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, туған жерінің төсін таласып емген ұрпақтың тіршілікке ерекше ғашық болуы, бой-бітімін шыңға қарап түзеуі, кездейсоқтық болмаса керек-ті.

Қаратал – менің тірлік сыйлаған құрсағым. Даладай дархан, елдігі ерекше, кеңдігі тіпті бөлек, ынтымағы мен ырысын тауып отырған қоңыр тірлікті халқын айтсаңызшы. «Жабағылы жас тайлақ, жардай атан болған жер, жатып қалған бір тоқты, жайылып мың қой болған жер» деп Қазтуған жырау айтқандай, әркімнің туған жері Меккедей нұрланып, ойыңа оралған сайын сағыныштың жазылмайтын жыры жүрегіңе ұялап, балалығыңның, сағынышыңның алтын қазығы – ауылыңа асығасың.

Үлкен шаһарларда аты әлемге мәшһүр әйгілі тұлғалардың есімімен аталатын даңғылмен жүрудің өзі кеудеңді бір көтеріп, еңсеңді биіктетіп жібермей ме! Әсем атауларға ие өскен жерімнің әр тасы, сай-саласы, қараған, тобылғысы мені осындай әсерге бөлейді. Арыдан қалған асыл жәдігер, тарихи тамыры тереңде жатқан бір ғана Бегазы мәдениеті неге тұрады! Қазақ даласындағы өркениет пен мәдениеттің ошағы ретінде дүние жүзі ғалымдарын мойындатқан алып құрылыс қалашығы. Бұл жерді ме-

кендеген ата-бабаларымыз тек қана мал шаруашылығымен шұғылданбағандығын, сондай-ақ, кен қазып, қыш құмыралар жасап, қалайы мен мыстан қола өндіріп, металлургиямен де шұғылданғандығын зерттеу дәлелдеді.

Алаш көсемі, жерлесіміз Әлихан Бөкейхан қазақ халқы үшін өз ұлтының Махатма Гандиі, Кемал Ататүрік деңгейіндегі қайраткер ретінде бағаланады. Алаш алыбы Әлекең 1913 жылдары орыс ориенталисі Григорий Потанинге экспедиция құрамымен ауылына соғуын өтінуі, біріншіден туған жерінің тарихына тағзым, зерттетіп зерделеу, екіншіден Шабанбай би бабасының ақ батасының шапағаты болар.

Аңыз бен ақиқат ұштасқан Бегазы-Дәндібай мәдениетінің көкейге күмбез болып орнығуына да академик Әлкей Марғұлан арқылы Әлихан Бөкейханұлы себепкер болған. Міне, туған топырағына деген құрмет, еліне деген сүйіспеншілік, ар мен абыройды ардақтаған Алаш алыбының ғибраты!

1990 жылдары Алматы жоғары партия мектебі, кейінгі КИМЭП жоғарғы оқу орнын бітірерде «Ә.Бөкейханов және қуғын-сүргін қасыреті» тақырыбында диплом жұмысын өте жақсы бағаға қорғап шықтым. Ректорымыз профессор Ә.Қалмырзаев, жетекшім профессор Р.Әбсаттаров:

- Қазыбек, Әлекең жалғыз сенің ғана жерлесің емес, алты Алаштың ардақтысы. Көп ізденіпсің, мыналарың ерекше тың деректер, осы бетте

тоқтап қалмай ізден, әрі қарай ғылыми жұмыспен шұғылдан, Алаш алыптарын, қазақ зиялыларын «халық жауы» деген аттан ағартып алу үшін ұлт ұйысып жатыр. Түбі ақиқат салтанат құрады. Әр қазақ өткеніне, өз туған топырағына деген махаббатын осылай жеткізсе, жоғымыз түгенделер еді-ау, шіркін», - деп ағынан жарылып еді.

Ал, мен болсам еш жаңалық ашқам жоқ, сол кездегі көзі тірі Әлекеңнің өзін көрген қараталдық Мұсахан әкеміздің айтқандарын негізге алғанымды және жүректері жұртына жақын, тілектері халқының қамы, қос ағам – ақтоғайлық алғаш алаштанушылар Қайырбек Сәдуақасов пен Қабылсаят Әбішевтердің Ленинград, Омбы мұрағаттарынан әкелген тарихи баға жетпес құнды құжаттар дерегіне сүйеніп жазғанымды айтып, қос профессор алдында маңдайым жарқырап шыға келді.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп қазақ тегін айтпаса керек-ті. Кіндік қан тамған топырақ киесі, жерлестер басын осылай тоғыстырып, топтастырады, - деген ой еш қаперіме келмепті.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп түйген Әлекең ұлттық рухани болмысымызды тереңірек танып-білуге тәрбиелер. «Шыңғысхан дүниені алды – артында түк белгі қалған жоқ. Ақсақ Темір дүниені алмаса да артында Самарқант, мешіт-медреседей белгі қалды. Шыңғыс – көшпелі, Ақсақ Темір – отырықшы» дей келе: «Хан баласында қазақтың

хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» деген еді-ау сабазың.

Күрмеуі көп тіршілік құпиясын ұрпақ жадына құйып берген бабалар алдында қалай тағзым жасамасқа?! Атамекенінен осынша нәр алған, ой бұлағының әсем де мөлдір суын қанып ішкен, ауылыңның дарын-дараларын оқып, біліп, жаныңды байытып, жігеріңді жанысың. Беріден салғанда, ата-бабаңның, әріден салғанда, түп-тұқияныңның өмір сүру деңгейін көз алдыңнан өткізесің.

Шіркін, ауылымның құз-жақпарына, тал-тобылғысына тіл бітсе, талай қасіреттің куәсіндей ботадай боздап қоя берер еді-ау!

Бүгінді әңгімелеу үшін өткенді еске алудың мәні зор. Бабалар тұлғасы алыстаған сайын айқындала түсері ық. Көңілінде түйгені мол, көргені көп көнекөздеріміз-ай, талай сырды жұмбақ күйінде жүректерімен қоса ала кетті десеніңші?!

Ақсораңның етегін басып Көшасқан, Тесіктас, Қосқарағаш, Жаман Қызыларай, Қызылшоқы, Егіндібұлақ, Қызылжал, Желтау, батысында Итөлген, Дәушебай, Ақөлке, Қосқызыл, Шолақеспе, Қарашоқы, Қайыңшілік, Қаратал атаулары қыз моншағындай тізбектеліп, аңыз бен ақиқатты меңіреу қалпы бойына жиып, менмұндалайды. Айналасын шалғынды көк майсаға айналдырған табиғаттың осы бөлігінде асау арнасы қар, жаңбыр суымен қосылып ытырынып, құтырынып қоятын Жіңішке өзені ағады.

Олай дейтінім, төрт-бес жас межесі болса керек, балалармен ойнап жүргенде, жағадағы қалың шалғыннан аяғым тайып, асау толқын құшағында ағыс ала жөнеліпті.

«Иә, Пірім, Иә, Тәңірім!» деп, жағадағы жан біткен Жіңішкенің жарқабағын қуалай, ұрымтал тұстан ұстап үлгерсе керек. Осыдан кейін «кедейдің кертіп жейтін дәмі алда» деген қағидаға келіспеске шараң жоқ.

Көктен жылу нұрын төгіп, желектер желге тербеле бастаған көктем көріністерімен қабаттаса өзен бойын жағалай, жарыса біз көрген көшпелілердің соңғы тұяқтары – малшылар қоныстанатын. Ақар-шақар сауықтары өздеріне ғана жарасатын боз даланың сері көңіл адамдарымен балалық шағымның үш-төрт жаз жайлауын Жіңішке жұртында бірге өткізгенім әлі жадымда. Біз отырған жұртқа таяу үлкен су қоймасы болатын, атауы – Бесбатыр. Тереңдігі жайлы нақты мәлімет жоқ, бала кезде құлағым шалғаны талай аптал азаматты осы су жұтып тыныпты. Су сыйымдылығы 1 миллион 500 куб метр болған, осыны біздің ауыл адамдары қайла-күрекпен қазып, өгіз арбамен топырағын тысқа шығарған.

...80-жылдардың соңында ауылда құрылыста ағаш шебері болап жұмыс істеп жүрген кезім, жаңадан салынып жатқан екібасты үйдің әйнектерін салып жатыр ем, сол үйдің бір басына кірмекші болып жүрген Байсеркин Торғай ақсақал келіп:

- Қазкен, шынылауды сен бірінші біздің үйден бастауың керек, - дейді.

Мен де жай тұрам ба:

- Неге, Тоқа? - дедім.

- Сіздің әкей мен біздің әкей «батальонда» бірге болған, соны ана Опкең шәй үстінде саған айтуды білмейді екен-ау, - деп, атын қамшылап жүрді де кетті.

Үйге келген соң әкейден сұраймын ғой «қайдағы батальон, Тоқаңның айтып жүргені» десем, әкем марқұм мырс-мырс күліп:

- Тоқыжандікі жөн, сол үйден баста, - деді.

Сөйтсек, Тоқаңның әкесі мен біздің әкей бір өгіз арбаға ие болып, сол су қоймасының топырағын тысқа тасыпты.

1940 жылы «Бесбатыр» су қоймасын бөгеу жұмыстары басталған екен. Бұл кезең Ақтоғайдың атақты «Ақбидай» тұқымын шығарар тұсы. Тынымсыз, толассыз таза қол еңбегінің арқасында жасанды көлге айналған аудан көлеміндегі су қоймалары кейінге дейін ауыл шаруашылығы мақсатында жұмыстарға пайдаланылды.

Ауылымыздың шығыс жақ бөлігіндегі ойықтың «Бесбатыр» атануының да өзіндік аңыз әңгімесі бар. Бұл Найман мен Арғын руы арасында екіжақты кикілжің тұсында туындаған деседі. Найманның атқамінерлерінің шешімімен Орта жүз Қаракесек руларына үстемдік жүргізу мақсатында, барымтамен осы өңірге тән үйір-үйір жылқыны айдап әкетеді. Жиған-терген бар

малын жау қолына беріп, қарап отырсын ба?

Жанболат деген батыр бабамыз іле-шала өзінің сенімді батыр серіктерін алып, барымташыларды еліне жеткізбей, бар жылқыны қайырып алып келіпті. Бұл жағымсыз хабар найман жағына жеткен бойда, Донақ деген батыры нөкерлерімен атқа қонып, із кесе келе Жіңішке өзенінің осы ойпаң тұсында Жанболаттың жасағымен кезігеді. Қос батыр жекпе-жекте бірін-бірі күш жағынан ала алмай, текетіресте жүрген шақта, Жанболаттың Жайнақ деген мерген серігі білтелі мылтықпен Донақ батырды атып өлтірсе керек.

Донақ батыр бастаған бес батырларынан айырылған найман жағы, жеңілісін мойындап кері шегінуге мәжбүр болады. Келер жылы Донақ батырдың Қаламқас деген қызы арнайы үй тігіп, сауын-сойыс малы және жұмысшылар әкеліп батыр ағасына, жауынгер серіктеріне бес мазар тұрғызады.

Ал, журналист Қасымхан Қаленов ағамыздың дерегіне сүйенер болсақ:

-Төлеңгіт Қаспақ батыр бастаған қосын Керетас тауының іргесіндегі Қарасудың жағасына түнеп жатқанда, жау жансыздары тұтқиылдан шабуылдап, біразын өлтіріп, жарақаттап кетеді. Қаспақ батыр өлген жауынгерлерін жерлеп, жаралыларын Хан тауының қарсысындағы қасқа бұлаққа жуындырады. Бұлақ содан бастап «Жуылғыбұлақ» аталған.

Жаралылардың біразы Хан тауына жеткен-

ше, жол бойы қаза болады. Бес батырының мүрдесі Жіңішке өзенінің жағасына жерленеді.

Содан бері бұл жер «Бесбатыр» аталған деседі. Аңыз. Аңыз да болса – ақиқат, бүгінде сол мазарлар қаз-қалпында сақталмаса да, белгі ретінде бой көрсетуде.

Маңғаз ақын Мұбарак Жармағанбетов:

Жырымды бір кәдеңе жаратамын,
Атыңды аңыз етіп таратамын.
Кешегі серіктіктен бастау алып,
Қанат жайып кетіпсің, Қараталым.

Бір кезде құс ұшпайтын дала-белің,
Көз тоқтатар бұта жоқ, жалаң едің.
Бүгін бе – көсем айтқан жолдарменен,
Аршындап, алға басып барады елің.

Кез келді ғой ұрпаққа жариялар,
Өзен де бар, ел де бар, дария бар.
Бәрі де бар, тек қана жылдан-жылға,
Азайып бара жатыр қариялар.

Жыр боп келіп жүрекке жатталғандай,
Ауыл қандай ғажап-ай, бақтар қандай.
Бегазыға қарашы, сөйлеп тұр-ау,
Тарихтың парақтарын ақтарғандай.

Тарихтан жалтарып кім ақталады,
Ұрпақтан-ұрпаққа кеп бақ тарады.

Қайла-кетпен сол жылдар куәсіндей,
Тек қана музейлерде сақталады.

Гүлге оранып шың таулар, жоталары,
Көрген сәтте сезімің от алады.
Бәрі ғажап, ал, бірақ, көрінбейді,
Сол кездің ағаш тісті соқалары.

Жырымды бір кәдеңе жаратамын,
Атыңды ұрпақтарға таратамын,
Табиғат бар байлығын бере салған,
Міне, менің бүгінгі Қараталым! - деп, 1980
жылдардың ортасында шопандар тойындағы
айтыста жырына арқау еткен.

Талай-талай оқиғалардың куәсі болып, асқар
тауларымыз бен ұлан-ғайыр даламыз қалмақ.
Абыз Абай айтқандай: «Жас қартаймақ, жоқ
тумақ, туған өлмек».

Ұрпақ алмасады: атаның орны балаға
қалады. Бүгінгі өркениеттің өркендеріне ағаш
соқа жайлы түсіндіріп те болмаспыз, ал ақын
жырға қосқан Күнкөсемнің кім екенін білмей де
кететін шығар?!

Көктен түскен ұрпақ, қайла, соқа сынды
жәдігерлерімізді музейлерден (мұражай) та-
машалай берсін. Ал, ата-бабаларымыздың
тартқан тауқыметі, жеңілістері – бүгінгі ұрпақтың
табыстары мен жеңістері. Иә, өткенге өкіну
орынсыз да шығар, бұл әр перзенттің өз за-
манында маңдайына жазылған тағдыры. Олар
қандай қиындық көрсе де сол өз заманымен.

Күн мен түн алмасқан сайын бұрынғы, сананы бұғаулаған тұманды ойлардың түнегі біз үшін сейіле берер, бірақ ол мезгіл тағдырға билікті адам жүргізген уақыттың тауқыметі. «Дүние – сарай, адам – керуен» деген осы шығар.

Заң ғылымдарының кандидаты, профессор, жерлесіміз марқұм Қабылсаят ағамыз Шылым ауылы туралы тарихта жазылып таңбаланған құнды деректер келтіріп жүр. Ол кісінің дерегіне сүйенер болсақ, Қарқаралы уезінде төрт-ақ отырықшы мекен болған: Қарқаралы қаласы, Ақтерек, Қоянды жәрмеңкесі және Шылым.

1912 жылы ерте көктемде Қарқаралыдан он екі отбасы орыс көшіп келіп, су диірменінің іске қосылғандығы жайында дерек келтіріледі.

2022 жылы Шылымның 110 жылдығын атап өтуге толық негіз бар, оған дәлелді құжаттар да жеткілікті, - деген еді.

Шын мәнінде, тың жаңалық, осындай ғажайып тарихы бар өңірде туғанымызға мақтануымыз керек. «Есесін жіберген ел – ел емес» - депті Асқар Сүлейменов. Жоғымызды түгендеп, елдіктің есесін жібермеймін деп жүрген Қабылсаят ағамыз да фәниден бақиға аттанып кете барды.

Қасиетті Қаратал – жұмақтың төрі, сұлу табиғат, сылдырап аққан бұлақ, сыбдыр қаққан құрақ, тұнық ауаның, дертке дауаның өлкесі.

Асқақ Ақсораңның етегінде орналасқан Шабекең ауылының халқы табиғаттың әсем көркіне шомылып, самал желдің мақпал лебін

жұтып, тау суынан бойларына нәр жыяды. Осы ерен байлықтың әсіре әдемі жеріне Әулиетау орналасқан. Шың басындағы Әулие үңгірге, ондағы киелі суға дімкәс адамдар ем іздеп барған, алып үңгірге адамдар арнайы түнеп, тілеу тілеген. «Жақпар құздың шыңына бүркіт ұя салады» деп, бала күннен еститінбіз.

Шіркін, осындай әсем де сұлу қасиетті мекеннің баурайында біздің ата-бабаларымыздың мекен еткені қандай мақтаныш. Сыңсыған баудың, әр қырат таудың өз атаулары бар шығар, бәлкім, тарих қойнауына сіңіп ұмытылған да болар. Бердібек ағамыз айтпақшы, «Балалық шаққа саяхатты» біз лагерьден бастайтынбыз.

Қозы-лақтың, бұзау-құлынның арасында өскен Қараталдың қарасирақ балалары үшін үй іргесіндегі «Арай» пионер лагері біртүрлі таңсық болатын да тұратын. Ақтоғайдың «Артегі» атанған лагерде ауданымыздың қаншама баласы демалмады десеңізші! Саздыауылдың серілері (төменгі ауыл) тобырмен барып, «бұл біздің ауыл» дегендей, демалушы пионерлерді бір үркітіп қайтатынбыз.

Марқұм әкем:

- Сендерден кейін ауылда бала қалған жоқ, - деп отыратын.

Әкем Опи көп сөйлемейтін момын жан еді. Өз шаруасына мығым. Сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, жүрген-тұрғанынан тектіліктің лебі есіп тұратын. Көп сөйлемесе де, кімнің кім екенін біліп, өз ойын бағамдап, зерделей білетін.

Жарықтық әкелеріміз әулие адамдар болған екен ғой! Жастықтың желігімен уақытында бағаларын сезінбеппіз. Ескінің адамы санадық. Қазір ойлап отырсам, шаласауатты әкелеріміздің деңгейіне қос диплом алып жете алмай жүрміз.

Әкей:

- Шежіре шертер қарт қалмады, жастан оны тыңдар құлықта жоқ, әр нәрсе уақытына қарай ғой, - деп отыратын. Шортанбай айтпақшы:

- Сиыр пұл болдының заманы тақады, - дейтін.

Шәкәрім, Шортанбай, Нарманбет ақындардың аттарын да, жырларын да алғаш рет әкемнің аузынан естіп едім.

Қисса-дастандарды, оның ішінде, әсіресе, «Алпамыс батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Қыз-Жібек», «Салсал-Зарқұм» сынды жауһар туындыларды жатқа жырлағанда, әуеніне қызығушы едік.

Әкемнің үні әлі құлағымда тұрғандай. Қазіргідей электр тоғы жоқ. Білтелі ондық шам тазалап өстік. Кешқұрым бес-алты ақсақалдың басы құралса, әкем марқұм өте бір мақтаныш сезіммен қариялар алдында маған батырлар жырын оқытатын. Бұл жағдай әдетте қыстың ұзақ түндерінде болатын. Жырдың қызған тұстарында, «Лой, ло-ло, ломалақ, - деп Қорен қалмақ сұлады», - деген тұсқа келгенде, Оспанхан айтпақшы: «Ой, пәле-ай, ой, ит-ай» - деп жамыраса даурығып, бейнебір қалмақ жауды өздері құлатқандай образға енетін.

Қисса-дастандарды әкем үйреткен әуенге са-

лып, үлкендер алдында көп оқыдым. Кейін оның көп пайдасы тиді. Есте сақтау, жаттау қабілетім артты, аяқасты ұйқас құрарда қайтсе екі жолы әжетіме жарап жатты. Бұл да дала мектебінің ағарту саласындағы әйдік әдістемесі еді. Расында да, біз үлгі тұтқан аға буын жаратылысы шымыр, ойлары анық, танымдары терең екендігін дәлелдеп кетті. Біз сол буынға ұқсап бақтық, ал, кейінгілерде таным түгілі, тай үйретер тақым жоқ, осыған қынжыласың.

- Лагерь жақтан келдік, ата, десек болды, «ләгір» деген аты қандай жаман еді, - деп, ренжи сөйлейтін. Ойында өздері дәм тартқан лагерь ғой.

Ұлы Отан соғысының басталғанда әкелеріміз Қарағандыда еңбек армиясына шахта жұмысына жегілген екен. Елін, ауылдағы кәрі-құртаң қарттарын сағынған бір топ қараталдық бригадирден сұранып, босатқандықтары жөнінде бір жапырақ қағаз да алмай кете барады. «Мыналар еңбек армиясынан қашып жүр» деген көрсетудің нәтижесінде сол сапарлары өздеріне сор болып жабысып, үш милицияның қарауылында Ақтоғайдан Қарағандыға жаяу айдалады. Барлығы – 32 адам.

Көктал өзеніне жеткенде Шекен, Зейнекен әкелеріміз айдауыл болып келе жатқан милициялардың ат-қаруын тартып алып, өз жөндеріне қоя береді. Қайтадан ауылдарына жетіп, Ақсораң тауының қалың шатқал, құз-жартасына сіңіп жоқ болады. Жасырынулары

да ұзақ мерзімге шыдас бермей, алты айға жетпей біздің әкей, Құсман ақсақалдар ұсталыпты.

Бәріне он жылдан кескен.

Әкем марқұм алғашында КарЛагта, Долинкада ауылшаруашылығы жұмыстарында болған. Кейіннен Біржан салдың баласы Теміртас екеуіміз бір камерада болдық деп отыратын. Карлагтан Новосибирск, Владивосток аумағына ағаш дайындау жұмыстарына екі-үш жыл қатарынан бардық деп отыратын. Барлығы жеті жылдай жазасын өтеген.

Сол аласапыранда Хабиболла әкеміз (ел «Сарықожа» атап кеткен) ату жазасын кесілгендердің бірі болған екен.

Әлі есімде, «Сенің саусақтарың кішкентай» деп, маған құлағын шұқыттыратын. Бірде мектептен Сапар ағамыздың қарындасы Төлеу апай бастаған бір топ пионер келе қалды. Соғыс ардагерлері туралы деректер жинап жүр екен.

- Ата соғысқа қатыстыңыз ба? - дейді.

- Қатыстым, қарақтарым, қырғынның бел ортасында болдым. 4-ші Украина фронты, капитан Шекеновтың қол астында соғыстым, - дейді.

Қағаз-қаламдарын сайлап келген пионерлер жарыса жазып алады. Мен де сенем.

Сөйтсек, Шекен тауда қашып жүргендегі басшылары екен ғой.

Хабиболла әкеміздің нағашылары құлықтар, оның ішінде Қармыс. Шешесі – атақты Бабеке-Құлекелердің қарындасы Ажар әкеміз.

Жарықтық, жүзге келіп қайтыс болды. Көзіміз

көрдi.

Сол әжеміздің бауырында Сарыатамның үйінде Мәжікен ағамыз жатып оқыды. Ағай 7-8 сыныпта оқиды дейтіндей емес, ірі денелі оның үстіне екі-үш жыл қатарластарынан кешігіп оқыған, мектепте жиі-жиі тәртібі қаралып жататын.

Сондай бір мектептің барлық басшылары қатысқан кезекті жиынға Хабиболла әкемізді шақыртыпты. Сынып жетекшісі Түсіпбекова Тиышжан мұғалім. Атамыздың нағашысы. Ол кезде Тиышжан мұғалім 30-дан асса да әлі тұрмыс құра қоймаған кезі. Күн тәртібінде сол – Мәжағаң. Бір кезде сынып жетекшісі Тишекең сөз алып:

- Балаңыздан сабақ сұрасақ, өзіңнің бетіңе қарап ыржың-ыржың күледі, - депті. Сонда Сары атам тұрып:

- Е, ол ыржалаңдаса күйлегелі тұрған жігіт, сен қыз емессің бе әлі, - деген екен.

Содан қайтып атамызды мектепке шақырмайтын болыпты.

Жалпы, Хабиболла әкеміз (Сары атам) кісінің әңгімесін кішірейтіңкіреп, өзіне қатысты әңгімелерді үлкейтіп, әсірелеп айтуға сондай шебер адам еді. Атамыздың әңгімесін көзіміз ұйқыға кеткенше ұйып тыңдап, біз отырамыз.

Содан ертесіне әкемнен сұраймын:

- Ата, Сары атам солай деді, Сары атам былай деді, милициялар соңымыздан қуа келіп, құз жартасқа әкеп тірегінде биіктігі 3 метрге жуық

жартастан төмен бір-ақ секірдік, қуғыншылар көз жазып қалды, - деп айтты ғой десем:

- Қабыш әсірелей береді, бәріміз секіріп кеткен соң, соңынан өзін зорға түсіріп алатынбыз, - дейді.

Ал, ендеше. Әңгімесін тыңдасаң, адам баласына әл бермейтін атаман. Бұрауы бабындағы патефон. Бір мүдірмей әңгіме айта білудің өзі өнер екенін сонда ұқтым.

Шекен әкеміздің сенімді серігі, құралайды көзге атқан мерген Зейнекен Сейітұлы біздің әкеміз болып келеді. Әкеміздің жалғыз қызы Ғалия апамыз табын руындағы Омар деген кісіге тұрмысқа шыққан. Жиендер бар.

Сол Зейнекен әкеміз ұсталғаннан кейінде түрмеден бірнеше мәрте қашқан екен. Ақыр соңында қайта-қайта қашып қоймағаннан кейін, көз алдымызда қарауылдағылар иттерін босатып жіберіп, талаттырып өлтірді дейді екен бірге отырғандар.

Ал, Хабиболла әкеміз (Сарыатам) ату жазасын бір кісілік камерада үш ай күткен. Күнделікті «бүгін кешке атылуың мүмкін» деген ескертпе алады екен. Осының бәріне шыдаған жүрек не деген жанартау десеңізші! Жалпы, сол кезеңнің үлкендерінің ірілігі сол, көргендері жамандық пен жәбір бола тұрса да түк болмағандай әзілдесіп, сөздері көркем ойлы, келісті болатын.

Осы мөлдір үлгілі өнер Шабекең ауылының көп жастарына қанат бітірді. Біз қай жерде жүрсек те жаратылысымызды емес, өскен ор-

тамызды, көрген үлгі-өнегемізді мақтан еттік. Ойын қызығына еніп кетіп, жанымыздан өтіп кеткен қартты байқамай қалсақ, ойынды кілт үзіп, артынан қуып барып сәлем беріп келетінбіз. Қарияларымыз да жолдарынан жығылмай маңдайымыздан иіскеп, баталарын беріп, мәртебемизді көтеретін.

Мінезім бар секілді құймақ-өлең,
Анам маған үлкенді сыйла, - деген.

Үлкендерден ауысқан кішілікті,

Үлкендердің өзіне сыйға берем, - деп қазақтың ақиық ақыны Мұқағали айтқандай, кішілердің үлкендерге сәлем беруі, үлкендердің кішілер берген сәлемді ықыласпен қабылдауы осылай қараталдықтардың қағидасына айналып еді.

Қоңыр тірлікте қарапайым болса да қараталдықтардың қалаулысы атанған Мұсахан ақсақал менің үлкен әкем Ешмұхамбет (Ештанай) қожадан дәріс алған екен. Жасында әкемді көп көтеріпті.

Әкем жеті сайын Мұсекең ақсақалмен бәйбішесі Бөлтай апаға сәлем беретін. Бұл әдетінен ол кісілер бақилық болғанша жаңылған емес. Қос қарияның да ұлғайған шақтары. 72 жыл бірге ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылар. Анамыздың қос көзі көрмей қалды.

Үйге қонақ келсе қабырғадағы тоқ қосқышты қолымен сыйпалап отырып, тауып алады да, тоқшәугімді қосып, маңайын сипалай жүріп, шәйін қамдай бастайды.

Әкейдің «қалдарыңыз қалай?» деген сауалына:

- Бәйбішеміз екеуіміз отау құрғанда ауылдың үлкендері «қосақтарыңмен қоса ағарыңдар» - деп батасын беріп еді, сол бата қабыл болып, қосағымызбен қоса ағарып отырмыз, Опи, - дейді Мүсекең қария.

Есті адам айтқан, ескеріп жүретін осы сөз жадымда жатталып қалды. Кейін асаба болып жүргенде әр жас отауға осы даналық сөздің қадірін жеткізуге тырыстым.

Дана Абай айтады ғой: «Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: елбасы, топбасыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы» - дейді. Тірісінде даңқты болған Мүсекеңдердің артында жақсы атағы қалды.

Әдемі сөйлеген кісінің ісі де әйбат болады білем, менің ауылдастарым шетінен әдемі сөйлейтін. Сөз дегеніңіздің өзі ойлаған ойыңның көркем суреттемесі емес пе?

Бірде өзім қатты құрметтейтін ауыл қариясы:

- Қарағым, Қазкен, көрікті ойды көңілге түйіп жүрсің ғой, сөздің де уы бар, - деген, сен мынаны аңғардың ба? Қазақтың ең жаман қарғысы: «Өзің білме, білгеннің тілін алма», - дейді, ал өзбек ұлтында: «Өзіңнің ана тілінде сөйлейтін бала қалмасын», - деп қарғайды.

Енді өзіміздің Көшкін руына келейік, олардың қарғысы: «Қарақия қасыңа құласын, Дастар басыңа құласын! Суға түс, суға түс те құмға

ауна, құм қалай жабысса, пәле-жала солай жабыссын», - дейді.

Не деген қарғыс! Қарақия, Дастар сынды екі тау құлағанда нең қалады, судан соң құмға аунап көр, құм жабыспаған төніңде жер қалмайды. Екі ұлттың жағымсыз деген қарғысынан да асып тұр емес пе? Міне, тілдің құдыреті деген осы ғой, - деп еді.

Расында да тіспен шешілмес, тіл байламының құдыреті не деген шексіз?! Адамды күйдіре де, күлдіре де білетін өмір. Өмір деген керемет қой! Осы киелі құдіретті күштің әсері менің әр ауылдастарымды өмірге іңкәр етті, тамсандырды, табындырды. Қанша тайғақ болса да асқар таудың биіктігін бетке алып, ұшар шыңына шығуға талпыныс жасады. Қараталдың ұл-қызын сырттың құрметтейтіні содан да болар, сірә!

Азамат деп сөзіме ел ұйыды,

Тек адалдық өмірімнің түйіні.

Асқақтыққа жетелеген біздерді,

Ауылдағы Ақсораңның биігі, - деп Ғазиз Ештанаев ағам айтқандай, адамдықтың жалауын алаулатар сиқырлы құдырет ел бірлігінде екенін ешкім жоққа шығара алмасы ғақ.

Баласын ер жеткізіп, оңы мен солын таныту, болашағына жол сілтеп, бағдар беруді өзіне міндет санады ма әкем, ағалары Хабиболла, Кенжештермен ақылдаса келе, онжылдықты аяқтаған соң мені сонау Ташкенттегі діни медресеге беруді жөн санапты. Тірлігінде көзіміз көрген

Шаймұхамет, Хабиболла, Кенжеш әкелеріміздің басынан тақиясы, аузынан Алласы, қолдарынан Құраны түспейтін. Жатса да, тұрса да дүниенің тыныштығын, халықтың амандығын тілеп, ел алдында жақсы сөздерін айтып, пәтуалықтан тайған емес.

Айтқанды тез ұғып алу, жаттау қабілетім жаман болды деп айта алмаймын. Сол жақтағы медресе имамдарымен таныстықтары барын да әкемнің ағалары тұспалдай жеткізіп отыратын. Атадан балаға жалғасып келе жатқан дін жолын, қожалық жолды маған аманаттағылары келді, білем. Арап әрпін үйренуге бейімдеп, «Фатиха», «Ықылас» сүрелерін жаттатты.

Құдайсыз қоғамның мысы басып, алып ұшқан балаң көңіл өзге жолды таңдады. «Жазмыштан озмыш жоқ», - демей ме атам қазақ.

Өз басым қилы кезеңге дөп келіп жатамын.

1990 жылы елдің қолы жетпеген Алматы жоғары партия мектебіне тыңдаушы болып қабылдандым. 1994 жылы 49 жыл өмір сүрген сол мектепті жаптым. Кеңес өкіметі құлады.

Совхозға келдім, екі жыл кәсіподақ төрағасы болдым, совхозды жаптым.

Содан үйдегі Балзияға айтам ғой:

- Өзім қожамын, аталарым ұстанған дін жолына ойыссам ба? - деп.

Келіндеріңіз:

- Ойбай тиыш отыр, сен ол жақты да жабасың, - деп шыр-пыр болатын.

Бір ағамыз айтыпты ғой: «Егемендік алып

естен тана қуандық, есті енді жия бергенде жарық өшіп қалды. Жарық сөнген соң қылмыс қаулап кетті. Қылмыскерді қуалап жүргенде тұрмыс төмендеп кетті. Тұрмысты көтерем деп, жұмысты тастап кеттімнің» - кері болды бәріміздікі. «Бір үміт, бір өкініш» демекші, өмір болған соң бірде күлесің, бірде күрсінесің.

Егемендік алған соң бір ауданды бір ауданға, бір облысты екінші облысқа қосқан аймақтық өзгерістерді көзбен көріп, бас идік те. Тоқырауын ауданын Ақтоғай ауданына, Ағадыр ауданын Шетке апарып қосты.

Содан Ағадыр ауданының бір топ ақсақалдары «біз келісімімізді бермейміз» деген шешімге тоқталып, президент аппаратына Алматыға барыпты. «Осылай да – осылай, аудан орталығының өзінде 11 мың халық тұратын Ағадыр ауданын, артта қалған Шет ауданына қосқаны несі?» - деп.

Сонда президент аппаратының өкілі айтты дейді:

- Қайдағы бір Ағадырды айтып неге басымызды қатырып отырсыңдар – өзіміз Алатау мен Алматымызды тастап, Ақмолаға көшкелі отырғанда, - десе керек.

Сондықтан, әр уақыттың өз әңгімелері, әр уақыттың шешуін тапқан, шешуін таппаған өз түбегейлі мәселелері болатыны баршаға аян.

Уақыт дегеніміз – өзгеріс. Ата-баба аруағына табынған халықта олардан қалған сөз-үлгі, өнеге, өсиет. Аталы сөз аталуы да тегіннен тегін

емес. Сондай аталы, жүйелі көркем сөздерді көп білетін ақын, шешен, шежіреші, абайтанушы, қазақ әдебиеті пәнінің білікті білгірі, ұстазым Зия Елеубеков еді.

«Қар қылаумен, бала сылаумен өседі», - демекші, сүрінсек сүйеп, жаңылсақ түзеп, ерекше қамқорлық танытты. Бізді 6 сыныптан бастап сахна өнеріне баулыды, бір ғажабы әр рольге өте қатты мән беріп, өзі гримдеп бояйтын.

1970-жылдардың ортасынан бастап, ауыл жастарын клуб үйіне жинап, небір күрделі қойылымдарды сахналады. 9-сынып оқып жүргенде ұстазымыздың дайындауымен С.Мұқановтың «Қызыл сұңқарлар» атты пьесасын дайындап, облыстық «Жас таланттар» байқауында бірінші орын алып, облыс орталығы Жезқазған қаласында телевидениеге түстік.

Жастық желік болар бәлкім, содан бастап он жылдықты аяқтағанша, өзімізді сахна саңлағы санадық.

Сәкеннің бейнесін сыныптасым, досым, жиеншар, ауылына қадірі асқан азамат Көмекбай Түсіпов сомдады. Мен Сәкеннің досы, татар, жынды Хафизбен көрермен көңілін жауладым. Бабашев Қайрат, Зубайрин Зәйт, Алдоңғаров Ағдарбек, Байсеркин Сержан, «Әуілдек» әнін осы қойылымда сызылтқан марқұм Сәрсенбекова Сәниялар Өнер институтына түсетін ауылымыздың бірден-бір үміткері еді.

Әскери борышымызды өтеп келген соң, той басқару тізгінін қолға алып, бұрын ауысыммен

үш-төрт адам басқаратын тойды бір ғана асаба атқара алатынымен қоса, түрлі ойындар ұйымдастырып, жүру тәртібін де ретке келтірдік. Тәжібай әкелерімізге еліктеп, беташар жаздық. Тәжағанның ақындығын ауыл мойындаған. Той беташарының кіріспесін ғана жазып, жазғанын той иесісіне жібереді екен де соңына:

Жазып жатқан Тәжібай,

Горючийдың азын-ай, - деп, қол қояды екен.

Ақын айтты бітті, сәлемшінің қоржынын қампайтып Тәжағаңа жібереді. Беташар біткенше осылайша алыс-беріс жүріп жатады.

Асабалық тізгінді жаңа қолға алып жүрген шақта ұстазым Өмірбеков Қазыбек мұғалімге сөз кезегін берерде, лезде құраған алғашқы шумақтарым әлі жадымда:

Ұстазым – дәріс берген Өмірбеков,

Ер жеттік арқаңызда – көңіл жетік.

Әлі де тәрбиеле, талай шәкірт,

Кішкентай Қазыбектей көңілді етіп.

Алғашқы той басқаруымның куәсі болған әкем:

- Қарағым, Қазкен, осы жолды таңдаған екенсің – саған бір өтінішім бар. Қазақта: «Бидай жақсы, біз – сабан, халық жақсы, біз жаман», - деген сөз бар, халықтың алдына шығып, екінің бірі сөйлей бермейді. Көйлек берсе де қанағат тұт, адал қызмет жаса, маған ананы бер, мынаны бер, - деп сұраушы болма, сонда жақсы атың шығады. Ал, мақтау деген, ол сенің астыңа қойылған көпшік, көпшік неғұрлым биіктей бер-

ген сайын астың тұрақсыздана береді, осыны жадыңа түй, - деп еді.

«Әкем марқұм кесірлік деген кеселдің кедейге жылдам қонатынын сезіп, алдын ала білген екен ғой» - деп, мың да бір тәубе етем.

Асабалық қызмет жұрт көңіліне жағып, аудан-облыс көлемінен көріне бастадық. Той соңынан ерекше күтімге бөленіп, әкей айтқан мақтау көпшігінің шыңына шығып алмасақ та, екі-үшеуін төсеніп, көңілді жайттар жиіледі. Байқаймын «пішетін» емес, «ішетін» қожа болып бара жатқан сияқтымын. Соны аңдады ма, әкей көп сөйлемейтін адам еді, айтса да дөп айтатын.

- Өзіңнің түрің мынау, денсаулығыңа да жақпайды білем, не керегі бар, қарағым? - дегені.

- Ойбай, ата, қойдым, енді аузыма алмаймын, - деп, мен де бәйек болам.

- Ер адамның өзіне қайта-қайта «обещания» бере бергені қалай болады екен, - дейді де жөніне кетеді.

Бұның да арғы жағында «шаманды біл, артыңа қара» деген ақыл жатыр. Шын мәнінде, небір таланттың түбіне жеткен сол «бөтелке қасқа» емес пе? Қайсыбір қасқалар кейде өмірі аузына арақ алмағандай лепіре сөйлегенде қаның қайнайды-ау.

Құсағаң айтпақшы:

- Кезінде бізде де сілтедік қой, - деп, мойындап қойған да дұрыс сынды.

Омар Хайям бабамыз жырына қосқандай:
Шөліркеп арақ ішсең, шамамен іш,
Немесе гүл майысқан баламен іш.
Аздап іш, анда-санда тығылып іш,
Мас болмай, мылжың болмай, шамамен іш.

Сау жүрсем құра алмаймын, сауық-сайран,
Мас болсам, жын соққандай салам ойран.
Масаңдау жүретін бір кез болады-ау,
О, шіркін нағыз өмір, сол ғой қайран, - десе,
Бүгінгінің Жарас Сәрсек ақыны:

О, қу арақ,
Сені ойлап тапқан адамның
Ескерткішін орнатар ма еді,
Ортасына алаңның.
Аяғыңды құшар ед,
Талай-талай боздақ кеп.

Ауызыңа кеп, сиер ед
Талай қатын боздап кеп, - демей ме?!

Бүгінде біз де біреуден үлкен, біреуден кіші
боп қалдық. Өмірден көрген-білген, естіген әзіл-
қалжыңдарымызды қорытып, кейінгілерге айтып
тұрсақ, оның еш сөкеттігі жоқ деп ойлаймын.

Бірде Жидебай ауылына бұрынғы Қоңырат
совхозына табындардың тойын басқаруға бар-
дым.

Түйетаста тудым,
Нұраға бетті жудым.
Табындардан жұқты ма,

Сөз жаттаған құмын, - деп, ес білгелі Табын
көрсем бір сөйлемей, сүйкенбей өтпеуші едім.

Нағашы жұрттан қолдау-қошемет алған соң ба, тойды шабыттанып, өз мәнінде тамаша өткердім білем.

Той соңынан арнайы дастархан жасалып, Секеңнің балдыздары кілең келіншектер, асаба, әншілерді күтті. Бізді қамқорлыққа алып, ішіп-жеуге үгіттеп жүрген сол табындардың қарт жездесі КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Сейдіғали Сейілханов әкеміз.

Секеңнің организмінде бір түйір қулық жоқ, қазақтың нағыз жатыпатары, күлкісі де көл-көсір адам еді иманды болғыр.

Дастархан басында:

- Асабаның басы толған сөз, іші толған күлкі екен, - деп, кезек-кезек жатып кеп мақтасын. Сонда Секең тұрып:

- Қожекеңдерге келіншектер ғана өкпелі, - демесі бар ма.

Балдыз келіншектері шу ете қалды. «Неге олай дейсіз?» - деп.

- Ойбай-ау, өздерің жеткізе алмай жүрген дүниенің, сүндетке отырғызарда шетінен биттей кесіп алып қалатын осы қожалар ғой, - дегенде отырғандар ду күлгені бар...

Ал, анам Матай – кіші жүз. Жоғарыда айтқан Табынның қызы. Мейлінше аңқау адам еді. Тойдың ертесіне лоқсып, өзіңмен өзің әбігерге түсіп жүрсең:

- Көптің алдына шығып сөйлеме деймін, көнбейсің, саған көз тиді, - деп, басыңнан тұз

айналдырып жататын.

Ана көңілінің, тазалығының бір белгісі осындай-ақ болар!

Қазақ халқы ежелден ойын-сауық пен ән-күйді, әзіл-қалжыңды сүйген. «Әу» деп бір ауыз ән салмайтын қазақ жоқ дейді, яғни әр қазақ әр қазақтан ән дәметкен. Күлкі халқымызбен қоса жасасып келе жатыр. Күлгеннің жөні осы екен деп, беталды жырқылдай да бермеген. Әзіл-қалжыңды да орнымен, жөнімен айтып отырған. «Әзіл апат келтіреді», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» - дейді қазақ. Абай «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» дейді. Ата-бабаларымыз әуелі күлкі қылар, күлкі етер жайдың парқын пайымдап, ой таразысынан өткізіп алып, содан кейін ғана оған деген көзқарасын, ойын білдіріп отырған. Әр адам – өзінің іс-әрекетімен, сөзімен, жүріс-тұрысымен, өлеңімен, өнерімен бір әлем. Менің пайымымша, мән бере білген адамға, әр қазақтың отбасы күнделікті тірліктегі қарапайым сөйлесу қатынастары арқылы небір әдемі әзіл-қалжыңдар легін туындатып жатады. Оны өзіңіз де аңдамай жүруіңіз мүмкін. Бұл диалог, әсіресе, қартайған әке-шеше арасында, қариялар тәрбиелеген өз балаң мен немере, жиендер арасында жақсы өрбиді екен, соған менің көзім анық жетті.

«БІРІНШІ ӨЗІ КҮЛДІРІП АЛСЫН ДА...»

...Қазіргі асабалар сынды қолымызда со-тка жоқ, бір кетсек хабар-ошарсыз апталап кетеміз. Халықтан айналайық, құрметі дегеніңіз шексіз – ертесі құдалардың қайтармасы, үшінші күн ауылдың үлкендері, кешкісін орта жас дегендей арнайы ат шалдырып, бір жетіге жуық уақытымыз сонымен өтеді.

Астана қаласындағы алғаш ашылған Евразия университетінде інім Жазыбек Ештанаев қызмет істейтін еді. Ол КарГУ-ді өте жақсы аяқтап, жолдамамен барған болатын.

Шешемді бір демалысында Жазкен мен Мақпал келініміз алып кетіп, бір айға жуық Астанада болды. Әкемнің жасы ұлғайған кезі. Балашағасын емес, бәйбішесін іздейді. Ауыл басшылары Боранбаев Қазтай, Алтынбеков Жақан ағаларымыз сәлем беруге келген сайын:

- Сендер қалаға жиі жүресіңдер, бәйбішемді ала келіңдер, - деп айтады екен. Келіні екі жерден қант қойып, бал ағызса да жақпайды. Бір жолы мен асабалықпен Қарқаралы жағына кеткенмін. Үйде болмағаныма бір жетіге жуықтаған. Ертесіне әкемнің бөлмесіне Балзия кірсе, әкем марқұм теріс қарап алған – асық иіріп отыр дейді:

- Матайым қашан келеді екен? Матайым қашан келеді екен? - деп отырғанына шыдай алмай кеткен Балзия:

- Ата, Қазыбекке де иіріп беріңізші, - десе ке-

рек.

Сонда Балзияның артынан қуа кіріп, бәріне куә болған немересі Айгүл:

- Қоя тұрсаңшы, бірінші өзінің бәйбішесіне күлдіріп алсын да, - деген екен.

КЕНЖЕГЕ СЕРІК БОЛСЫН, АТЫН КӨМЕК ҚОЯЙЫҚ...

«Күлсең, кәріге күл» - демекші, менің әкем сынды өзінен бәйбішесі 20 жасқа жуық кіші құдамыз 65 жасқа келгенде ұлды болды.

Кемпірі екеуі ақылдаса келе:

- Келіндермен қоса жарысқанымыз ұят болар, қоялық деген тоқтамға келіп, «Кенже» деп атын қояды. «Уәде – құдай сөзі» дегенмен, пендеміз ғой – ант бұзылып, араға екі-үш жыл салып шекесі торсықтай тағы бір ұлды шешеміз дүниеге әкеледі.

Сонда сасатын құда жоқ:

- Кемпір, Кенжеге көмектессін атын «Көмек» қояйық, - десе керек.

Бүгінде сол Кенже де, көмекшісі де ауылда өз алдына бір-бір отау. Құдамыздың әулетін ұлғайтуда.

ШЫҒАРЫП ТАСТАП, ОРНЫҢЫЗҒА БАЛЗИЯНЫ ҚОЯМЫН...

Үлкен шешеміздің бауырында өскендіктен бе – кейінге дейін марқұм анамыздың атын атадық,

өзілдесіп те отыратынбыз.

- Шәйді дұрыстап құйыңыз, әйтпесе шығарып тастап, орныңызға Балзияны қоямын, - деймін әдейі ашуына тие.

- Қоя бер, - деп, ісін жалғастыра береді.

Мен де тиыш отырам ба:

- Тек қана шәй құюды емес, сиыр саууды бәрін алып берем Балзияға, - деймін. Соны шын көңіліне алып:

- Е, сонда мен үйде бос отырам ба? - деп, жұмыссыз қалатындай ренжитін марқұм анам.

ӨТТЕҢ, ӘЙЕЛ ҚЫП ЖАРАТПАҒАН...

Халықтан айналайық. Ақ, адал көңілдің ар-қасында атым арып, тоным тозған жоқ. «Тірі пенденің менен көңілі қалмаса екен» деген тілеуде тірлік кешіп келемін. Келіндеріңіздің көңілшектігіме орай, кейігендегі бір ауыз сөзі жадыма жазылып қалды.

- Құдай сені әйел қылып жаратпаған, әйтпесе ауданның басын бітіріп, совхоз-совхозды аралап кететін нағыздың өзі боласың ғой, - деп диагноз қойып еді.

Өзімнің де алып қосарым жоқ, дөп қойылған диагноз. «Көңілшектік к...ң соры» дегенге меңзегені де.

«ЖАСТАР ЖАМАН, ЖАСТАР ЖАМАН...»

Шабекең ауылында 90 жылдары Балзия

әлеуметтік сала қызметкері болып жұмыс істеді. Қарауында түрлі топтағы жеті-сегіз шешеміз бар. Бәрінің үй-күйі, бала-шағасы жанында. Бірі соғыс ардагерінің жары, екіншісі тыл ардагері дегендей, аса мұқтаждыққа зәру болып тұрғандары шамалы, көбісі қағаз жүзінде тіркелген қарияларымыз. Бөтен ауылдың қызы емес, бәрі Балзияны баласындай көреді де, іштері пысып отырып, әңгіменің тиегін ағытады білем. Көрген қиыншылықтарын, кешегі соғыс басталған жылдары ауылда қалып қойған басқарма, ақсақ-тоқсақ еркектердің келеңсіз қылықтары. «Трудбатадьонға» кеткен әкеміздің үйіндегі шешемізді мәжбүрлеп, тоқалдыққа алып кеткен шалдардың шатаққа толы хикаяларын боямасыз баяндайды ғой.

Әңгімені өз құлағымен естіп келген Балзекен: «Жастар жаман, жастар жаман» дейді, нағыз бұзылған үлкендердің өздері екен ғой» дейді маған.

Бәлкім, оған да келісу керек шығар?

ӨЗІ – МЕРГЕН

Марқұм анамның аңғалдығына, адалдығына әлі қайран қаламын. Аудандық газетте редактор болып жүрген шақта Сарышаған жағынан іс-сапардан келе жатып, түн қараңғылығымен ауыл шетіне ілігіп қалғанда жүргізушім Нұржан марқұм екеуіміз жол үстінде көлікпен бір түлкі соғып алдық. Осы жасыма келгелі аң тұмсығын

қанатып көрмеген мен үшін – үлкен олжа.

Ертесіне ас үйдегі пеш алдында отыр ем, бұрыштан бір үй тышқаны атып шықпасы бар ма – қолыма іліккен кішкене сыпырғышты жіберіп қалып едім, дәл тұмсығына тиді ме, шалқасынан түсті. Сонда шәй ішіп отырған анам:

- Өзі – мерген, кеше түлкі алды, бүгін тышқан соқты, - деп қарап отыр. Бәріміз күліп жатырмыз.

Сыртта еленбесек те «Үй мергені» деген атымыз бар.

«БІРІНШІ АЛҒАН АҢДЫ БӨЛІП БЕРЕДІ...»

Әкей мінезге бай адам еді. Бізден үнемі кісінің ала жібін аттамауды, жалған сөйлемеді, үлкеннің алдын кеспеуді талап етіп отыратын. 80-ге тақаған шағы, әлі тың, бірде ат іздеп, жаяу Ақөлке жаққа кеткен. Түске таман алқына үйге келді.

- Қазыбек, мен арқар алдым, бауыздап кеттім. Жедел көлік тап жеткізіп алайық, - дегені.

Тірі тышқанның мұрнын қанатып көрмеген әкемнің бұл тірлігіне қайран қалып, көлік қамына кірістім. Балзияның әкесі – совхозда бас инженер. «Техпомощь» көлігін сұрап алдық та, диттеген жерге жеттік. Шынында да есік пен төрдей үлкен арқар жатыр, әкей бауыздап, үстіндегі күпәйкесін жауып кетіпті. Зорға тиеп алдық. Әкейдің мақтанышқа толы жүзін өмірімде бірінші көрген шығармын.

Енді қайтсін, осыншама жасқа келгенде алғаш аң алуы. Кейіннен білсем – бұл арқарды Құлатаев Сайран ағамыз атып, көз жазып қалған екен. Қансырап жатқан жерінен ертесіне әкейге бұйырыпты.

Ол кезде әкейдің ағалары Хабиболла әкеміз бен Кенжеш әкеміздің үйіндегі жеңгелері Қазиза, Күлбарам шешелеріміз тірі. Қос жеңгесінің қайнысына: «Сен аң алсаң шикідей жейміз» деген уәделері бар екен. Әкей көліктен түспей жатып, қос жеңгесінен «сүйінші» сұратты. Біз сойып біткенде ырғалып екі жеңгесі келді. Өздері ғана келмей, көрші екі апаны қосып алыпты. Содан, қойшы, сойған етті қос жеңгесі қолдарына алды да, бар тушаны төртке бөліп салып алып, қайнысына:

- Алғашқы алған аңды бөліп береді, - дейді де, аңшыға ішек-қарын, бас-сирағын тастап жайларына кетті.

Ал, саған аңшылық! Аңырып, айран-асыр болып біз қалдық.

АҚАЙ АПАМ

Бекқожа, Өзмұхаммед (Өзбек), Ешмұхаммед (Ештанай) бірге туысады. Өзбек әкемізден туған Шаймұхаммет (Шайқақ) молданың бәйбішесі – осы Ақай шешеміз. Сарым руынан. 100-ге жете қайтыс болды. «Ақай апа, Ақай апа» дейміз бәріміз.

Әкеміз:

- Ақай дегеннен кейін апаның керегі не? - дейтін. Онысы да рас-ау!

90-жылдардың басы, жекешелендіруді желеу етіп, дүние-мүлікті түгендеу басталған кезең. Кезінде балалары Ақай шешеміздің атынан Қарағандыдан үй алған екен. Жекешелендірудің тұсы – әр пәтердің иесінің бетіне үңіле қарап, түгендеп келе жатқан қалалық комиссиядағылар 100-ге келген кемпірдің тірі екеніне күмәнмен қарап, «алдымызға әкеліңдер» деп, әлек салады.

Содан өмірі қала көрмеген шешемізді Қарағандыға апару қажеттілігі туындады. Тосып алуға уәде беріп, шешемізді мен аудан орталығына дейін жеткіздім. Әрі қарай басқа көлікпен кетті.

Екі күннен соң күтіп алып, Қарағашта сиыр бағып отырған Яхия ағамыздың үйіне апардым. Жезқазғаннан демалысқа келіп жатқан әкеміздің қарындасы Сара апамыз да (Қайырбек Сәдуақасовтың анасы) қоса барды. Қарағанды шаһарына барып-қайтқан сапары жайында сырын қайынсіңлісіне ақтарып отыр, мен – тыңдарман.

Қалаға барған бойда орыстарды көріп:

- Мені қалың көпірдің ортасына неге әкелдіңдер? - деп, бетін жаулығымен жасырып, қайтқанша ашпапты.

- Ас-ауқаты мен дәретке отыратын жері бірге екен. Төбеден үнемі тамшы тамады да тұрады, соларың бірінің үстіне бірі сиіп жатыр ғой деймін,

- дейді.

- Дәрет қайда сындырам десем, шәй ішіп отырған қарсы есікті көрсетеді маған, - дейді.

Өңгіме желісіне қарағанда, барғаннан көш батқанша дәрет сындырмаған. Іңірге қарай немересі Рахметолла жұмысынан келеді, келген бойда:

- Мені далаға шығар, - дедім, сенсең де сол, сенбесең де сол, есіктің алдын көл қылып жібердім, Саражан, - деп жарықтық рахаттана күледі.

Әжеміздің әмірлі үнінен қайнысы, біздің әкеміздің өзі сескенетін. Ашуын ақылына, қайғысын қайратына жеңдіретін, көненің көзі, асылдың сынығы, қайран қазақтың аналары-ай!

Иә, ол кісі анау-мынаудан сескене қоймайтын өте бетті кісі болатын. Бірде сол жайлауда жеңгеміз Тәтікен:

- Ойбай, үйге жылан кіріп кетті, - деп жанұшыра айғайлап, үйден далаға атып шықса керек.

- Немене байбалам салып, бақырып жүрсің? - депті де ішке еніп кетіп, таяғымен жаншып-жаншып, өлі жыланды далаға алып шықса керек.

ҚҰРДАСТАР МЕН ІНІЛЕР

ҚҰСЫМАН

Әкемнің құрдасы Құсыман ақсақал ұзын бойлы, қапсағай денелі адам болатын. Үнемі бойын тік ұстап жүруші еді. Өле-өлгенше сол қалпынан жазбай кетті. Үлкенге де, кішіге де «сіз» деп сөйлеуші еді жарықтық. «Оу, тақсыр», «нешауа» деп қойып, орынды да ойлы сөйлейтін.

- Осы арағыңды бәрімізде іштік, ол уақытта жарықтық көңілдендіріп, сразу өлең айтқызушы еді, қазіргілер бір стопка ішсе тіке жылайды, не сұмдығының барын, - деп қынжылушы еді.

Орынбасардың үйіндегі Хабиболла жездеміз аяғын сындырып алып, қолындағы екі балдағымен биік табалдырықтан зорға аттап жатса, Құсағаң қарап тұрып:

- Қабыш-ау, немене, бөлек-бөлек болып қалғансың? - деп, елді ду күлдіріп еді.

СӘКЕН (САҒИДОЛЛА)

Және бір құрдасы, тел емген қозыдай бірге өскен нәм немере болып туысатын Сағидолла әкеміз (ел Сәкен атап кеткен). Темекісін қайтыс болғанша тартты. Жоғарыда тілге тиек еткендей бұл кісілердің іріліктері сол, көздерін ашқалы көргендері бейнет пен жәбір бола тұрса да түк болмағандай әзілдесіп, көңіл-күйлерін үнемі жоғары ұстайтын. Үйге келген бойда әкей:

- Сәкен, арақ пен темекіні қойып, намазға жығылсаңшы, өзіңді жаспын деп жүрсің бе? - дейді құрдас туысқанына.

- Есіме түсіргенің жақсы болды, кәріліктікі ме, қашан тартқанымды ұмытып қалам. Балалардан күлсалғышты алдыртшы, - деп, темекісін тұтатады да, әңгімесін жалғайды:

- Опи-ау, ыс сасыған менен енді қандай азаншы шығады, осыған дейін оқыған, ғұлама қожаларымыздың бәрін сол жаққа жібердік емес пе, бір Сәкенге араша тұра алмаса, қазақтардан ұят қой, - дейді.

- Әй, Сәкен-ай! Саған дауа жоқ, - деп әкей де тоқтайды.

Үш құрдас – Опи, Сағидолла, Құсыман 87 жас жасап, бір жылда бірінен кейін бірі бақиға да бірге аттанды.

Қабағынан кірбің байқалмайтын Сәкен әкеміздің ортаның өңін кіргізіп, күлдіріп алар өнері де бір басына жетерлік болатын.

- Анау Зәйт қырыққа келіп қалды, неге үйленбей жүр? - деп, Күлбарам жеңгесі баласын сұраса керек.

- Қайда асығады енді?! Біржолата пенсиясына шығып алып, бас құрағаны дұрыс шығар, - депті.

Әкемнің қарындасы Сара апамыз жыл сайын жаз мезгілінде төркініне келіп, бір аунап-қунап қайтатын. Бір-екі күн тынығып алған соң Бегазының етегіндегі Қожа қайқаңындағы ескі қыстаудың орнына барып, балалық шағын еске

алып, тау-тасын барлап, мауқын басатын.

Сонан соң бір бел астындағы Бегазы баурайында отырған Ақшкөл ауылындағы Сәкен ағасына барып сәлем береді.

Сәкен әкеміздің бәйбішесі Мәрияш шешеміз Қазақ КСР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ КСР Халық суретшісі Сақи Романовтың туған апасы. Шешеміз жасы ұлғайғаннан кейін белін жаза алмай еңкейіп қалды. Бәрі де сол зұлмат жылдар бейнеті. Амандық-саулық сұрасқан соң Сара тәтем:

- Ағасы-ау, жеңгеме не істеп тастағансыз, белі жазылмай қалыпты ғой? - деп таңданыс білдіріп жатса:

- Мылтық атуға ыңғайлы, көздеп әуре болмайды, Саражан, - дейді Сәкен әкеміз.

Езуге күлкі ұялата білу – екінің бірінің пешенесіне жазыла бермейтін өнер.

АЙТЖАН

Әкемнің 85-86-ға келген шағы, көршіміз Айтжекең ақсақал науқастанып қалыпты деген хабар естіп:

- Ата, Айтжекең ауырып қалыпты, - дедім. Сонда әкей марқұм:

- Айтжанның ауыратын жөні жоқ, ол әлі бала ғой,- дейді еш саспастан.

Сонда Айтжекең тура 75 жаста – өзінен он жас кіші.

ШӘКІЖАН МЕН АЙТЖАН

Ауылдастар арасында Мәкәрім, Айтжан, Шәкіжан әкелереміздің де құрдастық наздары өздеріне ғана жарасатын, әдемілікпен өрілетін.

- Айтжан Мәрзияны аларда жігіт жолдас болып мен бардым, - дейді Шәкіжан әкеміз. Бөлендінің үйі Мәстекте отыр екен. Айтжанның алғалы жүрген аруын көрмекке ынтығып, түпкі бөлмеге кіріп барсам, шашы да таралмаған, пұшық бір қара қыз отыр.

- Сен бе Айтжанның алайын деп жүргені?
- деуім мұң екен, қолымды тырнап алды. Тырнағының ұзындығы жарты метр екен.

Содан қойшы, Мәрзияны алып шықтық. Өзінше қимаған боп жолда кемсеңдеп қояды. Мен арбада ат айдаушымын. Айтжан жаман бір қотыр тайға мініп алған, арбаның біресе мына жағына шығады, біресе мына жағына шығады. Өзінше жақсы қатын кезікті деп келе ме, әйтеуір мез, - дейді.

Бірінің айтқанын біріне жеткізіп, ретін тауып қос құрдасты кездестірем, Айтжекеңнің мысы басып кете ме, Шәкіжан әкеміз Айтжекеңді көрген бойда тіл күрмеледі де қалады.

«Ортақ өгізден оңаша бұзауым артық» қағидатымен жаппай жекешелендіру басталғанда Айтжекең әкеміз бен Мәрзия шешеміздің балалары Шолақеспе қыстағын алып, мал басын көбейтпек қамына кірісті. Жаз шыға бие байлап, үлкендер жайлауда болады. Содан

Шәкеңе келдім де:

- Ана құрдасыңызды қараңызшы, бәйбішесі жанында, таза ауа, ішкені қымыз, жегені бағлан марқа, жатыр демалып, киізүйді тіккен көгалға, - деймін ғой.

- Неғылған демалыс, жаман қатынын Мәкәрімнен қызғанып, тау-таудың ішінде безіп жүр де сорлы, - дейді. Құрдастары Мәкеңнің бәйбішесі ерте қайтыс болған.

Содан Айтжекеңе келем, Шәкіжан құрдасыңыз солай, - деп жатыр деп.

- Мен құсап кетіп қалайын десе дәу қатынын тиейтін көлік жоқ ауылда, үйден биттей аттаса іргеде аңдып Мәкәрім отыр, сонымен миы қатып отырған мен емес өзі шығар, - дейді Айтжекең бір мырс етіп.

«Жақсылар сөзі – майсадай», - демекші, астарлы сөзге сән берген қайран әкелерім-ай!

Сатираның саңлағы, Оспанхан Әубәкіров ағамыз:

«Салақтатып сыртқа шығарып қояр болсақ, бәрімізде де сумаңдайтын тіл бар», - дейді-ау шіркін.

Тілді тістеп жүру үшін де бермеген. Тіл өзімдікі екен деп қақсайтынды да, оттампазды да көргенбіз, осылардың бәрінен менің ауылымдағы алдыртпайтын Айтжекең мен қазақы сөзде шатылмайтын Шәкіжан әкем артық. Сондықтан, күнің барда күліп жүргенге не жетсін!

САРЫ АТАМ ЖӘНЕ «ЛЕЗГИНКА»

Біз үйленгенде ертесіне Сары атам келді. Сарықожа (Хабиболла Зубайраұлы), әңгіме басында арқау еткендей, сол әкеміз үш ай бойы жалғыз кісілік камерада ату жазасын тосып отырған. Сары атам, қожаның үлкен шаңырағы Опи інісінің зарыға күткен қуанышында, жиһазы жоқ, төрт бөлмелі саман үйдің төрінде, «Лезгинканы» билегенде, 17-ге жаңа толған Балзия мен 22-ге келген мен, қотарыла қоса тұрдық, сондағы Сары атамның айтқаны:

- Балапандарым:

- Өмірде өлім болжаусыз. Ертең-бүрсігүні өлетінімді білсем, сендердің жас отауларыңа келіп нем бар, үйде ажалды тосып жатпаймын ба? Сондықтан да, бір күнгі тірлікте ойна да күл, қарағым, - деп, «Лезгинканы» әрмен қарай жалғастырып ала жөнелгенде, аяқтағы мәсі-байпақтардың түйісуі мен қос алақанының шапалақ үні үндесе ерекше сарын алып, қожалардың үлкен шаңырағын шаттық әуеніне бөлеп еді.

Шынымен де бір күн тірлігің болса, ойнап күлгенге не жетсін!

АҚТОҒАЙДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

ӨМІРТАЙ

«Сөз жұбата да, жылата да алады», - дейді қазақ. Кімнің аузына қақпақ болғандайсың. Аудан орталығында бір ағамыз қос қабатты ғимараттың төбесіне ту ілмек болып, аяғы тайып кетіп мерт болды. Ауыр өлім. Сонда бір қазақ айтады дейді: «Біреуге ажал оттан, біреуге ажал судан, біреуге ажал тудан деген осы да» - деп.

Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қашқан. Ауыр болса да, ақиқаты солай болып тұр. Жоғарыда айтқандай тілді тістеп жүру үшін бермегенін, осындайда түсінесің. Өмір болған соң адам күлмей, күрсінбей тұра ала ма. Ақылын естен шығармаған қазақ: «Күлкісі көп адам да қауіпті, күлкісі жоқ адам да қауіпті» - деген.

Адамға керегі қашанда жылы сөз. Тоқтаусыз соғатын жүректің өзі, жылы сөз естігенде бір демалады екен демей ме, жан-жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, әзілмен әйбат ой ойнатса, күлкі дегеніміз көңіл көктемі ғой шіркін!

«Тәмпішке сөз айтсаң, бүкіл пұшық шамданады» - дейді қазақ. Аудан орталығында тәмпіш мұрын Өміртай деген ағамыз бар. Шамданғанын бір көрмеппін, үнемі күледі де жүреді. Құрдас-тары «Пұшық Өміртай», «Пұштанай» атап кеткен.

Әкей қайтыс болғанда қонағасы күні алай-түлей боран болды. Сол ағамыз Балқашқа шыға

берістегі біздің үйге кетіп бара жатыр дейді. Жолшыбай бажам Берікболға (Ожди) жолығыпты.

- Өмке, мына боранда қайда кетіп барасыз? - десе,

- Опидың қонағасысына, - депті.

- Ойбай-ау, осындай боранда, ауылдың ана шетінен мына шетіне сандалғанша, жазылып жібере салатын адамсыз ғой, - десе,

- Қазбектен ұят қой, Ештанай мен Пұштанай бірге туысады, - деген екен.

Сөз тапқанға – қолқа жоқ, тауып айтқан сөзге қалай разы болмайсың!

* * *

Аудандық ішкі істер бөлімін басқарған Асқат Қанафин бірде үйіне телефон шалып:

- Пұшықты шақыр, - десе керек, сонда Өмкең ағамыз саспастан:

- Осы үйде үш пұшық бар, қайсын шақырайын? - депті. Абдырап қалған Аскең телефон трубкасын қоя салыпты.

АСЫЛМҰРАТ ПЕН НҰРЛАН

Өнерге, халыққа мінсіз қызмет етудің жарқын үлгісіне айналған қос ағамыз Асылмұрат Аханов марқұм мен Нұрлан Күлшікенов аудандық мәдениет бөлімінде басшылық қызметте жүргенде кезектесіп «қышқылдап» қояды екен. Мәдениет бөлімінің жұмыскер-қызметкерлері де мәдениетті ғой, сұраған елге «ішіп қойды,

ішіп кетті» демей: «атқа мініп кетті», - дейді екен. Сол күні ерегіскендей екеуі де бастап кетсе керек. Аяқ астынан басшылар келіп, марқұм Кішкентаев Болаттан:

- Асылмұрат қайда? - деген ғой.

- Атқа мініп кетті, - депті.

- Онда Нұрлан қайда, Күлшікенов? - десе, Болат:

- Мингесіп кетті, - депті.

«Әділін айтсам – Аллам дос, бұрыстау айтсам – шайтан хош», - деп, Қашаған жырау айтқандай, еш қоспасы жоқ күнделікті күйкі тірлікте туындап жатқан осы сынды әңгімелер жырдай жарқырап, халықтың арасында ауызба-ауыз тарауда.

РЫМБАЙ ӘКЕМІЗ

Ұлы Отан соғысының 9 мамырдағы аудандық мәдениет үйінде өтіп жатқан салтанатты жиынында, соғыс жайын асыра әсірелеп жіберген қандыкөйлек ауылдастарына соғыс ардагері қожа Рымбай әкеміз:

- Сендер өзі немістен түк қалдырмапсыңдар ғой, бәріміз де сол қырғынның басынан аяғына дейін қатыстық, ат деді аттық, жат деді жаттық, өз басым тірі немісті Ақтоғайға келгенде бір-ақ көрдім, - деп ағынан жарылыпты.

Ол кезде аудан орталығындағы халықтың отыз пайызы немістер болатын.

АЙТАН ӘКЕМІЗ

«Заманына қарай – адамы», - демекші, арақты ұлттық асымызға айналдырып жібере жаздаған солақай саясаттың салдарынан топырақты өлімде де жарыса ішуімізге жол ашылды емес пе? Арақты алғаш ішкен адамды концерт көргендей бүкіл ауыл боп тамашалайды екен. Өлара шақтың өкілі Айтан әкеміз:

- Түске дейін Айтанмын, түстен кейін Сайтанмын, - деп жүрген мезгіл дәл осы тұс. Өйткені, өзі бөлімше меңгерушісі Айтекеңнің түске дейін мойнында жауапты іс бар. Түстен кейін бастайды білем. Кейіннен аудан орталығына көшіп келген соң, көршілері бірде шекеге шақырады. Бізде омыртқаға деп шақырылсаңыз өзіңізге тиесілі сыбағаңызды жейсіз, ал, шекеге деп шақырылсаңыз, үй иелері ата-бабасына Құран бағыштатады. Шекеге шақырылған Айтекеңе заты қожа ғой, Құран оқыңыз десе келістіре күңіреніп, Құран сүрелерінің бір-екеуін жіберсе керек. Отырғандар разы болып қалысады. Ауру қалса да әдет қала ма – дастарханға арақ келеді. Сонда зорға отырған Айтан әкеміз:

- Қарағым, маған анау үлкендеу стақанға толтыра құйшы, - деген екен. Қолқасы орындалып бабында отырған сәтте, сол үйдің қызы ма біреуі:

- Аға, жаңа Құран оқыдыңыз, өзіңіз қожасыз, мынауыңыз не? - деп реніш білдірсе керек. Сонда Айтекең:

- Шырағым, тозаққа күйетін өзім ғой, оған сенің нең кетіп барады? Бар болса тағы бір қайталап жіберіңдер, - деген екен.

Айтекең әкеміз сияқты жаратылыс-табиғаты жағынан таза, арғы жағында еш бөтен ойы жоқ, төңірегіне тек қана адал көңілінің шуағын шашып жүретін аңғал әпенделер әр ауылда болған.

Қай ауылдан екені есімде жоқ – сондай бір ақкөңіл ағамыз бөлімше басқарады, білем. Ол кезде он жылдық мектепті бітіргені жөніндегі аттестатты жұмыс күші жетпей ме, көбісі сырттай немесе кешкі мектепте оқып алғандарын талай естігенбіз.

Содан басқарма ағамыз емтихан тапсыруға келеді. Сынақ алып отырған комиссия мүшелерінің дені өзінің құрдастары болса керек, бөтелкені бірге босатып жүрген. Терезеден көріп қалып:

- Бөленшекең келе жатыр, билет алдырмай-ақ «спирттің формуласын тақтаға жаз» деп айтайық, - деп, бір ауыздан келіседі ғой.

Химия пәнінен кезекті сынақ болуы керек, кабинетке кірген бойда билет алуға оқталған ағайға:

- Өзіңді білеміз ғой, билет алып өуре болмай-ақ, тақтаға спирттің формуласын жазып берсең жарар еді бізге, - дейді ғой. Басынан сөз асырар құрдасы бар ма:

- Е, спиртке не формула керек? Шамаңа қарай су қос та, тартып жібер, - деген екен. Рахаттана бір күліп алған комиссия төрағасы:

- Енді неше қояйық өзіңе? - десе, ағамыз да саспастан:

- «Беске» өздерің де білмейсіңдер, «үш» қоюға менен ұяласыңдар, екі ортада бір баға болса, соны қоя салыңдар, мен кетейін, - деп «төрт» алып кеткен екен.

ЗӘРУЗАДА

Мысқыл десеңіз мысқыл, емеурін десеңіз емеурін, бәрі әдемі қабысып жатыр – екі иығың бүлкілдеп еріксіз күлесің. Ақтоғайда артында сөз қалдырған адамның бірі Зәрузада Тәукеев ағамыз. «Зәкең солай депті» делінетін әңгімелер әлі де ел жадында. Зәрузада ағамыз Жәмші совхозында зоотехник-селекционер болып жүргенде алматылық ғалымдармен бірлесіп, етті-жүнді дегерес қой тұқымын шығаруға зор еңбек сіңірген адам.

1986-1988 жылдар аралығында Мәскеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне екі рет қой-қошқарын апарып, екі ретінде де жүлделі орындарды иеленіп қайтқан. Ұмытпасам, қошқардың салмағы 120 кг, қой 100 кг басқан. Аудандық газетте қызметте жүргенде осы бір тыңғылықты еңбектің түп нәтижесін халыққа жария ету мақсатымен Зәкеңнен сұхбат алдым.

- Қой бар, қошқар бар және мен – үшеуіміз арнайы вагондамыз, - деп Зәкең әңгімесін бастады. Жаз ортасы, күн шыжып тұр. Мәскеуге дейін бір жетіден астам уақыт жол жүру керек.

Әр бекетке тоқтаған сайын қошқар мен қойдың жем-суын жаңартады, тастаған құмалақтарын жинап алады. Мені жан-ау деген тірі пендені кезіктермедім. Содан қойшы, қашанғы қой мен қошқардың жанында мәлііп отыра берем, ас-ауқатым да таусылды.

Бір бекетке тоқтағанда, жедел дүкеннен керегімді алып, қайта пойызға келсем, пойызым кетіп қалыпты.

Жүрдек пойызға міне салып, қошқар мен қойдың артынан, ал қуайын. Екі күннен кейін қайта табыстық. Сонда да қайда жүрсіз деп ешкім сұрамады менен. Оларды менен гөрі қой мен қошқардың амандығы алаңдатты ғой деймін, - деп ағынан жарылып еді.

Өз ісіне тыңғылықты Зәкең селекциялық жұмыстың қызуына кіріп кетіп, тәжірибе алаңынан кештетіп шықса, алдында ауыр халде жатыр деген ауыл ақсақалының ауласы толы адамдар дейді.

Жарықтық, қайтқан екен ғой деп, «Әкем-ай, әкем-ай» - деп дауыстап үйіне кіріп барса, өлді деген шалы алдында диванда отырса керек. Сасып қалған Зәкең қайыра далаға атып шығыпты.

Болған жайтты көзбен қөріп тұрған құрдастары:

- Ақыры келген екенсің, екі әуре боп жүресің бе, аяқ астынан апаң жүріп кетті десе, «Апам-ай, апам-ай, апам-ай, апам-ай» - деп, жалт бұрылып қайыра үйге кіріп кетіпті.

Зәкең адал да, аңғал адам.

Қауаз Мұқажанов ағамыз осы «Жәмші» кеңшарының алғаш қадасын қағып, 17 жыл басқарды. Жоғарыдағыларға жалтақтай қоймайтын, мейлінше талапшыл білікті басшы болған деседі.

Зәкеңнің еңбегі еленіп, алдында ғана «Москвич» жеңіл көлігін алса керек. Директор бүгін шаруашылықтарды аралауға тиіс деген жоспармен, сұранбай ол келгенше аудан орталығына барып келмекке бекінеді. Қыстың күні грейдерде ағып келе жатса алдындағы қайқаңнан «УАЗ» көлігі атып шығыпты.

- Аттан! Қауаз!!! - деп рөлді қоя беріп, жанындағы орындыққа жантая кетіпті. Көлік екі аунап түссе керек. Сөйтсе, Қаукең шын мәнінде қыстақ аралап кетіпті, бұл мүлдем басқа «УАЗ» көрнеді.

Ел ауызында сол «Москвич» көлігіне салынған гараждың өзі бір хикая.

Барлық құрылыс материалдарын әзірлеп қойып, балалары әкелерінің жұмыстан босауын күтіп жүрсе керек. Зәкең тағы іссапарға кететін болған соң, балалары «онда гараждың орнын сызып беріп кетіңіз» дейді ғой.

Көліктің тұрған жерінде сыртынан шырқ айналдыра сызып, іс-сапарына кете барады. Балалары да өзіне тартқан білем, сол сызықтан асырмай гараждың төрт қабырғасын келгенше көтеріп қойыпты. Әкелері өлшеп беріп кеткен гаражға көлік кіруін кіреді екен де, өкінішке қарай, есіктері ашылмайды екен. Міне, әпенделік.

Зәкеңнің әкесі Төлеуқұл әкеміздің де көңілге түйер күлкілі жәйттері аз болмаса керек. Ақтоғай әуе айлағында комендант болып қызмет атқарған Төкеңнің «АН-2» самолетіне жұртты қалай мінгізіп, қалай шығарып салғанын көзкөргендер бір таң жырлайды.

Оңаша орналасқан Ақтоғайдың аэропортында Төкеңнің замандастары таңды таңға ұрып преферанс сызады екен. Бірде біреудің телефонын сұраса, құрдастары Төкеңнің өзінің үйінің телефонын айта салады білем. Аңғал адам аңғара ма, телефон тұтқасын әржағынан үйде отырған шешеміз көтеріпті.

Сонда Төкең:

- Сен қатын, ол үйде неғып жүрсің? - десе керек.

Зәрузада ағамыздың үйіндегі жеңгеміз Алматы жақтан, қаланың қызы. Алғаш үйленгенде әке-шешесінің үйінің алдындағы екі бөлмелі сарайда тұрыпты. Жастық желікпен екі-үш күнде бір сылқия тойып ішіп келеді екен. «Ойбай, көрші мас» - деп Төкең өз үйінің күршегін іліп алып жүрген мезет те осы шақ. Көршісі – өзінің ұлы Зәрузада.

Зәкеңнің ішіп келген сайын былғанған киімдерін ертесіне жеңгеміз түк болмағандай тазартып, ағамызды жұмысқа шығарып салады екен. Таңданысын жасыра алмаған Төкен әкеміз:

- Ел осындай қатынды қайдан табады? - деген екен.

Зәкең бүгінде аудан орталығында тұрады, сол баяғы «натуральный» қалпы баладай ақкөңіл, нанғыш, сенгіш.

* * *

Күлшікенов Нұрланның ағасы Қалкен ағамыз да қашан көрсең күліп отыратын, қайғы мұңсыз, ертеңі жайлы ештеңе ойламайтын аңқылдаған адам еді. Бірде моншада отырса Әбдіғұлов Сағат ағамыз:

- Қалкен, арқамды ысып жіберші, - деген екен. Араларында нағашылы-жиендік қатыс бар ма, кісі көңілін қалдырмас Қалкен ысқышты ала салып іске кіріседі, білем. Сәлден соң ысқышты тастай салып, өз жөніне кетіп барады екен.

Сәкең де жалт бұрылып:

- Ей, Қалкен, не болды десе?

- Өй, әкесінің.., сенің арқанды ысқанша, залдың полын жуған жақсы екен, - депті.

Сәкеңнің бойы екі метрге жуық, салмағы да баршылық еді.

* * *

Жезқазған ол кезде облыс орталығы. Ғазиз ағамыз 40 жасқа толып қала жұртшылығы мерейтойын үлкен деңгейде атап өтті. Ағайын-туыс екі-үш күн болып, кешкілік пойызда келе жатырмыз.

Станция сайын алыпсатарлар вагонға кіріп,

тауарларын жарнамалайды. Зағым апамыз шаршап қалыппын деп қайта-қайта қалғып кетіп отырған. Сол мезетте бір келіншек кіріп келіп:

- Пиво алыңыз, пиво алыңыз, - деп қақсамасы бар ма?!

Ұйқылы-ояу отырған Зағым апамыз орнынан атып тұрып:

- Көтек, сиіп алыңыз, сиіп алыңыз дей ме?! - деп бір вагон адамды ду күлдіргені.

* * *

Уытты да өткір тілімен басшы атаулының біразын келістіріп тұрып әкесінен құлатқан Жынды Ысқақ әкеміздің қызы Төкен шешеміздің Балқаш пен Ақтоғай арасындағы автобус ішінде адамдардың семіздігі жайында әңгіме өрбігенде замандастарына: «Еркектің семізі – есек, әйелдің семізі – төсек» дегенін өз құлағыммен естідім. Жаныңа жақын, құлаққа жағымды, тауып айтқан сөздің төресі демей, осыдан кейін не дейсің?

* * *

Өткен өмір жолы тарихқа айналып, алыстаған сайын қимас қадыр-қасиеті көз алдымызда елес болып өтіп жатқан, аудан мәдениетін көркейтуші, алты Алашқа жайылған атақты «Ақтоғайым» әнінің авторы Дәртай Сәдуақасов ағамыз айырықша талант еді ғой!

Сол Дәртай ағамызды «Шалқардың» кезекті концерттік бағдарламасын дайындау кезінде, қызып алған менің Жәңгір ағам боқтады. Боқтағанда да Ысқақ әкеміз құсап келістіріп тұрып боқтады.

Дайындық барысында соңғы хор шықпай қойды. Дәкең де отырып алады, баянын созғылап қайта-қайта қайталатады.

Әбден мезі болып қажыған Жәңгір ағам:

- Аяғыңды, таяғыңды, баяныңды қосып бөлен етейін, қайтшы, Ақтоғайыңа, - дегені.

Сонда Дәкең:

- Қожалар боқтамаушы еді, мынау Жынды Ысқақ әкеміз құсап келістіріп сыбады, ал демдеріңді алыңдар біраз, - деп өзі де бір масаттана күліп алып еді, жарықтық.

Өресінің биіктігі емес пе, үлкен басын кішірейтіп тұрғаны. Дәртай әкеміздің қиқар көрінетін кейбір қылықтарының арғы жағында үлкен рухани қайсарлық жатушы еді. Осы жерде еріксіз есіңе жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбектің:

- Жынды Ысқақ ақсақалдың балағаты қазақ әдебиетіндегі зерттелмеген, өте қызық, ерекше жанр, - деген бағасы түседі.

ЖЫНДЫ ЫСҚАҚ

«Лениншіл жастың» Қарағанды және Целиноград облыстары бойынша меншікті тілшісі болып істеп жүрген кезінде Ақселеу ағамыз Жын-

ды Ысқақ жайлы естіп, бүгінгі Жидебай ауылы, ол кездегі Қоңырат совхозына арнайы іздеп келеді. Ақкең өз естелігінде:

- Кішкене ғана домаланған қарт екен. Сәлемімді алған соң төрге шығарып, жөн сұрады. Қарағанды қаласында тұратынымды, Жаңаарқа ауданында туғанымды, қазір газет тілшісі екенімді айтып бердім. Содан соң ақсақал үнсіз қалды. Мен де үнсізбін. Бірте-бірте әлгі үйге ауыл адамдары жинала бастады. Алдына барған адамды Ыскең ретін тауып қайтсе балағаттайды. Соны естуге жиналады екен. Әрі ол кісі бір адамға айтқан теңеуін екінші адамға өмірі қайталамайды екен.

Ыскеңнің алдынан балағат естімей кеткендер де бар. Ондай адамдарды ел құрмет тұтады. Бір кезде шай келді. Оны-мұныны айтып отырып шай ішілді. Бірақ, бір арнаға тоғысқан жүйелі әңгіме болған жоқ. Бәрі ақсақалдың ауызын бағулы сияқты. Соған қарап мен де шешіле алмай отырмын. Қайткен күнде балағат естімей аттанбақ ойдамын. Мен келісімен қазан көтерілген екен. Біраздан соң үйме табақ ет те келіп қалды. Сол үйдің келіні болу керек, бір жас келіншек ет турайтын пышақпен табақ әкеліп қойып еді, ауыл адамдары төрде, менің жанымда отырған Ыскеңнің алдына жылжитты. Ыскең табақты менің алдыма сырғытып қойды. «Масқара болдым-ау» деп ойладым. Турамайын десем, табан астында балағат естуім мүмкін. Ыскеңнің күтіп отырғанының өзі сол.

Сондықтан, табақты алдыма ыңғайлап қойып, пышақты алдым да, етті турауға кірістім. Барынша мипаздап, бар өнерімді салып, жұқалап-ақ турадым. Үйме табақ етті жалғыз өзім турап болып, тұздық құйылды да жеуге кірістік қой. Бір кезде қайдан қалып қойғанын білмеймін, Ыскең алдынан туралмаған бір кесек етті суырып алып шыққаны. «Құрыған жерім осы болды-ау» деп ойлауға шамам да келген жоқ, Ыскең әлгі етті табақтың үстінде салбырата ұстаған беті:

- Ей, селеудей болып сорайған бойыңның әкесінің аузын... Жасым тоқсанға тақағанда, мына етке қақалып өлсін дедің бе? - деп «сорғалатып» жібергені. Сол-ақ екен «қай жерден шиі шығар екен?» деп бағанадан күтіп отырған жұрт қыран-топан болды да қалды. Содан кейін-ақ ақсақал көңілденіп, жұртта желпініп сала берді. Біз үшін боқтық, балағат сөздер сырт пішіні дарақы, оспадарлау естілуі мүмкін. Ал, Ыскең күтпеген жерден, тосыннан сенің бойыңдағы кемшілікті дөп басып, балағаттап отыр. Мойындамасқа лаж жоқ. Мінсіз адам бар ма, Ыскең өткір балағат сөздерімен мініңді түзеуге, бойыңды жинауға үндеп отыр емес пе?

Ыскеңнің ұстанымы былапыт сөзбен балағат шығару емес, Ыскеңдікі ауыртпалықты жеңілдететін, қитұрқысыз, бақай есепке құрылмаған адал, ақшуақ боқтық. Сөз арасында Ақселеу ағамыз:

- Ақсақал, боқтауды қалай үйрендіңіз? Оған қандай себеп болды? - деп сұрапты.

- Япыр-ай, қарағым-ай, бұрын маған ешкім мұндай сұрақ қоймаған еді, - деп біраз үнсіз отырып қалды.

- Сұраған екенсің – айтайын...

- Балаң жігіт кезімде бір байдың жалшысы болдым. Өлгі бай мені қайда барса да жанынан тастамай алып жүретін. Өзінің ептеген молдалығы бар еді. Бір жолы үлкен асқа барып, қонып жаттық. Кешке қарай бай дәрет алуға үйдің сыртына қарай беттеді. Мен ошақ басындағы қыз-келіншектермен қалжыңдасып жүріп, шәугімге жылы су құйғызып алдым. Сөйтіп жүріп бір келіншекпен сөз байласып кеткем. Дәрет су әкеле жатқанымда өлгі шәугімнің түбі күйе екен, жаңада ғана әппақ етіп илеп киген тері шалбарыма үйкеліп-ақ кеткені. Қап-қара болды да қалды. Енді қайтып шыдайын:

- Қап, әкеңнің аузын... былғағанын қарашы, - деп боқтап жібергенімді өзім де байқамай қалдым. Мұнымды бай естіп қалып, өзімді жерден алып жерге салсын.

- Һарам болған суға қалай дәрет аламын? Бар, оңбаған, андағыны төк те, «бісмілдә» деп басқа су құйғызып әкел, - дегені.

Өлгі келіншекке енді қайтып барамын. Оған не демекпін? «Төгіп алдым» деймін бе? «Оған қайта су сұрап барғанымша өлгенім артық» - деп намысқа бастым да:

- Өлсең де осы суға дәрет аласың. Мен енді қайтып су сұрауға бармаймын, - дедім.

- Жоқ, мен Һарам болған суға дәрет алмай-

мын, - деп қитықты анау.

- Мә, ендеше, суыңның әкесінің аузын... Осы ауылдағы су біткеннің, бұлағындағы суыңның, өзені мен көліндегі суыңның әкесінің аузын... Бүкіл жер жүзіндегі су атаулының әкесінің аузын... Ал, бүкіл су атаулы түгел Һарам болды, енді өмір бойы дәрет алмайсың, - деп, шәугімді өзіне қарай лақтырып тастап, кеттім де қалдым.

Менің бұл қылығымды естіген екінші бір бай шақыртып алды да, астыма ат мінгізіп, үстіме киім беріп, өзіне қызметші етіп алды. Бұл бай мені өзіне жақпаған адамды боқтап келуге жұмсайды. Мен барамын да оны жақсылап сыбап, қожайынымның өшін алып келемін. Одан соң келесі бір адамға жұмсайды. Оны да боқтап келемін. Міне, сөйтіп жүріп әдет болып кетті, - деп сөзін аяқтаған екен Ысқақ ақсақал.

«Жер жүзінде қазақ әйелдерінен басқа бір әйел құдайын қарғай алмайды», - деп Ғабит Мүсірепов айтпақшы, балағаттау жанрын әдебиетке енгізген шынымен де біздің ақтоғайлық Жынды Ысқақ әкеміз ғой.

* * *

1990-жылдары. Шілде айы болса керек. Аудандық мәдениет үйінің автоклубы үйге келіп тоқтады. Дәртай ағам, жанында өнерпаз бауырларым Әлібек Имашов пен Жоламан Жақыпов. Амандық-саулық сұрасқан соң Дәкең бірден:

- Қазбек, киін, Қарқаралының Сарыобалы

деген жеріне тойға барамыз, менің Орал деген досымның баласының тойы, басқарасың, - деді.

Дәнбұлан даласы мен Қаршығалы өзенінің бойында Қарқаралы мен біздің ауыл малшылары бірге араласып, біте қайнасып жатады. Маңдайына мың жылқы біткен Сарыобалының атақты жылқышысы Орал ағаның атына, сол өңірді қыс қыстап, жаз жайлайтын ауыл малшыларының әңгімелерінен қанық болатынмын. Айтуларынша, дастархандары жиналмайтын, саба-саба қымыз, табақ-табақ етті қонағының алдына тосатын, кең жүректі, келген қонағын сынай отыратын, басынан сөз асырмайтын, біліктілігі бір басына жететін ел ағасы.

Дәртай ағамыз бізді екі күн бұрын алып барыпты. Бірлігін тірлігімен түгендеп жүрген Оркең өнер адамдарына да бір жабағы сойып тастаған ба дедім. Табақ-табақ ет, шөлмектер де бірінен кейін бірі босап жатыр, екі достың әңгімесі таусылар емес.

Бірінші баруым болғандықтан, оның үстіне келген қонақты сынай отыратын сынағынан сүрінбеу қамымен сақтық шараларын мейлінше сақтауға тырыстым. Той басталар алдында Орал ағамыз сөз алды:

- Ей, Дәртай, Ақтоғайдың өнердегі салсерілері деп үш жігітіңді алып өзің келдің, рахмет, көзің көрді, күтімнен кенде емес. Анау Қазыбегің жүріп жайылады екен, Әлібегің келген күні арқанды үзіп кеткен, жарты сөткеге жетпей соңынан шылбырын шұбатып Жоламаның

жөнелді. Мен шақырған 300 қонағымды күтем бе, жоқ сенің сал-серілеріңнің соңында жүрем бе? - дегені. Жігіттер екі күн би кешіне барып, кеш оралған. Жігіттер де жауапкершілікті түсінеді ғой, қолма-қол жинақталып, тойын тура ағаның ойындағыдай өткердік.

Риза болғандығы сондай, кейін де үш баласының қызығына шақырды. Тағы да сол құрам, екі жайсаң ағамыз. Бұл жолы бізге алаңдамай әңгімелерін жалғастырды.

Жолға салған жорғадай Орал ағамыз бен жеңгеміз он бала тәрбиелеп өсірген. Бүгінде қадірлі қариялар. Орал ағамызда тоғыз ұл, бір қыз. Біздің Қараталдағы Төлеп ақсақалмен құда. Ал, Төлеп әкемізде керісінше – бір ұл, тоғыз қыз.

Құдалыққа бірінші келгенде, әзіл-қалжыңсыз жүре алмайтын Оркең:

- Мен қайта-қайта келіп жүре алмаймын, бір-ақ жермен құда болайын, барлық қызыңды бір-ақ бер, - депті.

- Құдай аузына салды ма, Төлептің екі қызы бүгінде Оркеңнің келіндері. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - демей ме? Ақиқат адалдықпен ағзалас демекші, Орал ағаның қайырымдылығы жаратылыстан екенін байқадым. Олай дейтінім, балаларының үш тойын басқардым, үш жабағы атады.

Арада он жылдай өтті. Ақсақалдың дәулеті сарқылып, түліктен тұяқ қалмады. Есіме Орал ағам түсті. «Газ-53» көлігімен қос әнші бауырымды алып, Сарыобалыға тартым. Жолсеріктерге

де алдын ала ескерткем, іс-сапар мерзімі бір жетіге созылып кетуі де мүмкін екендігін. Мезгіл қыс. Күн ұясына кіре діттеген жерге ат шалдырдық. Амандық-саулықтан соң, шәй үстінде:

- Қазкен, бүгін менің қонағымсың, өзің тойын басқарған үш ұл, үш отау, әр отауыма бір күніңді арнайсың, көзіңмен көр тұрмыстарын, бесінші күні қостан өзім шығарып салам, мыналарың да от ала келмеген шығар, - дегені.

Бәсі де жоғары жомарт ағамның ырқына көндіретін мейірбандығын ауылдан сезініп шыққам. Таңды таңға ұрып, әңгіме де, ән де өрілді.

Бесінші күні қосқа келдік. Қара қостың қазаны қайнап жатыр. Балаларын шақырып алды да:

- Мына Қазкен, қызмет бабымен аудан орталығына көшкен екен. Дос бар, дұшпан бар дегендейін, анау көк бестіні ат қып мінсін. Жаңа орта сыншыл келеді, семіз құла жабағыны соғымына арнасын. Жылқы өсіргісі келетін ниеті болса, ұрғашы буырыл тайды беріңдер, - деді.

Ақ ниеті мен ақ-адал дәмін ұсынып, нарқы басқа, ақша бұлттай арда аға екенін Оркең, сол сапарымда тағы бір дәлелдеп еді. Оркең жайлы жеке еншілеп айтар ойлар баршылық. Ол уақыт құзырында.

* * *

«Алашағың кетсе де, айташағың кетпесін», -

деген қазақ емеспіз бе? Бір әңгіме есіңе түсіп ойлансаң, ол ой он әңгімені қозғайды. Әзіл көбіне құрдастар аралық, болмаса жезде мен балдыз арасында өрбиді. Соған бір дәлел: Балзияның сыныптастары 66-жылғы түлектер. Ұл-қыздарына рахмет, бәрі дерлік сыйлайды.

Түсіпбеков Қанат пен төре Омаш маған бір құрылыс материалдарын әкеліп бермекке уәде берген. Қанат пен Омаш екеуі де әйелдерімен айырылысып, «айлас қатын – мұңдас», - демекші, ішіп-жемі бірге болып жүрген шақ. Бекайдар балдыздың көлігімен, дәу де болса Омаш төренің үйінде жатқан шығар деп барсақ, түнімен бұрқыратқан қос балдыз залда қос төсекте ұйықтап жатыр. Қанат еңгезердей ірі жігіт қой, Омаш болса, бір-ақ уыс. Қанаттың кеудесіне басын тығып алған. Бекайдар айғай салып еді, екеуі бастарын көтерді:

- Екеуің екі қызбен жатыр ма десем, албасты басқырлар, масқара болдық қой. Енді Қазағаңның өлеңіне ілігесіңдер, - дегені. Алла аузыма салды ма, ұйпа-тұйпа екеуін көріп, бір шумақ өлеңнің сап ете қалғаны:

Толғайды тоқсан күйін далам дәйім,
Мен енді көрген жайды баяндайын.
Қанат пен Омаш жатыр қос төсекте,
Кәдімгі Қозы менен Баяндайын.

Кешіне жеткізбей олар уәдесін орындады. Біраз күн осы бір шумақ өлең құрдастардың қалжыңына тұздық болып еді.

* * *

Жоғарыда айтқандай, бір әңгіме есіңе түссе, ол ой талайын қозғайды. Мақсұт әкеміз бен Зәпия шешеміздің ұлы Ағдарбектің де бір-екі атары бар.

«Шалқар» өнер ұжымында біраз жыл бірге жүрдік.

Ағдарбек:

- Жас кезімде әкей мен шешей жұмысқа ерте кетеді де мені отқа, суға түсіп кетпесін, - деп қазыққа байлап кетеді екен. Кейіннен әбден үйреніп алғаным соншалық, әкей мен шешей жұмысқа оқталса болды, байламай-ақ өзім барып қазықтың түбіне жатады кетеді екем, - деп, бізді бір күлдіріп алатын.

Қарасуда кезекті концерттен соң, суға түсіп жүргенбіз. Қыздар бір бөлек, жігіттер бір бөлек дегендейін. Ағдарбек теріс қарап алған. Іш киімін сығып жатыр еді, қайдан сап ете қалғанын, үш қызымыз жетіп келсін. Алдыларында тоңқайып, Ағдарбек тұр. Қыздарымыз не алға жүрерін, не артқа барарын білмей, айғай-шу болды да қалды. Ағдарбегіміз еш саспастан жәй ғана қыздарға қарап тұрып:

- Алдын көрмесеңдер болды, арты өздеріңде де бар ғой, - дегені. Өзіл құдіретін Ағдарбектің жанында жүрсең түсінесің. Тағы бірде:

- Жекешелендіру бөлімшедегі жалғыз моншаны да жауып тынды ғой, Қазаға. Келініңіз кешкілік үйге суға түсіп ал деген соң, үйдегі

жалғыз шлөпшінге отыра кетіп едім, айырылды да кетті. Бұрын көпшілікпен жүріп, моншада білмеппіз ғой. Құйрығымның размерін сол жолы топшыладым, - деп, тағы бір күлдіріп еді Ақтоқашымыз. Анасы солай атайтын.

Көршілес Абай совхозында кезекті концерттік бағдарламамызды беріп, соңынан ауылдастары ұйғарған үйден дәм татып отырмыз. Шалқарлықтар әзіл-қалжыңсыз отыра ма? Сол кезеңде жастар арасында белең алған бір тапқырлық ойын, бір әріптен бастан аяқ сөйлем құрап шығу. Кімнің сөйлемі ұзақ болса, жеңімпаз сол. Ішімізде сан қырлы қабілетке ие Кәршалов Аман бар. Маңайын күлкіге қарық қылғысы келді ме:

- Опи орындықта осырып отыр, - демесі бар ма?! Алдында ғана әкесі марқұм Күсенбай қайтыс болған. Басымнан сөз асырар мен бар ма, жұлып алғандай:

- Күсенбай көтені көктен келіп, көрге кетті, - дегенім. Отырғандар орынды әзілдің орайына мәз болысып жатты.

Осы өнер ұжымына бір кісідей еңбек сіңірген досым, құрдасым марқұм Еркін Сейіткамалұлы Өмекешов еді. Белді әншіміз (марқұм болып кетті) Сәрсенбекова Сәнияға:

- Әттең, дауысың, әйтпесе атып-ақ тастайтын қызсың, - деп жүрген де осы Еркін марқұм. Біздің класстың 7-8 қызы ауылдағы өздерінен он жастай үлкен жігіттерге тұрмысқа шықты.

- Осы ауылдың кәрі-құртаңдарының артын

жауып отырған біздің қыздар, - дейтін. Әскери борышымызды өтеп, 82-жылдың шілде айынан құрылысқа жұмысқа кірдік.

- Ераға, менің бойым аласалау ғой, не істеуге болады? - деп сұраймын. Ол кідірместен, Қазаға турникке тартылуың керек, - дейді. Кешкілік киноға барып, соңынан екі қызымыз бар, Ай жарығымен алдыда мен, артта Ерекең қос қабатты үйлердің тұсынан өтіп бара жатсақ, дайын турник жатыр. Ол кезде бір-бірімізге жөткірініп белгі бере қоятынбыз, «көрдің бе» дегендей. Жөткірініп ымдасқанымыз сол, түсіне қойған Ерағаң да Ай жарығымен бір әдемі әуенге салып:

- Вижу да вижу, вижу-ай, - деп әндетіп ала жөнелгені.

Сейіл-серуеннен соң қайыра соғып, сол турникті түн ішінде біздің үйге әкеліп едік.

Адал ниет ақ көйлек, қайран достарға Алла иман байлығын нәсіп етсін!

* * *

Совхоздың құрылыс жұмысында он жылға жуық жүргендіктен, орыс ұлтының біраз өкілімен істес болуға тура келді. Солардың дені кезінде біршама қызмет атқарған, жоғары, не орта білімді мамандар. Полковник, ұшқыш, ревизор, т.б.

Солардың бірі Шұбартаудан бізге ауысып келген Борис деген орыс болды. Жезқазған облыс

болып алғаш құрылғанда, облыстың бюджетін басқарған. Тегін ұмыттым. Жартылай қазақ болып кеткен. Сол Борисім айтады:

- Сіздерде бірінің атын бірі толық атайтын қазақтарды кездестірмедім. Ылғи Тәке, Сәке, Мәке, Бәке, Жәке болып жалғаса береді дегені. Шұбартауда жүргенде ет таусылып, Мергенбай деген бөлімше меңгерушісінен қой сұрап бардым, записка жазып берді Серікбай деген шопанға. Кетіп бара жатып ашып оқысам: «Секе, Бориске бер бір теке, Меке, - деп, қол қойыпты» - дейді ғой әлгі сайқымазағым.

* * *

«Қазақта күлкінің қырық түрі бар», - депті бір кандидат, жоқ бос сөз: «Қазақта күлкінің жүз қырық түрі бар» - депті доктор наук. Сөйтсек, ұлы мәртебелі күлкінің де түрі көп көрінеді ғой. Жадымда жатталғандары: Мысқыл күлкі, Мыстан күлкі, Сайқал күлкі, Сайқымазақ күлкі, Кісі өлтіретін күлкі, Күнкөріс күлкі, Қошемет күлкі, Таба күлкі, Шығарып салма күлкі, Алдамшы күлкі, т.б. Шын мәнінде, өмірді ұзартатын күлкі. Оған дәлел мына әңгіме:

«Адам бір дана шылым шеккенде 15 минуттық өмірі қысқарады-мыс, ал жақсылап бір күліп алсаңыз, сіздің өміріңіз 5 минутқа ұзарады екен. Яғни, сіз бір тал темекі тартып алып, артынан үш рет жақсылап күліп алсаңыз, $3 \times 5 = 15$ өзімен өзі кетеді екен. Яғни, кімнің күлкісі басым болса,

соның мысы басым, жасы да ұзақ болады.

«Әйел қалауына қарай күледі, қажетіне қарай жылайды, еркекке қарағанда есебі мықты» депті ғой бір ағамыз. Тілінің ащы балы басым бір жеңгеміз:

- Балқаштың масасы – нағыз еркек маса, барған бойда бас салады, айызыңды қандырып, салып-салып алатынын айтсаңшы, қайным-ау, - деп еріксіз езуге күлкі ұялатып еді.

Астарлы әзіл көкейкестілігімен жұрт жадында қалары содан да болар.

ТАҚСИЫН (ТАХАҢ)

Жарасқан ақын «дүние жүзінде жиырма төрт елдің Қожанасыры бар екенін» дәлелдепті. Мәселе онда емес. Мәселе – әр ауылдың өз «Қожанасырында». Өз Қабаны, өз Есенбайы мен Зәпия, Алтайында. Өзім әдептен озбайтын, тәрбиелік мәні бар әзілдерді құр жібермеймін.

Шалғынбай ағамыз совхоздың бас зоотехнигі Әбдіғұлов Сағатта жүргізуші болып жүргенде жайлауда отырған Әміржанов Тақсиын әкеміздің отарына соқса керек. Түс болып қалған кез, қой шарбақта қамаулы тұр дейді. Басшы бірден реңін бұзып алып:

- Мынау не сұмдық, шопан қайда? - десе, Несіпбала шешеміз: (өзі жылдам сөйлейтін адам)

- Таң қылаң бере кеткен, арқандаулы тұрған аты босап кетіпті, соры қайнаған сорлы жаяу

соның соңынан кеткен. Тақсиынның 15 жасынан бастап көргені тек бейнет, бір рахат көретін күн бар ма? Сендердің сыйлықтарың Мақсұтбек пен Зәрубектен артылмайды, - деп, ақсақалына кір жуытпай мақтады келіп дейді. Сақаңа сөйлеуге мұрша бермесе керек.

Мақсұтбек Бабашев – Ленин орденді шопан, Зәрубек Ұйқасбаев – ҚССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Бір кезде бойда аздап қызуы бар Тахаң келді дейді. Шешеміз болса бейне бір патефон іспетті тоқтайтын емес, тақырып әлі сол – ақсақалы Тахаң. Шыдамы таусылған Сағат:

- Тақа, еркек емессіз бе, мына жеңгемізге қой десөңізші, - деуі сол екен Тахаң қолындағы қамшымен Несіпбала шешеміздің арқасынан осып жіберсе керек. Қамшы бата тиді ме, пластинка аунап түсті, - дейді.

- Сендер мына Тақсиынға сеніп жүрсіңдер ма? Осының бір жарытып қой баққанын көргем жоқ, күнде осы – қой түске дейін қамауда тұрады. Осы келгенде қыр астындағы бажасына барып, тойып келіп тұр. Сендер бұған аға шопан деп мың қойды сеніп беріп қойдыңдар, ертең біреуі де қалмайды. Мен айтпады демендер! - дегенде Сағаттың өзі күліп жіберсе керек.

* * *

Қой «топалаңның» да бейнеті анау-мынау деген адамның жігерін құм қылып жібереді ғой.

Жасынан қой баққан Тахаң көлеңкелеп тұрған аттарды көріп, атасының көзінше:

- Шіркін, ат боп кетсем ғой, - деген екен. Атасы Найзекеңнің де тілі мірдің оғындай, тауып сөйлейтін адам екен:

- Сен ат болсаң, он салса бір баспайтын шабан ат боларсың, семіртіп-семіртіп соғымға сойып алады, - деген екен.

* * *

Кенен Әзірбаев атамыз сынды он жасымыздан қозы бақпасақ та, совхоз тұсында Қараталдың еншісіне тиген 40 000 қойдың төл алу науқанына бір кісідей ат салыстық. Шопанның әйелдерінің сақман науқаны кезінде «түкірігі жерге түспейді» десек, әсірелеу бола қоймас. Жарықтық жайдарылана бір күлсе, ол күнгі ішкен шәйің де ішіңе жағады, қабағы түссе үш күн қыстауға бұлт үйіріледі.

Шопан атаңның да кісі танымай қалатын, өлара шағы дәл осы тұс. Алғаш барған жылдары. Жаспыз. Таң қылаң бере оятып, қарсы беткейді нұсқап: «Анау от алаңға апарып жай малды» - деп, өзі жайбарақат үйіне беттейді. Сонда туындаған шумақтар әлі жадымда қалыпты.

Шөп қалмайды мен апарған от алаңда,
«Тойдым» деп айтпайды бір топалаң да.

Шөбін жеп, суын ішіп кеш келеді,
Көргем жоқ мұндай сұмдық ешкемерді.

Қараймын қабағына шопанымның,
Тілеймін амандығын отарының.
Қатыны қабақ шытса, қоса шытып,
Қатыны күлген кезде, қоса күлдім.

* * *

Бұл көріністерді басына түскен баспақшылдар ғана сезінеді. Өткенге ой жібергенде кейде езуге еріксіз күлкі ұялататын тым ерсі жәйттерге жол бергендігімізге кейіннен қайран қалам.

«Шалқар» халықтық үгіт театрында режиссер, кейіннен директор болып жүргенде, совходдың автобус жүргізушісі Тілеген ағамызды көлігімен және оншақты өнерпаздың басын біріктіріп, шопандарға арнайы концерттік бағдарламамен жібереді. Науқандық жұмыстар қарсаңында автодүкен де қоса жүреді. Малшы – малда, қас қарайғанша күте алмаймыз. Әр бөлімшеде кемі 20 қыстақтан бар. Бізде 5 бөлімше. Концертімізді көбіне күндіз қоямыз. Шопанның әйелі әлі сабаққа іліге қоймаған екі баласын екі жағына алып, есік алдындағы көрерменге арналған ұзын ағаш орындыққа жайғасады. Ілешала иесін іздей ме, күні бойы бізді жатсынып жүрген екі-үш иті де орындықтың маңайынан орын тебеді. Бар көрерменіміз – осылар.

Концерттік бағдарлама толықтай орындалып,

соңынан киномеханик Ағдарбегіміз екі бөлімді үнді киносын жібереді. «Қоғам жынды ма, біз жындымыз ба?» деймін де, осы күндер еске түссе еріксіз күлем. «Заманға таң қалма, адамға таң қал» демеуші ме еді. Сол уақыттың шынайы суреттері осы болатын. Оны да түсінген жөн шығар.

«ТОҚЫРАУЫН ТЫНЫСЫ»

Өз заманының, өз дәуірінің жаршысы бола білген аудандық басылым «Қызыл Ту» болып желбіреп, «Арқа еңбеккері» болып арқа төсінде уақытпен үндесе, кезінде қара сөздің құрышы «Тоқырауын тынысы» боп тыныстаса, бүгінде «Арқа ажары» атанып, оқырманымен сырласуда. Ел мен жер шежіресін шерткен басылымның арқалаған жүгі ауыр, журналист мамандығының



да азабы аз болмайтынын өзім қызмет еткен жылдары сезіндім.

Сәл шегініс:

Совхоз тарап, жұмыссыздық жайлап, сүреңсіз өмір кешіп жатқанымда, басылымның сол кездегі редакторы Надежда Ақбаева газетке жұмысқа шақырды. Осымен төртінші, бесінші шақырту. Олай дейтінім – әу баста жоғары оқу орнын аяқтар жылы Алматыда қалуға мүмкіндік туындап еді Мұхтарбеков Серғазы досымның арқасында Нұртөре Жүсіп, Ермұрат Бапи, Бейбіт Сапаралы сынды қазақтың марқасқаларымен жақсы араласып кетіп едік. Балзия болса, сол кездегі Юстиция Министрі Мақсұт Нәрікбаевтың қарауында бөлім басқарған, бізге жиен Нақыпбек Сәдуақасовтың қамқорлығында жап-жақсы қызметте жүрді.

Алғаш сол ойымызды үлкендерге жеткізгенде:

- Бізде қанша ғұмыр қалды дейсіңдер, бізді біржақты қылыңдар, сосын жолдарың ашық, - дегендей сыңай танытып еді.

Одан кейінде аудан басшылығына рахмет, үш-төрт шақырту алдық. Соны түсінді ме, әкем де:

- Қарағым, сендердің босқа обалдарыңа қалдық, аудан орталығы қашық емес қой, бізді өңгеріп алыңдар да, тартыңдар, - деп келісімін берді.

Қош. Сонымен, «Нәнәнің» (Надяны көбіне солай атайтынбыз) арқасында бір-ақ күнде журналист атанып шыға келдік.

Журналист жауапкершілігін сезінсін деді ме, Надя бірден жауапты хатшы қызметіне қон-житты. Кәсіптерінің қыр-сырын жете меңгерген Надя, Сәбила, Дәниялар үйретуден еш жалықпады. Ұжымда кілең қыздар. Әлгі «Он алты» қыз деген ән бар еді ғой, «Ұрқия-ай, Зұлқия-ай...» - деп тізетін. Мен де құдды бір сол ортаға тап болғандаймын.

Надя, Ғалия, Сәбила, Дәния, Гүлнар, Әлия, Қорлан, Нәзигул, Есенгүл – кілең гүл.

Туған халқының ән жауһарын жұртына буырқанып, бұрсанып, өрттей лапылдап, найзағайдай жарқылдап, үзілдіріп, құйқылжытып, қалықтатып, тамылжыта жеткізе білген ән өнерінің көрнекті өкілі Асылмұрат Ақанов ағамыз жеңгеміз Ғалия басылымның бас есепшісі болғандықтан, арамызда жиі болатын. Жаны әннен жаралған Аскең көңілінің құрақ көрпесі сөгілгенде, әзілден алдына қара салмайтын.

Он алты қыздың ортасында мен отырам: Асыл ағамыз:

- «Шопанның бетіне қарап отырған үйірдегі жалғыз айғырын, ақ қар-көк мұзда алты қасқыр жабылып жеп кетеді де, салы суға кеткен ағамыз лажсыздықтан жаздай балалары қос өкпеге теуіп, қойдың соңына салған, арқасы жауыр, құнаннан бестішығар мәстегін «иісі еркек қой» деп, үйірге салады. Сақа биелер маңына жола-та ма! Мына қалың қыздың ішінде Қазбектің де күйі сол мәстек айғыр сынды» - деп, қыздарды бір күлдіріп алады.

Асыл ағамызды асабалықта да ұстаз тұттым. Аскең жас келіннің бетін ашады, мен той басқарам. «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің құрамында бірге жүру бақыты бұйырды. Сондықтан болар, Ғалия жеңгемізбен де ерте араластық. Газетте қызмет істей жүріп, бір жағы той басқарам. Үй-іші әлі ауылдан көшіп келе қоймаған уақыт.

Кезекті бір тойға кетіп бара жатып, Ғалия жеңгеме:

- Төсек сала сал, таңға жақын келіп тынығармын, - дедім. Тойды таңға жақын аяқтап, көтеріңкі көңілмен Асылмұрат ағайдың үйіне келсем, есік ашық, төсек салулы. Маған да керегі сол – көрпенің астына қойдым да кеттім. Аға-жеңгеміз де тойдан келсе керек.

10-11-ге қарай тұрдық. Аскең ағамыздың таңертеңгілік жуынысының өзі, анау-мынау адамның моншаға барып келетін уақытымен пара-пар болатын. Жеңгеміз керек-жарағын тасып әуре.

Бір кезде жанымызға Аскеңнің ағасы Бегендік марқұм келді да:

- Редакцияның адамдары бір-ақ үйде тұра береді ғой деймін. Таңға жақын дәретханаға шыққаным сол еді, қайтып келсем, орныма біреу жатып алыпты. Келінді оятуға ыңғайсызданып, сендер тұрғанша креслода отырып ұйықтауға тура келгені, - дейді. Мен де төсекке заказ берген адаммын – қайдан білейін, сол моментте Бегендік ағайдың әжетханаға шыққанын.

Осы бір орайы келген әзіл жайлы Мүсіркеп «Орталық Қазақстан» газетінде Бегендік ағаға арнау әңгімесінде келістіре жазды. Бегендік ағамыз да Манарбек мәнеріндегі арындаған әнші еді. Ғұмырлары қысқа болды қос ағаның.

«Бәрін айт та бірін айт, коллективтің жырын айт», - деп Бейімбет Майлин айтпақшы, редакцияның да әр қазақтың қара шаңырағына тән киесі бар еді. Ғажап мектеп! Жалпы, журналистер ортасы деген орта бөлек орта. «Бас жарылып, қол сынып жатса да» бір әңгіме іштен тысқа шықпайтын.

СССР Журналистер одағының мүшесі Рымбек Мәмбетов ағамыз бір шыны ведроға сыра толтырып алып, редакцияға кіріп келе жатса, алдынан редактор Қасжан Ағеділов шыға келіпті:

- Рымбек, мынауың не? - дейді ғой. Рекең де саспастан:

- Келініңіз сұйық май тапсырып еді, - десе, Қаскең де аңқау адам ғой:

- Келін тапсырса, шашпай-төкпей апарып бер, Рымбек, - деп өтіп кетіпті.

* * *

Келіншектің керілгені «кел» дегені, еркектің керілгені «бер» дегені, - деп жүрген қайран Үмкеңдердің (Үмітай Жармағанбетов) алпыс екі тамырыңызды бойлап кетер әдемі әзілдерінің көбі жазылмай қалды ғой...

* * *

Қырық жылдан астам редакцияда қызмет атқарған Дәния Тәжібаева мен баспахана ардагері Спанбетов Өміртайдың отбасында егіз қыз өмірге келеді. Жалқы емес егіз, дәрігерлер де таң қалысып:

- Тұқымыңызда егіз бар ма, Дәния? - дейді ғой. Сонда өзі де аң-таң Дәния: - Жоқ, көршіде бар, - депті. Көршісі Шәпибай шалдың екі-үш баласы егіз туған. Содан араға аз уақыт салып, белгілі журналист Сәбила Нұржанова қос егізді өмірге әкеледі. Дәрігерлер Сәбиладан да сұрайды ғой:

- Тұқымыңызда егіз бар ма? - деп.

- Жоқ, редакцияда бар, - депті, Сәбила Дәнияны меңзеп.

Еріксіз езу тартасың.

* * *

Аналар мерекесі алдында редакцияда еңбек еткен ардагеріміз Мина Кәдірбева шешеміз жайлы жазуды Мүсіркепке тапсырдым. Мина анамыздың тілі де атына сай уытты болатын. Мина десе – мина. Редакция тарихында аты алтын әріппен жазылар, іскер басшы Смағұл Ыбыраевтың жары, Сұлтанның анасы.

Қағазы алдынан кетпейтін, қаламы қолынан түспейтін Мүскең (өзім «шал» деймін) төгілдіріп жазды. Мақала жарияланған бойда қолында пакеті бар, Мина шешеміз келді.

- Шақыр әлгі жазушыңды, - дейді маған. Мүскең негізі Торғайдың жігіті, жеңгеміз – Ақтоғайдың қызы. Рухы жасу көрмеген Мина шешеміз көрген бойда:

- Әй, Мүсіркеп, сенің шын атың Мүсіркеп пе, жоқ әлде, Ақтоғай қыз бергеннен кейін мүсіркеп отыр ма? - дегені.

Жазушы да сасып қалды. Кейіпкеріміздің келістіре айтқан кескіндеуіне сүйсініп, күліп жатырмыз.

* * *

Ол кезде редакция мекемесі қазіргі селолық округ әкімшілігі орналасқан мекенде. Есік алдында шылым шегіп жалғыз тұр едім, әкімшілік жақтан жүгіре басып, марқұм Шынарбек Игенов ағамыз келе жатыр екен. Ол кезде Сарытерек ауылдық округінің әкімі. Шынекең:

- Қазкен-ай, осындай шаршап жүргенде біреуді айналдырып қоюды да білмейсіңдер, - деп, жанымыздағы салық мекемесіне қарай асыға бет алды. Мен де тыныш тұрам ба:

- Шынеке, кешке «24-ке» апарайын, дайын болсаңыз, - дедім. 24-інші үй – ол мезгілде көбіне жалғызбасты келіншектер тұратын қос қабатты үй.

- Қой. 24 ұят болады. Баламмен жасты, маған 40-тан асқаны керек, 40-тан асқаны да жарайды, - дейді сері көңіл, арсалаңдаған адал да аңғал ағам.

* * *

Жыл басында Президенттің тапсырмасы бойынша ауыл әкімдерімен, аудан әкімінің халық алдындағы есебі басталады. 17 селолық округтің барлық бөлім басшылары мен орынбасарлары толықтай қатысады.

Газетте редактормын. Аудан әкімі Ғабдырахман Омаров. Қашан да жақсының мәртебесі биік, мерейі үстем болады ғой. Ондай адамның кісілігін айтып тауыса алмайсың. Жүзі нұрлы, мінезге бай Қабекең текті тұқымнан екенін айғақтай жүретін. Ағасы Ермекпен ерте таныс болдым да, қызметіне кіріскен күннен бастап, жақсы сыйластықта болдық. Көп септігі де тиді. Алла иман нұрына бөлесін.

13-14 ауылда аудан әкімінің есебін ойдағыдай аяқтап, Қызыларай ауылдық округіне келдік. Жиналыс әне-міне басталады деп, Қабекең және басқа да жігіттер шылым шегіп тұрғанбыз, менің жаныма сол кездегі аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Марат келе қалды. Кереку жағының жігіті Марат та бір ерекше жаралған жан. Бойының ұзындығы – 2 метр. Бейне бір баскетболшыдай менмұндалап тұратын. Ауданда ондай адам болмағандықтан ба, барған жерде ел таңданыспен көбіне соған қарайтын. Мен де тыныш тұрам ба:

- Қабеке, сіз осы қателесіп жүрсіз, - деймін ғой.

- Неден? - дейді әкіміміз.

- Барған жердің бәрінде жиырма бет баяндаманы қайта-қайта толықтай оқып шығасыз. Одан да бүгінгі кездесуден бастап Марат екеумізді саханаға шығарыңыз да, «ауданның жеткен жетістігі мынандай» деп, Мараты көрсетіңіз де, «кеткен кемшілігіміз примерно мынадай болады», - деп, мені көрсете салыңыз, - деймін әлгі жерде. Орынды қалжыңға бәрі мәз болысып жатыр.

Осы бір өткір мысқылға разы болғандығы сондай Қабекең мені көрген сайын рахаттанып бір күліп алатын. Шын мәніндегі күлкі тез шығып, тез басылатын қылт етпе, иек артпаны іздейтінін Қабекең сынды өнерге жақын адамдар бірден сезінеді ғой. Күлкі де күтпеген жерден, тосыннан, оқыстан келгенді сүйеді.

* * *

Мекеме көлігімен жиі іс-сапарға шығып тұрамыз. Жүргізушіміз – марқұм Нұржан Болбақов, Мүсіркеп үшеміз. Бағытымыз – Сарышаған. Балқаш қаласынан ауқаттанып алған соң әрі кетпекшіміз. Аяқ астынан таныстар кезікті де, жолсеріктерді демалуға жіберіп, өзін көліктің кілтін алып қалдым.

Ертесіне Мүсіркеп ақын:

- Басеке, сізге бір шумақ өлең шығарып қойдым, - дейді.

Азаматты Қазекең құрметтейді құдайдай,

Қызыл тілге келгенде, қоян алған құмайдай.

Әр қалада бір гарем, к..т бөліске келгенде,
Шық татырмас Шығайбай, - демесі бар ма!
«Сөз тапқанға – қолқа жоқ», еріксіз мойындата-
ды...

* * *

Бірде Қарағандыдан өзім қадыр тұтар інім,
шынайы суреткер жазушы, талантты ақын Серік
Сағынтай келді. Кешкілік Мүсіркептің үйінен дәм
ішіп, преферанс ойнадық. Бас қосылған соң «за
мизер» деген болады ғой. Түннің бір уағында
қайтпаққа бекініп, есік алдына шықтық. Екеуі
шығарып салмақ ниетте.

Аудан орталығында сол кезде жастар ара-
сында жалғыз-жарым жүрген адамды жабылып
сабап кететін жаман әдет қылаң беріп жүрген.
Үй де ауданның екінші бір шетінде. «Мені жас-
тар сабап кетпесін» - деп, қайта-қайта айта бер-
сем керек.

Сонда Серік бауырым:


- Қазағам-ай, қайта-қайта айта бердіңіз ғой.
Одан да алдын-ала өзіміз сабап алсақ қайтеді?!
- дегені.

ҚАРАТАЛДЫҢ КҮЛКІСІ

Жалпы, кез келген адамның топырақтан жаратылғанының бірден-бір белгісі – баласының өзі туған даласына ұқсап туатындығы. Қаным Қаратал болғандығын құлшыныспен жырлағым келіп тұратындығы да содан болар, бәлкім. Далалық, даналық дарағының асыл дәнінен нәр алып, астарлы да ажарлы ой бұлағынан құмар қандыру қашан да жаныңды байытып, санада сергектік ұялатары сөзсіз.

Көзі тірісінде ел аузында әңгіме болып жүретін адамдар болады. Ол әңгімелер оның ел сүйсінген ерекшеліктерінен туындайды. Азаматын ардақтаған халықтың ырза көңілінен туған ондай өзіл әңгімелер ақиқаттан онша алшақтамайды. Міне, осындай кие қонып, құт аралаған ыстық ұядан ұшқан, Қараталдың ұтқыр, сөйлейтін айтқыштары: Бажай (Нұрмағанбет), Қабан (Қабдолла), Есенбай Таханов, Торғай (Кәмелхан) Байсеркин, Тәжібай (Тәжағаң) Балтабайұлы, Әлтай (Әлімхан) Сатыбалдин, Күлік Әзімбайұлы, Зәпия Бөлендіқызы, Мәулен (Ағамәулен) Мұсаханов Мұрат Жұмашев пен кейінгі Көшендер қауып та, тауып та айтып, өзіл-қалжыңның адырнасын аңырата тартқан. Бір ғажабы – осы әке-ағаларым көпті көрдім деп, есе бермейтін, асыра әсірелемейтін, қарымта тұста жедел жауаптарымен дес бермейтін. Жүректері соншалықты кең, халыққа қадірі асқан жандар.

Ел аузында ардақталған ағаларымның алды-



на түсіп мен не демекпін?! Дарияның жағасында тұрып, құдық қазбақпын ба?!

Менің міндетім – жайсаңдардың жақсы әзіл желілерін кейінге жеткізу. Уақыт тынысын, аядай ғана ауылының тынымсыз тіршілігін, мінезін аңғартар ащы әзілдің астарында түсіне білген адамға көп сыр бар. Сұлу сөздің қадырын білетін, тауып айтуды өнерге балаған, жақсылардан қалған сөздерді құймақұлақ зеректер ғана жадында сақтап қалады. Сонымен қатар, естіген өңгіменді сол айтқан адамның образына кіріп жеткізу. Ол одан да асқан өнер деп бағалар едім.

Отырған ортасын әзіл-қалжыңдарымен, қыран-топан күлкіге бөлейтін, есте сақтау қабілеттері мен әртістік өнері айрықша басым

Зәпия шешеміз, Аққыз күйшінің ұлы Тілеужан, Қабет, Көшен ағаларымыз сөз өнеріне баулыған дала мектебіндегі менің ұстаздарым.

Өздеріңізге белгілі – Байқоңырдан ұшырылған «Протон» зымыран тасығыштарының бөлшегі біздің Қарағанды облысының үш ауданына түсті. Жаңаарқа, Қарқаралы, Ақтоғай. Сонда Торғай әкеміз айтады ғой:

- Қазкен, осылар Қарағандының центрін таба алмай жүр протон тастауға, - деп.

* * *

Қараталда тұрғанда өз қарындасым мен екі немере қарындасымды бір жетінің ішінде алып қашып кетті. Сонда қарапайым ғана күн кешіп жүрген Мәжікен ағам: «Біздің қарындастар биыл бірдеңеден қатты үрікті-ау» - деп, қарап тұр.

Ойды ойнатып, сөйлем жасайтын осындай адамдар. Өз басым әдептен озбайтын, тәрбиелік мәні бар қалжыңдарға іш тартамын.

* * *

Біздің бір ағамыз қырықтан асқанша үйленбей жүріп алды. 90-нан асқан кәрі шешеміз бар. Шешеміздің төрт құбыласын түгендемей тұрған үлкен проблема осы ағамыздың үйленбеуі болды. Содан қойшы, араға кісі салынып, көрші ауылдан уақытын өткізіп алған өзі қатарлас қыз табылды. Әулет болып бөркімізді аспанға атып,

жеңгелері, яғни болашақ абысындары көзбен көріп келмекке аттанды. Абысын деген барып келген жерінен қай бір тұзу әңгіме жеткізуші еді, келген бойда кәрі шешемізге:

- Ойбай, апа! Ананың алайын деп жатқаны со беті кәрі көрінеді» - десе керек.


Сонда күйіп кеткен шешеміз:

- Менен де кәрі болса да әкелсін, үйленді деген аты қайда, сосын өліп кетсем арманым жоқ! - деген екен.

Баласы үшін бәйек болған қайран аналар, намыстың, ұстанымның беделін төмендетпейтін, оның үстіне жауап қандай – мірдің оғындай. Міне, сөз қадірінің асылданатын тұсы да осы бір сәт, жұртына жаққан, ұнаған соң барып, ел аузында осындай әңгімелер бірден бірге жетіп айтылып жүреді.

НҰРМАҒАНБЕТ ЖАҚЫПҰЛЫ (БАЖАЙ) (1889-1970)

Бажекең Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың атқосшысы болған, ұтқыр сөйлейтін, домбыра тартып, ән салып, жиын-тойларда айтыс өнеріне бейімі барлығын байқатып жүретін, қапсағай денелі, ұзын



бойлы кісі болса керек. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов халық жауы атанған соң, Әлекеңмен байланыста болды дегендердің бәрі дерлік қудаланды. Солардың бірі – осы Бажай әкеміз. Әлекеңнің қызы елге келгенде: - Бажай тірі ме? - деп сұрапты дейтін.

«Басқарма болыпты» деген нақты тарихи дерегіміз жоқ, бірақ, ел арасындағы әңгімеде бұл лауазым айтылып қалады. Ол кісінің ақындықтан да қара жаяу еместігін және «басқарма болды» деуге негіз бола алатын төмендегі жыр жолдары. Өкінішке қарай, Бажекең жайлы мағлұматтар өте аз болды. Тегін адамның артында сөз қала ма? Көнекөздерден бұл тақырыпта әңгіме өрбітер үлкендер де некен-саяқ. Дегенмен, «ел іші – өнер кеніші» демекші, әлі де ізденгеннің еш айыбы жоқ сияқты.

БАЖАЙ ПҰШЫҚ

Бажекең басқармалықтан түсіп, қара өгізбен жер жыртып жүрсе, көрші ауылдан астында ақбоз аты бар Күләнда деген басқарма әйел келіпті. Кезіндегі әріптесінің пұшайман күйін көріп:

Дегенде Бажай пұшық, Бажай пұшық,
Барады бір танауың аспанға ұшып.
Кезінде жүруші едің басқарма боп,
Бұл күнде қалыпсың ғой,
Қара өгіздің мойнын құшып, - десе керек.
Сонда Бажекең:

Ол рас, менің атым Бажай пұшық,
Бұл күнде қалғаным да рас,
Қара өгіздің мойнын құшып.
Уын шашпай маңына жүрсе екен,
Кеңестің көк ешкісі к...н қысып, - деп лезде
жауап қатса керек.

Алаш алыбына тегін адам атқосшы бола ма?!

АУДАН БАСШЫСЫ МАЛЫНА ҚАРАЙ МА, ЖАНЫНА ҚАРАЙ МА?!

Тағы бірде сол қырсық шалған қара өгізбен
жер жыртып жүрсе, ауданның бірінші хатшысы
келіп, жырым-жырым өгіздің мұрнына көзі түсіп,

- Қоғамның жауысың, оңбаған! Неге өгіздің
мұрнына қарамайсың, - деп, жерден алып жерге
салса керек. Ызаға булыққан Бажекең

- Аудан басшысы бірінші малына қарай ма,
жоқ әлде, жанына қарай ма? Менің мұрныма
неге қарамайсың? - деген екен. Мұрнына көзі
түскен бас хатшы қапелімде не дерін білмей,
жалт бұрылып, жөніне кетсе керек.

Бажекеңнің мұрнына самал түсіп, жарты
мұрнын жеп қойған, мұрнынан сөйлейтін кісі
болды. Бала күнімізде қарияны көзбен көрдік.

АУЫРАТЫН ЖЕР – ӨКПЕ

Жасы ұлғайғанда Бажекеңнің өкпесі ау-
рып, балалары жанын қоймай жүріп, ауылдағы
ауруханаға жатқызады. Содан медбибілеріміз

келіп, жамбастан уколды сала береді, сала береді, білем. Өзі мұрнымен сөйлетін кісі: «Балалар ауыратын жер – өкпе, сендер құйрықтан сала бересіңдер, сала бересіңдер, ол ауыратын жерге бара ма, бармай ма?» - десе керек.

БЕЙСЕНБЕКОВ ҚАБДОЛЛА (ҚАБАН)
(1910-1989)

Қай заман, қандай жағдайда да ән мен күлкі өз қызметін тоқтатпаған. Қабан әкеміз кемшілігіңді көрсе гүрілдеп келіп, төбеңе төніп, қалжыңымен ұрып өлтіреді екен. Әйтеуір, күлдіруді әсте мақсат тұтпаған адам.



Ел «Қабан» атап кеткен Қабекең – Құлеке батырдың ұрпағы. Колхозда жұмыс істеген. 1941 жылы еңбек батальонына алынып, Қарағанды қаласында шахтада жұмыс істеген. Одан кейінгі жылдары колхоз, совхоз кезеңінде ауыл шаруашылығында түрлі жұмыстар атқарған. 1960-жылдары Жіңішкеде егін бригадирі болған. КПСС Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.С.Хрущевтің кезеңінде жүгеріні бітік шығарып, мол өнім алғаны үшін ВДНХ-нің Құрмет Грамотасымен

марапатталған. «Еңбек ардагері» (1981), «Тың игергені үшін» (1957) (А – №962784), «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 30, 40 жыл» (1975 ж, 1985 ж) мерекелік медальдарымен марапатталған.

МАШИНАНЫҢ АЙҒЫРЫНДА ІСТЕЙДІ

Қабекең әкеміздің үлкен ұлы Шәкен совхозға бірінші келген жаңа кранның рөліне отырады. Бір туыстары кезігіп қалып: «Үлкен ұлыңыз Шәкен қайда істеп жүр?» - депті Қабан әкемізге. «Құдайға шүкір, Шәкенім машинаның айғырында істейді, қарағым» - деген екен.

ҚАРАТАЛ БІРІНІҢ ЕТІН БІРІ ЖЕП ЖАТЫР

Ауданға барған бір сапарында Қабекеңнен бір танысы: «Қараталда не жаңалық бар?» - деп сұраса керек. Соғымдарын сойып, сыбаға, омыртқа берісіп бірін-бірі қонақ қылып жатқан ауылдастарын меңзей «Қаратал бірінің етін бірі жеп жатыр» - депті.

ЖЕЗДЕ МЕН БАЛДЫЗ

Кезінде аудандық ішкі істер бөлімін басқарған Зияда Омарханов ағамыз Қабекеңмен жезде тұрғысында қатты ойнаса керек. Таңертегілік автобустан түскен Қабекең балдызының конторына соға кетуді жөн санап, кабинетіне кіруі мүң екен, терезеден жездесін көріп қалған Зи-

яда әкеміз де қызметтік мансабын пайдаланып, қарамағындағы қызметкеріне: «Мына шалды апарып жабыңдар» деген тапсырма береді. Алғашында қос қызметкер аңтарылып тұрып қалып, бастықтары өршелене айғайлаған соң Қабекеңді камераға ала жөнеледі.

Сағат 12-ге қарай Зәкең «Әлгі шалды шығарып алып келіңдер» - деп, қызметкерлерін жұмсаса, ерегісіп қалған Қабекең шыға қоймайды дейді. Содан қойшы, өзі барып шығарады да, «түстікке ресторанға заказ бере бер, сағат бірде мен де барам» деп қала береді. Жолдан жығылатын Қабекең ба, салып-ұрып Зияданың үйіне келеді. «Қарағым келін, жаңа Зекенге соғып едім, мұрнына су жетпей жанталасып жатыр, облыстан біреулер келеді дей ме, өзіңе «жедел қазан көтерсін, бір-екі жақсы коньяк алсын» деді, телефон алмай жатыр» - деп, мені жіберді» десе керек. «Тыста біраз жүріп қалып едім, званда-са звандаған шығар» деп, жеңгеміз де дереу қазандық қамына кіріседі.

Зияда әкеміздің де көңілі жай, түстікке ресторанға тапсырыс беріп қойған. Жұмысынан жеделдетіп шығып, ресторанға келсе, Қабекең көрінбейді. Даяшылар болса «ешкім келген жоқ, тапсырыс берген жоқ» деп безек қағады. «Антұрған алдап кеткен екен ғой» - деп үйіне келсе, ет асылып жатыр, басында қос жастық Қабекең жатыр дейді. Содан қойшы, өзінің алданғанын түсінген Зәкең сол күні жұмысына бармай, жездесімен екеуі коньяктатады.

Шалға ерем деп кішкене басы ауырыңқырап тұрған Зияда әкеміз таңертегілік сағат 8-ге қарай әжетханаға барса, әжетхана орнында жоқ, жүгіріп үйге енсе, жездесі жоқ – кетіп қалыпты.

Бал балдызы бала бастыққа жездесімен ойнағанды бір көрсетейін деген ғой. Сөйтсе, Қабан әкеміз жаздыгүні ғой таңғы 4-5-те тұрады да үстіне жаман халатты киеді, қолына сыпырғыш алып, үйдің жанынан өтіп бара жатқан бензовозды тоқтатып алады. Ол уақытта совхоздың бензовоздары жанар-жағармай алуға ерте келеді.

- Қарағым, қартайғанда құдай сандалтып, мына қызыл жағалыларға тәуелді етіп қойғаны. Бастықтарының үйіне жұмысқа бөліп еді, серігім қазір келеді. «Жаңа туалет қазыңдар» деп, тапсырма алып едік, ескісін анау тұсқа сүйреп тастайсың ба? - деп, сүйреттіріп тастаса керек.

Міне, жезде мен балдыздың ойыны.

ӨЗІМ ЫРҒЫП МІНЕМ, СЫРҒЫП ТҮСЕМ

Балдызы Қабылқайырдың сиыры жоғалып, біраз күн таптырмай қойса керек. Содан ат сұрап, жездесі Қабанға келеді. Қора жақтан қарсы алған Қабекең, мән-жайға қаныққан соң, ат жоқ, «бірақ, өзімде мініске бие бар» - депті. «Ойбай, Қабеке, сол биенізді бере тұрыңыз, жанын қинамаймын, аяңдап мына Төрқора жақты шолып шықсам болды» - деп балдызы да бәйек

болады.

- Ешкімге бермеуші едім, өзім ғана ырғып мінем, сырғып түсем, - дейді де, үйге беттейді. Шәй ішіледі, шыдамы таусылған Қабылқайыр: «Қабеке, жаңағы биенізді беріңіз. Мен ерте күнді кеш қылмай, жоғымды іздеп келейін» - дейді тағы да. Сонда Қабекең Қабылқайырға апасы (әйелі) Мүгілді көрсетіп: «Жалғыз бием осы, өзім ырғып мініп, сырғып түсетін» - деген екен. «Осының сөзіне сеніп жүрген сені де құдай ұрайын деген екен, Қабылқайыр» - депті апасы.

Қабылқайыр ағамыз да осыдан соң:

- Қабан адам емес. Кісі өлтіреді, - дейді екен.

АПАҢМЕН ҚОШТАСЫП ШЫҒАЙЫН

Жіңішкеде отырған апа-жездесіне Балқаш қаласынан қайтып келе жатқан балдызы Байсеркин Қайырбек ағамыз соқса керек. Көліктің кузовына аузы-мұрнынан шығарып, қарағай бөренелерін тиеп алған. Шәй үстінде Қайрекең:

- Қабеке, қолың бос болса бізбен бірге жүріп, көліктегі ағашты түсіріс, қайтарда жүргізуші әкеп салады, - деп қолқа салса керек. Балдыздың да көңілін қалтырғысы келмей келісімін береді. Тысқа шыққан бойда «Газиктің» биттей кабинасына Қайрекең өзі жайғасады да, жездесіне қарағайдың үстіне шық деп меңзесе керек. Барғысы келмеген Қабекең кабинаға бір қарап, биік тиелген қарағайға бір қарап, тұрып қалса керек.

- Неге тұрсың, шық үстіне? - деген Қайрекең:
- Қоя тұршы, азды-көпті болса да апаңмен бірнеше жыл отастым ғой, кешу айтысып, қоштасып шығайын, - деген екен.
- О, бар бол, бар болғыр Қабан, - деп, Қайрекең де жүргізушісіне «кеттік» десе керек.

КОПИРОВКА

Қабекеңнің шашы аппақ болатын. Бірде совхоздың конторына келген бойда бір топ балдызы ақылдасып алды ма, бас салып қара копировканы – көшіргіш қағазды басына жағады.

Қазтай марқұм айтатын:

- Өзімізше Қабанды қатырдық деп бір топ балдыздары мәз болысып жатсақ, келесі бөлмеде отыратын есепші Күлзия қарындасымыздың ойбай-аттанға басқан ащы даусы шықты дейді. Жүгіре жетіп барсақ, сатып алғанына бір-екі күн ғана болған ақ писец жағалы пальтосының жағасына Қабекең біз басына жаққан копировканың күйесін сүртіп жайына кетіпті, - дейді.

ӘЛІ БІР ТҮЗУ ҚАТЫН ШЫҒАДЫ

Әкеміз Кенжеш қайтыс болғанда ауданнан Қабекеңмен замандас бір шешеміз келді. Жас кезінде есесі кетті ме кім білсін – замандасының сыртынан қарап тұрып:

- Мынаны жөндесе, әлі бір түзу қатын шығады,

- дегені есімде.

ЕГЕР, ИСАТАЙДАЙ ШЕБЕР ПІШСЕ...

Мұхтарбеков Садық ағамыз Жібек шешемізбен үйленген соң, келінін көрмеген бір ағамыз:

- Садық келін кіргізіпті деп естідім, әйелі қандай адам екен? - деп Қабекеңнен сұраса керек. Сонда Қабекең: «Егер, Исатайдай шебер пішсе, екі еркекке қатын шығады, - деген екен. Жібек шешеміздің екі метрге жуық, алпамсадай денесін меңзеп.

БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН, ЖЕҢГЕЙ!

«Еңбек» совхозы құрылғанға дейін, қазіргі Қуаныш ауылы «Қаратал» совхозының бір бөлімшесі болған. Сол бөлімшенің аға жұмыскері Мурсалимов Хайролла әкеміз Қабекеңмен құрдас, сырлас болған кісі екен. Әр айдың соңында орталыққа отчетқа келеді. Бірінбірі айлап зорға көретін құрдастар емен-жарқын Қабекеңнің үйінде түнімен ашы суды сіміреді. Ертесіне Хайролла құрдасы:

- Қабан, басты қайдан жазамыз, бас құрығыр әкетіп барады, - десе керек. Қабекең де іліп алып:

- Ол оңай, арқабақта Биғайша деген жеңгем таяуда ғана кішкентайлы болды, соған бауы берік болсын айтып кіріп шығамыз, - дейді. Қабекеңнің меңзеп отырғаны Рәшила әкеміздің

шешесі Биғайша әжеміз. Бала күнімізде көрдік аласа бойлы, көзі көк, жас босанған әйел құсап оранып-шымқанып отыратын. Қолынан таяғы түспейтін кісі еді. Үйге тақағанда Қайрекең: «Ал, баста» - демей ме. Қабекең:

- Мен осы жеңгем босанғалы осындамын, кеше ғана кіріп бас жазып кеткенмін, сен түс алдыға, - дейді ғой. Қайрекең құрдасының сөзіне сеніп, алдыға өзі түсіп, үйге кіріп барады. Оранып, қымтанып, пеш түбінде жас босанған әйел құсап шешеміз отырады. Амандық-саулықтан соң:

- Бауы берік болсын кішкентайыңыздың, жеңеше, - десе шешеміз қолындағы таяқпен Қайрекеңді дөп маңдайдан отырғызыпты. Қайрекең сасқанынан артына қараса, қоса кірген сынды болған Қабекең жоқ дейді. Кірмей тыста қалып қойса керек.

ТАРС ЕТКІЗІП АТСА, «АҢ» ДЕП ҚҰЛАСА

Жамандықпен жаны қас Қабекең, ел ішінде бүлдіргі болып жүретін өтірік, өсекке үйір көрші шешемізді меңзеп:

- Осы кемпірді мерген тарс еткізіп атса, «аң» деп құласа, ауылда өсек те тыйылар еді, - деген екен.

СЕН ОНЫ ТАСТАМАЙСЫҢ, ОЛ СЕНІ ТАСТАЙДЫ

Қабекеңнің келіні Гүлқайыр Түскеева 4 сыныптан мектепті аяқтағанша біздің сынып жетекшіміз болды. Мейлінше қатал, айтқанын орындаттыратын бірбеткейлігі де бар-тын. Шәкен ағамыз бір қызып келгенде, Гүлқайырдың үйде жоқтығын пайдаланып, Қабекең әкеміз бен Мүгіл шешемізге:

- Гүлқайыр келіндеріңді тастаймын, қатынсыз өтсем де, - деп, шәй үстінде қайталап қоймаса керек. Сонда Қабекең:

- Тек отыр, сен оны тастамайсың, ол сені тастайды, - деген екен.

ЖАН-ЖАҒЫҢА ҚАРАП, ЖАҚСЫЛАП ОРИЕНТИР ЖАСАП АЛСҢШЫ...

Шәкең екі-үш күн қатарынан үйге қызып келіп, машинасын есік алдына дейін жеткізе алмай қояды, білем. Бірде бензині таусылады, бірде от алмай қалады, тағысын-тағы сылтаулар. Ертесіне қалып қойған жерінен барып алып келеді екен. Таңертең шығып бара жатқан баласына Қабекең:

- Сау кезінде жан-жағыңа қарап, жақсылап ориентир жасап алсаңшы, бір күні Бөгеуге өтіп кетіп жүрерсің, - деген екен.

Бөгеу – сол үйлерден төмен жеті шақырым жердегі қыстау.

СІЗ ОСЫ ҮЙГЕ ҚҰДА ЕМЕССІЗ БЕ?

Омаров Қалижан әкеміз бен Күлзия шешеміз екеуі де – қожа. Бегазы бауырындағы Қаратал қыстағында зейнеткерлікке дейін мал бақты. Жаз бие байлап, қос киізүй тігуді дәстүрге айналдырған. Балдай қымызынан дәм татпаған жан біздің төңіректе некен-саяқ. Қалижан әкеміздің әдеті – қашан барсаң да, шапанды иығына желбегей жамылып, өз дастарханының төрінде өзі ғана отырады. Қандай қонақ келсе де, сол әдетінен танған емес. Қашан келсең де өз төрінде өзі ғана отыратын Қалижанды қөріп, Қабан әкеміз: «Қалеке, сіз осы үйге құда емессіз бе?» - деген екен.

ҚЫРЫМҒА ҚУЫРДАҚТЫҚ ЕТ ТАППАЙСЫҢ

Кенежан әулеті ауылымызда өздерінің қоңыр мінездерімен, еңбекқорлықтарымен ел жадында қалды. Нұрғали, Қабдығали, Қайыр, Қабылқайыр – бәрі де Қабекеңнің құдай берген балдыздары. Дене бітімдері мейлінше арық, қырым ет жоқ, бейне бір терінің ішінде сүйекпен ғана жүргендей тарамыс жандар болатын. Осыны меңзеді ме Қабекең: «Бұл әулеттегі бар балдыздың басын құрасаң, қырып алар бір қуырдақтық ет таппайсың» - деген екен.

СЕНІҢ БЕТІҢНЕН ҚЫЗ СҮЙЕДІ ҒОЙ

Қабекең төсек тартып, сырқаты меңдеген тұста көңілін сұрауға көрші Қызыларай ауылынан елге қадыры асқан сыйлы ағамыз Тойымбеков Қазкен мен Зәрухан ағамыз келсе керек. Өзі әлсіреп жатса да басын көтеріп, Қазкеннің бетінен сүйіп, Зәруханға келгенде қолынан сүйсе керек. Зәрухан ағамыз да басынан сөз асыра ма:

- Бір ауылдан келген екеумізді алалап, Қазкеннің бетінен, ал менің қолымнан сүйгеніңіз не? - десе:

- Сенің бетіңнен күнде қыз сүйіп жүр ғой, - деген екен.

Зәукең – Құлық атаға күйеубала.

ПАЙ-ПАЙ, БАЛ БАЛДЫЗДАРДЫҢ ОТЫРЫСЫН-АЙ

80-жылдардың ортасы Қабекең өзі жақсы көретін балдызы Ғалы Қасымов ағамыздың үйіне соқса, 1 жасқа енді толған Ғалекең мен Күләй жеңгеміздің егіз қызы Эльмира мен Гүльмира енді еңбектеп жүрген – кезі жарыса келіп, кәрі жезделерінің алдына қатарласа отыра кетсе керек. Тыныш отыра қоятын Қабекең бе:

- Пай-пай, балдыздардың отырысын-ай, - десе керек.

Сонда Күләй жеңгеміз айтты дейді:

- Балдыздарға жарыған екенсіз, - деп.

ҚАБАН БОЛУ ҚАЙДА?

Мұхтарбек әкеміздің Жіңішке бойында су диірменіне иелік етіп, дәурені жүріп тұрған шақ, жан-жақтан тапқан-таянған бидайларын ұнға айналдырып алсақ деген ниетпен келушілер саны да күннен-күнге артып, арты ұзақ сонар кезекке ұласады екен. Осы мүмкіндікті қалт жібергісі келмеген Мұхаң да өзім дегенін өзегіне тартып, өзгесін ертең, бүрсігүні, келер жеті деген сияқты сиырқұйымшақтатады екен. Алдында ғана Мұхаңның шекесі торсықтай ұлы Алла әмірімен о дүниелік болып кетіпті. Нәресте қазасын еске алған Қабекең де бес-алты қап бидаймен бірден диірмен басына бармай, Мұхаңның үйіне ат басын тірейді. Ой, бауырымдап: «Жалт еткен де жоқ болған, жарығым-ай» - деп еңірегінде, жеңгеміздің алпыс екі тамырын иітсе керек.

Диірменге келуші ағайынның көбі көңіл айтпақ түгіл, үйге де соқпайды екен.

Мұхаң түстікке келсе, жеңгеміз:

- Елдің бәрінікін ысырып қой да, қазір барысымен қайнымның шаруасын бітір, - деп тапсырма берсе керек. Содан таңертең кеткен Қабекең бидайын ұнға айналдырып, кешінде үйінде болыпты.

Ертесіне белді деген, беделді деген тағы бір-екі ағамыз барса Мұхаң:

- Елден артықсыңдар ма, кезекке тұрыңдар, -

деп көнбей қойыпты.

- Кеше Қабан бір-ақ күнде шаруасын бітіріп қайтыпты ғой, - десе, Мұхаң:

- Қабандай болу қайда? - десе керек.

АНАУ ЕМЕЙІН ДЕП ТҰР, МЫНАУ ТЕБЕЙІН ДЕП ТҰР

Бірде совхоз конторының алдында әкелі-балалы Әзімбай ақсақал мен Күлік ағамыз кезігіп қалады.

Әзекең қолдарын сермей баласына бірдеңе айтып жатса керек. Көріністі терезеден қадағалап тұрған Қабан әкеміз:

- Анау емейін деп тұр, мынау тебейін деп тұр, - деп қасындағыларды қыран күлкіге батырыпты.

Бұл Әзекеңнің склад ұстап, дәурені жүріп тұрған шақ болса керек.

СЕНДЕРГЕ НЕ БОЛДЫ?

Тоғызбайдағы қамбаға жиналған бидайдың қорын анықтау, бөліністер мәселесімен Әзекеңе көмекшілікке Қабекеңді іс-сапарға жіберсе керек. Жүргізушісі Әшім. «Әйем» дейміз.

Орталықтан кештеу шыққан Қабекең жолда Жапалақ қыстағында мал бағып отырған ағайынды қос жиені Қабиболла, Сағидоллалардың үйіне қонып, ертеңгісін ерте қырманда болмаққа бекінеді. Қазан көтеріліп,

түнімен қос жиеннің сый құметіне бөленген Қабекең таңертеңгілік шәй дастарханына жайғасады. Содан қойшы, екі ағайындының баласы бірін-бірі түртіп кетіп, екі бала шекісіп тынады, білем. Оларды арашаламақ болған екі абысын ұрысады. Тосып отырған шәй жайына қалады.

- Сендерге не болды? Қойсаңдаршы, шәй ішейік, - деген Қабекеңнің ескертпесін тыңдар жан жоқ. Дауыстары да үдеп, қонақ жайына қалса керек. Қабекең де қарап отыра қоятын кісі ма, өзімен бірге шәй тосып отырған жүргізушісі Әшімнің үстіне қарғып мініп:

- Ой, әкеңнің! Сенен-ақ көрдім-ау, - деп төмпештей жөнеліпті. Шалт қимылдан сасып қалған Әйем:

- Ойбай, ағатай, жын соғып кетті ме, сізге не болды? - деп, дауысы қатты шығып кетсе керек. Тосын айғайдан жанжалдарын кілт тоқтатқан қос абысын:

- Сіздерге не болды? - деп жандарына жетіп кепті.

Сонда Қабекең:

- Сендерге не болды? - деген екен.

СІЗДІҢ ТАЙДЫ ЖЕГЕНДЕ, МЕН ЖОҚ ЕДІМ

Бір жылы ит-құс көбейіп кетіп, қарауындағы малына қарап отырған қараталдықтарға маза бермесе керек.

Ауылдағы кәнігі аңшылар Әубәкір, Сәйді

әкелеріміз бастап, қаумалай қоршау әдісімен көздерін жоймаққа бекініп, қасқыр өтеді-ау деген тоспаға мылтығын сайлап, Қабекеңді қалдырады. Өккі аң алдыра қоя ма, қайырып әкелгенше екі-үш сағат өтіп кетіпті. Қабекең қашанғы шыдасын, күнде аң қуып жүрген адам емес, тоса-тоса маужырап отырып, ұйықтап кетіпті. Бір кезде айғай-шу, аттаннан басын көтеріп алса, аңдыған жауы алдыдағы қыратқа көтеріліп барады екен, жіберіп алғанын түсіне қойған Қабекең, Сәйді ақсақалдың:

- Әй, неге атпадың, алдыңа алып келгенде?
- деген ашулы сұрауына: «Сіздің тайды жегенде мен жоқ едім» - деп, қиылған соң, қоя бере салдым, - деген екен.

- Саған дауа жоқ екен, - деп Сәкең де қолын бір сермепті.

**ЕСЕНБАЙ
ТАХАНОВ
(1920-1985)**

Есенбай Таханұлы
1920 жылы
Тоқырауын болы-
сы, Қасабай елді
мекенінде дүниеге
келеген. 1938 жылы
Қарқаралы зоовет-
техникумын бітірген.
Еңбек жолын



Ақтоғай ауданы РайЗО зоо-технигі болып бастаған. Ұлы Отан Соғысының ардагері. «Ерлігі үшін» медалімен, «Даңқ» орденімен, «Ленинградты азат ету» медалімен, I-II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

1945 жылы елге оралған соң, ауыл шаруашылығын көтеруге қатысқан. 1945 жылы РайЗО зоотехнигі, 1950-1955 жылдары «Калинин» ұжымшарының басқарма төрағасы. 1955-1959 жылдары «Киров» ұжымшарының басқарма төрағасы, 1959-1960 жылдары РайЗО зоотехнигі. 1961-1962 жылдары Қарқаралыда үш аудан біріккен (Шет, Ақтоғай, Қарқаралы) ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі. 1963-1977 жылдары Шұбартау совхозының директоры. 1958 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысқан. «Қазақ КСР Еңбек сіңірген зоотехнигі».

Жұрттың айтуынша, Ескең таққа отырса да, атқа отырса да, асып-тасуды білмейтін, иығына түскен салмақты сабырмен көтеретін сыр-баз, мінезге, сөзге бай жан болған. Анда-санда әркімдердің аузынан ананың әзілі күшті ме, мынаның әзілі басым ба сықылды сұрақтарды естіп қаламын.

Қабан әкеміз де, Есенбай да от ауызды, орақ тілді, төрт аяғы тең жорғалар. Торғай да тегін адам емес, Алтай жездем мен Күлекең де кіл жүйріктер. Зәпия шешем бір төбе. Бірақ бірін-бірі қайталамайды, біріне бірі мүлдем ұқсамайды

да. Әрқайсы бөлек бір әлем.

* * *

Жайсаңдардың өздерін ғана емес, сөздерін де сағынған ауылдастарым үшін әдемі әзілдерін жинақтай жүріп: «Оспанханды тәнті еткен Есенбай еді» - деген ақиық ақын Серік Ақсұңқарұлының жазғандары қолыма тиді.

Ақтоғайдың аңызы, соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жазатын Серік ағамыз қысқа да нұсқа жазбасында ойға қонар ой өрбітіпті. Жақсы шығарма жақындастырады демекші, үзінді келтіруді жөн санадым.

«Мәскеуде найзағай ойнаса, Ақтоғайға жай түседі!» - дейтін Жынды Ысқақтың хикаяларын Ахаң (А.Сейдімбек) жеріне жеткізе айтып кеткен. Мен Есенбайды айтайын, қызық болсын...

«70-ші жылдардың ортасы еді. Қазақстан Жазушылар Одағында қазақтың атақты сатирик жазушысы Оспанхан Әубәкіров Дәуітәлі Стамбеков екеуімізді ұстап алып:

- Әй, осы сендер Жынды Ысқақтың аулынан-сыңдар ма? - деп сұраған.

- Тура өзіненбіз! - деді Дәуітәлі.

- Сол Жынды Ысқағыңыз жүрген Жыланды тауында туғанбыз!

- Шал тірі ме? - Шауып жүр!

- Апырмай, ә? - деді Осағаң ойға шомып.

- Ақтоғайға бір жол түспей қойды-ау... Жынды Ысқақты тірідей бір көру керек еді. Айтпақшы,

сол елде тілі удай тағы бір директор бар дейді ғой? Есенбай Тақанов деген...

- Біздің ағамыз ғой! - деді екеуіміз қосарланып.

- Кілең сатирик туатын жер екен ғой Ақтоғайың! Лирик боп қайдан туып жүрсіңдер?!

- деді Осағаң мырс-мырс күліп. Жынды Ысқақ пен Есенбайдың біз білмейтін біраз хикаясын айтып тастады. Арқадағы екі айтқыштың сұңғылалығына әбден тәнті болып тұр.

- Ал, сендер айтыңдар әңгімені?! - деді ол. Есте қалған бір-екі әңгімені қысқа қайыруға ғана шамамыз жетті. Оған Осағаңның құмары қанбай қалғандай сыңай танытты. Жынды Ысқақ пен Есенбайдың хикаяларын Әлкей Марғұланнан естігенін тілге тиек етті.

- Ағалар қандай, ә? Әлекеңді айтамын... Әлихан Бөкейханнан бастап, Есенбайға дейін біліп алған. Сұңғыла ғой, шіркін! Сендердің түрлерің мынау...

«Ұялған тек тұрмас» дегендей:

- Әлихан Бөкейхан да біздің елдікі! - деппіз.

- Жынды Ысқақ пен Есенбайдың тілін шығарып тұрған соның аруағы ғой...

Осағаңның осы сөзі жиі есіме түсіп, мазамды ала береді. Топырақтың киесі деген осы. Әлихан Бөкейханның маңдайына Алашқа көсем болуды жазған сол топырақ! Күләштың көмейіне ән, Мағауияның домбырасына күй, Дәуітәлінің арқасына жыр болып қонған сол Ақтоғай топырағының киесі!

Тоталитарлық жүйе кәріне мініп тұрғанда сол топырақтан туған тағы бір бала ешкімнен именіп, айылын жимай, айтарын айтып кетіпті. Басындағы бақ, қалтасындағы партбилетке қарамастан! Аяғын санап баспай, асқақ жүріпті. Қоғамдық жүйенің өзін қомсынып, алпаң-алпаң басқан! Бұл кезде оның қатарлас, замандастарының бәрі азулы мемлекеттің айтқанына жүріп, айдағанына көнгеніне мәз еді, дей келе, Есағаңның аузынан шыққан сөздің басын қосып, халықтың қазынасына қосатын кез келді», - деп түйіндепті. Есту бар, білу бар, түсіну бар, қорыту бар демекші, жақсының атын жадында сақтау – ұрпаққа сын.

Ал, «Ел таныған Есағаң» деген мақаласында ақын Ғазиз Ештанаев Есенбай әкеміздің сөз-семсердің адамы екенін тілге тиек ете отырып, «Ұлы Отан соғысы жылдарында нағыз қанды қасап қырғынның ішінде болғанын, жау қолына түсіп, азапты күндерді бастан кешкенін, сонан соң Қызыл Армияға қайта қосылып, жаумен болған шайқасты жалғастырғанын көпшілік білер, бірақ атақты 106-қазақ ұлттық атты әскер дивизиясында болғанын, дивизияның Харьков түбінде кескілескен ұрысқа қатысқанын, қызыл әскерліктердің ойсырай жеңіліп, аман қалған аз адамның тұтқынға түскенін, оның ішінде Есенбай Таханов та болғанын біле бермеуі мүмкін» дей келе, жауынгер Таханов жау қолынан қалай қашып құтылды? НКВД машинасынан қалай аман-сау қалды? Есағаң бұл жайлы тіс жармай

кетті, - дейді. Ескеңдердің соңғы сөзі айтылмай кеткен.

Бауыржан атамыз «Әр адам оқылмаған бір кітап» - деп осындайдан айтқан болар.

Аудан көлеміндегі айтқыштардың аяқ алысына көз салсақ, аузымызға алдымен Есенбай Тахановтың есімі түседі. Ескеңнің шаршы топтан суырылып алға шығуына бірден бір себеп, қисса-дастандарды жатқа білуі және сол уақыттың талабымен орыс тілін жетік білуі деп түсінем. Адам адамды әнмен де, әңгімемен де тәрбиелейді, әзіл-қалжыңмен, еңбекпен, жүріс-тұрыспен де тәрбиелейді. Тәрбие қатыспайтын өмірдің қайырылыс, қалтарысы жоқ шығар сірә. Ата-ана тәрбиесін құймақұлақ Ескеңдер бесіктен белі шықпай жатып бойына сіңірген.

Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Қабдырахман Сәдуақасов ағамыздың үйлері мен Ескеңдердің үйі аудан орталығында көрші тұрған екен. Сәдуақастың үйі бірде өте қатты жел соғып, киізүйдің есігін жалпылдата берген соң есіктің сыртынан айналдыра ши тұтып қояды ғой. Бала Ескеңді ата-анасы бірдеңеге жұмсады ма, киізүйді шырқ айналып, есігін таба алмай жүріп:

- Мына Сәдуақастың үйінің есігі қайсы, тесігі қайсы? - деген екен. Болар бала бесенеден белгілі дейміз бе? Сонда Ескең небары 7-8 жастағы бала екен.

Жерлесіміз ғұлама ғалым Ғұзыхан Ақпанбек Ескең жайлы естелігінде: «1930-жылдардың ба-

сында Ескең 12-13 жаста 5-сыныпта оқиды екен. Мұғалім балаларға қыс түскені туралы өлең жазып әкелуге тапсырма берсе керек. Ол кезде аудан орталығында почтаға ғана тоқ беретін «Букау-Вольф» деп аталатын немістің жалғыз цилиндрлі, дауысы «ток-ток» деп тұратын электростанциясы болыпты.

Ауданда тоқылдайды электр тоғы,

Халықты аман сақта, тәңір тегі.

Қыстың ерте түскенін содан білдік,

Сиырдың қатып қапты тышқан боғы, - деп өлең шығарса керек.

Ғұзыхан аға «ашық жүзді, ақжарқын, сауықшыл Ескеңнің әр сөзі мірдің оғындай болған екен» дей келе, әр түрлі оқиғаларға байланысты табан астында мақалдатып, мәтелдетіп жіберетінін де тілге тиек етеді. Ол кісінің нақылға айналған: «Құлақпен тапқан дүние ешкімге қайыр бермеген», «Тіл емес бұл күндері пұл сөйлеген», «Ессізге екі айтпасаң жетпейді», «Сәлемді беру – құрмет, алу – парыз» «Жаны қалмас жәреуке», т.с.с. Рухани қазына боларлық талай-талай шежіре шерткен Есенбай Тахановтың дара талантына, қабілеті мен парасатына, шешендік өнеріне кезінде академик Әлкей Марғұланның өзі ризашылығын білдіріп, ілтипат көрсеткен екен.

ЕЛДІҢ ЕКІ КӨЗІНІҢ ҰЙҚЫСЫ ҚАНҒАНДА...

Шаруашылықты басқарып жүргенде өзінің

құрдасы, әмбе бас маманы Бескемпірді көбіне жанына ертіп жүреді екен. Өкінішке қарай, құрдасының бір көзіне ақ түскен мүлдем көрмейді, білем. Жұмыс аяғында екеуі уағдаласып, ертеңгісін ертелетіп малшылардың жағдайларын біліп қайтпақ болады. Содан қойшы, таңнан тұрып Бескемпірін тосқан Ескең шыдай алмай құрдасының үйіне барса, қаннен-қаперсіз ұйқыны соғып жатыр дейді. Бастығын көріп атып тұрған құрдасына: «Елдің екі көзінің ұйқысы қанып тіршілікке араласып кетті, сенің жалғыз көзіңнің ұйқысы қанбайды екен осы» - деп кейіген екен.

ТЕГЕНЕ ТОЛЫ БАУЫРСАҚ

Ескеңнің жастау кезі жанында Бескемпір құрдасы бар, жолаушылап келе жатып, түнемеге ауыл шетіндегі бір үйге тоқтайды, білем. Босағадан аттасымен Ескеңнің жіті көзі қалтарыстағы жал пештің үстіндегі тегене толы бауырсаққа түседі. Жас келіншек кештетіп жүрген жолаушыларды жақатпады ма, болмаса сараңдығына басты ма, шай демдеген кейіп көрсетіп, бір уыс қуырылған бидайды екеуінің ортасына шаша салса керек. Сәлден соң қарны ашып отырған Ескең құрдасы Бескемпірдің жағынан шапалақпен тартып жіберіп: «Әй, Бескемпір санимнан шымшылап әкетіп барасың, мен бе саған бауырсақты бермей отырған, құрбымыз ғой қимай отырған» - деген

екен. Қапелімде сасып қалған келіншек тегене толы бауырсақты қос құрдастың алдына қотара салған екен.

Тысқа шыққанда:

- Еске, жағымды үгітіп жібере жаздадыңыз ғой, - десе,

- Ыстық бауырсақ жеу үшін аяқ асты қабылданған шешім ғой, - депті.

ҚЫЗАНАҚТЫ СОРЫП ЖЕЙДІ

Ескеңнің совхоз директоры болып істеп жүрген кезі. Қарағанды қаласындағы бір ресторанда кілең игі жақсылар бас қосып қалса керек. Өзінен лауазымы биік шенділер де сонда. Қашаннан сақ жүретін Ескең дастархандағы бейтаныс тағамдарды нұсқап, жанындағы жас жігітке:

- Мыналарды қалай жеу керек екенін айта отыр, әйтпесе, ауылдан келген адамбыз, бір нәрсені бүлдіріп алып, ұятқа қалып жүрмейік, - деп ескертеді.

Тапсырма алған жас жігіт те тықақ екен. Ескең тұздалған помидорға қолын соза берсе:

- Оны сорып жейсіз, тістеуге мүлде болмайды, киіміңізге шашырайды, - депті. Сәлден соң бабына келген Ескең оқталған помидорына тағы қолын соза берсе, әлгі тықақ жігіт:

- Оны сорып жейсіз, аға, - десе керек екінші мәрте.

Сонда Ескең:

- Қойшы, ей, қарағым. Бүкіл бір совхозды сорып жеп отырғанда бір помидорды жей алмайды ғой дейсің бе? - деп, кішіректеу біреуін ауызына тығып жіберген екен.

БУАЗ МАШИНА БЕРСЕ ЖАҚСЫ БОЛАР ЕДІ

Жыл соңында совхозға қажет техникаларға аудан, облысқа тапсырыс беру үшін бас мамандарын жинап, Ескең кеңес құрып отырса керек. «Жігіттер, бермейді ғой, бермесе де бір «УАЗ» көлігін сұрап жазайық» - дейді. Сонда шаруашылықта комендант болып істейтін, өзі момын, аңғал Жақсыбеков Сәрсенбек деген ағамыз арасында қалғып кетіп отырып, «УАЗ» деген сөзді буаз деп ұғып: «Иә, буаз машина берсе жақсы болар еді - деген екен. Сонда Ескең: «Сәрсекеңнің тілегі қабыл болып, ұл тапса тіпті жақсы болар еді» - деген екен.

АРАБША ХАТ

Совхоздың бас мал дәрігері жоспарға сәйкес шаруашылыққа тиесілі жылқы малын жұқпалы ауруларға қарсы егу қажеттігін айтып, тамақтануға 2-3 қой және жұмыскер босатуын сұрап, Ескеңе кіреді, білем. Айтқанының бәріне келісіп, кетіп бара жатқанда «мынаны бас жылқышыға берерсің» деп, арабша жазылған тілдей қағаз ұстатыпты. Ауылдан

алыс, отгондағы жылқышыларға кім барып жатыр, қоржындарын қампитып барған бұлар екі-үш күн преферансты сызып, қоста жетім қыздың тойын жасаса керек. Қайтпаққа бекінген бас маманға аға жылқышы «мынаны директорға бере саларсыз» - деп, ол да арабша жазылған тілдей қағазды ұстатыпты. Бас мал дәрігеріміз директордың алдында тау қопарып келгендей кейіп танытып:

- Бәленбай бас асау жылқымен алысу оңай ма, ұлықсат етсеңіз, біз бүгін демалайық, - дейді де, бас жылқышының беріп жіберген қағазын беріпті. Ескең арабша жазуға үңіліп:

- Мына қағазда үш күн бойы қарта ойнап, арақ ішуден қолдары босамады, - деп жазылыпты ғой, - дегенде, сасқан бас маман:

- Еске, бізден бір қателік кетті, олқылықтың орнын толтырамыз, айыптымыз, енді мұндай іс қайталанбайды, - деп құтылған екен.

ЖАПАНДАҒЫ ЖЕЗҚАЗҒАН, ОБЛЫС БОЛҒАН НЕҢДІ АЛҒАН?

1973 жылы Жезқазған қаласы облыс орталығы болып бекіп, 800 шақырым қашықтықта орналасқан Ақтоғай ауданы Жезқазған облысына қарады. Алғашқыда жердің шалғайлығына қарамастан, совхоз, аудан басшыларын облыс орталығына жиі-жиі шақыра берсе керек. Сондай бір кезекті іс-сапардан жолсоқты болып әбден қажып-қалжырап келген Ескеңді

қарсы алған қарамағындағылар: «Жаңа облыс орталығы қалай екен?» - деген сауалдарына:

Тау қопарып, кен қазған,

Жапандағы Жезқазған.

Облыс болған неңді алған? - деп кейісе керек.

МӘ, ЖҰМАЛАҒЫМДАЙ ЖҰМЕКЕ!

Ескең Шұбартау совхозында директор болып жүргенде бүгінгі Сарытерек – бұрынғы Ақтоғай совхозын көршілес Шет ауданының азаматы Жұмағұл Ыбыраев деген әріптесі басқарыпты. Жұмекең де басынан сөз асыра қоймайтын, сатиралық аттестациядан сүрінбей өтіп жүрген, әзілге жақын жандардың бірі болса керек.

Жұмағұл аласа бойлы адам екен. Кезекті бір райкомның бюро мәжілісіне кіргелі тұрған қысылтаяң шақта:

- Есі кеткен Есенбай, бес тал шашымызды тарайық, тарағыңды бере тұр, - депті.

Жауаптан тосылатын Ескең бе:

- Мә, жұмалағымдай ғана Жұмағали, - деп тарағын ұсынған екен.

ЖЕҢГЕЙДІҢ ҚАНЫ ҚАЙНАҒАН ЕКЕН, СУЫҚ СУ АЛДЫРТЫҢДАР

Қазақы қалжыңның ішінде оқырманына ой салар қалжың қайын мен жеңге арасындағы әзіл. Көбіне жанға жайлы, жайдарман күйде өрбиді. Ескеңнің жеңгесі Қауазхан шешеміз ашу үсті

болса керек, бірдеңеге көңілі толмай:

- Қаным қайнайды, - депті. Жеңгесінің сырына қанық Ескең:

- Жеңгейдің қаны қайнаған екен, суық су алдыртыңдар, суытып алайық, - деген екен.

ҚЫРМА ТАЗДАН ҚЫРЫҚ ТЕҢГЕ

Шұбартауда бір жылдары шөп, егін бітік шығып, көршілес Қызыларай өңірінде керісінше жаз бойы жаңбыр болмағандықтан ба, қуаңшылық орын алады. Қызыларай совхозының партком хатшысы Махмұд Оразалы Ескеңмен мал азығына қатысты ертеректеу келісімге келмек оймен арнайы іздеп келсе керек. Қабылбек әкеміздің айтысына қарағанда:

- Күн жексенбі еді, соған қарамастан бәріміз жұмыста директордың кабинетінде отырғанбыз, көрші ауылдың партком хатшысы кіріп келді. Амандық-саулық сұрасқан соң Ескең:

- Келген шаруанды айтпай-ақ сезіп отырмын, сен маған 40 сом ақша қарыз едің ғой, білесің бе? - дегені.

Махаң да жолынан жығылар емес:

- Иә, қарызбын, ұмытқан жоқпын, бірінші үйіңе барып Бикеннің бір шәйін ішіп, шәй үстінде бітіссек болмай ма дегені. Ескең:

- Шәйға іліккеннен кейін, сен қу сиырқұйымшақтатып бермей кетуің мүмкін, - деп еді, Махаң қалтасынан 40 сомды суырып алып, столдың үстіне қойды. Ескең:

- Сен менен де өткен қу екенсің, кештім қарызыңды. Жүр Бикеннің шәйіне, - деп екеуі бірге шығып кетті деп еске алады... Кейіннен Қабекең Ескеңнен 40 сомның хикаясын сұраса;

- Біз әзіл-қалжыңдарымыз жарасқан адамдармыз, Махаңның басы қыrmатаз ғой, қазақта мақал бар «қыrmатаздан қырық теңге» - деген ол соны түсіне қойып, жолынан жығылмады деген екен.

ҚИШАУОВ МОЛДАЗАЕМ

1977 жылы Приозерный ауданы құрылып, Ақтоғай ауданы құрамынан Шұбартау, Айыртас, 22 партсъезд совхоздары бөлінді. Жаңа ауданның ауылшаруашылық бөліміне басқарма басшысы болып, Қишауов Молдазаем деген жігіт барыпты.

Ескеңнің шешендігі, әзіл-қалжыңға ұста екенінен сырттай хабардар жаңа басшы өзінен жиырма жастан астам үлкендігі бар Ескеңе қызмет бабын пайдалана отырып, бір отырыста бірдеңе дегісі келсе керек. Сонда Ескең:

- Молда заем жинап, әкең қи шауып жатқанда туған бала сен бе едің? - деген екен.

«Н» ӘРПІ ЕМЕС ПЕ?

Райкомның пленумы болып, артынан бюро мәжілісі болады деп, мәжіліс залында тосып отырғандар:

- Оу, Еске, сізді көрмегелі біраз болды, әңгімеңізді сағындық, қайда жоғалып кеттіңіз? Әңгіме айтыңыз, - деп, әріптестері қолқаласа керек.

Ескеңнің әңгіме бастарда жан-жағына қарап, әдемі бір жымып алатын ежелден әдеті екен.

- Әңгімеге үлгермеспін, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын: Аспанда бар жерде жоқ, моншада бар үйде жоқ, қатында бар қызда жоқ, - депті. Жиналғандар олай ойланып, былай ойланып жауабын таба алмаса керек. Соңынан өзі «Н» әрпі емес пе десе, отырғандар күліп жатыр дейді.

СІЗДІ ТАПҚАН АНАДАН, ТАПТЫРҒАН АТАДАН АЙНАЛДЫҚ

Ескеңнің тұстастары ол кісінің бойында бір артық ет жоқ, үнемі жарау аттай болып жүретінін, топқа түсіп балуандығын сынамаса да, өте әлді болғандығын және шапшаң қимылдап, күресе кеткен адамын қайтсе жығатын қасиеттерін айтады. Сонымен қатар, аңға құштарлығы, көздегенін қалт жібермейтін мергендігін де сөз етеді.

Бірде совхоздың бас жылқышысы Ескеңе жылқыға бір төрт қасқырдың маза бермей жүргендігін айтса керек.

Ескең:

- Жақсы, қар бір жаусын, бір жайлы өтерміз, - депті.

Қарашаның алғашқы қары түскен күні жылқылы ауылға жетіп, таң қылаң бере жылқы үйіріне тағы шапқан төрт тағының төртеуін де атып алса керек. Сонда төртінші бөріні көлікке сүйретіп әкелген бас мал дәрігері Күмісбек деген ағамыз: «Еске, сізді тапқан анадан, таптырған атадан айналдық» - деп, мейлінше сүйсінген екен.

КАЗАХИ НЕ ТАК ТУПЫЕ КАК РУССКИЕ, ИМ ДОСТАТОЧНО ОДНОГО РАЗА

Ескеңнің тағы бір ерекше қыры – орыс тіліне өте жетіктігі. Қарағанды қаласында ауылшаруашылық қызметкерлерінің екі күндік жиыны өтіп, соған қатысқандар ауданға қайтпаққа аэропортқа келіп, самолет тосып отырса керек. Ол кезде қазіргідей көтерме жол жоқ, самолет қана қатынайды екен. Ұшақтардың жүру тәртібін хабарлаушы диктор қыз орыс тілінде екі рет айтады да, қазақ тілінде бірақ рет хабарлама жасайды.

Осыған масаттанған полковник шеніндегі орыс ұлтының өкілі: «Как-то интересно, она на казахском языке один раз, а на русском языке два раза повторяет, почему?» - десе керек, сонда Ескең:

- Товарищ полковник, извините, казахи не так тупые как русские, им достаточно одного раза, - деп аузына қақпақ қойған екен.

ЖАЛҒЫЗДЫҢ ӨЗІСІҢ БЕ..?

Бір жылы Ескең Сочи курортына жолдама алыпты. Берілген бөлмесіне енсе, шалжиып бір месқарын жатыр дейді. Болашақ көршісі бірден:

- Ағасы, қай жақтың тумасы боласыз, қандай қызмет атқарасыз? - депті.

- Қарағым, Сарыарқаның Қарағандыобылысы, Ақтоғай деген ауданынан келдім, сонда қой совхозының директорымын, - деген екен. Анау да тыныш жатпай: «Онда қойшы екенсіз ғой, біздің пайымша» - десе керек. Есағаң: «Е, қарағым, басқа түссе баспақшыл боларсың деген ғой бұрынғылар, өзің қай жақтансың, лауазымыңды айта отыр» - десе, анау: «Мен Талдықорған облысына қарасты бір ауданды басқарып отырған үштің бірі боламын» - деп, кеудесін керіпті. Қарсыласын жамбасқа түсірмей тынбайтын Ескең: «Е, емін-еркін кіріп-шығып жүретін нағыздың өзі ме десем, сүмеңдеп босағадан қайтатын екеудің бірі екенсің ғой» - депті.

Сөзден тосылған месқарын жатқан жерінен атып тұрып: «Ойбай, аға, мына сөздеріңізді ешкім ести көрмесін, кешірім өтінем, айып менен» - деп, ағамызды қайтқанынша демалыс орнының мейрамханасынан шығармай қойыпты.

МАЙЛЫҚ БОСҚАН САРМАН ЖОЛЫМЕН КЕЛДІМ

Ескеңнің нағашылары майлық руынан екен. Қарқаралыда сол елдің беделді бір ақсақалы қайтыс болып, Шұбартаудан Сарман, Дәнбұлан жазығы арқылы қонағасыға барады. Дәм үстінде, отырғандардың бірі:

- Еске, қай жолмен келдіңіз? - десе керек. Ескең де мүдірместен:

- Майлықтар босқан Сарман жолымен келдім, - депті. Ерсі сауалға үлкендер жағы қабақ шытып, отырысты үнсіздік жайлапты.

Шынтуайтына келгенде, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдардың соңын ала қалың майлық Қызыларай, Қаршығалы, Керегетас өңірінен сол Сарман жолы арқылы Қарқаралыға үдере көшкен екен. Ескең нағашыларына соны меңзеген екен.

ГОРОД ХЕРСОН

Тәуелсіздік алғанға дейін аудан орталығында неміс ұлтының өкілдері көп болды. Сонымен қатар, 4-5 орыс жанұясы да болатын. Солардың бірі – Ескеңнің замандасы, көп жылдар бойы ауданның денсаулық саласын басқарған Жанна Михайловна Бирюкова деген жайсаң жан.

Жақсы қалжың жақындастырады демекші, орыс тіліне жетік Ескең осы ортаға да өте сыйлы екен. Бірде кілең өзге ұлт өкілдері бас қосқан

дастарханда замандасы Жаннаға қаратып;

- Мен бір жұмбақ жасырайын, қайсың шешер екенсің? - дейді де, «Есть на Украине город название состоит из двух части слов, первая часть так называется: весь женский персонал крепко любит, вторая часть названия любят весь существующие, - деген екен.

Отырғандардың ішінен ешкім шеше алмай, ақыры жауабын өзінен сұрайды білем. Сонда Ескең әкеміз бір рахаттанып күліп алыпты да:

- Это же, город Херсон, - деп отырғандарды бір күлкіге батырған екен.

ЧТО ТАКОЕ ЛЮБОВЬ

Ескең Шұбартау совхозында директор болып жүргенде ауылдардың экологиялық ахуалын анықтауға құрамында бір топ дәрігерлер бар Алматыдан комиссия келсе керек. Ауданымыздың Шұбартау, Айыртас совхоздары Семей облысымен шекаралас, яғни Семей полигонына тым жақын орналасқан елді мекендер. Бір жетідей ауылдың экологиялық ахуалын зерттеген орыстың 3-4 келіншегі, жандарында аудандық аурухананың бас дәрігері Жанна Михайловна Бирюкова бар, бәрі директордың үйіне орналасыпты. Ауылда телевизор жоқ, әбден іштері пысқан әйелдер әр әңгіменің басын бір шалады білем, бірде кешкілік шәй үстінде біреуі қасындағы құрбыларынан;

- Что такое любовь, - деп сұрапты. Бас

дәрігеріміз Жанна Михайловна:

- Пусть, Есенбай Таханович скажет, - депті. Сонда Ескең жанға жағымды жымыысына басып:

- Любовь это как ток, который действует между ног, - деген екен.

ДАЙТЕ МНЕ ВОЗМОЖНОСТЬ УМЕРЕТ КОММУНИСТОМ

1976-1977 жылдың қысы өте қатты болып, арты қарлы жаңбырға ұласып, аудан көлемінде өте үлкен мал шығыны орын алып, көптеген директорлар қызметінен алынып, істері сотқа жөнелтіледі. Ол тізімде Шұбартау совхозының директоры Ескең де бар. Соттың алдында, бірінші облыстық обкомда партия қатарынан шығару мәселесі бюрода қаралады. Ол кезде Қарағанды обкомының 80-90 пайыз орыс ұлты болғандықтан, обком бюросы орыс тілінде өтеді екен. Бірінші хатшы К.С.Лосев. Бюрода кемшілікке жол берген директорларды партия қатарынан шығару жөнінде бір ауыздан қаулы қабылданады.

Ақырғы сөз Ескеңе берілгенде:

- Товарищи, члены бюро обкома, я этот партийный билет получил в окопах Великой Отечественной войны. Мне 58 лет. Я знаю, что мне недолго осталось жить. Дайте мне возможность умереть коммунистом! - депті.

Зал сілтідей тынып қалса керек. Бюроны

жүргізіп отырған бірінші хатшы сәл үнсіздіктен соң 15 минуттық үзіліс жариялапты. Ол уақытта коммунисті сотқа тарту үшін алдымен бюрода қарап, бірінші партия қатарынан шығарылуға тиіс болған. Ескеңнің табан астында тауып айтқан терең ойлы сөзі, бюро мүшелерін ойларынан айнытып, коммунист қатарында қалдыру шешімімен аяқталған екен.

ҚАМБАР-АУ, ҚАМБАР

1963 жылы Есенбай Таханов әкеміз өзінің замандасы, қадірлес сырласы Аманбеков Қасабек әкемізден Шұбартау совхозының директоры қызметін қабылдап алып, алық-берік жұмыстарының қамымен екеуі аудан орталығына тартады. Өзілдері жарасқан қос директор көліктерімен ызғытып келе жатып, биіктеу бір дөңнің басына шыға келсе, оншақты әйел етекте жаппай дәрет сындырып отырса керек. Қалжыңы қанжығасында жүретін Қасабек әкеміз:

Қамбар-ау, Қамбар,

Дөң астында бір машина а.. бар, - деген екен.
(Қамбар – Ескеңнің руы)

Ескең қарап қалушы ма еді, іле Қаскеңе:

Сулы жерде асып же,

Сусыз жерде қуырып же.

Оған құмар Жандар,

Онда менің нем бар? - деген екен.

(Жандар – Тобықты руының бір атасы.

Қасабек әкеміз сол рудан болса керек).

ЕЛ АТҚА ҚОНҒАНДА, МЕН ЖАЯУ ҚАЛАМ БА?

Аудан орталығында өтетін үлкен жиынға барлық басқарма басшылары мен сельсоветтің секретарлары шақырылыпты. Жиын кеш аяқталып, жол ұзақ болғандықтан орта жолда бір қыстауға жаппай қонуға бел буады. Ол мезгілдің басқарма басшылары тегін жүре ме – тамағы, арағы қоржындарында. Түннің бір мезгіліне дейін карта ойнап, арақ ішіліп, жаппай демалуды ұйғарады. Ескеңнің сельсоветі жас жігіт екен де, қалған басқармалардыкі жесір келіншектер екен. Бойларында қызулары бар басқармаларымыз әй-шайға қарай ма, сырттай меншіктеп жүрген сұлуларына аяқ арта бастаса керек. Ескең жанында қамсыз жатқан сельсоветінің үстіне шығып алыпты.

- Ойбай, Еске, бұл мен ғой, - десе.

- Тыныш жат, ел атқа қонғанда мен жаяу қалам ба? - деген екен.

КЕЗЕК БІЗГЕ ДЕ КЕЛІП ҚАЛДЫ

Қазағымның басынан небір нәубеттер өтпеді десеңізші?! Ашаршылықтан соң жалғыз қалған қыз-келіншектер күні үшін жас айырмасына қарамай, наны бардың екінші, үшінші әйелі болып жүре береді екен. Ескең серігімен

Қарқаралы жақтан келе жатып, сондай үш әйелі бар шопанның үйіне түнемеге тоқталыпты. Қанша қиындықты бастан өткеріп жатса да, сол уақыттың жазылмаған заңы үйдегі қыз-келіншектерді түннің бір уағында ояту еркектік міндет болып саналған екен.

Үшеуі де сол шалдың әйелдері екенінен бей-хабар Ескең мен серігі сен анаған, мен мынаған барамын деп, алдын-ала сөз байласып та үлгерсе керек.

Қонақтар ұйықтады-ау деген мезгілде шал бірінші кемпірін, одан кейін келіншекті қарық қылып, енді шетте жатқан қызға аяқ арта бергенде Ескең жанындағы серігін жұлқылап:

- Жағалай қылып келе жатыр, кезек бізге де келіп қалды, қашайық, - деген екен.

БІЛТЕ-БІЛТЕ САҚАЛ МЕН ШАШЫҢ ҚАЙДА?

Ескең тағы бірде курортқа демалуға барғанда Мәскеудің Ильич атындағы әскери зауытының жұмыскері, КПСС Орталық Комитетінің Пленум мүшесі, егделеу орыспен бірге болса керек. Серіктесі екеуі серуендей келіп, сәкіде әңгімедүкен құрып отырса, әскери шені капитан бір орыс келіп Ескеңнен:

- Қай ұлтсың? - деп сұрапты. Қаннен-қаперсіз отырған ағамыз «Қазақпын», - дейді әлгі жерде.

- Қазақ болсаң, ұлттық киіміңді – бөрік, шапаныңды неге киіп келмегенсің? - депті кекетіп.

Тілді тістеп жүру үшін бермегенін білетін Ескең:

- Өзің неге орыстың ұлттық киімін киіп келмегенсің, білте-білте сақал мен шашың қайда? Шолақ дамбадың да көрінбейді, сабаннан тоқылған лаптыңды да ұмытып кетіпсің. Үстіңдегі әскери киім орыстікі деп, күпиіп жүрсің бе? Мұны да орыстар француздардан ұрлап алған, - деп, бастырмалата жөнелгенде, жанындағы шал сасқанынан қалтасынан пленумға мүшелік қызыл куәлігін суырып алып капитанға:

- Не былшылдап тұрсың, капитан, естиін деген сөзің осы ма? Үстіңнен шағым түсірем де, жұмысыңнан босаттырам! - деп, жағасына жар-масса керек.

Ақыр соңы капитанымыз жаздым да жаңылдымға басып, ат-шапан айыбын ресторанда жуса керек.

ТАЗАЛЫҚ ЖӨНІНДЕ СӨЗ ҚОЗҒАМАС БҰРЫН

Орыс ұлтшылдарының дәурені жүріп тұрған кезең. Облыс орталығындағы бір жиында мәжіліс тізгінін қолға алып отырған бір бастықсымақ Ескеңе қарап:

- Қазақ неғұрлым кір болып жүрсе, соғұрлым денсаулығы жақсы болады дейтіні рас па? - деп кекете сауал қойыпты.

Бұралқы сөздің астарын бірден түсінген Ескең

әкеміз таза орыс тілінде:

- Тазалық жөнінде сөз қозғамас бұрын, арғы аталарың Провкин мен оның қызы Саньканың бетін жуып алыңдар, - деп, орыстың өз тарихынан дәйек келтіре отырып, аузын жапқан екен.

ЕКІ ҚАЗАҚТЫҢ БАСЫ ҚОСЫЛСА

Әңгіме бір қазақтың жамандық жағына ойысса, оны онымыз қоса жабылып, жамандайтын әдетіміз емес па? Ал, мадақтағысы келсе, істеген ісің түгіл, істемеген ісіңді қосып жіберетін тағы да қазақ. Ауыл ақсақалдарының басы қосылып тағы бір бейбақты бірі мақтап, жарымы жамандап, соңынан біреуі: «Алла өзі кешірсін, қайдағыны айтып, күнаға баттық па» - десе, Ескең: «Алаңдамаңыз, ақсақал, екі қазақтың басы қосылса, бір қазақты жамандау қанымызда ежелден бар әдет қой» - деген екен.

БЫЛТЫР КЕЛГЕМ

Елуінші жылдар Ескең Калинин колхозында басқарма болып жүргенде жұмыс бабымен тура 31 желтоқсан күні, яғни жыл аяғында аудан орталығына барады. Ертеңіне жаңа жыл райкомның кіреберісінде сол кездегі райкомның бірінші хатшысы Мақами Яхинмен кезігіп қалады.

- Есенбай, қашан келдің? - десе, Ескең:
- Былтыр келгем, - депті.

СОРПАНЫ ЫСТЫҚТАЙ ІШУШІ ЕМ

Ескең әкеміз бір дастархан басында қисынды қалжыңдарымен сөз маржанын сауылдата төгіп отырса, сақырлап қайнаған сорпа алдына келіпті. Суытпай әкелгенін сезе қойған Ескең кесе ұсынған келіншекке:

- Қарағым, мен сорпаны ыстықтай ішкенді ұнатушы ем, - десе жанында отырған ауылдық совет төрағасы Балтекең;

- Онда салқынын маған беріңіз, - деп, қапелімде ұрттап жіберіп, ауызын күйдіріп алса керек.



**ТОРҒАЙ
БАЙСЕРКИН
(КӘМЕЛХАН)
1931 ТУҒАН**

Жандос Смағұлов ағамыздың «Абыз дала, аңыз дала – Ақтоғай» атты деректі жинағында Сыр бойының тумасы Досбол шешен ел аралап жүрген бір сапарында жолы

Тоқырауын арнасындағы Сарым еліне түсіпті. «Сырт көз – сыншы» деген ғой, сонда елмен жата-жастана танысып-біліскен соң қайтарында

біздің елге:

Тұяқтысын семіртіп,
Пұл қылатын жер екен,
Құл-құтанын сөйлетіп,
Би қылатын жер екен,
Ағаштарын әсемдеп,
Үй қылатын жер екен,
Алпыстағы кемпірін,

Қыз қылатын жер екен, - деп, баға берген сөз қалыпты дейді.

Сарым, Шабанбай бабамыздың бел баласы Торғай (Кәмелхан) Байсеркин бүгінде 90-ға келді. Жас кезінде қызылша ауруымен көп ауырып, кішірек болса керек, содан Торғай атаныпты. Қаратал қыстағы жанындағы Қосқызыл (Қыземшек деп те атайды) тауының етегінде туған. Қарқаралыдағы зооветтехникумы жанындағы животноводчески мектебін бітірген. Уақытында сатушы, мал дәрігері, бөлімше меңгерушісі қызметтерін атқарған. Өскен орта, тумасынан әзіл-қалжыңды бойына бойтұмар қылып байлаған Тоқаң сұлу ат, жүйрік тазы баптай білгендердің қатарынан озық, өте зерек адам. «Алдынан келгенге алдыртпайтын, артынан келгенге шалдыртпайтын, ауылыңдағы сөз шебері кім?» - десе Шабанбай ауылынан осы Тоқаңдарды меңзесек қателеспейміз. Тоқаңның тілі – бейнелі, сиқырлы тіл. Біреулер біреулерді есепсіз жамандайды, есеппен мақтайды. Өз басым екеуіне де қарсымын. Әдемі сөзбен қалжыңды жеткізудің жөні бір басқа. Кіммен

салыстырсаң да Тоқаңдай жүйріктің орны бөлек. Ендеше Тоқаңның бойындағы сол жақсы қасиеттерінен туындаған әзіл-қалжыңдардан шамам келгенше мағлұмат берейін.

СІЗДІҢ ҮЙДІҢ АЛА СИЫРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БІЗДІҢ ҮЙДІҢ ҚЫЗЫЛ СИЫРЫ АҢСАЙДЫ

Совхоз тұсында ауылдағы жалғыз КамАЗ көлігіне белді жүргізуші Қабылов Малгаждар ағамыз иелік етті. Құрғақшылық жылдары басты проблема – шөп. Қоғамның малын жем-азықпен толыққанды қамтамасыз етпей, азын-аулақ меншік малға шөп түсіріп алу арман болатын. Жезді ауданы Партсъезд совхозында шөп дайындауда жүрген Малгаждар ағамыз ретін тауып түнделетіп, елден ұрланып қорасына біраз жем түсіріп алса керек. Үйдің келесі басы, яғни көршісі Тоқаң. Бір көлік жем түсіріп алған Мәкеңнің көңілі көкте, рахаттанып, ертемен шылым шегіп тұрса, Тоқаң келеді ғой.

- Тоқа, халыңыз қалай, мал-бас аман ба? - деуі мұң екен, Тоқаң жұлып алғандай:

- Мәкіжан, халдың несін сұрайсың? Сіздің үйдегі ала сиырдың жағдайын біздің үйдің қызыл сиыры аңсайды, - деген екен.

Түнде ұрлықпен көзге түсіп қалғанын сезінген Мәкең де жолынан жығылмай, 5-6 қап жемді қаптап апарып берген екен.

ӨЗ АТЫҢ ӨЗІҢЕ БҰЙЫРДЫ

Тоқаң аттың сәйгүлігін, тазының жүйрігін таңдай білген аңшы адам. Тоқаңның торы деген жүйрігіне колхоз тұсында басқарманың көзі түсіпті. Басқарма тоқталса алмай қоймайтынын білген Тоқаң да айла-амалға көшеді, білем. Сол мезгілде бөлімшеге қарасты бір шопанда жалғыз түйе болса керек. Шопан қауымы да басқармадан гөрі, бір табан жақын жүретін мал дәрігерлеріне мойын ұсынып тұратын кезең. Тоқаң әмпей шопанына барып, түйесін бір жеті аш ұстауын өтінеді де, «Бәлен күні басқарма келеді, мол қылып ет асып қой» - деп, жұмысына кетеді.

Шопанымен уағдаласқан күні «Атты алса, алсын» - деп, басқармаға хабар жібереді. «Осылай болса керек еді» деп, түйіндеген басқарма да, айтылған уақытта сол қыстаудан табылады. «Атыңыз ана тұр» - деп, бір көрсетіп алады да, «Дәмнен үлкен емеспіз ғой» деп, қолпаштап үйге кіргізеді. Өңгіме-дүкен қызып, бір-екі бөтелкенің басына су құйылған соң, Тоқаң есебін тауып сыртқа бір шығып, өзі дайындатқан аш түйенің басы жетеді-ау деген тұсқа атының құйрығын қаратып байлайды да қайыра ішке кіреді.

Неше күнгі аш түйе қарап тұра ма, аттың құйымшағын ғана қалдырып, қыл атаулыдан дым қоймай түгел жеп қойса керек. Басқарма қайтпаққа оқталып, Тоқаңды ертіп, ат байлаулы тұрған жерге келеді. Жүйрікке көзі түссе, қыл

құйрықтан түк жоқ.

- Әй, су жұқтырмас Торғайым-ай, басқарма құйрықсыз ат мінбесін біліп, айлаңды да асыра білдің-ау, өз атың өзіңе олжа болсын, - деп, жүріп кеткен екен.

ҚҰЛАҒЫНАН БАСТАП, ҚҰЙЫМШАҒЫНА ДЕЙІН КЕЗЕКТЕ ТҰР

Тоқаңмен Саздыауылда көрші отырдық. Қазақы ауылдарда бұлжымай орындалатын қағида – қой кезегі. Кеңес тұсында «Құдай күшті, құдайдан кейін кезек күшті» - деген мағынасы мол сөз жиі қолданылатын. Басқармаға айласын асырып ат бермеген Тоқаң қарапайым қараға атын мінгізе ме? Бір аңдағаным, ат сұрай барған адамның бірде-бірі өкпелеп қайтпайды, әдемі өзіліне тәнті болып, ат жетектеп қайтқандай болады.

Бірде Жәңгір ағамыз ертеңгілік қой кезегіне ат сұрап барса, Тоқаң:

- Жәкібас, ағайынның арасында отырғанның қиыны осы, кісі көңілін қалдырғың келмейді, бірақ сол Кераттың құлағынан бастап, құйымшағына дейін кезекте тұр. Ар жағынан орын тапсаң, кезегің келгенде көрейік, - депті.

ХРОМ ЕТІК

Нарық екі бүйірден қыспаққа алып, жұмыссыздық жайлаған өлара шақта ермегіміз карта

ойыны болғаны шындық. Кезекті бір карта ойынына Тоқаң үр жаңа жылтыраған хром етік киіп келді. Карта жайына қалып, жігіттердің ойы Тоқаңа етік жудыру.

Ондайда тосыла қоятын Тоқаң бар ма?

- Жігіттер, сендер әскерде болдыңдар ма?! Мен Сібірде служит еткенде, командир частімен жақсы болып едім. Соған өткенде етіктен таза қарап қалдым, қарайлас, - деп, телеграмма салып жіберіп едім, сөзге келместен осы етікті пошта арқылы салып жіберіпті. Осында отырған сендер біз құрған совходдың бүкіл дүние-мүлкін түгел бөліп алдыңдар. Үлеске тышқақ лақ та ала алмаған мен, соның бос жәшігіне не салып кері қайтарарымды білмей дал болып жүргенім, - деп, бәрімізді сөзден тосылтып еді.

ҚАРАТАЛДЫҢ ТОРҒАЙЫ АМАН

Шешеміз өмірден ертеректеу озды. Тоқаңның балалары жан-жақта. Алматы, Қарағанды, Балқаш дегендейін. Бір жылдары Балқаштағы балаларына келіп, біраз мауқын басқан соң, поезға отырып, Қарағандыдағы балаларына келеді. Аталарының келетінінен хабардар балалары мен келіндері тосып алыпты. Амандық-саулық сұрасқан соң бір келіні:

- Ата, Балқашта құс қырылып жатыр, - деп естідік, рас па? - дейді ғой. Саса қоятын Тоқаң бар ма:

- Қарақтарым, соны мен аңдамадым, бірақ

Қараталдың Торғайы аман екеніне көздерің жетті емес пе? - деген екен.

ҚАРАҒАНДЫНЫҢ ЦЕНТРІН ТАБА АЛМАЙ ЖҮР

Өздеріңізге белгілі – Байқоңырдан ұшырылған «Протон» зымыран тасығыштарының бөлшегі біздің Қарағанды облысының үш ауданына түсті. Жаңаарқа, Қарқаралы, Ақтоғай. Сонда Торғай әкеміз айтады ғой:

- Қазкен, осылар Қарағандының центрін таба алмай жүр протон тастауға, - деп.

МЫНАУЫҢ ӘБЕТТІ ЕГІНДІБҰЛАҚТАН ІШЕ ЖАЗДАДЫ-АУ

Тоқаң 4-бөлімшеде аға жұмыскер болып жүргенде бөлімшедегі көлік жүргізушісі Ахметов Жұмаш ағаймен бірге Ақсай қыстағынан қырқым пункті орналасқан Егіндібұлаққа бет алады. Ол уақытта аға жұмыскерлердің араласпайтын шаруасы кемде-кем. Бөлімше басқармасынан кейінгі үлкен лауазым.

Жолшыбай бір қасқыр кездеседі. Астыларында «Газ-51» көлігі, ит-құсты қуып кеп береді, білем. Ит-құс та бір жерден тамақтанып шыққан ба, бой салып аса қаша қоймайды. Бірақ, бастырмайды, рукоятка, монтировка, кабинада не бар – темір атаулыдан бәрін лақтырса керек терезеден. Тоқаң да кәнігі аңшы ғой:

- Жұмашжан, тым тақама, жаны қысылса тауға шығып кетеді. Бұны осылай артынан еріп отырып, Егіндібұлаққа дейін айдап апарайық, - дейді.

Тоқаң айтқандай, ит-құс шын мәнінде Егіндібұлаққа қарай салса керек. Сәске түстің уақыты. Қайқаңнан асып түсулері сол екен өріске жаңа бет алған ауылдың бір топ бұзауының үстінен түсіпті. Сонда Тоқаң:

- Ойпырай-ө, егер де біз килікпесек, мынауың әбетті Егіндібұлақтан іше жаздады, - деген екен.

Бұзаулардың бірін жарып кетіп жүрер деген күдікпен көліктеріне газ беріп, бастырмалата жөнеледі, білем. Қасқыр да қас қылғандай аса қашпай, әр шидің түбіне бір тоқтап, өздеріне қарап тұрып дәрет сындырып, таза мазақ етсе керек. Сонда Тоқаң:

- Мынауың Әбжеңнен кейінгі әбиүрсіз екен, кісіге қарап дәрет сындыра беретін, - деген екен. (Әбжең – Бегендік деген әкеміз адамдар тұр-ау деп алаңдамай дәретін сындыра береді екен).

СІЗДІҢ ӘКЕЙ МЕН БІЗДІҢ ӘКЕЙ БАТАЛЬОНДА БІР БОЛҒАН

80-жылдардың ортасында ауылда құрылыста ағаш шебері болып жұмыс істеймін. Жаңадан салынған қос пәтерлі үйдің әйнектерін салып жатыр едім, сол үйдің бір басына кірмекші болып жүрген Байсеркин Торғай ақсақал шауып келді.

- Қазкен, сен шынылауды бірінші біздің үйден бастауың керек, - дейді.

Мен де жай тұрам ба:

- Неге, Тоқа? - дедім.

- Сіздің әкей мен біздің әкей батальонда бір болған. Соны ана Опкең шәй үстінде саған айтуды білмейді екен-ау, - деп, атын қамшылап жүрді де кетті.

Үйге келген соң әкейден сұраймын ғой, «қайдағы батальон Тоқаңның айтып жүргені?» десем, әкем марқұм мырс-мырс күліп алып, «Тоқыжандыкі жөн, сол үйді бірінші бітір» - деп еді. Сөйтсек, Бесбатыр су қоймасын қазғанда Тоқаңның әкесі мен біздің әкей бір өгіз арбаға ие болып, топырағын тысқа тасыған екен.

КЕЛЕР ЖЫЛЫ КӨК ШӨППЕН АУЫСАРМЫЗ

Алматы жоғары партия мектебінде тыңдаушы болып жүргенде, совхоз басшыларымен келісіп, тамыздың аяғында үйге шөп түсіріп кетем. Ол кезде меншік малы барларға совхоздың шөбі тасылып болмай, ұлықсат берілмейді. Ақырғы көліктегі шөпті түсіргелі жатқанда әдемі жымысына салып Тоқаң келді.

- Молдеке, биыл ерте қамдандыңыз ғой, аманшылық па? - деп.

Қол шалғысымен өзектің көк шөбін ғана шабатын әкей,

- Сарғайып кеткен шөп, балалар түсіріп жа-

тыр әйтеуір, - деп менсініңкіремей сөйлеуі мұң екен, Тоқаң жұлып алғандай:

- Келесі жылы көк шөппен ауыса жатармыз, Опеке, осыны жер қара, күн жылыда мен қорама тасып алсам қайтеді, қимылыңызға қарағанда менен қолыңыз ұзын сияқты, - дегені.

- Әй, Тоқыжан-ай, тілің тәтті, тілің тәтті, - деп, әкей де біраз мәз болып еді.

ТӨЛГЕ САҚТАҒАН ҚЫЗЫЛ ЕДІ

Кеңес кезеңінде 23-ақпан ер-азаматтардың мерекесі ретінде жақсы тойланатын. «Тең – теңімен, тезек – қабымен» дегендейін, әр класс жеке-жеке тойлайтын. Шешеміз қайтқан соң сандықтың кілтін қолына алған Тоқаң өз есебіне келе бермесе, анау-мынау қонаққа бей-жай болып жүгіре бермейтін адам.

Тоқаңның ұлы Сержан (ел Сыра атап кеткен) менің інім Жазыбекпен бірге оқыды. Содан кілең ұлдар аталмыш мерекеде салып-ұрып Тоқаңдыкінде тоқайласса керек. Бірдеңе дәметіп біраз отырады, қозғала қоятын Тоқаң бар ма? Іштерінде шыдамы таусылған жиендер, балдыздар жамырай шулап, Тоқаңның астына біраз көпшік қойып келістіреді, білем. Сонда да Тоқаң ескі әдетіне салып, әбден тостырып, сарғайтып барып, 2 шөлмек қызылды алдарына әкеледі.

- Балалар, мынау төлге сақтаған шөлмектер еді. Тоқаңдыкінен іштік деп аса дабырламаңдар,

мен сияқты аққөңіл адамға бәрі үйір, ертең бүкіл Қаратал осы үйдің есігіне маза бермей жүрмесін, - деген екен.

ӘСКЕРДЕ КӨП ШЫНЫҚТЫМ

Қабанов Шәкен ағамыз қайтыс болғанда Қызыларайдағы Ақсораңдай асқақ ағамыз Нілтай Мәжманов:

- Тоқа, қатарластарыңнан кім қалды? - деп сұраса керек.

- Нілтайжан, мен әскерде көп шынығып едім, соныңда пайдасы болар, менен басқасының бәрі ана жаққа кетіп қалды, - деген екен.

10 ЖЫЛ ҰТЫЛДЫМ ОСЫЛАРДАН

Жақыпбаев Бекен ағамызды жерлеу кезінде Тоқаңды жігіттер ортаға алып, «Тоқа, үнемі картаны бірге ойнаушы едіңіздер, қайсыңыз мықты ойнадыңыздар? - десе, «Екі қарсылас та кетті, он жыл ұтылдым осылардан. Қабыкен екеуі менің бар пенсиямды ұйымдасып алып, ұтып кететін. Екеуінің де қаладан алған үйлерінде менің табанақы, маңдай терімнің үлесі бар» десе керек.

40 АДАМ ХОРҒА ТҮРҒАНДАЙ ДАУЫС ШЫҒАДЫ

Кеңес кезеңінің соңғы жылдарына дейін ауыл

еңбеккерлері үшін ақшалары бола тұрса да жеңіл көлік алу қиямет-қайым болатын. Мотоциклдің өзін көзін тауып, сөзі өткендер алып жүрді.

Тоқаң әкеміз сол ширақтар қатарынан болды ма, үнемі «Урал» мотоциклін теуіп жүретін. Жөндейтін механигі аудандағы Эстерляйн деген неміс. Өзі жоқта көлігін үйдегі ұлдар кезек-кезек қуып кетеді, білем.

Кезекті бір тексерісіне апарып тұрса, Эстерляйн:

- Тоқа, мотоциклдің моторы қалай? - десе керек.

Сонда Тоқаң:

- Осыған Сержанның (Сыра) борбайы жеткелі 40 адам хорда тұрғандай дауыс шығады, - депті.

БЕКЕНГЕ ІШКЕН СІҢЕДІ, БІРАҚ ҚҰСПАЙДЫ

Алшынбеков Сарбас марқұм 1-ші бөлімшеге меңгеруші болып барып, маңына жанашыр болады-ау деген жігіттерден кадр жасақтамақ болады ғой. Сонда санитар болып жүрген Тоқаңды жанына ертіп алып, қыстақ аралай жүріп, жол үстінде:

- Тоқыжан, осы Түсіпбектің Бекені арақ іше ме? - десе керек.

Тоқаң да әріптесін жауға бере қоя ма!

- Бекіжанның ішкені өзіне сіңеді, бір құспайды, - депті.

- Сенен ақыл сұрап келе жатқан менің бұл қай

сасқаным, - деген екен Сәкең әкеміз.

ТАЗЫНЫҢ ЕКІ КҮШІГІ

Тоқаңның жақсы ат, тазының тәуір тұқымын көрсе иесінің басын шыр айналдырып, алмай тынбайтынын әңгімеге арқау еткенбіз. Әкеге қарап бала өспей ме, Тоқаңның бір ұлы көршілес Шет ауданынан болайын деп тұрған екі тазының күшігін ала келсе керек. Ол кезде Тоқаң зейнеткер, совхоз орталығында тұрады. Ауданымызға белгілі атақты фермер Біләл Қабылов ағамыз Тоқаңның жасының үлкендігін, әмбе Қасабай бөлімшесінде тау-тасты бірге шарлаған аңшы ағасына сәлем бермек ниетпен арнайы ат басын бұрады, білем. Тоқаң жанында тазының қос күшігі аулада отырса керек. Амандық-саулықтан соң аңқоймастарға көзі бірден түскен Білекең:

- Ау, Тоқа, мына иттің бәрін қайтесіз шау тартқан шақта, аңға шығып жатқан жоқсыз, маған беріңіз, - десе керек.

- Әй, Біләлжан, итім күшіктеді, алды бір тайыншаға кетті. Осы екеуін бір қойға өзіңе қидым, - деген екен.

СТОЛБАНЫҢ БАСЫНДАҒЫ НАСЫБАЙҒА ӨЗІМ ДЕ ЖЕТЕ АЛМАЙ ОТЫРМЫН

Тоқаң ауылдағы белді насыбайшылардың бірі, бірегейі болды. Теректің қабығын күлдеп, қалампырын қамдап, өзі қолмен үгеді. Ауылдағы

атқыштардың дені дүкендегі дайын насыбайды атады ғой. Ауыл халқы әбден үйренген, Тоқаң не сұрасаң да оңайшылыққа бере қоймайды. Тоқаңның сұрауыңа қайырған жауабы, сұраған нәрсеңді алғандай қанағаттандырады ғой. Сонысымен Тоқаң, Тоқаң ғой. Бірде есік алдында отырса көршісі насыбай сұрай келіпті. Сонда Тоқаң: - Осы үйде электрик бала бар еді, насыбайыңызды кептіріп берем деп столбаның басына іліп кетіп еді, соған өзім де жете алмай отырмын, - деген екен. Алдында ғана ұлы Еркін ауылда электрик қой, столбаның басына шығып сымдарды тартқан ба, құрал-саймандары салынған қол сөмкесін бағана басына ұмытып іліп кетсе керек.

ЖАС ДЕГЕН ЗУЫЛДАП ӨТІП ЖАТЫР

Тоқаң жақсы жасады. Тоқсанға тақаған шағында баласы Серғазының қолында Балқаш қаласында болды. Серғазы (Бопалақ) Балзия мен бірге бір сыныпта оқыды, әмбе үнемі ағалап жүретін. Үйінде де қонақта болып тұрамыз. Тамақтың арасындағы демалыста мені жанына шақырып алды. Қазыкен дейтін. - Тоқсанмен де бір қағысып көр, - деп екі стопкадан коньяк іштік. Соңғы кездесуіміз екен. Алла иман байлығын нәсіп етсін. Қарағандыға кіреберіс Энгельста тұратын Қазыкен құдасы шәй үстінде: - Тоқа, қаншаға келдіңіз? - десе керек. Сонда Тоқаң қадірлі құда: - Жас деген зуылдап өтіп жатыр, бір

балам елге шәй беріп тоқтатпаса, - деген екен. Жарықтық балаларына тоқсанымды дүркіретіп тойласа, сосын өлсем арманым жоқ дегенді меңзегені ме екен?

ҮЙДЕ ЖАТЫП ЫСҚЫРҒАНДА, ҚҰЛАҚТЫҢ ҚҰРЫШЫН ҚАНДЫРАДЫ

Тоқаңның Еркін деген ұлы ауылда электрик болып жұмыс істеді. Қақ-соқпен ісі жоқ, ысқырып әуендетіп жүретін. Бірде бір топ жолдасы тойға бармақ болып Тоқаңдікінде бас қосып қалады, білем. Бәрі де үйленетін жастан асып бара жатқан жігіттер.

- Балалар, осы Еркін тойда өлең айта ма? - деп сұрапты жолдастарынан.

Бәрі бір ауыздан жоқ, Еркіннің өлең айтқанын естіген емеспіз, - деп шуылдасады.

Сонда Тоқаң айтты дейді:

- Апырай, ә, тойдан келген соң төсекте жатып алып ысқырғанда, құлағыңның құрышын қандырады, онысы қалай екен, - десе керек.

БОПАЛАҚТЫҢ ІШКЕНІ БІРДЕН БЕЛГІЛІ

Тоқаңның Серғазы деген ұлын ауылдастары «Бопалақ» атап кеткен. Серғазы Ауған соғысының ардагері. Әскери борышын өтеп келген жылдары Ауған даласынан алған зардап па қайта-қайта ауырып, ауруханаға жиі-жиі түсіп жүрді, оны көзімізбен көрдік те.

Тоқаңның өзге ұлдары әкелеріне тартқан ішкі есепке өте бай, ұрттағандарын сездірмейді, білем. Ал, Ауғаннан келген Бопалаққа бәрібір – открыто кіріседі ғой. Соны меңзеген Тоқаң:

- Біздің Бопалақтың түнде ішіп келгені бірден белгілі, алдымен ол жатқан бөлменің форточкасы ашылады, бірінші бос бөтелке ұшады, екінші терезеден басы шығады, содан кейін барып құсады, - деген екен.

СТОЛДЫ ТАҒЫ БІР ТЫҚ ЕТКІЗШІ...

1-бөлімшеде Тоқаң сиыр фермасында завферма, Мақсұтбек Бабашев әкеміз жылқы фермасында завферма екен, есімі еңбегімен ел аузында жүрген Мақаң да астарлап сөйлейді, әмбе екеуінің әзіл-қалжыңдары да қатты жарасқан деседі.

Бірде Тоқаң кештете Мақаңның ауылына барып қонады. Сәлден соң сақырлап қайнаған самаурынның шәйі де келеді. Дастархан басында үнсіздік басымдық алған тұста, Мақаң столды тық еткізіп бәйібшесіне бір белгі беріп үлгерсе керек.

Жарын қас-қабағынан түсінетін Ермекбала шешеміз жедел барып бір бөтелке ақ арақ алып келіпті. Сәлден соң саусақ тықылы өзгеше шыққан бетте Ермекбала шешеміз коньяк әкеледі. Екі құрдас біраз жерге барып, шәй ішіліп үлкен дәм алдыға келіп, тағы үнсіздік жайлай бастағанда Тоқаң:

- Мақа, столды тағы бір тық еткізші, - деген екен.

БАР ПЕНСИЯМ ЗЕЙНОЛЛА МЕН ЖАҚАНЫҢ ҚАЛТАСЫНДА ЖҮР

Ауыл зейнеткерлерінің көбіне ермегі карта ойыны, оның ішінде «белка» деген түрі. Аракідік «ази» да ойнап қояды. Зейнолла, Жақан, Орынбасар ағаларымыз Тоқаңды пенсия алысымен қаумалап, преферанс сызады, арасында азиға да кіргізіп жібереді, білем.

Жасының ұлғайғандығын, құлағының ауырлау еститінін пайдаланып, балдыздары ақшасын ұтып әкетіп жүреді екен. Ауылда кездескен сайын Тоқаңды әңгімеге тартып;

- Тоқа, табыс бар ма картадан? - деймін ғой.

- Өткен жылғы пенсиям толықтай Зейнолла мен Жақанның нәскиінің ішінде кетті, биыл соларға қарсы қарымта ойынға дайындалып жүрмін, Қазкен, - дейді Тоқаң.

МОТОЦИКЛДІҢ ЖАЛТ БҰРЫЛҒАНЫ

Ол кездегі мал мамандарына совхоздан бір-бір ат бөлінеді. Әсіресе, мал дәрігерлері мен мал санитарларының дәуірі жүріп тұрған шақ. Олай дейтініміз – таза 90 градустық спирт үнемі қоржындарында жүреді. Спирт жүрген жердің жайы белгілі ғой.

Тоқаң кезекті мал егу сапарына атты тастап,

«Урал» мотоциклімен шығады. Люлкада болса-болмаса – спирт. Содан қойшы, қай жерден түлен түрткенін, мотоциклінен құлап, бұғанасын сындырады. «Тоқаң мәрттігіп қалыпты» дегенге елеңдесіп, жан-жақтан туыстары жиналса керек. «Не жағдай, қалай құлап жүрсің мотоциклден?» - деп, ағайын-туғандары сұрамай ма. Жиналған ет жақындарына спирт ішіп қойып едім қалай айтсын:

- Ақметжанның қайқаңына іліккенім сол еді, алдымнан бір көк қоян атып шыққаны, сол кезде мотоцикл жалт бұрылды, - деген екен.

КӨК ҚҰРТ ЖЕГЕН БАЛА ҚҰСАП

Сай-салалардан ағын су жүріп жатқан көктем мезгілі болса керек. Қасабай бөлімшесінде бір ақсақал қайтыс болып, ауылдан төрт-бес аттылы адамдар барып қайтады. Ішінде Құсыман, Зекен, Тоқаң әкелеріміз бар. Құсыман әкеміз мінген көк ат барып қайтқанша су көрсе қайта-қайта тоқтап, су іше берсе керек.

Ертесіне қалай барып келдіңіздер? - деген ауылдастарына Тоқаң:

- Құсағаң мінген көк ат көк құрт жеген бала құсап Қараталдан Қасабайға барып-келгенше су ішті, - деген екен.

**ТӘЖІБАЙ БАЛТАБАЙҰЛЫ
(1932-2005)**

Ел ішінде, халық арасында, қашан да сөзге ұста, тауып сөйлейтін және қазақы қара өлеңге жетікжандар аз болмаған. Сөз тапқырлықтары соншалық, табан астында көзі көрген көрініске орай, әзілі аралас қисынды шумақ құрап үлгеретін, тума таланттар болған, болады да.



Көзіміз көрген сондай әкелеріміздің бірі – ел сыйлаған Тәжағаң. Қарапайым тірлік иесінен Тәжағаңның артықшылығы – бойына өлең қонған жан, арқасы бар. Ауыл-аймақтың тойын қыздырып, жас отаулардың беташар жырларын жазды.

Әкеміздің өз мақамына салып, бір шумақ жыр жолдарын арнағаным есімде:

Арамдық жоқ ойында,
Аңқылдаған таза адам.
Төрт түңлік тобықты,

Старшыйы Тәжағаң, - деп бозбала шақта палаткада той басқарып жүріп, Тәжағаңа микрофон ұсынып едім. Соңынан қолымды алып, мейлінше разылығын білдіріп еді.

«Шылымның көктемі кеш, қысы ерте» - атты Тәжібай Балтабайұлының жыр жинағын ел ішінен ерінбей жүріп жинақтап, кітап қылып құрастырушы, жоқтаушысы қазақтың біртуар аяулы азаматы, заңгер-ғалым, ауылдасымыз марқұм Қабылсаят Әбішов ағамыз еді.

Қабекең сол кітаптың алғысөзінде:

«Ақындықты кәсіп еткен жоқ, тірісінде бір өлеңі баспа бетінде басылмапты, оңтайы келген жерінде суырып салып, төгіп-төгіп, жыр айтып кете беретін өткен заман шәйірлерінің соңы еді. Көп өлеңдері ұмытылған. Айтты-кетті, оны лезде жаттап алар зерде бұл күнде жоқ.

Тәжағаңның өлеңдерін көзі тірісінде, 1988 жылдан бастап жинақтадым, осы кітапқа кірген өлеңдер ақынның өз аузынан жазылып алынды. Шылымға келген сайын Тәжағаңды шақырып алып, шама келгенше жадындағы өлеңдерін жазып алдым. Кей өлеңдерінің салфеткаға, картонға жазылған нұсқаларын көршілері, ағайындары берді, Тәжағаң өмірден өткен соң ақырғы жылдардағы өлеңдерін Құдайберген Қапашев ағамыз бен қызы Әсемгүл табыстады» - деп жазған. «Шылымның көктемі кеш, қысы ерте». (Өлеңдер) - Алматы; «Арыс» баспасы, 2011 жыл.

Тәжағаң Арғын-Тобықты оның ішінде Бораншы атасынан, өз өлеңінде:

Асыл зат, арғы руым Тобықтыдан,
Ішінде Орта жүздің салған сайран.
Қазаққа үлгі болған Абай бабам,

Құнанбайдан заманында жан аспаған, - деп,
Тобықтыдан тараған игі жақсыларыға тоқтала
келіп,

Көк бөрі Ертүріктен тегім қазақ,
Өртүрлі заманында тартқан азап.
Жан-жақтан анталаған ата жаудан,
Елдігін сақтап қалған, болмай мазақ.

Қалмақ пен қорлық көрген орыстан да,
Айрылып атамекен қоныстан да.
Ел болып етек жауып, есін жиды,
Ақтабан шұбырынды соғыстан да, - деп
бір толғап алады да, мұнан соң Өз Тәуке хан-
нан бастап, қазақтың батыр-бағландарын, би-
шешендерін жырына арқау етіп, соңында:

Ежелден сөзге мәшһүр нақыл қазақ,
Ұлағат ұлы сөзге ақыл қазақ.
Ежелгі ата салтын сен де сақта,
Ұрпағы бұрынғының, батыр қазақ, - деген
жыр шумақтарымен тәмамдаған Тәжағаңның
құлағына құдай сыбырлаған ақын екеніне шүбә
жоқ.

Біраз өлеңдері аталмыш кітабында жария-
ланғандықтан, мені қызықтырғаны – ақынның
өзілге жақындығы.

КІМ АЙТАДЫ СЕНДЕРДІ, БЕЛСЕНДІ, СОТҚАР, ҚАШҚЫН ДЕП

Тәңірқұл атадан тараған Бейсенбек ұлда-
рының Жақыпбегі кеңес үкіметіне жанымен

берілген белсенді болыпты да, Жақыпбайы біздің әкелерімізбен қоса Көшасқан асып, «қашқын» атанған. Жақыпбектің бір баласы үйленетін болып, той алдында тапсырыспен Тәжағаңа беташар жаздырады. Қуанышқа бір-екі күн қалғанда Жақаң балаларына оқытып, беташарды тыңдап көрсе, әулет жайлы мадағы олқылау сияқты. Ертесіне салып-ұрып Тәжағаңның үйіне өзі барып:

- Әй, қаңғыған Тобықты! Мына беташарда бізді неге дұрыстап мақтамағансың, әлде сөзің жетпеді ме? - дейді ғой. Сонда Тәжағаң:

Жақыпбай мен Жақыпбек,

Заманыңда астың кеп.

Із басылды, қар жауды,

Кім айтады сендерді,

Белсенді, сотқар, қашқын деп, - бастай жөнелген де «Болды-болды, мен тоқтадым, сусының мен тамағың міне» - деп, алып келген дорбасын ұстата салса керек. Ақын да: «Бір шиша мен тіскебасар өзі келген соң, әрі қарай жалғастырғам жоқ» - депті.

ҚАНДАЙ ЕКЕН ҚҰДАНЫҢ ШАПАЛАҒЫ

Торғай Байсеркин әкеміздің жолдасы марқұм Қапиза шешеміз айтқан екен: «Осы шешендер секілді өте ұйымшыл көшкіндердің қанын Сарымдарға құяр ма еді» - деп.

Шынымен де 70-80 жылдары жас та болсақ аңдап жүрдік, совхозда диреторлықтан басқа

лауазым иелерінің дені көшкін руынан болды. Қабылсаят ағамыз айтпақшы, әулеттің үлкендері: «Маматай», «Бабатай», «Әбже», «Кенжеаға», «Ауа» сынды псевдонимдерге ие.

Бірнеше жыл совхоздың бас есепшісі болған Мәкәрім ақсақалды «Мәкетай» атаған. Тәжағаңның үйіндегі Күлшікен шешеміз – сол «Мәкетай» әкеміздің немере қарындасы. Ауылдық кеңес төрағасы Зейнолла Құдашбаев ағамыз – Мәкеңмен құда. Зейнолланың інісі Мәкәрімнің інісінің қызын алып отыр. Жұмыс бабында келіспеушілік туындап, қызуқандылау Зейнолла ағамыз үлкендігін де ескеруді ұмытып, Мәкәрім әкеміздің жағынан шапалақпен тартып жібереді, білем. Гу-гу әңгіме барлық көшекеңдердің түңлігіне жетіп, жоғарыдағы шешеміз айтпақшы, лезде Мәкеңнің үйіне жиналса керек. Көше жақтан шұғыл хабарды естіп келген Тәжағаңның бәйібшесі Күлшекең «Әй, неге отырсың? Ана Зейнолла Мәкетайдың жағынан тартып жіберіпті. Ата балалары сол үйге жиналып жатыр» деп, жанын қоймай Тәжағаңды жіберсе керек. Ақынға құдайдың бергені де сол емес пе – шляпасын қисайта киіп, үйге кіріп барса, көшекеңдердің бетке ұстарлары тегістей жиналған. Өмірі ешкімнен беті қайтып көрмеген Мәкәрім әкеміз ашуға мініп алған – булығып, қырам да жоямға салып жатса, есіктен кірген бойда Тәжағаң әулетке күйеу екенін ұмытып ақындық дағдысымен:

Құс жаманы болады жапалағы,

Кәрі қуса сайтанның сапалағы.
Ел естісе езуің екі айырылады,
Қандай екен құданың шапалағы? - десе керек.

«Қайынаға қатты ашу үстінде екен, мені де қуып шықты, бірақ өлең айтылды» - деген екен Тәжағаң.

БҰЛ МОТОР ОМ ЗАҢЫНА ҒАНА БАҒЫНАДЫ

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шайдаров апақ-сапақта келіп, совхоз клубында актив өткізеді, білем. Өзі ашулы келген, жиын енді қыза берген шақта свет сөніп қалыпты. Директордың ымын бірден түсіне қойған гараж меңгерушісі Күлекең мен досы, замдиректор Сейіткамал Өмекешов ағаларымыз екі өкпелерін қолдарына алып жүгіріп, электростанцияға келіпті. Кернеу асып кеткендіктен, қайыра қоса алмай әбігерге түсіп жатқан станцияға ие Тәжібай әкемізді көріп, Күлекең:

- Жолдас Балтабаев, сіз ауданның біріншісі хатшысы келіп, жиналыс өткізіп жатқанын білесіз бе? Бұл қылығыңыз партияға және бірінші хатшыға қарсы «политический саботаж», - десе керек.

Сонда Тәжағаң:

- Товарищи Азимбаев и Омекешов, сендер партия мүшесіңдер, жаңағы хатшыларыңа бағыныштысыңдар. Мен партия мүшесі емеспін,

бірақ партияңды сыйлаймын. Ал, мына мотор коммунистік партияңды да, бірінші хатшыңды да сыйламайды, бұл тек Ом заңына бағынады, - деген екен.

ТОЙЫҢДА ОТЫРМАЙТЫН ЖАЗЫҒЫМ НЕ?

Ұлағатты ұстаз, комсомол, партия қызметтерін өз уақытында адал, әм беріле атқарған атқамінерлердің бірегейі ұстазымыз Мұқсиын Әлжанов еді. Мұхаң Тәжібай ақынмен құда. Совхоз тарап, Монша қыстағынан өзінің жеке шаруашылығын ашқан Мұхаң 1999 жылдары өзінің 60 жас мерейтойын сол Монша жайлауында кең көлемде атап өтеді.

Түрлі себептермен Тәжағаң құдасы тойға шақырылмай қалады. Той өтісімен Тәжағаң Мұхаңа өлеңмен құттықтау жолдапты:

Ассалаумағалейкум, Мұқым!

Бәйсеуден туды деуші ед жақсы тұқым.

Біреуді біреу ұмытып,

Не болып бара жатыр мына бір күн?

Алпыстың шығып тұрсың белесіне,

Білеміз еңбектерің ел есінде.

Жүзе бер бар туысқан арасында,

Өмірдің желқайықтай кемесінде.

Алпыстың бүгін шықтың асқарына,

Бермесін еш жамандық бастарыңа.

Шатты өмір, жақсы көңіл, бақыт берсін,
Ағайын, үрім-бұтақ жастарыңа.

Амантай әрі балдыз құдағиым,
Бажамның арқасында жақсы күйің.
Жарыңмен балалардың арасында,
Көре бер бір Алланың берген сыйын! - деп
тілектес екенін жеткізе отырып, негізгі сауалға
ойысады.

Мұқсиынға үш сауал?
Бөрі мен ер жігіттің азығы не?
Екі құда арасы қазығы не?
Сәрсембек, Әбдіраш пен Жасымбек жоқ,
Қыз бергеннің қашан да назы бар ғой,
Тойыңда отырмайтын жазығым не? - деп,
Мұханды бір тұқыртып алса керек.

Жолдан жығыла қояр Мұхаң бар ма, арнайы
мал сойып, Тәжағаң ақын бастаған құдаларын
жайлауында бір күн қонақ етіпті.

ҚЫЗЫЛ ҚОЙДЫҢ АЙТЫСЫ

Тәжібай Байғазы қыстағына қой төлдету
науқанына жіберіледі. Қоздаған қойды жая-
ды. Ферма меңгерушісі Сапар Әубәкірұлы, зо-
отехниктер Қабжан Бегендікұлы мен Нақып
Төкейұлы – бұл үшеуі де көшкін атасынан, яғни
Тәжағаңа балдыздар. Кеңшар директоры Орал
Шахуов, бас зоотехник Сағат Әбдіғұлов.

Қызыл қой:

Алысқа бара алмаймын – қойшы жаяу,
Тіреліп тұрған жоқ қой шөп те таяу.
Қыс қатты. Азып-тозып зорға шықтым,
Бұл күнде қарын тоймай көңіл қаяу.

Тәжібай:

Ат болса апарар ем алысқа айдап,
Қарның тойса жүрерсің көзің жайнап.
Халым жоқ, өзім жаяу бара алмаймын,
Сапарым қойған жоқ па жіпсіз байлап.

Қызыл қой:

Қабыжан қарамады-ау біздің халға,
Бұл күнде мал басына қастық бар ма?
Болғанда бірі жылпос, бірі шабан,
Айтпайсың мұны неге бастықтарға?

Тәжібай:

Айтайын Орал менен Сағат келсін,
Жағдаят қалымызды көзі көрсін.
Егер де екеумізді есіркесе,
Астыма мінетұғын бір ат берсін.

Қызыл қой:

Ет берем, жүн де берем, қозы берем,
Жылына әрбір түрлі бейнет көрем.
Егер де Сапар қозы тауып көрсе,
Артымдағы бақташым, сен не дер ең?

Тәжібай:

Аман-сау жүре бергін, қызыл қойым,
Сапардан артық екен ақыл-ойың.
Еркек қой, Сапар қозы таба алмайды,
Осымен артық сөзді мен де қойдым...

Осы кезде қой бағып, төбенің басында отыр-
ған Тәжібайдың жанына ферма бастықтарының
бірі Нақып Мұқашұлы атын тебініп келе қалады.

Нақып:

Бұл жатқан осы жерде кәрі қой ма,
Ішінде жас-кәрісі бәрі қой ма?
Өзі ішкіш екі күннің бірінде мас,
Бұны неге тапсырған Тәжібайға?


Қызыл қой:

Бізді жаңа көрдің бе, Нақыбым-ай,
Құла серік ойнақтайды тақымыңда-ай.
Егер де директордан бір боқталсаң,
Кіреді сонда сенің ақылың-ай.

Тәжібай:

Көгенде маңыраған қозы қалды,
Өзіңе бақташы жоқ менен жайлы.
Айтысты осыменен тоқтатайық,
Ауылға қайтар кез де таяу қалды. («Шылым-
ның көктемі кеш, қысы ерте». (89-90) бет.)

ӘЛТАЙ (ӘЛІМХАН) САТЫБАЛДИН.
(1937-2015)



Әкеміздей болып кеткен Әлекең жездеміз шынымен де жанымызға жақын еді. Ол кісінің кісілігін сірә да айтып тауыса алмайсың. Атағынан ат үрікпесе де, шеншекпен киіп, дүниенің тұтқасын ұстамаса да, аласа бойлы Әлекеңді Қаратал халқы төредей күтті, қожа әулеті «күйеу» деп, төрінен

орын берді. Жездеміздің қимыл-қозғалысынан ішкі жан дүниесінің лебі есіп тұратын, адам біткенге адал, өмірге ерекше құлшыныспен ынтық жан еді.

Қараталдықтардың аузында Әлекеңнің әңгімелері. Әлекеңнің аты аталғаннан бала да, бала емес те ыржыңдай бастайды.

«Қызық жездеміздің» – Әлекеңнің туған уақыты 1937 жылдың сәуірінің салқыны.

Туған жері: Қараталға қарасты Қасабай бөлімшесі.

Жүрген-тұрған, нан жеген жерлері: Қасабай, Қаратал, Ақтоғай, Балқаш.

Білімі: Бухгалтерлік курс.

Бітірген ісі: Учетчик, Бөлімшеде есепші, совхозда бас есепші. Аудандық газетте штаттан тыс тілші.

Адамдық сапасы: Жан дүниесі өте таза адам. Бөгде келіншектерге мүлде көз салмайды. Жүріс алып кетсе, өте қауіпті болған.

Балалары: Төрт қыз, үш ұл. Ойда, қырда балалары жоқ, бәрі өзінікі.

Тәбеті: Бір қойдың еті.

Жақтырмайтыны: Өсек-аяң, өтірік.

Әлімхан Сатыбалдин кешегі Өндіріс, бүгінгі Қасабай бөлімшесінде 1937 жылы сәуірде дүниеге келіпті. Жазықсыз жайсаңдардың қынадай қырылып, тұманды түнектің сейілмеген тұсы. «Тарих – тек өз тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ» демекші, ол кезеңнің балалары «бақыттың көкесі – бір үзім нан» деп өскен ұрпақ, 4-5 жасқа келгенде соғыс басталса, Әлекеңдерден не балалық дәметесің? Ел аспанын қара бұлт торлап, ерлер тегіс майданға аттанса, кәрі-құртаң мен үрейден үрпиген ұл колхозға ие болып қалса, не үміт, не қайыр? Әйтеуір, «шықпа, жаным, шықпаның» кері де. Әкесі Сатыбалды Әлекең 2 класс оқып жүргенде, яғни 1948 жылы қайтыс болыпты. Жастай жесір қалған анасы Бибіғайша інісі Жолтай мен қос қарындасы Қаман, Қамарияны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қатарларынан қалдырмау үшін бар күш-жігерін колхоз жұмысына арнапты. Сол кездегі көптеген шаңырақтардың туын жықпай ұстап қалған осы

Бибіғайша сынды аналарымыз.

Бибіғайша шешеміз Қазақ ССР оқу министрінің орынбасары болған Әуезхан Қанафин ағамыздың қарындасы. Анасын көзіміз көрді, жақсы жасап, 90-нан асқанда дүниеден озды. Абдиманов Сейілханды бауыры санап үйіне жиі келіп жүретін, бірде қабырғада ілулі тұрған Л.И.Брежневтің орден-медальдарға толы үлкен суретін көріп:

- Мынау менің Сейілхан бауырым ба? Өзі толып бір әйбат боп тускен екен суретке, - деп маңындағыларын бір күлдіріп еді жарықтық. Анасының қайырымын да, қайыруын да көп көрген Әлекеңе аңқаулық көбіне ана сүтінен дарыған ба дедім.

«Қоғам дәулетіне қол сұғыпсың, колхозшылардың еңбеккүнін жепсің» деп жазылған арызға байланысты аудан прокуроры Ахмедия Сауқымбеков Әлекеңді өз үйінде тергеп, біраз қыспаққа алса керек.

Әңгіме ауанын сезген Бибіғайша шешеміз «Бұл Алтай басқаны қайдан жемейді, менің 12 сомымды да жеп қойған, қарағым» десе керек.

Обылыстық прокуратураның «Құрмет кітабына» енген Ахаң да ана мен баланың арсындағы адалдыққа басын иіп, істі қысқартып қайтқан екен. Сөйтсе, бір тиынына тиіспей әр ай сайын зейнетақысын анасының қолына әкеп беріп дағдыланған Әлекең бір жолғы пенсияны қайынжұртқа асырып жіберсе керек.

Қаракесек руына жататын Сарым елінің төрт

«Шежіре» кітабын жазып шығарған Тұрсынбек Жақсыбайұлы әкеміз «Шындық пен қиянат» кітабында:

- 1965-жылдан бүгінгі күнге дейін сыйымыз жарасып, тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан Қараталдық екі азамат бар, бірі – Байзада, екіншісі – Әлтай, - деп еске алады.

Шығармадағы Әлекеңнің өз айтқан баяндауларына тоқталар болсақ: «Әкемнің әкесі Байсынның балалары тұрмай, өле беріпті. Әкемді туысымен Балқаш көлінің ар жағында тұратын қайыңжұртына беріп қойып, кейін бір арқа отын апарып беріп, өз баласын қайыра сатып алыпты. Содан оның атын Сатыбалды қойыпты. Әкем менің шешемді алмай тұрғанда 7 баласы, 2 әйелі болыпты.

Негізгі мекені Орта Дересін екен. Жаз жайлауға көшіп келіп жүргенде, ағайындарынан бөлініп, аудан орталығы болып жатқан Қарамойын жерінде қалып қойыпты. Ол жерді ол кезде «Ақүй» дейді екен. Осы Ақүйдің орнына «Өндіріс» колхозы орналасыпты. Әкемнің ағайын, туған-туыстары «Үйіріңнен айырылма, бұл жақта қалма» деп жатып жабысыпты. Бірақ, әкем айтқанынан қайтпай, бармай қалыпты. Содан 1932 жылы елге аштық келіп, оған іш ауруы араласады.

Жеті баласы, екі әйелі бірдей өліп, жалғыз басы ғана сопыып қалады. Аштық пен іш ауруы араласқан халық Балқашқа қарай шұбыра бастайды. Жеткені жетіп, жетпегені жолда өліп,

көмүсіз қалып жатады.

Әкем Сатыбалды ешқайда бармай, «Өндіріс» колхозында Рахымжан, Әкімжан, Мақсұтбек, Гәкку, Мүсілім, Смет, Мәжит, Қожа, Оспан, Қайролла, Ораздардың үйлерімен бірге қазіргі Қасабай ауылын мекендеп қалған. Қарамойын жеріне егін салып, өмір күннен-күнге жақсара бастады. Осы жұмыста бригадир болып істейтін Рахымжан әкеме жаны ашып, Аяндының қызы, Арақбай Қанапияның әпкесі Биғайшаға сөйлесіп, алып береді. Шешем әкемнен көп кіші болса керек. 1934 жылы үйленді. 1935 жылы Әлімжан деген бала туып, үш айдан кейін қайтыс болады. 1937 жылы өмірге мен келген екем.

Әлекеңнің айтуынша, «ит мініп, ирек қамшылай жүріп» 1956-жылы аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектебін 96 бала бітіріпті.

«Үздік оқыдым, староста болдым» деп мақтанып та қоятын. Кейін құрдастары бұл сөзін жоққа шығармады.

Әке жоқ, жетім өскен Әлекең онжылдықтан соң, жоғары оқу орнында оқуға қарты келмей, бірден еңбекке араласады.

Ауданымыздың құрылуының 75 жылдығы қарсаңында Әлекеңнің: «Ұшқан ұямыз колхоз еді», - деген мақаласы шығып еді. («Тоқырауын тынысы» №45. 9.10.2003 жыл)

«Арқа еңбеккері» газетінің ауыл-ауылдардан айшықты хабарлар жолдап отыратын, газеттің тұрақты авторлары – штаттан тыс тілшілері

болған. Біздің Қараталдан Әлімхан Сатыбалдин мен Таймыр Қожахметовтар болатын. Сол мақаласын еш өзгеріссіз жариялауды жөн санадым.

ҰШҚАН ҰЯМЫЗ КОЛХОЗ ЕДІ

«Тоқырауын бойындағы колхоздастыру басталғанда, біздің ауылдың алғашқы ұйымдасқан колхозының аты «Өндіріс» болатын. Орталығы – қазіргі Ақтоғай селосынан 4-5 шақырым Тоқырауын өзенінің сол жақ жағалауы. Оңтүстікке қарай, Қарамойын деп аталатын жер – «Ақүй» басы. Сол колхоздың мүшелерінен қазірде тірі жүргендері, соғыс және еңбек ардагерлері Жүнісов Амантай, Жүнісов Мінтай, Әкімжанов Зекен, Алшағыровтар әулеті: Есеева Қамар, Мұқанов Смет, т.б.

Қазірде аудан орталығында тұратын Омаровтар әулеті: Мәжит, Мәжкар, Матай, Ахметбеков Мүсілімбек, Айнабаевтар, т.б.

Ақтоғай көлемінде 30-35 колхоз болатын. Бұлар 1950 жылдың бас кезінде екіден, үштен бірігіп іріленді. Біз көршілес «Қуаныш» колхозына қосылып, «Қуаныш» колхозы болып құрылды. Орталығы қазіргі Қуаныш елді мекені. Сол кездегі Үкімет қаулысымен 30 мыңдықтар ұранмен ауылды, колхозды басқару үшін, армиядан қайтқан, қызмет істейтін көзі ашық азаматтарды басқарма төрағасы етіп жіберді. Өзім білетін Сейсепов Ақыжан потребсоюз бастығы

Қуаныш колхозының председательдігіне, Буденный колхозына Мейірманов Қанафия, Ұлы Октябрь колхозына Әбілдин Сәрсенбай, оқу бөлімі бастығы Смағұлов Болтайхан Бірлестік колхозына, сол кездегі банк бастығы Ақбаев Құлжанбек Қызыларай колхозына барған еді. Колхозда машина, трактор жоқ кезі. Егінді өгіз соқамен салады. Тұқымды қолмен сеуіп, шыққан егін қол орақпен орылып алынады. Дәнді құнан өгіз, тайыншалармен бастырып, сабағынан ажыратады. Шөпті де ат болмаса өгіз машинамен шабады. Өгіз арбамен тасылады. Жұмыстың бәрі қолмен атқарылады.

Қайнаған еңбекке еңкейген кәрі, еңбектеген баладан басқа қыз-келіншектер де жұмылдырылатын. 1930-1950 жылдар аралығындағы колхоздардың барлық малы колхозшылардың өздерінің жеке меншік малдарынан алып ұйымдастырылған. Бұл малдар колхозшылардың ортақ меншігі болып есептелетін. Ол малдан алынатын табыс – сүт, қойды сауып, брынза жасайтын. Аз қойдан алынатын жүн колхозшылардың киізүйлерін бүтіндеуге беріледі.

Егіннен алынған астық қамбаға құйылады. Тұқымдық астық алып қалынады. Қалған астықты колхозшыларға әр колхозшының тапқан еңбеккүніне тиесілі үлестерін береді. Ал, колхозшылар осы еңбек күнге алған астығын келесі жылғы егіннің астығына дейін үнемдеп жеткізеді. Аз малдың сүтін жаз бойы сауып ішеді. Жыл

қортындысында барлық тапқан еңбек күндері жинақталады. Жоғарыда айтқандай қамбаға құйылған тұқымнан басқа астық бір еңбеккүнге қаншадан келеді – соны колхозшыларға әділдікпен үлестіріп береді. Колхозшылардың жалпы жиналысы жылына екі рет – алты ай сайын бір өтіп отырады. Осы соңғы жиналыста правление мүшелерін 7 немесе 9 адамнан сайлайды. 9-дың біреуі басқарма – правление председателі болып бекиді. Басқарма мүшелеріне қой, сиыр, жылқы фермаларының меңгерушілері, егіс бригадасының бригадирлері, озат колхозшылар сайланады.

Басқарма төрағасы председателі осы жиналыста бір жылда атқарған жұмысқа есеп береді. Көпшіліктің жиналысы сонымен қатар, үш адамнан тексеру комиссиясын сайлайды. Оның біреуін төрағалыққа бекітеді. Тексеру комиссиясы колхоздағы табыстың дұрыс кіріске алуын және де шығыстардың орынды жұмсалыуына бақылау жасап отырады. Тексеру комиссиясы жылына бір рет есеп беріп отырады. Колхоздың негізгі қоры екі қордан тұрады. Біріншісі – негізгі қор, екіншісі – айналым қор. Бірінші негізгі қорға үй, қора, складтар, аталық, аналық малдар, бар болса машина, тракторлар жатады. Екінші қорға айналым қорға колхоздың құрал жабдықтары, айыр-күрек, жас малдар, жем-шөп, астық, малдан алынған өнімдер т.б.жатады.

Колхоз осы екі қордың есебінен күн көреді. Ең тақау қала Балқаштан өздері өндірген

мал өнімдеріне ет, май, жүн, бронзыларын базарға сатып, содан түскен ақшаларға құрал-жабдықтар әкеледі.

Ол кезде қалаға жүретін техникалар болмайтын. Тек қана өздерінің түйе-өгіз, арба-шаналарымен барады. Ұлы Отан соғысы халыққа үлкен ауыртпалық әкелді. Бұл соғыс колхоздардың дамып кетуіне үлкен әсерін тигізді. Колхоздар кедей мешеу халде болды. Кейбір колхоздардың өз табыстары өздеріне жетпеді. Колхоздың алға басып, жақсы табысты болуы іскер басшыларға да байланысты еді.

Сейсепов Ақжжан басқарған біздің Қуаныш колхозы аудан көлеміндегі 35 колхоздың алдында болды. 1954 жылы біздің аудан бойынша екі МТС ашылды (машина, трактор станциясы).

Ол жоғары МТС Қоңырат, ал төменгі МТС Қарабұлақ деп аталды. Жоғарғы МТС орталығы қазіргі Сәуле, төменгі МТС орталығы Ақтұмсық елді мекені болды. Екі МТС-қа аудан көлеміндегі колхоздар жер ыңғайымен, қашықтығына қарай бекітіліп берілді. МТС-тар колхоздарға жалданып егінін салып, оны орып, шөбін де шапты. Және де бұзылған техникаларын жөндеп өткізді. Сол еңбектері үшін колхоздан мал, астық алып отырды. МТС-тарды үкімет жаңа машина, тракторлар, шөп шабатын, егін салатын техникалармен өздері қамтамасыз етті.

Мен 1956 жылы аудан орталығындағы сол кездегі М.Горький атындағы орта мектебін бітірдім. Жоғары оқу орнына баруға

жағдайымның жоқтығына көзім жеткен соң, 1956 жылдың август айында өзіміздің туған ауылымыз Қуаныш колхозына келіп, басқарма председателі Сейсепов Ақыжанға 10 класты жақсы бітірдім және оқуға баруға қаражатым жоқтығын айтып, колхоздан қолымнан келетін жұмыс сұрадым. Ақаң өте қарапайым, кішіпейіл, ашық мінезді адам екен. Менен алдымен аттестатымды көрсетуімді өтінді. Ақаң:

- Ой, қарағым, оныншы класты екі-ақ 4, қалған пәніңді кілең 5-ке бітірген екенсің, колхозда сені оқытатын қаражат жоқ. Менің көмегім Сайбақов Қуандық басқаратын сиыр фермасына учетчик жұмысқа жібереміз, сонда жұмыс жасайсың. Егер, талабың болса кейін көре жатармыз, колхоздың орталық бухгалтериясына есепшілікке аламыз, - деді.

Басқарма правлениясының жарлығын беріп, өзімді Сайбақов Қуандық басқаратын Қызылсеңгірдегі сиыр фермасына учетчиктік жұмысқа жіберді. Марқұм Қуандық та жұмысқа өте берілген, тыным тапайтын, еңбекқор, шала сауатты адам екен.

Жағдайымды айтқаннан кейін, ақылын айтып жұмысты неден, қалай бастайтынымды үйретіп, жылы жүзбен жұмысқа қабылдады. Колхоз екі қой, екі сиыр, бір жылқы фермаларынан құрылған. Председательдің орынбасары Омарбеков Сейдіғали, қой фермаларының меңгерушілері Қаңтарбаев Сейдіғазым, Алшынбеков Сарбас, сиыр фермаларын Сайбақов

Қуандық, кейінде Ақторғаев Жүзбай, жылқы фермасын Сүйменбаев Шәкіжан басқарды. Қасабай бөлімшесіндегі сиыр фермасының учетчигі Мұрсалимов Қайролла болатын.

Мен барған сиыр фермасында 5 қыстау, 7-8 бақташы, сүт сауатын 8-9 сауыншы әйел адам бар екен. Ол кезде сүт жоспарын орындау өте қиын. Әр сауыншының жеке-жеке жоспары болатын.

Сиыр үш мезгіл сауылады. Әр сиырдың сүті жеке-жеке өлшенеді. Екі жылдан кейін сиыр сауатын жас қыздар қосылып, сауыншылар бригадасы ұйымдастырылды. Олар қазір де бар: Мықтыбекова Мағила, Жұмабекова Балыкен, Сатыбалдина Қаман, Ванзитлер Зина, марқұм Әбеуова Мағытай, Стыбаева Зейнел, т.б. Сүтті жаз айында Былқылдақ май заводына Ақтастағы көшпелі көлікпен, кейіннен машинамен таситынбыз. Колхоздың барлық сүтінің есебі, ұйымдастыру жұмысы менің жауапкершілігімде. Сүт жоспарын жыл сайын асыра орындап отырдық. Барлық сиыршылардың, сауыншылардың еңбек ақысын, мал есебін, оның кіріс-шығыс есебін жүргіздім.

Завфермалар мал азығын дайындау, т.б. күрделі жұмыстармен айналысты. 1958 жылы колхозшылардың жалпы жиналысында колхоз тексеру комиссиясының председателдігіне мені сайлады. Тексеру комиссиясының атқарған жұмыстары туралы жыл сайын есеп беріп

отырдық. Мен жас кезімде өмір тәжірибесін колхоздан алып, жоғарыдағы ағаларымыздан үлгі-өнеге алып, азаматтық дәрежеге жеттік.

Мен колхоз бен МТС жөнінде неге жазып, ой қозғап отырмын? Ауылдық жерде колхоз болып біріккен шаруашылыққа жетер ештеңе жоқ. «Көп көтерген жүк жеңіл» дегендей, көп болып ұйымдасқан жұмысқа не жетсін? Не келсе де көптің қолынан келеді. Көптің аты – көп. Бүгінде жеке-жеке фермерлік шаруашылықтың пайдасы да шамалы-ау деймін «Бөлінгенді бөрі жейді» - демеуші ме еді. Өз басым жеке шаруашылықтан, ұйымдасқан шаруашылық артық дер едім. Неге десеңіз, бұдан 50-60 жыл бұрынғы колхоздың адамдары қазіргіден әлдеқайда бауырмал, еңбекқор жандар еді. Ұйымдасқан шаруашылық жөнінде көп айтылып, көп жазылып, ой толғап жүр емес пе? Әрине, оның тиімді жағы көп. Бірақ, бауырмалдыққа, адамгершілікке, кішіпейілдікке, еңбексүйгіштікке, туысқандыққа үйреткен колхоз емес пе?» «Ұшқан ұямыз – колхоз» еді демеске не шара?

Әлекеңе қанша дегенмен жоғары оқу орнында оқымағанның салдары да тиді ме, болмаса жас балалар мен кәрі шешеге қарайлады ма, Қасабай бөлімшесінде 20 жылдай сүрініп-қабынып жүріп қалады. Өзінің ізденімпаздығы, еңбекқорлығы арқасында Қаратал совхозына бас есепшінің көмекшілігіне шақыртылады.

1986 жылдың қаңтарынан 1996 жылға дейін совхоздың бас есепшілік қызметін совхоз

тарағанша абыроймен атқарып, зейнеткерлікке шықты. Осы жылдары совхоз арқылы Қарағанды қаласындағы бір жылдық бухгалтерлік курс пен 1983-жылы Алматы қаласының ауыл шаруашылығы институты жанындағы 3 айлық арнайы бас есепшілердің дайындық курсын бітіреді. Бар тауысқан оқуы осы.

Тыл және еңбек ардагері. Аудандық, облыстық басшылық тарапынан Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарының иегері. 8 бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке.

Жары Рахила – Өзбекұлы Кенжеш қожаның қызы. Бекқожа, Өзбек, Ешмұхамет (Ештанай) ағайындылар, яғни немереміз. Ауданы орталығындағы «Ардагерлер» ансамблінің белді мүшесі болды.

Жездеміз бала көңіл сенгіш, аңғал, өтірік айтсаң да нанып қалатын, өмірі мен өнегесі қоса өрілген жан еді. Әлекең былай сырттай қарағанда ән салатын адамға ұқсай бермейтін. Ал, жеме-жемге келгенде нақышымен, бабымен, нәзік сезім, жүрекпен шырқайтын.

Әлекеңнің өзіне ғана жарасатын тұнық, тұма дауысы болатын. Бұған қазір біреу сенсе, біреу сенбес, бәлкім. Бірақ, менен бөлек көзі тірі куәлер жетерлік қой. Сол кездердің өзінде сирек орындалатын, кейін мүлде аз айтылып жүрген інжу-маржан «Аққұм», «Айтбай» сынды халық әндері Әлекеңнің орындауында кәсіби әншілерден ілгері болмаса, кем түспейтін.

Отырыстарда, тойларда тілек айту стилі

көпшілік қайталай беретін стандартты емес, бірден жұртты өзіне баулып алатын, ерекше және өзгеше болушы еді. Қарындасымыз тұрмысқа шығып, ағайындарымыз құдаларымыздың құрметіне бөленіп, қарық болып жатқан тұста, жездесі деп әспеттеп, Әлекеңе сөз берілді. Басын жап-жақсы бастап, аяғында:

«Жезде, жезде, жезде - деп, бұл балдыздар бойжетіп алады да, «шу» деп құйрығын да ұстатпай кетеді» - демесі бар ма, ел ду күлді.

Өтірік аңқаусып, осылай қиыстырып жіберетінін, мен де жібере қоймайтынмын.

Қош, сонымен басты тақырыбымыз күлкіге ойысалық:

Шүкір деңдер, күліңдер,
Қартаймаудың бір емі,
Күлкі екенін біліңдер.
Кіршіксіз таза күлсеңдер,

Алланың өзі пірім дер - демекші, шын ниетпен күлген адамға, табиғаттың өзі ән салып, тұнжырап тұрған күн күлімдеп қоя береді-мыс.

ӨЗДЕРІ ҒОЙ АЙТЫП ҚОЙЫП ЖҮРГЕН

2001 жылы қаңтар айының 11-күні аудан орталығында әкей қайттыс болды. Керемет боран басталды. Жан-жақтан ағайын-туыс келіп үлгерді. Қазақ өлімде бір, қуанышта бір сынайды демекші, сын сағаты басталған мерзім.

Бір жақтан кешігіңкіреп Әуелбек жиен келді. Келген бойда басқаруда жүрген Әлекеңді

шақырып алып, «мыналарыңыз қалай, қазір елде ақша жоқ, 15-іне қарай жаппай ақша алады, кішкене елге естіртпей қоя тұрмадыңыздар ма?! Қыс іші иістеніп кетеді дейтін емес» дейді ғой. Сонда аңқау Әлекең: «Мен емес, балалары ғой ерте хабарлап қойған, Әукеңнің варианты да дұрыс екен» - депті.

ОСЫ БІР КЕЛІНШЕК КІМ ЕКЕН?

Әкейді жөнелтерде Әуелбек жиен мен Әлекең жездеміз кіріс-шығысты жазуға отырды. Боранның кесірінен бес күн мәйітті аялдануға тура келді. Оның үстіне 90-ға жуықтап қайтқан адамдыкі той ғой. Әуелбектің үйіндегі Айтбала жеңгеміз шаруашылық жұмыстарымен жүріп, қайта-қайта Әлекеңдердің алдынан өте берсе керек. Көлденең өткенді құр жібермейтін Әлекең:

- Әуелбек, осы бір келіншек кім? Келісті екен өзі, - дейді ғой тамсанып.

Әуелбек те танымағансып, «менің де көзім түсіп жүр еді, вкусыңыз жаман емес екен, Әлеке, қай ширағымыз қимылдап қалайық» деген екен.

БЕРІ ЖАҒЫНДА СУ БЕРІП ТҰРДЫМ

Әлекеңнің қарт құдасы жасы ұлғайған шағында Балқаш қаласына балаларының отауына қыдыра барып, қайтыс болады.

Жаз айының аспан айналып, жерге түсер

аптап ыстығында мүрде шыдай ма? Ауылға әкеткенше моргте сақтауға тура келеді.

Ауылға әкелген бойда құдалық жолымен Әлекең мәйітті жууға қатысады. Жиен әзілсіз жүре ме?! Әлекеңнің аңқаулығын пайдаланып, (құдасының көзі көк, ақсары кісі болатын) өзінің бажасы, сол әулетке жиен Сәбит:

- Әлеке, мына жақта ел дүрлігіп жатыр, ол кісіні моргте айырбастап жіберіпті, - деп, анық сол кісі ме екен?! - десе, аңқау Әлекең:

- Әй, шырағым, мен соны байқамадым, бері жағында су беріп тұрдым ғой, - деген екен.

ТЫНЫШ ТҰРҒАН ТҮЙМЕГЕ ТИІСІП

Тағы бірде көрші ауылға қонағасына барған Әлекең (өзі аласа ғана адам ғой) абыр-сабырда өзінің плащы екен деп, әйелдің қимабел қара плашын киіп кетіпті. Сол киіммен бір-екі күн жұмысқа да барады. Кешкілік бәйбішесіне көрсетіп:

- Тып-тыныш тұрған түймені балалар қарсы жағына қадап қойған ғой деймін, бұрынғыдай емес мынау ыңғайсыз, - депті. Бәйбішесі әйел плащы екенін бірден танып «масқара-ай, күлкі боласың да жүресің, мынаны тағы қайдан киіп келдің?» - десе керек.

Кейін айғай-шумен көрші ауылдан өз плащы келіп, бейтаныс жеңгейдікі өзіне қайтарылады.

БИБАЖАРДЫҢ БОТИЫ

Бұл жағдай тағы да қайталанып, кезекті қонақта Құдайберген ағамыздың үйіндегі Биба-
жар жеңгеміздің ботиын киіп кетіп, тып-тыныш
отырған ауылды тағы бір шулатып еді.

Көбіне көкейде жүрген адамдардың киімін киіп
кету арқылы байланысқа шығу әдісін қолдана ма
деп те ойлаймын, ол кезде қазіргідей ұялы те-
лефон байланысы жоқ қой, марқұм Әлекеңдер
сотканы меңгерсе, көбелектерге де күнкөріс
қиындар ма еді?..

ПОСТОЯННО БІРГЕ ШАҚЫРАТЫН

Совхоз тарап, ел жекешеленген шақта Әлекең
жездеміз екеуміз аудан орталығына бірге көшіп
бардық. Өзі айтпақшы, аудан орталығында мек-
теп бітірген, өте жақсы оқыған, староста болған
бәрі соң таниды. Аллаға шүкір, біздің де бедел
жаман емес. Содан күнде бір үй бізді қонаққа
шақырады. Кезекті бір шақырыста біз тізімде
болмай шыққанбыз ғой, сонда Әлекең:

- Қазбекті неге шақырмағансыңдар? Екеуі-
мізді ешкім бөлмейтін, постоянно бірге
шақыратын, - деп, үй иесін тығырыққа тіресе ке-
рек.

Ертеңіне марқұм Сайлаухан құдамыз мені
дәмге шақырып: «Кешір, Қазкен, өзіңнің көшіп
келгеніңді естімей қалдық, әлгі жаман жездең
сені шын жақсы көреді екен» - деп еді.

ӘРКІМ СҮЙГЕНІН ЖЕЙДІ

Бірде бір қонақта арқа-жарқа бәріміз бірге отырмыз. Үйдің иелері де салатты түр-түрімен келістіріп жасаған екен. Ол кезеңде үлкендеу табаққа көкөністерді айналдыра турап, ортасына орта кеседей майонез құйып қояды, араластыру үшін.

Әлекең қаймақ екен деп қалды ғой деймін, дәу қасықты алып, ортадағы майонезді ауызға сала салсын. Апай: «Өлдің бе? Ол салатты араластыратын нәрсе ғой» десе, сасатын Әлекең бар ма: «Әркім қонақта сүйгенін жейді» - деп, отырған елді бір күлдіріп еді.

Бәспен бір тоқтының етін жеген Әлекеңе бір қасық майонез не тәйірі!

БАБЫҢЫЗДА ЖАТЫР ЕКЕНСІЗ ҒОЙ

Әлекеңнің екінші қонысы Шатырша баурайынан бұйырып, өз тұстас, сыйластарынан Байзада, Шаймұрат, Сайлаухан, Сейіткен сынды көршілері болды.

Бірде Сайлаухан ақсақал өз моншасында пардан шыға бере аяғы тайып кетіп, құйрығын қарып алады, білем. Егде адамға оңай тисін бе? Күйіктің дәрісін іздеп шешеміз Мәкең балалары бет-бетімен үйді-үйге жүгіреді ғой.

Хабарды естіген Әлекең отыра ала ма – «Рахила жүр, ұят болады, жедел халін сұралық, - деп сүйрей жөнелгені, - дейді апай.

Барсақ Аман аға бастаған екі-үш көрші әйел де келіп үлгеріпті. Ұят-ай, желпілдеп менің неменеге жетіп барып жүргенімді білмеймін, Сәкең етпетінен жатыр екен, үстінде жұқа жамылғы, мына жыңды жездең Сәке, көне, күйген жеріңіз? - деп жамылғыны жұлып алғаны. Онымен қоймай, Е, Сәке, бабыңызда жатыр екенсіз ғой, - дейді. Мазь ба, бірдеңе жағулы, жалаң күйі. Біз не істерімді білмей дал болдық та қалдық. Сәкең де сабырлы адам ғой – келіндерінен қысылды ма, Әлтай басыңа берсін, басыңа берсін, - дей берді.

Мен тысқа қалай атып шыққанымды білмей де қалдым» - деп, апай бір шегімізді қатырып еді.

СОНАН СОҢ ЕСТИСІЗ, СОНАН СОҢ ЕСТИСІЗ

Әлекең балаларының бағбаны еді. Үлкен ұлы Қайрат еркелеу өсті. Қазақ күресінен ауданымыздағы ең бірінші спорт шеберлерінің бірі, ұстазымыз Мұрат Қасымовтың үлкен үміт күткен балуандарының бірі болып, жүлделі орындардан көрініп жүрді. Оның үстіне, совхоздың бас бухгалтерінің ұлы, еркелігі бір басына жететін.

Сол Қайратымыз қыстың ортасында, боранды күні келін түсіреді. Ел «Мака» атап кеткен, Күлекең ағамыз бен Дәметкен шешеміздің ибалы қыздарының бірі. Шын аты – Амангүл.

Ол кезде мен Алматыда оқудамын. Балзияның айтысы бойынша, боранның қатты соққандығы соншалық, ауылда жарық сөніп, сол күні Әлекеңдікінде қонып қалыпты. Жарық сөнген соң телефон да ажырайды. Көп ел хабарыз қалады. Ескі дағдымен Әлекең таң атар атпастан, жұмысқа кетіп қалады ғой. Өзіне де обал жоқ, кабинетін енді ашып отыра бергенде, иманды болғыр түнде түсірген келінінің әкесі Күлік марқұм кіріп келеді. Қолында қағаздары Әлекең мелшиіпті де қалыпты. Онымен қоймай «Әлтай түнде келін түсірді дей ме?! Бала қай жердікі» - демей ме?.. Сасып қалған Әлекең сәл тысқа шығалықшы, - деп, есігін құлыптай салып, жүгіре жөнелсе керек. Күлекеңнің де ойында түк жоқ «Әлтайжан, - десе Күлеке, сонан соң естисіз, сонан соң естисіз» - деп үйіне қарай зытады ғой. Үйге жетісімен, «Рахила, қамдан, құда әлі естімепті, алдынан өтілейік» - десе керек.

ҚАЗІРДЕН БАСТАП БОССЫҢДАР

Бір жазда Әлекеңнің екі баласы қатар үйленетін болып, той бір күнге белгіленді. Дайындық қамы басталыпта кетті. Тойды басқару міндеті маған жүктелген.

Інім Жазбектің қайыңжұрты Өскеменнің Тарбағатай ауданы. Тойға оншақты күн қалғанда құдалар жағынан шақырту келіп, маған аяқ асты жол жүруге тура келді. Әке-шеше қартайған, еріксіз жол менікі. Хабарды естісімен

екі өкпесін қолына алып, Әлекең жетсін, «Сенің басың істей ме?! Бір емес, екі баланың тойы, орныңа Жәңгір барсын, сен, қал, мен 300 адамды шақырып қойдым» - деп, расымен де сұмдық налыды.

Бұрын да Айыртас, Жорға арқылы барып келіп жүрген жерім. «Әлеке, денім сау болса келем» - деп, ренжісе де кеттім.

Құдалар да бір барған соң жібере қоя ма, жұмаға дейін тойлап, түске қарай сұранып, жолға шықтық. Ол аралықта шыдамсыз жездеміз бас экономист болып істейтін марқұм Тәжікеев Жанатқа айтып, ауданнан екі тамада алдырып қойыпты. Біреуі – өзімнің өнердегі бауырым Кәукербек.

Содан қойшы, тоқтаусыз жүріп, сенбі күні таңғы 8-ге қарай МТМ бөлімшесіндегі Қайролла ағай мен Нәзия жеңгемдікіне келдік. Ағай сонда бөлімше меңгерушісі. Той кешке, жездем алаңдамасын деген оймен Әлекеңе телефон соғайын, телефонды көтерген Әлекең дауысымды естісімен трубканы қойды да, сол беті құрыды. Тосып-тосып мен де трубканы тастадым.

Сөйтсем, Әлекең сол бойда төргі бөлмеде бас жазып, арқа-жарқа болып отырған тамадаларға барып: «Балалар, қазірден бастап екеуің де боссыңдар. Қазбек МТМ-ге келді, тойды енді өзі басқарады» деп айтып салған ғой.

Кәукербек айтады: «жәйлап естіртсе де болады ғой, жездеңіз анадай суық хабармен кісі

өлтіреді ғой» деп күлетін.

Я, АЛТАЙ, МУЖ ЛАЙЛУ

Әлекеңнің жары Рахила – менің немере апам. Біз жасымыздан «Лайла» деп атап кеттік. Рахила апайдан кейін қыздан Зәбира деген апамыз бар.

Зәбира апайдың балалары қалада өсті де, бәрі жасынан орысшаға бейім болды.

Іс-сапармен қалаға келген Әлекең апай берген сәлемдемені сол үйге тастай кетпек болып, есіктерін қағады ғой. «Кто там?» депті, есіктің ар жағынан шалақазақ жиендер, сонда сасып қалған Әлекең: «Я, Алтай, муж Лайлу» десе керек.

Алтай – Әлтайды орысшаға аударғаны ғой, ал Лайлу болса-болмаса да Лайла есімінің аудармасы – Әлекеңский вариантпен.

ЖАЛҒЫЗ ТҰРМЫН БА?

Бірде іңірде Тораңғалыққа қайтып бара жатып, жол бойындағы дүкеннің алдынан Әлекеңнің тұрғанын көріп қалдым. Ертесіне жолыққан бойда «Әлеке, түнде түнделетіп дүкеннің алдында неге тұрсыз?» - деген сауалыма, «Жалғыз тұрмын ба?» - деп өзіме қарсы сауал қояды.

БАЛАЛАР, РАХИЛАҒА АПАРЫП БЕРІҢДЕР...

Жас ұлғайған соң адам ауырмай тұра ма – бірде сырқаттанып қалалық ауруханаға түседі. Қаланың тең жарымы ақтоғайлықтар ғой. Оның үстіне Әлекеңнің жора-жолдасы жетерлік. Күніне 5-6 үй тамақ әзірлеп әкеледі екен. Аурухананың кішкентай тоңазытқышына не сыйсын – кейбір дәмді рахметін айтып, кері қайтарады екен. Мұны естіген апай, «ұят болады, дәмді кері қайтарма, сені сыйлағаннан кейін әкеп жүр, ел ерігіп жүрген жоқ» - десе керек.

Ертесіне тағы да тамақ алып, екі ағайынның балалары келсе, аңқау Әлекең: «Тоңазытқыш толып тұр, жаңа ғана дәм ішіп тұрдық, балалар осы дәмдеріңді үйге Рахилаға апарып беріңдер, Рахилаға апарып беріңдер» десе керек.

Жанында бірге жатқандар,

- Қазкен, жездең шынымен де әпенде адам,
- деп еді.

МЕН БІР ЕРІГІП ЖҮР ҒОЙ ДЕЙСІҢДЕР МЕ?

Аудан орталығындағы Қаппаров Амантай аға мен Майра тәтеміз Әлекеңнің құда-құдағиы. Мені бажа дейтін, себебі Майра тәтеміз Балзияның немере апасы. Тақиялылардың жиналатын эпицентрі – осы үй. Бәрі зейнет жасында. Таңғы шайдан кейін сонда асығады, себебі күн батқанша карта ойнайды (белка), ерте бар-

маса орын болмай қалады. Аужекең құдасы
Әлекеңе телефон арқылы:

- Тез жет, - деп звандаса керек. Алып-ұшып
Әлекең де келеді, келсе еті ширақтау Есім
құдасы 5-10 минут бұрын келіп, ойынға кірісіп
кетіпті.

Күлкісі мен өкпесі қоса жүретін Әлекең:

- Неменеге звандадыңдар, мен бір ерігіп жүр
ғой дейсіңдер ме? - деп, кәдімгідей ашуланады
дейді.

АНА ЖАҒЫНАН ШЫҒА БЕР

Қасабай бөлімшесінде есепші болып
жүргенде, аудан орталығындағы кезекті бір жи-
ыннан көңілді қайтқан Әлекең ауылға оралған
бойда бірден үйге бармай, сыртқарылау тұратын
замандас келіншектің үйіне қарай бағыт алса
керек. Сезіктенген апай да артынан қуа барып-
ты. Үйге кіріп барса, замандасын стол айналды-
ра қуып жүр дейді, кіріп келген бәйібшесін көріп,
сасып қалған Әлекең:

- Ана жағынан шыға бер, ана жағынан шыға
бер, - депті деседі.

Е, ӨЗІҢІЗ ЖАТЫР ЕКЕНСІЗ ҒОЙ?

Бөлімше есепшісі болғандықтан, шопан ау-
ылын жиі аралайды ғой. Таң қылаң бере қой
өріске кетті-ау деген тұспалмен, шопанның жа-
тын бөлмесіне кіріп барған Әлекең әйелінің жа-

нында жатқан күйеуін көріп:

- Е, өзіңіз жатыр екенсіз ғой, - деп, есікті жауып шығып бара жатыр дейді.

Сөйтсе шопан да сезіктеніп, ауырып қалдым деген сылтаумен малға баласын жіберсе керек.

СЕНІ ҚАНША АДАМ ТАНИДЫ ЕКЕН

Алматы жоғары партия мектебінде тыңдаушымын. Кейіннен КМЭП болып өзгерді ғой.

Әлекең құдасы Күлік марқұм екеуі бір жұмыстармен Алматыға келді. Алдын ала келетінінен хабардармын, бірақ, тосып ала алмадым. Кеген ауданына тойға кетіп қалғам.

Ол кезде жолдасым Балзия ауылда, мекенжайды, телефонды бәрін алғанын жақсы біліп отырмын. Корпуста екі жатақхана бар, бірі ескі, екіншісі жаңа.

Партия мектебінің тыңдаушыларға жасаған жағдайы дегеніңіз, ол уақытта анау-мынау адамның түсіне де кіріп болмайды. Содан Күлекең жанында (ол кісі өте ірі адам болатын) екі жатақхананың ортасында айғайлап жүр дейді:

- Қазбек, Ештанаев, Қазбек, Қазбек Ештанаев, Қазбек, - деп.

Содан жолдастар ұл-қызы бар бәрі өре тұрып, балконға шығады. Жолдастарға да тапсырып кеткем. Олар қос ағаларын мен келсем төредей күтіп жатыр. Жағдайға қаныққан соң:

- Әлеке, пері соғып кетті ме, адрес қолыңда неге айғайлап жүрсіз, екі жатақхананың ортасында? - десем:

- Сені қанша адам таниды екен, соны білейін дегенім ғой, - деп, әдемі қарқылына басып еді.

ХАТШЫҒА АРНАЛҒАН ҚОЙ

Әлекең совхоздың бас есепшісі болып, гүрілдеп тұрған кезең, мен құрылыста ағаш ұстасымын. Цех жанындағы үлкен зал қорада екі мезгіл, көктем мен күзде совхоздың бар малы қырқылады. Үйлеріне де кісі көп келеді, жеті сайын бір қой соямын. Сондай күндердің бірінде Әлекең шақырып алып:

- Жылдам үйге бар, түстікке хатшы үйден дәм ішетін болды, үлкен қой апарып келдім, апаң екеуің тап-таза қылып сойыңдар, шамалыдан соң өзімде соғам, - деді.

Қи қораның бір бұрышы. Апай тағайындаған мал соятын орын. Әлекең де жетті алып-ұшып.

Асығып жүргенде сойылып жатқан қойдың бір жамбасына сәл қорда тиіп кетсе керек. Өзі шыдамсыз адам, ал айғай басталсын. «Не деген жауапсыздық, анау-мынау емес хатшыға сойылып жатқан мал емес па?! - деп быж-тыж болды да қалды. Тау қозғалса қозғала қоймайтын апай да бауырын арқа тұтты ма, Әлекеңді қорадан қуып шықты. «Мен бірінші рет тамақ асып жүрмін бе, бар, бәрін өзім реттеймін» деп. Хатшыға арналған қойдың бауыр, тәуірінен

ауыз тиіп, жездеме соға кетейін деген ой сап ете түсті.

Ол кезде кәзіргі аурухана ғимаратының бір бөлмесінде барлық бухгалтерлер отырады. Контор жөндеуде болды ғой деймін.

Есіктен кірген бойда жоғарыда үлкен үстелде жалғыз өзі шұқшиып қағаз жазып жатқан жездеме көзім түсті. Құдды бір қазанның ішіндегі жалғыз жілік сияқты креслоның ішіне кіріп кеткен. Босағада тұрып:

- Әлеке, жаңа жамбасына биттей қорда тигенге сонша налып едіңіз, Халила (қызы) бүкіл етті тегенесімен жерге түсіріп алды, - дедім-дағы шығып кеттім. Әлекеңнің орнынан атып тұрғанын білем, қалғанында шаруам қанша, кеттім де қалдым.

Кейіннен Ынтықбаев Қазтай марқұм:

- Қазкен-ау, жездеңе не деп кеттің?! Атып тұрып, үйіне қарай балаша жүгірген бас бухгалтерді бірінші рет көрдім, - деп еді.

ШАМПАН КЕЛДІ МЕ?!

Інім Жазбек үйленіп, тойын өткердік.

Шақырылмағаны тек ауыл басшылары. Сол мезгілдің тәртібі солай, үйірі бөлек ауыл басшылары тойдан кейін өздері уақытын белгілеп, жасырын, жеке қонақ болады.

Мен сияқты жездесі басбух болса, басшылардың қай күні, қай сағатта келетінін біліп отыруға толық мүмкіндік бар. Содан қойшы

сағына күткен сөтке, сағат, секунд та келіп жетті. Ауыл басшылары түгелдей біздің дастархан басында.

Басшылық пен біздің дастархан арасына дәнекер болып жүрген апа-жездеміз. Бір кезде «апай, тамақ түсірейік, жезделерің қайда?» демесі бар ма. Сонда барып, есімізге түсті, Әлекең жоқ!

Мәссаған, Жазыбекті конторға жүгіртейін, «бір аяғың мұнда, екіншісі анда» дегендейін. Кәзіргідей көлік, байланыс та жоқ уақыт. Інішекті жедел жүгірткенім де оңды болыпты, Әлекеңнің мүлдем есінен шығып кеткен ғой.

«Директор, партком бәрі-біздің үйде отыр дегенде, сол беті қол-аяғы жұмыс жасамай қалды» - дейді Жазкен рас-өтірігін.

Біздің ауыл «Сазды ауыл» атанатын. Контормен екі аралық 700-800 метрдей. «Әлекең құр ұшып келеді» - дейді. Бір кезде кілт тұра қалып:

- Қаладан алма, алмұрт, біз тапсырған «Миша касалапасы» келді ме?! - деп сұрайды дейді.

- Келді, Әлеке, - деймін. Қайыра жүгіреміз. Сәлден соң тағы тұра қалады да:

Шампан келді ме, - дейді.

Мен «келді» деймін алқынып, «нешеу?» - дейді, «алтау» деймін, «е, онда жетіп қалар» - деп, тағы алға қарай жүгіреміз.

Сөйтіп жездеміз төменгі ауылдағы үйге жеткенше «бар тамақтың тізімін алды менен» дейтін Жазыбек бауырым.

МЕН МЫНА КІСІНІ БІР ЖЕРДЕН КӨРГЕМ

Алматы қаласына Күлік құдасы екеуі келген сапарында, қала аралап жүргенбіз. Ол кезде қазіргідей жаппай жатақтың көлікке қолы жете қоймаған тұсы. Аялдамада тұр едік, ақын Қадыр Мырзалиев кезігіп қалды.

Мен Қадырағағасәлем беріп, «Таныдыңыздар ма?!» - деп ағаларыма қарай бұрылуым сол еді.

Әлекең:

- Мен мына кісіні бір жерден көргем, - деп жабыссын да қалсын.

Қадыр аға:

- Елден келдіңіздер ме? - деп, сыпайы ғана жымыды да қойды.

Болмысынан сабырлы-салиқалы Күлекең еш сыр бермеді.

Күнделікті теледидардан, болмаса кітап мұқабасында жүрген Қадыр ақынның қазақ үшін қашан да орны бөлек қой. Сатира сарбазы Оспанхан, ақын Қадыр ағаларымызды Қараталда, өз үйінде күткенін, аңқау Әлекең ақын кеткен соң, бірақ есіне түсірді.

ОНДА КЕЛМЕЙ-АҚ ҚОЙ!

Ауданымыздағы жол жөндеу мекемесінің басшысы, нешеме шақырылған аудандық мәслихат депутаты Ертай Отыншин деген жиеніміз бар.

Жезқазған облыс болып тұрғанда алғаш айтысқа да қатысып, өз әулеттерімен сол

төңіректе ансамбль құрып, ел құрметіне бөленген азамат.

Біз көшіп келген тұста Ертай да қызмет бабымен аудан орталығына келіп қоныстанды.

Кейінде Әлекең ауырып, Қарағанды қаласына жиі дәрігерге қаралып, мазасы кетіп жүрген шақта Ертай телефон соғыпты.

Әлекең налып:

- Әй, Ертай, мен бір жылдай болды ауырып қалдым. Бір рет болса да көңілімді сұрауға жарамадың ғой, - десе керек.

Басынан сөз асыратын Ертай бар ма?:

- Әлеке, мен көңілін сұраған адам неге екенін білмеймін, сразу өліп қалады, - депті.

Сонда Әлекең:

- Е, онда келмей-ақ қой, өкпелемеймін, - деп айтты дейді.

МЕН ШАЛ АДАММЫН

Аудан орталығында Әлекең бастап, Әуелбек, Ертай жиендердің отбасымен әзіл-қалжыңымыз жарасып, жақсы араластық.

Әу баста:

- Мен шал адаммын, мені көп қолға ала бермеңдер, - деп бір ескертіп алады да, отырыстың соңына дейін айтқанымыздан шықпайтын марқұм.

Ертесіне, «анау Ертайға қосылып алып сенікі не, мені жас деп жүрсіңдер ме» - деп бір күңкілдейді де, үйірге қайта қосылатын.

СЕНБЕҢДЕР, БАЛАЛАР!

Редакцияда жүргенде де ұжымдағылар ол кісіні қатты құрметтеді.

Есік алдында күн шуақта тұрғанда қыздар жездемізді көрісімен күле бастайды. Әлекең болса «Балалар, ана балдыз мен туралы тағы бірдемені қоспалап жатқан шығар, сенбеңдер, қарақтарым, сенбеңдер» - деп, анандайдан қуыстанып, айғайлаушы еді иманды болғыр.

НЕГІЗІ ҚҰРАН – 150 ТЕҢГЕ

Реті келіп тұрған соң айта кетейік, Ертайға Ағадыр жағынан екі-үш адам келіп, Шабанбай би ауылына қарасты МТМ бөлімшесінде арғы аталарының жатқандығын естіп келгендіктерін және соған бастап алып баруын өтінеді. Ол кезде Ертайдың нағашысы Яхия қожа сол бөлімшеде тұрады.

Барлығы бейіт басына барады. Ағай сол жерде дұға оқиды. Сырттан келген кісілер Яхаңа 300 теңге ақша беріпті. Ақшаны алған соң ағай тағы Құран оқиды. Содан келген кісілер Ертайдан сұрайды ғой «Ана кісі неге Құранды екі рет оқыды» - деп, сонда Ертай айтады дейді: «Негізі бізде құран 150 теңге тұрады, сіздер 300 теңге бердіңіздер. Айдалада здашты қайдан табады? Сол үшін екі рет оқыды» - депті.

ЕКІ СТОПКАНЫ ДИРЕКТОР БІЛМЕЙДІ ЕКЕН

Совхоз директоры Саят Тохметовтың тұсында жұмыс уақытында ішімдік ішуге мүлдем тыйым салынса керек.

Содан Әлекең түстікте ауылдағы бір сыйлы адамның үйінен біраз сілтеп қойса керек. Жұмысқа келісімен директор шақыртыпты.

Басшынның алдынан сүрінбей, сыр бермей шыққан Әлекең әріптестеріне келіп:

- Өзіміз екен ғой бәрін бүлдіретін, әйтпесе, директор екі стопканы сезбейді екен, - десе керек.

ОЛ 7-ДЕН КЕЙІН ІШЕДІ

Мен газеттемін. Әлекеңнің баласы Бекзат сот орындаушысы болып қызметке кіріскен. Екі мекеме бір-біріне таяу орналасқан.

Бір күні кабинетке келді де:

- Осы Бекзат ішеді ғой деймін, сен нағашысысың, әм ағасы ретінде ақылыңды айт, өзі сені қатты сыйлайды ғой, - дейді.

- Әлеке, алаңдайтын ештеңе жоқ, мен 6-ға дейін жұмыста болам, Бекзаттың бірде бір рет арақ ішкенін көрген емеспін, - дейм ғой оны ақтап, сонда Әлекең:

- Жоқ, Қазкен, ол 7-ден кейін ішеді арақты, - дейді саспай.

Мен де быж-тыж болам: «Сенің балаңды 7-ге

дейін тосып отырайын, қашан арақ ішеді екен?» - деп.

Балаларының бағбаны еді марқұм, әр баласына бөлек қарайтын.

КӨҢІЛШЕК АДАММЫН

«Мен өте көңілшек адаммын Қазкен, индияның киносын көргенде жылап отырам шыдай алмай» - дейтін.

ҚОЗЫ МЕН БАЯН

Әлтеке-Сарым шежіресін жинақтаушы қадырлы қартымыз Жақсыбаев Тұрсынбек ақсақал екеуі жастайынан бірге өскен, қызметті де бірге өткерген. Тұрсекең екеуі бір-бірімен өте жақсы деңгейде сыйласты. Достығымыз құдалыққа жалғассын деп, балаларын да атастырып қойған. Кейіннен сұраймын ғой: «атастырған балаларыңыз неге қосылмай кетті?» - деп. «Балалар ғой бүлдірген, әйтпесе, екеуінің аттарына дейін келіп тұр еді» - дейді әпендеңіз.

Тұрсекеңнің ұлының аты – Қозы, Әлекеңнің қызының аты Баян болатын. Расында да аттары келіп тұр емес пе? Қозы мен Баян!

ОЙБАЙ, ЖӘКІШТЕН ҰЯТ БОЛАДЫ

Әлекең бірде іссапардан келсе, үйдегілер ал-

дынан сүйіншілеп шығады. Жағдайға қанықса, үшінші ұлы Асқат келін кіргізіпті. Ағайын-туыс жиналып қалған, абыр-сабыр. Бір жағынан келінді болғанына қуанып, екінші жағынан қай елдің, қай жердің баласы екенін білмек болып апайдан:

- Бала қай жердікі? - демей ме. Апай да қуанышын жасыра алмай: «Қасабайдағы өзіміздің Жәкіштің қызы Бақыт» - депті.

Сонда барша ағайынның алдында Әлекең әпенде:

- Ойбай, Жәкіштен ұят болады апарып тастаңдар, - десе керек.

Марқұм Нұрғалиев Мақсұтбек ерте қайтыс болып кетті. Жәкіш құдағиы – сол кісінің бәйбішесі. Әлекең бөлімшеде есепші болып жүргеннен жақсы араласқан адамдары ғой.

КӨРІНГЕНМЕН ИТШІЛЕСІП ЖҮРЕМІЗ БЕ?

90-жылдардың орта тұсы, елімізде президент сайлауы өтетін болып үміткерлікке 4-5 кандидат тіркелген. Жәмші совхозының алғаш қазығын қаққан, шаруашылық білгірі Мұқажанов Қауаз ағамыздың басшылығымен конторда ауыл белсенділері сұхбат құрып отырса керек. Жұртының Елбасы туралы ойын білмекке ұмтылған Қаукең:

- Осы үміткерлердің арасынан кімді қазақ елін басқаруға лайықты деп санайсыздар?! - деп, сауал тастапты.

Сонда Әлекең тұрып:

- Көрінгенмен итшілесіп жүреміз бе, осы Назарбаев Нұрсұлтанның өзі дұрыс қой, - деп айтты дейді.

Бейне бір күнде солар келіп жездеміздің жағасын жыртып, отчет сұрап жүргендей.

ЕШКІМ КӨРІП ТҰРМАСА

Тағдыр-тандырдың дағдарысқа әкеп тіреген өлара шағы жекешелендіру біздің Қаратал совхозынан басталып еді. Әлекең марқұм бір водовозды мініп алып, Балқаш қаласына бір мекемеге сверкаға келсе керек. Жүргізушісі – ауылдың бір жас баласы. Ол кезеңде подвалдарда кинолар көрсететін. «Әй, жүгірмек, жүр, совхоздың жұмысы біте ме жертөледен шетелдің бір киносын көрелік» деп екеуі киноға барыпты. Барса, құдай бетін аулақ қылсын, өте анайы киноға тап болады ғой. Жас жігіт әкесіндей адам Әлекеңнен қысылып, кино бітісімен шыға сала жеделдетіп кетіп қалуға оқталса, Әлекең:

«Әй, қу бала, ешкім көріп тұрмаса, тағы біреуін көрсек қайтеді» - депті.

Осындай әпенделіктері мол еді!..

ШАЙТАННЫҢ ӨЗІ ЕШКІ СИЯҚТЫ

Көгілдір экраннан бірде балаларға арналған мультфильмдегі шайтан кейпін көріп, кейін бір отырыста «Шайтанның өзі ешкі сияқты болатын

көрінеді. Мен көрдім» - десе керек.

ӨЗІҢ ДЕ ЕКІ КӨШТІҢ ҒОЙ

Аудан орталығына жұмыс бабымен баруын барсақ та, тұрақты үйдің реті бірден келе қоймады. Мен Тұрсынбек құданың отау үйінде уақытша тұрып, кейіннен Сана би көшесінен үй сатып алып, сонда көштім. Әлекең жездем Шабанбай деген ағамыздың алты бөлмелі үйін алты қараға алды ма білмеймін, ол үйді алғанда, алысымен кешкілік моншасын жақтырып, мақтанып мені шақырған болатын.

«Осы қызыметке ілікеннің іліккен, жолдас-тарың көп, осындай моншасы, құдығы бар дұрыс үй таңда, балдыз! Келім-кетім кісің болады ұялмауыңа жақсы» - дейді. «Монша ішінде сіздің жолыңыңызды берсін, жездеке» - деп коньяктатып та қоямыз.

Содан қойшы, 2-3 ай өтті ме, өтпеді ме, жұмыста отырсам, жолдастар телефон шалады, «Әлекең жездең анау үйден көшіп жатыр ғой» деп. Қызметтік көлікті міне салып, жүргізуші екеуміз жетіп бардық. Көліктің үстінде жүктерді өзі реттеп салып жатыр екен.

- Өй, Әлеке, не болып қалды? Бұл не көш? - деп, қарқылдап күлейін. Сонда Әлекең:

- Маған неменеге күлесің, өзіңде екі рет көштің ғой осы Ақтоғайда, - деп еді.

Үй иелері бағасын қайта көтеріп жіберген бе, келіспеушілік туындап сөйтіп екі де екі болып

моншасыз үйлер маңдайымызға бұйырып еді.

КЕЛІННЕН БАСТАП БӘРІМІЗ...

Екінші алған үйі Шатыршаның бауырында ауылдасы, құрдасы Қалмерден ағамызға жақын орналасқан. Ұмытпасам, қараша айы болу керек. Ел жаппай от жағуды бастаған. Бір-екі күн өткеннен кейін ертелетіп Қалмерден құрдасы келеді.

- Әй, Әлтай, сен жарадың, бас бухгалтер деген осылай болу керек, үйден үй таңдап, осы мен екі көштің, үй қалай – жылы ма екен? - деп сұрайды.

- Ой, Қалмерден, несін айтасың, үй сұмдық жылы екен, келіннен бастап бәріміз тырдай жалаңаш жаттық, - депті.

Сасып қалған Қалекен:

- Астафиралла, келінің не, ей сенің, - десе керек.

ӘЛТАЙДЫ ДА ЕРКЕК ДЕП ҰСТАП ЖҮРСІҢ БЕ?

Қалекен құрдасы ауданымызда ауыл шаруашылығы саласында қызметті жіпке тізген адам. Ол кісінің киім киісі, жүрі-тұрысы сұлу аттай, өзі де мейлінше бөденді болатын. Совхозға іс-сапарға жиі келеді, құрдастығынан гөрі Рахила апамызды қарындас санап, сыйластығы басым жататын.

Келгеніне 4-5 күн болған соң түстік үстінде:

- Рахила, көйлегімнің жағасы кірлеп кетті. Әлтайдың бір көйлегін берші, кие тұрсам, - дейді ғой.

Апай да жолдан жығылсын ба, Әлекеңнің бетке ұстар бір-екі көйлегін әкеп береді.

Қалекеңнің бойы – 1,80 см, Әлекеңнің бойы 1,55 қой. Бір жеңін киіп көрсе шынтағынан сәл ғана асыпты. Сонда Қалекең:

- Әй, Рахила-ай, Әлтайды да еркек деп ұстап жүрсің бе? - деген екен.

ҮШЕУІ ҮШ ЕШКІНІҢ ЛАҒЫ

Қызметтен кеткен соң Әлекеңді бұрынғы қойшылары қайтсын, бух болып жүргенде жинаған біраз ұсақ малынан әр сылтауды айтып, төл бермейді екен. Бұлай болмас, ақыры бос отырмын өзім неге қолға алып, бағып-қақпасқа деген ойға келеді.

Содан қойшы, ел қатарлы суын беріп, шөбін салып, төл науқанына іліктіреді. Бір күні қораға кірсе, үш лақ туып жатыр дейді. Осы туады-ау деген ешкінің аяғын көтеріп, емшегіне қараса – екеу, жоқ мұныкі емес, одан екіншісін, одан үшіншісін ұстап, үш емшек іздесе керек. Жүгіріп көршісі Болатқа барыпты: «Болатжан, лақ үшеу енесін таппадым, көмектесші» - деп. Бөкеңдер малмен біте араласқан адамдар ғой. Әлекең сияқты тек қағазбен кеткен тік қасық емес.

«Әлеке, емшегін түгендемей, құйрығына

қарамайсыз ба? Үшеуі үш ешкінің лағы ғой» - десе керек.

ҚҰТПАН ҒОЙ

Бірде түске қарай Балзия үшеуіміз ауданнан қайттық. Жездеміз бір жақтан жол жүріп келді

Әлекең: «Қазкен күнде бұлай басымыз қосыла бермейді. Жолшыбай Ақжарыққа соқ, Балкенді туған жеріне бір аунатып алалық, содан соң менің туған жерім Қасабайға баралық» - деді.

Басбух жездең айтып тұрса, жан қала ма? Әлекеңнің айтқан маршрутымен сапарлай жүріп, күн ұясына бет алғанда ауыл еске түсті.

«Әлеке, жанар-жағармайдың қызыл светі жанды, енді 20 шақырымға жетер-жетпес бензин қалды» - дедім. «Япырм-ау, сенің мәшинең соны саған айтып тұр ма? Мынау онда екеуімізден де ақылды екен. Тұрсынбек екеуімізге өстіп айтар ешкім болмай бензин таусылып, мотоциклмен талай далада қалдық қой» - дейді.

Сонымен, біз шыққанша нөсер жаңбырда басталып жерді езді де жіберді. Әлекеңнің есігінің алдына келіп тоқтауымыз сол еді, Құтпан деген иті бас салып асылсын келіп. Екі аяғын жездеміздің үстіне салып алған. Құтпаным сағынып қалыпты мауқын бассын, - деп тырп етпей тұр. Үсті басы батпақ-батпақ болды.

- Жығылып қалдың ба, мынау не үсті басың? деген апайға:

- Құтпан ғой сағынып қалыпты, - дейді саспа-

стан.

Біздің апай да кең қолтық қой, қойшы әрі, ит емес пе, кет демейсің бе, - дейді жайбарақат.

ТАҒЫ ДА СОЛ ҚҰТПАН

Әлекең ауданға көшетін болып, КамАЗ жүк көлігін тіркемесімен әкелді. Дос бар, дұшпан бар, көшетін күні бір жаққа кетіп қалма, ішінде боласың деген тапсырмамен мен де келгем. Жүктің бәрі тиеліп болды, проблема тағы сол Құтпан иті болды. Тастап кетелік десек көнбейді.

- Ит – жеті қазынаның бірі, оның ішінде күшігінен асыраған Құтпанымның орны бөлек, - деп отырып алсын. Бұрын байланбаған ит қой. Мен де тиыш тұрам ба: «Әлеке, ескі малақайың бар ма, желке тұсын бәкімен ойып, намордник жасаймыз, екі бауымен мойнынан байлай саламыз, көзі көрмей қалады, сонсоң қайда отырғызсаңыз да өзіңіз білесіз» дедім.

Әлекеңде малақай көп болатын, иманды болғыр желкеме суық соғады да тұрады деп, түнде салып берген ақ жаймаңызға бауын байлап тұрып, малақаймен жататын. Үйінде де солай, қалыпты дағды. Аңқау адам ғой балаша жүгіріп кетіп, бір малақайын алып келді. Точно мен айтқандай жасадық. Аяқтары бос қой иттің оны ойламапыз. Құтпан екі алдыңғы аяғымен малақайды тырналап, быт-шытын шығарды. «Былғары малақай бар-тын» деп, жинаулы жүктің ішінен тағы біреуін алып шықты. Ол

малақай да біріншісінің кебін киді.

Сол мезетте құдасы Күлекең келе қалсын. Жағдайға қаныққан соң, жіп алдырты да иттің мойнынан байлап, сүйреген бойы көліктің үстіне алып шықсын. Бағанадан Құтпанды қуып жүргендер аң-таң.

Әлекең аузын ашқан қалпы, Күлекеңе бір, Құтпанына бір қарайды. Бір кезде маған жалт бұрылып:

- Сен осында малақай, малақай, - деп қақылдадың да қалдың, құдай-ау, арқан неге есімізге түспеген? - дейді.

Тұрғандар «Балдызыңыз сізге қайбір болсын, - дейді, қарап тұрып екі малақайдан айырылдыңыз» - деп қажап та жатыр.

Жиналғандар мез.

САҒАТ ТӨРТТЕ ҚОНАҚ БАР

Зейнеткерлікке шыққан соң көршісі Сәулехан ағамызбен бірлесіп қолдағы азын-аулақ малға шөпті өздері дайындамаққа бекінеді.

Апайдың айтысына қарағанда, күнде кетеді. Жандарында Сәкеңнің үйіндегі өзге ұлттан алған жас жеңгеміз бар. Жеңгей ас әзірлейді шөпшілерге.

Бір күні апай:

- Әлтай, бүгін шөпке бармай-ақ қой, сағат 4-ке үлкендерді шақырып қойдым, - депті.

Өз айтқаны болмаса көне қоятын бас бухгалтерлер бар ма – «жоқ бүгін қайтсем де бару-

ым керек, Сәулеханнан ұят болады» деп кетіп қалады.

Жеңгеміздің борщына тойған Әлекең, түстіктен соң кішкене мызғып алайын деп қатты ұйықтап кетсе керек. Бір кезде атып тұрып, сағатқа қараса 4-ке 15 минут қалыпты, байлаудағы атқа жүгіреді.

- Әлеке, жайшылық па? - деген Сәкеңе, - Сағат 4-те қонақ бар, - деп тұра шабады. Қостан екі жүз метр шығыр-шықпастан шаң бұрқ ете қалып, ат бір жаққа, Әлекең бір жаққа ұшса керек.

Салып-ұрып Сәулехан барса, аяғын көтеріп ат тұр, бұғанасын ұстап Әлекең отыр дейді.

Сөйтсе шауып келе жатқан ат сарышұнақтың қазған ініне аяғын тығып алып омақаса құлаған. Ат аяқты, Әлекең бұғананы сындырған. «Сонда ыңырсып отырып, сағат 4-те қонақ бар еді, Сәулехан» - депті.

ОЖАНЫМ-АЙ, ОЖАНЫМ...

Қайрат пен Гүлмаканың үлкені Олжас апа-жездеміздің бауырында өсті. «Бала малды жейді, мал шалды жейді», - деген кейінгі пәлсапаға сәйкес, Олжастарының соңында қос аттап шабады да жүреді. «Ойбай, Ожан, олай істеме, ойбай, Ожан, былай істеме»

Бірақ Ожанымыз жасындағы Қайратқа ұқсамай анасы Гүлмака сынды салмақтылау болды. «Құдай күшті, құдайдан кейін кезек

күшті» - деген әр ауылдың қой кезек кестесін қатаң сақтайтын қағидатына сай, Ожанын ертіп Саздыауылдағы қайынжұртынан ат сұрап алады, білем.

Атты ерттетіп алған Әлекең, Ожанын ерге отырғызып, жануарды жетекке алады. Жұмыстан шаршап шықты ма, қалың ой құшағында келе жатып, өзектен өткен соң артына қараса, Ожаны жоқ.

Ойбайды салып, ізімен кері жүгіріп барса, ойыста қолын сындырып, Олжасы отыр, - дейді. Сасқан Әлекең: «Ожаным-ай, Ожаным, аты жаман қожаның» - деп, немересінің алдында атты жамандап, ақталса керек.

ӘЙ, БАЛА, ӘЛЕКЕҢНІҢ ҮЙІ ОСЫ МА?

Қой көрмеген қуалап өлтіредінің кері, Әлекең жездеміз зейнеткерлікке шыққан соң мал жайлап қорадан шықпайтын болды. Жас ұлғайғанмен жасыра аласың ба, бойдың сыйқы анау, қанша күпиіп киініп алса да, сырт қараған адамға 7-8 оқитын бала сияқты көрінетін.

Күнделікті әдетімен үстінде жаман күпәйке, малақайының бауын байлап алған жездеміз қора тазалап жатса, құда-құдағилары Күлік ағамыз бен Дәметкен шешеміз келіпті.

Өзінше ұялғаны ғой, теріс қарай қалса керек. Шынымен де құдасын аңдай алмай қалған Күлекең: «Әй, бала, Әлтайдың үйі осы ма?» - демей ме.

Сасып қалған жездеміз дауысын шығарса танып қояды, қолымен есігін меңзеп, басын изей берсе керек.

Үйге кірген бойда Күлекең:

- Осы екібасты үйлерге қанша келсем де шатасам, қорада жүрген бала жол нұсқады, - десе, Рахила апай:

- Ол бала, құдаларыңыз Өлтай ғой, - деген екен.

БАЛКЕН, НЕ ІСТЕП ЖАТЫРСЫҢ?

Нарық қысып, баға ұшып, мал біткеннің құны тиын болып қалған өлара шақта да ауыл той тойлауын тоқтатқан жоқ.

Рахила апамыздан кейінгі сіңлісі Зәбира апамыздың қызы тұрмысқа шығатын болып, ауылдан ағайындардан делегация Балқашқа аттанды.

Елде ақша жоқ, бәрінің апара жатқаны бір-бір қой, жездеміздікі – ірі қара. Жүргізушілері – Нақып ағаның ұлы Ерслан. Несіпбала шешеміз, Рахила апамыз, келіндері: Раиса, Балзия. Еркектен Өлекең ғана.

Несіпбала шешемізден басқасы кузовта малмен бірге. Аудан орталығына келгенде бір жамағайынның қайтыс болғанын естіп, кіріп шығу керек болады. Көлік үйден алшақтау тоқтаса керек.

Несіпбала шешеміз үйге тақай бере, «мына шапанмен ыңғайсыз екен, Өлтайжан, көлікке

апарып тасташы» - деп күйеубаласы Әлекеңді жұмсап жібереді.

Өзі жылдам кісі қайынапасы айтқан соң, лып ете қалады. Сөйтсе, Ерсланның машинасының жанына тағы сондай көлік келіп тоқтаған ғой. Ажыратып жатар Әлекең бар ма, бөтен көлікке қайынапасының шапанын салып жіберіпті.

Содан қойшы, тойды өткеріп, қайтып келе жатқанда Қаражұмақтан өткен соң потрубка үзіліп кетіп, радиатордағы барлық су ағып кетеді. Жанар-жағармайда тапшы уақыт. Көлік қатынасы жоқтың қасы. Еркектен Ерслан екеуі. Бұзылған бөлшегін ретке келтіреді, бірақ бір тамшы су жоқ. 4-5 сағат тұрып қалады.

Сонда Әлекең Ерсланға айтады: «Баяғыда бір хатшы тура осындай жағдайға тап болғанда салонындағы әйелдерге шелек беріп, бір тамшы болсада жинаңдар, - деп жинақтаған екен, соны ана балаларға жайлап естіртем ғой деймін босқа тұрғанша» - десе керек.

Содан Раиса мен Балзия абысындар ғой, оңашалау шығып, әңгіме айта қояйын десе, Әлекең, «Раиса, Балкен, қайда барасыңдар, қайда барасыңдар» деп, сәл қозғалса соңдарынан жүгіреді екен.

Бір кезде Балзия кузовтың үстіне шығып, сумкасынан бірдеме алмақ болып бөгелсе керек.

Көліктің кузовы биік. Әлекең жерден айғайлайды «Балкен, не істеп жатырсың, Балкен, не істеп жатырсың?» - деп. Оған Балзия ашуланып: «Не істегені несі, сіздің сумқаңызды

ақтарып жатырмын?» - дейді.

Сөйтіп әйелдерді кезек-кезек қайырып жүргенде, Белғазы марқұм келе қалады. Одан бір шелек су алып, көліктерін қыздырыпты.

Күлкіге шыдай алмаған Ерслан Әлекеңнің планын жайып салады ғой.

Әңгімеге қаныққан апай:

- Әлтайда ес бар ма? Рахила, өзің бастағаның жөн деп, шелекті бірінші маған әкеледі ол, - десе керек.

ЕНДІГІ ӨЛГЕН ШЫҒАР

Бірде аудан орталығына апай екеуі барғанда, қатты боран басталады да екі-үш күн ауылға жете алмай қалады. Мал бар, бала-шаға бар дегендейін алаңдап, күнде жолға шығады, көліктер жүре алмай кері қайтуға тура келеді.

Еңбектің бұрылысындағы қалың қардан тағы кептеліс болып, ол екі арада күн де ұясына бата бастайды, үш-төрт машина ауданға кері қайтатын болады.

Балтабаев Марат ағамыз өз көлігімен шықса керек, «мен қалайда ауылға жетуім керек» деп алған бетінен қайтпайды. Ол топқа апай да қосылып кетеді. Апайды райынан қайтармақ болып, Әлекең біраз жалынады да:

- Өлсең мен жауап бермеймін, саған ескерттім, - дейді де кері Ақтоғайға қайтып кетеді.

Содан ол кісілер жолда түнімен бейнетті көріп, бақтарына қарай Еңбек совхозындағы

директор Серікбай ағамыздың ауылға жіберген тракторының арқасында таңға жақын ауылға жетеді ғой.

Ертеңіне ұйқысын қандырғаннан кейін Әлекең Боранбаев Қазтай құдасының үйіндегі Света құдағиына телефон шалса керек.

- Света қарағым, кеше Рахила маған көнбей мына боранда ауылға кетіп қалған, ендігі жолда өліп қалған шығар, біздің үйді жайлап барып білші, - деген екен.

Света құдағиы да жедел жүгіре жетіп, аман-сау апайды көрген соң:

- Ақсақалыңыздың сөзі кісі өлтіреді екен, менің рас зәрем ұшып кетті, - десе, ашуланып отырған апайда:

- Әй, тілеуің құрғыр Алтай, менен құтылғысы келеді де жүреді, - деген екен.

Құдағиы екеуінің де сөзіне аң-таң болса керек.

ИІС ТИІП ҚАЛАДЫ

Ауданда қоныс аударған соң, бірде жатын бөлмедегі пештері тартпай бықсып, әбден әуре сарсаңға салады.

Сауысқаннан да сақ Әлекең:

- Бәйбіше, мына бөлмеден иіс тиіп қалуы мүмкін, басқа бөлмеге жатайық, - десе, апай көне қоймаса керек.

- Сенің ақ жаның тәтті екен, жатсаң өзің жата бер, мен өзімнің үйренген орныма жатам, - деп

көнбесе керек.

Таң қылаң бере аяғының ұшымен ұрлана басып келіп, апайдың кеудесіне құлағын тосып жүрек соғысын тыңдап, «тірі жатыр екен» - деп кері кетіп барады дейді.

Кейіннен апай айтады ғой, «егер, мен сол сәтте дем алмай жатқан кейіп танытсам, жезделерің Рахила өліп қалыпты деп, бүкіл ұйықтап жатқан балаларды дүр еткізер еді» - дейді.

ӘЛІ КӨЗІН АШПАПТЫ

Ізбасардың әкесі Хабиболла жездеміз қайтыс болды. Ізкең ол кезде бөлімшеде, малда болған соң кеш келіпті.

Кіреберісте тұрған ауыл үлкендері: «Мауқы басылған шығар Әлеке, Ізбасарға көңіл айтайық, біліп шығыңыз» - десе кіруінен шығуы жылдам болған Әлекең:

- Әлі көзін ашпапты, жылап отыр, - деп, елді ду күлдіріп еді.

АПАМ-АЙ, АПАМ-АЙ! АСТЫ МА, ҮСТІ МЕ?

Жақанай деген ағамыздың шешесі қайтыс болып, бір топ қасабайлықтар қонағасыға келсе керек.

Совхоздың орталығында қос қабатты екі тұрғынүй болатын. Біреуі бүгінде әкімшілік ғимараты.

Әлекең «апам-ай, апам-ай» - деп, келген

кісілерді бастап, подъезге кірсе, астында екі есік, үстінде екі есік, қайсына кірерін білмей сасып қалып:

- Апам-ай, апам-ай, асты ма, үсті ме? - деп, артына қараса керек.

ДАЙЫНДЫҚ ҚОЙ

Аудан орталығында бір шешеміз қайтыс болып жүргізушісі Шәкен ағамыз екеуі сол үйді бетке алады. Көлік тақай алмайтын болған соң 500 метрдей алшақтықтан жаяу жүруге тура келеді.

Бір кезде алдыда келе жатқан Әлекең: «Апама-ай, апам-ай» деп, екі-үш рет айғай салса керек.

- Әлеке, мұныңыз не, әлі ерте ғой? - десе, - Шәкенжан дайындық қой, - депті.

САҚАЛДЫ ӨСІРУІН ӨСІРЕМІЗ-АУ...

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін аудан орталығында қайтыс болған бір адамның қонағасына бармақ болып, Әлекеңнің тұтастары Нүкен, Сәулехан, Тауық, ауыл ақсақалы Мәкәрім Қызыларай жақтан келетін автобусты тосып аялдамада тұрса керек.

Сәндеп сақал қойып жүретін Мәкәрім әкеміз, өкшесін басып келе жатқан інілеріне қарап:

- Қарттыққа қарай бет бұрдыңдар, сақал қойыңдар енді, - десе керек.

Басқалары қоямыз ғой, қоямыз ғой, -

деп мақұлдап жатса, өзіне сақал-мұрт өсе қоймайтынын Әлекең:

- Сақалды өсіруін өсіреміз-ау, соның күтімі қиын, - дейді ғой өсіргендер деген екен.

ҚЫЗЫЛЖАЛДЫҢ ҚАЙҚАҢЫ

1962 жылдың желтоқсан айы болса керек. Кенжеш әкеміз Қызылжал қыстағында аға шопан. Рахила апамыздың бойжетіп отырған шағы. Әлекең жездеміз бөлімше бухгалтері болғандықтан, әр нәрсені сылтауратып малшы ауылға жиі келгіштеп жүреді екен. Жездеміз бен апамыздың арасында екеу аралық байланыс бар. Ағамыз Амантайда сол жылдары әскери борышын өтеп келген жас жігіт. Көбіне ауыл жігіттері ағайдан сескене ме, қызды ауылға беттей бермейді екен. Жүрегінің түгі бар Әлекең Лайланы алып қашпаққа жоспар жасайды. Жоспарды жасаушылар өз замандастары Сарбас бөлімше меңгерушісі, Манатбек мал дәрігері, Серік Айтжанов жүргізуші, өзі болса-болмаса бөлімше есепшісі. Келісілген күні түс ауа төртеуі алты доңғалақты «ЗИЛ» көлігімен Қызылжал қыстағына келеді. - Менен ағасы күдіктеніп қалуы мүмкін, - деп, Әлекең көліктің кабинасында бұғып қалады. Олар тамаққа отырды-ау деген мезгілде апамыз бен жездеміз жаяу қол ұстасқан күйі ауылдан ұзай береді. Ас-ауқатты асығыс ішіп, іле бұлар да жастардың артынан шығады. Қалтарыстан тосып тұрған жас

жұбайлар көлік келген бойда кабинаға қарғып мініп «Қызылсеңгір, қайдасың?» деп тартады білем. (Қызылсеңгір Қуаныш бөлімшесіндегі Әлекеңнің шешесі отырған қыстау). Ауылдан шығаберіс бес-алты шақырым Қызылжалдың қайқаңы бар. Қырсық шалғанда, қайқаңға шығаберісте көлік қарға кептеледі де қалады. Қош, олар көлікті қардан аршу қамымен жүрген кезде, қыстақтағы қоршісі Каримов Мұқсиынның үйіндегі шешеміз үйге кіріп келіп:

- Рахиланың орны құтты болсын, - дейді ғой. Алдын да ептеп күдіктеніп жүрген ағамыз Амантай, қарындасын алып қашқанын бірден сезіп, ерттеулі тұрған атқа қарғып мініп, қолында ұзын бишік қайқаңға қарай тұра шабады. Ат дүбірі мен оған ілескен ит дауысын естіген Әлекең апайды қолынан ұстаған күйі қалың үшқаттың ішіне барып қойып кетіпті. Ағай атпен ағып келген бойда ұзын бишікпен олай бір осып, бұлай бір осып, кузовтағылардың да, кабинадағылардың зәре-құтынқашырады. Өзеркімен кетіп бара жатқанын қарындасымның өз аузынан естуім керек, - деп, бишікті одан сайын төбелеріне үйіреді ай келіп. Көліктегі үшеуі: - Ойбай, Аманжан, айналайын өз келісімдері бар көрінеді. Олар бағана кетіп қалған, - деп шыр-пыр болады. Ол екі ортада арттан әкеміз Кенжеш, шешеміз Күлбарам келіп ағамызды райынан қайтарып, жігіттерге: - Осы маңда болса шақырыңдар батамызды беріп қолымыздан жөнелтейік, - деп басу айтса керек. Олар да бағана кетіп қалған деген сөздеріне

қайтпапты. Үшқат түбінде Әлекең күйеудің отырғанын сезген ағатайымның ала күшігі тура жандарына барып шәуілдеп қоймайды екен. Оны ағай сезбеті де, сезіп қалғанда Әлекеңнің күні не боларын бір құдай білсін?!

СҰЛУ ӘЙЕЛ

Бір отырыста жұрт даурығып, жеті қазынаның санына жете алмай жатса, Әлекең айтады дейді:

- Әу, бастан сендер дұрыс санамадыңдар, жетінші қазына, мен ұмытпасам, сұлу әйел болатын, - депті.

Сұлулықты кім жек көрсін, өкінішке қарай, сұлу әйел қазына санатына кірмеген ғой.

ҚҰЙРЫҒЫН ҰСТАТПАЙ КЕТЕДІ...

Әлекеңнің көпшіліктен бір ерекшелігі – қай ортада болмасын өзіне сөз кезегі келгенде, тақырыпқа орай Қырым мен Қытайды қамтымаса да тауып айтып, жұрт көңілін өзіне бірден аударатын қасиеті болатын.

Қарындасымыз тұрмысқа шығып, ағайын-туыс құдаларымыздың құрметіне бөленіп, қарық болып жатқан тұста, «жездесі» деп әспеттеп Әлекеңе сөз берілді. Басын жап-жақсы бастап, аяғында: «Жезде, жезде деп бұл балдыздар бой жетіп алады да, шүү деп құйрығын ұстатпай кетеді» - демесі бар ма. Ел ду күлді.

Өтірік аңқаусып, қиыстырып әкеп, әңгімені

көбіне құйрыққа әкеліп тірейтінін мен ғана жылдам сезе қоятынмын.

ӨЛЕР БОЛСАҢ ОСЫ ЖАСТА ӨЛГЕН ДҰРЫС

Аудан орталығындағы елге сыйлы болған бір ағамыз 75 жасында дүниеден озды. Қол ұстасып Әлекең екеуміз қонақасына бардық. Жездеміз «бауырым-айлап», мен «әкем-айлап» кіруіміз мұң екен марқұмның оншақты қызы жоқтап алып жөнелгенде сыңсыған үннен сай-сүйегіміз сырқырады дерсің.

Ауладан шығысымен Әлекең:

- Өлер болсаң, осы жаста өлген дұрыс екен, көріп жүрміз ғой, ұлғайып өлсең күлкі, келеке қылады. Жаңағының қыздары керемет беріліп жылап отыр, - дейді.

Иманды болғыр Әлекең жездемізге де Алла жақсы қартаюды нәсіп етті. Бұл дүниеден озар алдында газетке берер «Қазанаманы» өз қолымен екі дана қылып жазып:

- Мынаны Қазыбекке бересіңдер, өзі біледі қай газетке беретінін, - деп тапсырып кетіпті.

Аудан, Балқаш өңірлік басылымдарына жария еттік.

Қыздары да шын беріліп жылады.

ТӨЛЕУҒАЙША ТІРІ ЕКЕН, ЕСІКТЕН БАСЫН КӨРДІМ

Жас ұлғайған соң адам бір әңгімені дұрыс, екіншісін бұрыс естиді ғой. Сондай жаңылыс хабар құлағына жеткен жездеміз жүгіріп үйге келіп:

- Рахила, киін, Төлеуғайша қайтыс болыпты, елмен қатар кіріп шығалық, - дейді, алып-ұшып.

Алда Әлекең, екеуі Төлеуғайшаның үйіне баспалдақпен көтеріліп келе жатса, есік ашық, төрде Төлеуғайша шешеміз шай ішіп отыр дейді.

Сасып қалған Әлекең екі-үш баспалдақ кері бір-ақ секіріп:

- Рахила, Төлеуғайша тірі екен, есіктен басын көрдім жаңа, - депті.

Төлеуғайша шешеміз де жолынан жығылатын кісі ме, ондай суыт хабардың тарағанын естіп отырса керек:

- Сірә, көп жасармын, ағам да жоқтап келді, - деп Әлекеңдерге бір шәй беріпті.

ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛСА, СОЛАЙ АЙТЫЛУЫ КЕРЕК

Бірде ағайын-туыс біздің үйде дәм ішіп отырған. Төрде әкей, оң жағында үлкен ағай Базылкәрім, сол жағында күйеубаласы Әлекең.

Дәм үсті әңгімесіз бола ма – Базкең ағамыз газеттен оқыған бір жағымсыз, жаға ұстатарлық жайтты баяндап отыр. Әңгіме төркіні: екі жас қыз байлығы үшін 70-тегі жалғызбасты шалды

өлтіреді.

Сонда Әлекең ағайдың сөзін бөліп:

- Базке, сіз мына жерін айтпай кеттіңіз. Ол шал өлер алдында жалаңаштанып тұрып, сол қос қызбен жатып, төсек ләззатын алады ғой, - демесі бар ма, сасып қалған қайынағасы:

- Келіндер жүр ғой, Әлтай-ау, - десе,

Әлекең:

- Ол дұрыс емес, қалай жазылды, солай айтылуы керек, - деп, жазылым бойынша оқиганы жайып салғаны.

Келіндері де, бәрі күлкіге қарық болды.

Сонда әкей де күйеубаласын қостап: «Әлтайдыкі дұрыс, ақиқатын айтқан жөн негізі» - дейді.

Аталарынан алғыс алған күйеу осы Әлекеңдей-ақ болсын!

КҮЛІК ӘЗІМБАЙҰЛЫ (КҮЛЕКЕҢ)

«Ерін танығың келсе — елін көр, елін танығың келсе — жерін көр» - деген емес пе ата-бабаларымыз. Кейбір адамға жоғары лауазымды атақтың өзі жарасыңқырамай тұрады. Бәлкім, ол өзінің білім-білігінен болар. Ал, кейбір



адамдарға шағын қызметтің өзі үйлесе кетіп, жұрт құрметіне бөленіп жатады.

Мен білетін Күлекең осы топтан. Ол кісі баламен де бала болып тілдесе алатын, қарамағындағылардың көкейіндегісін емеуі-рінінен-ақ танитын, мінез байлығына мейлінше мол адам.

Он бір жыл құрлыста істедім. Ауыл жастарынан алғаш құрылыс бригадасын жасақтап, Ақтоғай ауданының ең таңдаулы құрылысшысы атандым. Олай дейтінім, ол кезде құрылыста көбіне орыстар мен шешендер ғана жүретін.

Қыста құрылыс жұмыстары тоқтайды. Біздің бригаданы шөп дайындауға Жезді ауданының Партсъезд совхозы Сынтас бөлімшесіне жібереді. Жалпы басшылық Күлік Әзімбайұлының қолында. Мені «политрук» дейтін.

Кейіннен Тоғызбайға қырман меңгерушісі болып Күлекеңнің орнына бардым. Алып тұлғалы ағамыздың бір дауыс көтергенін, болмаса біреулерге кейіп ренжігенін көргем де, естігем де жоқ. Ашуын сыртқа шығармай тұмшалап ұстайтын өте сабырлы, салиқалы адам еді.

Күлекең жайлы ешкім қиянат сөз айта алмайды, айтып көрген де емес.

ҚАСАБАЙҒА БОМБА ТҮСТІ, ШЕТ ЖАҒАСЫ ШЫЛЫМҒА ДА ЖЕТІП ҚАЛАР...

Күлекең басқаратын совхозға қарасты

Қасабай бөлімшесі Қараталға барар күре жолдың бойынан – 4-5 шақырым.

Ол кезде біздің аудан Жезқазған облысына қарайды. Аяқ астынан облыстан бір топ комиссия сау ете қалыпты.

Кемшіліксіз шаруашылық бола ма, біраз тығырыққа тірелсе керек. Сасқанынан совхоз орталығына телефон шалады.

Бұл жәйттен совхоз басшылары да хабарсыз. Телефонды сол кездегі кадр бөлімінің басшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Жақсылық Тұрсынбаев әкеміз көтерсе керек.

Сонда Күлекең: «Жақа, Қасабайға бомба түсті, шет жағасы Шылымға да жетіп қалар» - деген екен.

ҚОЙЫНДАРЫҢДА ДИПЛОМ...

Күзгі қара суық түсісімен жылу қазандықтарының қысқа дайындығы басталады. Балабақша, монша, т.б нысандардың жөндеу жұмыстарын тікелей қадағалау, замдиректор болып жүрген Күлекең ағамыздың міндетіне кірсе керек.

Қой қырқын, шөп тасу, қыстаулардың қысқа дайындығы деген сынды жұмыс шаш-етектен. Жұмыс күші жетіспейді.

Ағамыз ауылдың мектеп бітіріп, енді әскерге кеткелі жүрген бір топ жабағыдан тайшығар жігітерін жинап алып, жылу қазандықтарын жөндеу жұмыстарына келіседі.

Бастапқыда сенім артып және өзге де жұмыстары бар болған соң, оларды өз беттерімен қоя береді, білем.

Барлауға келсе, карта ойнап ұлдар отырады. Жұмыс қайда десе: «ананы істедік, мынаны істедік» - деп өре түрегеледі екен.

Өзгенің кемшілігіне төзімділікпен қарайтын Күлекең:

- Қойындарыңда диплом, мойындарыңда галстук, қолтықтарыңда папка болса, сендер мені жұмсайсыңдар. Ол жоқ па, мені тыңдайсыңдар, - деген екен.

Батыр пішінді ағаның бір ауыз сөзіне тоқталған жігіттер де одан кейін сөзін екі етпепті.

САЛОНЫҢЫЗДА ШЫЛЫМ ШЕГУГЕ БОЛА МА?

«УАЗ» көлігінің қолданысқа жаңа енген кезі. Совхоз директоры Орал Шахуов өзінің еті тірілігінің арқасында ауданға алғаш келген 2-3 көліктің бірін алуға қол жеткізсе керек. Ол уақыттарда жүк көліктері «Газ-51», «Газ-52-ден» басқа машина түрін көре қоймаған жұрт 5 орынды «УАЗ» көлігіне мінуді самолетке мінгенмен тең санайды екен.

Бірде директор жанына бір-екі көмекшісін ертіп, ішінде Күлекең де бар, шаруашылықты аралауға шығыпты. Темекі шекпесе отыра алмайтын Күлекең сәлден соң:

- Орке, салоныңызда шылым шегуге бола

ма? - десе керек.

Сонда Оркең:

- Сауалыңыз да салонымыздай сұлу болды, сіздің шылымыңызға қалай шектеу қоямыз? - деген екен.

БІЗДІҢ БӨЛӘЙ БҮЛІНДІ

Әлекең жездеміздің баласы Бекзат пен Күлекеңнің Болат (Бөләй) деген ұлы бірге оқыған. Жастық желік – қос құрдас ағаларының кейбір қылықтарына қызықты ма, біз кімнен кембіз дейді де, бір бөтелке шарапты қаққа бөліп қотарып алса керек. Алғаш дәмін тату оңай соға ма, Бөләйіміз түнімен құсып бірден көзге түседі.

Ертесіне бір шаруамен Әлекеңдікіне барған Күлекең жуынып жатқан Бекзатты көріп: (өте биязы кісі ғой) «Бекжан, сіздің қандай халде болғаныңыздан бейхабармын, бірақ біздің Бөләй бүлінді» - деген екен.

МҮТӘЛІП ЕКЕУМІЗДІҢ САН ОТЫРҒАН ЖЕРІМІЗ

Ауыл моншасының жанында сарқырап ағып жататын субұрқақ (фонтан) болатын. Со-вхоз тарап жұрт жекешелендірудің әуенімен әлек. Бір қойға – бір «Рояль» спирті дегендей, «қағанағымыз – қарық, сағанамыз – сарық»

Қойы өтіп, қолына спирт тигендерінің түйісетін жері – фонтан. Фонтанның жанын-

да монша қазандығының үлкен трубасы болатын. Кездейсоқ тұсынан өтіп бара жатсам, ауыл жастарының төрт-бесеуі спиртке суды қосып, отырыстарын бастап жіберген екен. Бір бауырымыздың үйіндегі келін аман-есен босаныпты.

«Қазаға, келіңіз, Қазаға, келіңіз» - деп, қаумалай орталарына қосып алғаны. Көп ұйғарса келісе беретін көңілшек басымыз өзім сөйлеп, бір-екі тілекке де қатысып үлгердім. Қарасам, директордың үйіне қарай Күлекең өтіп барады екен, ол кезде комендант. Сасқанымнан бұғып қалдым. Биесауым уақыттан соң Күлекең кері қайтты. Бір кезде өтіп бара жатып, кілт тұра қалды да:

- Жігіттер, іштеріңде Қазыбек бар ма? - дегені. Жасырынудың еш реті жоқ екенін сезіп, жаппай сәлемге жүгірдік. Сондағы Күлекеңнің айтқаны:

- Қазкен, еш алаңдамай отыра бер, Мүтәліп екеуіміздің сан отырған жеріміз ғой, - дегені.

Мүтәліп ағай Күлекеңнің қарауында сантехник болып жұмыс істеген.

САПАР ӘУБӘКІРҰЛЫ – ҰЯТ БЕЗІ ДАМЫМАЙ ҚАЛҒАН АДАМ

Қу совхоздың отынымен кіріп, күлімен шыққан қаншама қарапайым адамның еңбегі зая кетті десеңізші. «Қоғам мүддесі», «коммунизм орнатамыз» деп, аға мен інінің салғыласқанын талай көрдік.

Жұмыс бабына байланысты Күлік ағамыз Сапар ағамызға өз ісінің дұрыстығын түсіндіре алмай әбден қажығында: «Сапар Әубәкірұлы, адамда ұят безі деген без болады. Сол без сізде мүлдем дамымай қалған екен» - депті.

ДӘМЕТ, СОРПАҢДЫ ӘКЕЛЕ БЕР...

Кеңес кезеңінің жастары Жаңа жыл, 8-март сынды мейрамдарды класс-класс болып сыныптастарының үйлерін аралай жүріп, күндізден бастап, таңға дейін тойлайтын.

Кезек Бексаяттың үйіне келеді, білем. Ас бөлмедегі үлкендерге назар да аудармай үйірлерімен төргі бөлмеге озады. «Құланның қасынуына – мылтықтың басылуы» - демекші, Мейрам құрметіне отбасында бір табақ ет асылып, оны енді турап болып, тұздығын құйып енді қол сала бергенде, іште сәл қызуы бар Бексаят келіп, етті табағымен көтеріп, төргі бөлмедегі класстастарына ала жөнеліпті.

Күлекең ағамыз қашанғы сол сырбаз, салмақты қалпында:

- Дәмет, сорпаңды әкеле бер, - десе керек.

* * *

Заңгер-тарихшы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор жерлесіміз марқұм Қабылсаят Әзімбайұлы – Күлік ағамыздың туған інісі. Қабекеңнің 2018 жылы ағасы Күлекең жай-

лы «Күлік Әзімбаевич айтушы еді...» деген бірқақпай әңгімелер жинағы шықты.

Автор осы еңбегімнің шығуына қағаз-қаламға қолы жүйрік, ізденімпаз, өзі молда, құлағы түрік Айдаржан Балтабайұлы Хасен немересінің үлкен септігі тиді деп, еске алады. Жоғарыдағы өз жадымда жүрген Күлекең ағамыздың уытты сөздерін оқырмандар назарына ұсына отырып, Қабекең ағамыз шығарған жинақ біреудің қолына тиер, біреудің қолына тимес деген оймен ақыры ауылдастардың әзіл-қалжыңдарын бір жинаққа жинақтап жатқаннан кейін осы топтамаға сол кітаптағы Күлекеңнің біраз әзіл әңгімелерінің негізгі мазмұнын сақтай отырып, кіріктіргенді жөн санадым. Оған әулет өкілдері, інілерім қарсы бола қоймас деген ойдамын.

ҒЫЛЫМ, БІЛІМІҢІЗГЕ ҚАРСЫЛЫҒЫМЫЗ ЖОҚ

Совхоздың бас мал дәрігері Баймұрат Құрмашевқа іс-сапар алдында Күлекең бір қой сұрай барса керек. Қашан да талапшыл, өз ісіне берік Баймұрат:

- Менің совхозда жеке меншік қойым жоқ, босата алмаймын, - деп, шорт кесіпті. Көрші шаруашылықтармен алық-берігі бар Күлекең:

- Сіздің ғылымыңыз бен біліміңізге титтей қарсылығымыз жоқ, бірақ сол біліміңізге сыйғызып, бір қойды босаттырғаныңыз дұрыс болады, - деген екен.

НОРКА ШАПКА

Нарық заманының басталған тұсы. Совхоз-дан 700 бас ісек Қарағанды ет комбинатына артылады.

Қосалқы көмір, құрылыс материалдарына келісім жасасу үшін директор екі қошқарды зам-директор Күлекеңе берігізеді. Ертесіне – астында қара волга – Күлекең ет комбинатындағы мал өткізу кезегінде тұрған Сапар ағамызға келіп:

- Сапке, тағы екі бас қошқар керек болып тұр, - дейді, білем. Өзі қажып жүрген Сапкең:

- Атамаңыз, Күлеке, мұның да сұрауы бар емес пк, кешегі екі қошқар қайда? - десе, маңғаз қалпы:

- Сапке, сабырға келіңіз, ол екі қошқар алысқа кеткен жоқ, мұнда тұр ғой, - деп, басындағы үр жаңа норка шапканы көрсетсе керек.

МҮМКІН ҚҰДА БОЛЫП ҚАЛАРМЫЗ...

Күлекең комендант қызметінде жүргенде Әлжанов Мұғиынның ұлы Ердос қазандықты түнгі ауысымда дұрыс жақпаған болса керек. Қыстың қытымыр аязында бұл жағдайдың арты біраз айғай-шуға ұласса керек.

Ісінен жауапкершілік талап еткен Күлекеңді Ердос бауырымыз (онда жас қой) «маған қатты ұрысты» деп, ата-анасына айтып барыпты.

Жанжалға бейім тұратын жеңгеміз отағасын жетектеп алып, Күлекеңнің конторына келіпті.

Үлкен адам ғой деп, елейтін екеуі жоқ. Балаларын сүттен ақ, судан таза етіп көрсетіп, еліріп қоймаса керек.

Ашулары қайтты-ау деген мезгілде Күлекең жайымен ғана:

- Мұғиын, Тиішкен, көп сөзді қойыңдар, ұрысыс жақсылыққа апармайды. Бір ауылда тұрып жатырмыз, мүмкін ертең құда болып қалсақ қайтесіңдер? - десе, әбден ашуға мініп алған Тиішкен жеңгеміз:

- Саған берер қызым жоқ, кет әрі, - десе керек. Сонда қашан да маңғаз қалпынан еш жаңылмайтын Күлекең:

- Оқасы жоқ, сендерде қыз болмаса, менде қыз бар ғой, - деген екен.

РАЗМЕР АЛДЫҢЫЗДА ТҰР ҒОЙ...

Халықтілеу ағамыз бен Майя жеңгеміз түстік астарын енді ала берген мезгілде бір жұмыстармен үйлеріне Күлекең барыпты.

Қолы өнерлі Майя жеңгеміз Халықтілеу ағамызға ешкі түбітінен жылы кеудеше тоқып, сол күні ғана кигізген екен. Үлпілдеп тұрған кеудешеге көзі түскен Күлекең:

- Майяжан, маған да осындай кеудеше керек, тоқып беріңізші, - деп қиылса керек. Қапелімде сасып қалған жеңгеміз:

- Ойбай, размеріңізді білмеймін ғой, аға, - депті.

Ағасы да етжеңді, денелі адам ғой, бүкіл денесімен Майяға қарай бұрылып:

- Размер алдыңызда тұр ғой, өлшей беріңіз, - деген екен.

ӘКЕЙДІ ЕСКЕ ТҮСІРІП ЕДІ...

Завмашдвор Сейілхан Абдиманов әкеміз Күлекеңе ағайындық жағынан жақын інісі болып келеді.

Сол Секең әлдекімдерден өзін жамандаған бір әңгімеге Күлекеңнің қатысы барлығын ести ма, қалай – өзі морт адам бірден Күлекеңнің үйіне телефон шалып, ішіндегі бар құсасын ақтарып алады да, соңында әкеден құлатып жіберіпті.

Ертесіне Күлекең конторына Әділмаш ағамызды шақырып алып:

- Әділмаш, Сейілханды көрдіңіз бе? - депті.

Ойында ештеңе жоқ Әдең:

- Осында жүрген, оны не істейін деп едіңіз, - депті.

Сонда Күлекең:

- Қажет болып тұрғаны, түнде телефон шалып әкемді есіме түсіріп еді, ендігі кезек менікі, мен де оның әкесін есіне түсірсем бе деп едім, - десе керек.

МАҒАН ҮЙРЕНГЕН ПИКАП КЕРЕК

Күлекең совхоздан үлеске алған комбайнын

саудалап, саудаласқан жігіттер «УАЗ» көлігін ұсынса, Күлекең:

- Қарттарың келсе, маған «Газ-69» (Пикап) көлігін қарастырсаңдар дұрыс болар еді, - деген екен.

Мұны естіп тұрған балалары:

- Пикабы несі, елдің қолы «УАЗ-ға» жетпей жүр ғой десе:

- Орыс халқы «старый рубашка ближе к телу» дейді балалар, Дәметкен екеумізге үйренген «Пикабымыз» жақсы деген екен.

БАСЫ ҚИСАЙЫП ҚАЛАТЫН БАЛА

Күлекеңнің ұлы Қуандық артықтау ұртап қойған ба, ел жатып қалған мезгіл болса керек, жолшыбай Көшен ағамыздың үйіне соғыпты. Өзі де қарулы ғой – жылдам аша қоймаған соң сыртқы есігін жұлып алыпты.

Көшен ағамыз бен Шолпан жеңгеміз Қуандықтың бұл ісін жастық желікке балап, жабық күйінде қалдырады.

Арада 3-4 күн өткен соң қора жағында мал жайғап жүрген Көшенді көріп қалған Күлекең арнайы бұрылып келіп:

- Көшербай, амансыз ба? Аанада біздің үйдің басы қисайып қалатын баласы, сіздің үйдің ергенегін құлатқан дей ме, мына бурка бас киім Қабылсаяттың берген сыйы еді, соны алдыңызға тастап, кешірім сұрамақпын, - деген екен.

Абдырап қалған Көшен;

- Ойбай, Күлеке, ол не дегеніңіз, оқасы жоқ, жастар ғой аңдамаған шығар, - деп бәйек болыпты.

АЗАР БОЛСА, СМАҒҰЛДЫҢ ШҰНАҚ ЖАҚАНАЙЫ АТАНАРМЫН

Күлекеңнің қол астында жұмыс істеп жүрген Жақанай ағамыз бір-екі күн жұмысқа шықпай қалса керек.

Ауыл жігіттерінің айтысына қарағанда, Күлекеңнің қатты ашуланған бір сәті. Жақанай қолына түскен бойда тақымына басын қатты қысып алып, жас балаша құлағын бұрады дейді.

Жақанай да тілді болатын:

- Ә, Күлігім, жұла бер, жұла бер! Азар болса, Смағұлдың шұнақ Жақанайы атанармын, - деген екен.

ДӘМЕТ ДЕГЕН ИЗАУРА БАР

Жалпы, Күлекең бағбан адам. Бақшасында жемісті түр-түрімен өсірген. Дәл есігінің алдынан тау сілемінен құлайтын өзек ағып жатады. Ауылдастардың айтуына қарағанда, банкарды өзі сол жерде жуып, темір қақпақпен жаба береді екен. Күлекеңнің сол әдісі жария болмай құпия қалпында кетті дейді. Сұрағандарға сыр ашпайды екен. Тек айтатыны:

- Даладан дайындап, жуып-шайып, оны банкіге бастырып апармаса, үйде Дәмет деген

Изаура бар, қабылдамай қояды, - деп, жымыып қана қояды екен.

ӨЗІМ ЕПТ...

Таңертеңгілік разнарядкада совхоз директоры Сағат Әбдіғұлов Күлекеңе қарап: «Қарамағыңыздағыларға жұмыс жасата алмайсыз, өйтпейсіз, бүйтпейсіз» деген сияқты біраз сөз айтса керек.

Өзіне қарасты сын ескертпелерді тыңдап болып отыра беріп, «епт...» депті жайымен ғана. Саққұлақ басшы басын шалт көтеріп алып:

- Тұрыңыз, не дедіңіз? - депті.

- Сол Айтжан, Зарлық, Яхияларға жұмыс істете алмаған өзім «Епт...», - деген екен.

БОТАШ ҚОСЫЛДЫ ҒОЙ

Күлекең өзі темекіні жиі тартатындар қатарынан. Ауыл дүкеніне барып, күндегі нормасынан темекіні артық алса керек.

Дүкенші Әлия жеңгеміз:

- Аға, артық алып қойған жоқсыз ба? - депті.

Сонда Күлекең:

- Ерсаят темекі тартады, Бексаят темекі тартады. Енді осыларға Боташ деген әулие қосылды, әрқайсысының бөлмесіне байқатпай бір-бір пачкадан апарып қоямын, өздері кіріп-шығып тартып жүреді, - депті.

* * *

Менің інім Жазыбек те темекіні ерте бастады. Әкем марқұм «қарағым, жаман әдетке үйір болған екенсің, қоюуға ерік-жігерің жетпесе, ұрланып тартпа, қора-қопсыны өртейсің» деп, өз ұлықсатын берді.

Жазкең 8-9 оқып жүргенде үйде жүріп шылым шеге беретін.

Бала жанын ерте түсінген не деген жомарт әкелер.

КЕЙ АДАМДЫ ҰЗЫН, КЕЙ АДАМДЫ КӨЛДЕНЕҢ ЖАРАТАДЫ

Гараж жұмыскерлерін бастап Күлекең Шолақеспе қыстағындағы аға шопан Мақсұтбек Нұрғалимовтың қорадағы қиын оюға барыпты.

Түнемеде барлығына залға қатар-қатар төсек салып беріпті. Ең шеткі орын Кенжебай марқұмға бұйырса керек. Ол кісінің бойы 2 метрге жуықтайтын.

Кенжекеңнің тұсында қабырғада шет-шеті ағашпен көмкерілген табиғаттың бір әсем суреті ілініп тұрады, білем. Түнде ұйқысырап жатып, аяғын көтеріп қалған Кенжекең суретті жерге құлатып, жиегіндегі ағаштары быт-шыт болыпты.

Таңертегілік шәйда, өзі толық денелі Жәкіш шешеміз бір топ жастарға қаттырақтау ұрысса керек. Жастар ішіп отырған шәйларын тастап

далаға безіп кетіпті.

Дастархан басында жалғыз қалған Күлекең:

- Жәкіш-ау, енді неғыл дейсің? Алла бір адамды ұзын жаратса, екінші адамды көлденеңінен жаратады, - деп Жәкіш шешеміздің етжеңділігін меңзеген екен.

ҚОЛДЫ ТҰРСЫНБЕК ПЕН МҰҚСИЫННЫҢ МАЙЛЫ ҚАЛТАСЫНА САЛ

Әділмаш ағамыз жиен болғандықтан нағашылап, Күлекеңнің арт жағынан келіп білдірмей қалтасына қол салса керек.

Сонда Күлекең:

- Әділ, сен ол қолды Тұрсынбек пен Мұқсиынның майлы қалтасына сал, кеуіп қалған біздің қалтадан өткенде өзің көрген бір мешок жемнен басқа не шығар дейсің? - деген екен.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ

Ауыл молдасы Айдаржан бауырымыздың айтуынша, Шет ауданына қарасты Қызылқой бөлімшесіне шөп дайындауға барғанымызда Күлекең ағамыз басшы да өзі, аспаз да өзі болды дейді. Қашан келсек, өзі сияқты дәу-дәу бачоктарға су толтырып, қайнатады да жатады.

Арасында қолындағы үлкен ожаумен сапырып-сапырып қояды. Аузында үнемі темекісі жүреді. Темекі күлі тамаққа түсіп жатады.

- Аға, темекіңіздің күлі тамаққа түсіп жатыр, - десем,

- А, Айдаржан балам, алаңдама, ол дезинфекция деген болады, адамның ішек құртына бірден-бір ем, - дейді екен жайбарақат.

ӨЗАРА КЕЛІСІМШАРТ

Болымысы бап, артық сөзге сараң Күлекең Қасабай бөлімшесін басқарып жүргенде жиі-жиі «ащылатып» қояды, білем.

- Бір бөлімшені басқарып отырсың, оның үстіне іргеде аудан орталығы тиіп тұр, бір-ақ күнде бар абыройыңды жоғалтасың ғой, - деп, Дәмет шешеміз қатты ренжісе керек.

Ертесіне бәйбішесінің бар айтқанын үнсіз ұғып, үйінен шығып бара жатып:

- Бүгін үйге қонаға ауданнан өкілдер келмекші, тамақ істеп қоярсың, - деп, кетіп қалады.

Іңір қараңғысымен үйіне келе «тамағыңды түсір, шоң қонақ біз боламыз» - деп, дастарханына жайғасыпты.

Дастархан басында Дәмет шешеміздің қолын алып тұрып:

- Үйленгенде мәңгілік өзіңмен бірге болам деп бірінші келісімшартқа отырып едім, мынау екінші келісімшартымыз, бүгіннен бастап «ащы сумен» қоштастым, - деген екен.

ХИМИЯНЫ ЖАҚСЫ ОҚЫҒАН АДАММЫН

Күлекең Қарқаралы зооветтехникумында сырттай оқиды екен. Сессияға баратын бо-

лып, шаруашылықты басқару уақытша Сапар Аубакировқа тапсырылады. Сапкең:

- Ойбай-ау, Күлеке, қартайғанда мынауыңыз не оқу? - десе керек.

- Мұқаба керек болып тұр, қашанғы фермада жүре берем, Шахуовтың орнына қарай жылжу керек боп жатыр, - депті де кетіпті.

Сессиядан оралған соң Сапкеңдер жанын қоя ма – Күлекеңді ортаға алып жудыртыпты. Сөз арасында «сынақ қатты болды, кәдімгідей экзамен тапсырдық, химиядан» десе, Сапкең:

- Қандай билет келді, - депті.

- Мен өзі химияны өте жақсы оқыған адаммын, сол баяғы спирттің түрлері ғой, Сапыжан, кідірген жоқпын этиловый, бутиловый, муравьиный және граф Сейіткамал екеуіміз ішетін спирт деп едім, «5» қойды, - деген екен.

ЖҰМАНОВ МӘУЛЕН МҰСАХАНҰЛЫ
(АҒА МӘУЛЕН)
(1942-2014)

Қарағандыдағы музыкалық курстың баян класында Дәртай Сәдуақасов ағамыз екеуі бірге оқыған деп естіп едім. Өзіне тән әдемі қоңыр дауысты, аспаптың барлық түрін меңгерген, музыкалық



сауаты жағынан көптен көш ілгері.

Жерлесіміз Қабылсаят Әзімбайұлының нағашысы. Қабылсаят ағамыздың «Күлік Әзімбаевич айтушы еді» атты кітабында Мәулен: «Ей, Қабыжан, домбыраң бар ма, мына құда-құдашалар мені менсінбей, үркіп отыр. Әзімді таныстырайын» деп Бетховен, Моцарт, Брамс, Вивальди, Огинскийдің шығармаларын орындай жөнелгенде жатақхана тұрғындары таңдай қағып, ауыздарын ашып тыңдады дей келе, Мәуленнің үлкен әкесі Жұманның әйелі атақты Көпбай болыстың жақындары Әбікен Хасеновтардың апасы екенінен дәйекті деректер келтіреді.

Міне, қараталдық аға Мәулен осындай жан еді. Мұсахан қарт пен Бәлтай шешеміздің жалғыз ұлы болып ерке өскендіктен бе, сөз арасында жиі кекештеніп қалатын. Бір ғажабы ән айтқан кезде бұл кемістігі мүлдем сезілмейтін.

90-жылдары ауылымызға жерлесіміз Сақи Романовтың 70 жылдығына орай қазақтың бір топ зиялы қауымы келіп, мектеп залында кездесу өтті. Сақи ағамыздың өмір жолына шолу жасап өткен ақын Жеңіс Қашқынов ағамыз сөз арасында:

- Бұл кісі төрт әйел алған кісі, - деп әйел алудағы ерлігін айтып жатса, Саәи ағамыз еш қымсынбай:

- Жеңісжан, барған жерде біреуін жеп қоятының не, бесеу, бесеу, - деп түзетіп, елді бір күлдіріп еді.

Мәулен ағамыз да төрт әйел алған кісі. Мәуағаң қулық-сұмдықты, бақай есепті білмейтін, іс-тірлік, жүріс-тұрысының бәрі табиғи. Қылықтары ойымызға оралғанда «ой, жарықтық-ай» деп мәз боп аламыз. «Мәуағаң үй деген екен, Мәуағаң бүй деген екен» деген әзілдердердің ел аузында әлі қаншасы жүр! Барымен бөлісе отырайық.

ТӨБЕТТІҢ ДЕ ТҰРМАЙТЫН ЖЕРІ ЖОҚ ЕКЕН

Комунистік партияның дәурені жүріп тұрған шақ. Совхоздың бензовоз көлігімен Қарағанды қаласына іс-сапарға барады, білем. Көлігіне бензин құйып ала қоймақ болып, бір заправкаға соқса, өкінішке қарай бензин жоқ. Көлігіне келіп от алдырайын десе, қырсыққандай ол да от алмай қояды. Содан рукоятканы айналдыра-айналдыра зорға дегенде от алдырып, енді жүруге бекінсе, алдында Лениннің ескерткіші тұр дейді. Ала көзбен бір атып, жоғын іздеп, келесі заправкаға келсе, тағы бензин жоқ. Үйреншікті әдетпен рукоятканы қолға алып, айналдыра-айналдыра шаршап, сәл тыныстап алайын деп, басын көтерсе тағы Лениннің ескерткіші тұр дейді алдында.

Сонда ыза болған Мәуағаң:

- Т-т-т-төбеттің де т-т-т-т-тұрмайтын жері жоқ екен, - депті.

Жанында жүрген совхоз парткомы:

- Біреу естісе пәле болады кетелік, кетелік, - деген екен сасқанынан.

МЫНАУЫҢ БӘТЕҢКЕ ЕМЕС, ЛЫЖИ ҒОЙ, ЛЫЖИ

«Шалқар» халықтық үгіт театрының респуликалық байқаудан өтуге кезекті дайындығы. Есіктің алдына үзіліске шығып, Мәуағаң бәріміз шылым шегіп тұрғанбыз.

Бір кезде Нұртай құрдасым келіп, үйірге қосылды. Нұртай ірі денелі жігіт, аяқ киімінің өлшемі де де жұрт қатарлы емес, шамадан тыс размер. Көбіне заказбен арнайы тіктіріп алдырады. 45 па, 46 ма аяқ киімінің өлшемі. Сол екеуінің бірі.

Нұртайдың шешесі Күлмаш шешеміз Мәуленнің туған апасы. Мәуағаң Нұртайдың аяқ киіміне қарап тұрып:

- Мы-мы-мынауың б-б-бәтеңке емес, лыжи ғой, лыжи, - дегені. Біз ағайдың тауып айтқан сөзіне мәз болып жатырмыз.

Нұртай болса нағашысын жуан жұдырығымен бүріп жатыр.

ӨЗІҢ ЖЕТІСІП ТҰРСЫҢ

Бажай әкеміздің ұлы Қабыжан ағамыз совхоздың автомеханигі болып абыройлы еңбек етті. Қабекең де, Мәулен ағамыз да аққұба тобынан емес, екеуі де мейлінше қара болатын.

Кезекті мотор жөндеу кезінде сөзге келіспей қала ма, Мәуағаң:

- С-с-с-сен де бір, қ-қ-қ-қап-қара болып алып, к-к-к-көнбейсің, - десе, Қабекен лезде:

- Өзің жетісіп тұрсың, - десе керек, сонда Мәуағаң:

- Қ-қ-қабеке, қ-қ-қ-қатырдыңыз, - деген екен.

Ж-Ж-Ж-ЖҮГІРМЕК, ЕЙ, С-С-С-СЕН БОЛА САЛШЫ

Мәуағаң үшінші, болмаса төртінші жеңгемізді әкелуге барғанда Рашиланың баласы Болат жүргізуші болып барса керек.

Болат ол кезде 16-17-дегі жігіт. Ат басын тіреп барған ауылдағы болашақ жеңгеміз тұрмысқа шықпаған, отырыңқырап қалған адам болса керек. Ұзатылатын қыздың ауылы жолдарынан жығылмай, жарты ауылды шақырып, қыз шығарып салардағы жоралғының бәрін жасаса керек. Содан ауылдың бір топ қыз-келіншектері Мәуағаңды ортаға алып:

- Сопиып өзің ғана келіпсің, жігіт жолдасың қайда? - деп тығырыққа тірейді білем. Сонда сасып қалған Мәуағаң баласындай Болатқа қарап:

- Ж-ж-ж-жүгірмек, ей, ж-ж-ж-жігіт ж-ж-ж-жолдас с-с-с-сен б-б-бола с-с-салшы, - деген екен.

**А-А-АУДАРЫЛСАҢ,
О-О-ОСЫЛАЙ А-А- АУДАРЫЛ...**

Қаратал өзенінің бойында Матжан ағамыздың үйінің тұсында биіктігі 3-4 метр биік жар болатын.

Мәуағаң қатты қызу болса керек, сол жардан бензовозымен ағып келген бойда бір-ақ секіртеді білем. Көлік екі-үш аунап барып, төрт дөңгелегімен тұра қалыпты. Жаз мезгілі, күн енді батуға бет алған шақ. Ауылдың біраз адамдары жан ұшыра жүгіре жетіп, ағайды көліктің кабинасынан жабыла шығарып алыпты. Көлігінде де бір сызат жоқ, өзі дін аман Мәуағаң: «А-а-аударылсаң, о-о-осылай а-а-аударыл, м-м-мягкий п-п-посадка болды» - деген екен.

* * *

Қабылсаят Әзімбайұлы ағамыз: «Күлік Әзімбаевич айтушы еді» кітабында нағашысы Мәуленді «ерке, сері болып өскен. Әке дәулеті он қыздың ішіндегі шолжаңы Мәуленді серілік жолға ерте түсірген.

Әкесі жіберген оқуға бармай, домбыра тартып, ән салып, өмірдің өзге еркін қырын таңдаған» дейді.

Қабекең ағамыз ағасы Күлік Әзімбайұлымен нағашысы Мәуленнің арасындағы жұмыс бабында болған оқиғаны әдемі өрбіткен және нағашысының орыс тілін жете меңгергендігіне

дәлелді дәйек келтіре кеткен.

Совхоз директоры Орал Шахуов демалысқа кетіп, орнына уақытша міндетін атқару Күлік ағамызға жүктеледі.

Мәулен ағамыз жанар-жағармай базасының қоймашысы. Елде оны «заправщик» дейді.

Мұнай тасу, ұйымдастыру жұмысының бастығы Мағұз Үшбаев ағамыз совхоз әкімшілігіне Мәуленнің үстінен арыз түсіреді. «Заправканың басында ішеді, темекі тартады, жұмыс тәртібі өте төмен т.б.» деген сияқты.

Өйткені, оның орнына басқа бір жақынын қою керек, әдемі «қазақи тірлік».

Күлекең Мәуленді шақырып алып, ұрсып:

- Түсінік жазып әкеліңіз, - дейді Ол қазақша жазып келсе, Күлекең қырсығып: «Вы, что? Как положено пишите на русском языке» депті. Мәулен ағамыз он минутқа жеткізбей орысша түсінігін жазып әкеліпті.

«Его Высокопревосходительство и.о. директору совхоза Каратальский, Актогайского района, Джезказганской области Азимбаеву К.А.

Его Высокоблагородию исполняющего обязанности начальника нефтебазы господину М.Ж.Ушбаеву от Джуманова М.М.

ПРОЩЕНИЕ

Я, Джуманов Маулен Мусаханович, в данном совхозе тружусь почти с рождения. Здесь в Шылыме жили мой предки, отец инвалид Великой Отечественной войны, ветеран труда, один из первых большевиков края.

Я к труду и к своим обязанностям отношусь добросовестно, ущерба и вреда от моей деятельности к хозяйству не причинен. О том, что я якобы курил, пил в рабочем места клевета, организованная группой кляузников и проходимцев. Им нужно мое рабочее место. Доказать свою невиновность и порядочность представляется невозможным в силу очень враждебного отношения и позиций и.о. директора и и.о. нач. нефтебазы.

Я ко всему готов, можете увольнять.

Ваш покорный слуга, Холоп: М. Джуманов.

Орыс тіліне жетікпін деп жүрген Күлекеңнің өзі «Холоп» деген сөздің мағынасын түсінбей көзі ашық, сауатты феномен Есенбай Таханов әкемізден сұраса керек.

- Ой, Күлеке, «Холоп» деген Киев орысында «құлыңмын» деген сөз. Мәулен сендерді қатырған екен, - депті.

**О-О-ОН АЛТЫ Т-ТҮГІЛІ,
О-О-ОН, ЖЕТІГЕ А-АПАРЫП Ж-ЖАПСАҢ
ДА М-МЕН А-АЛҒАМ ЖОҚ**

Тілдерінде кемістік болғанмен, сұлу сөздеріне бас иесің. Еңбек совхозында Кеңес дәуірінің дүркіреп тұрған шағында совхоздың кассасынан 36000 мың сом ақша ұрланды.

Ауыл еңбеккерлерінің бір айлық жалақысы айдың-күннің аманында құмға сіңген судай жоқ болып кетеді.

Жұрт біткен дүрлігіп, облыс, республикадан арнайы мамандар іздестіру жұмыстарын бастап кетеді.

Ауыл кассирі Мәрден деген ағамыз. Ол кісі де Мәуағаң сынды кекештеніп сөйлейді.

Облыстан келген тергеуші, Мәрден ағамызды қыспаққа алып, «сен алдың, ерікті түрде мойында, болмаса 16-ға апарып жаптырам» - деп қорқытады.

Сонда Мәрден ағамыз:

- О-о-он алты т-т-түгілі, о-о-он жетіге апарып жапсаң да мен алғам жоқ, - деп безек қағады екен.

ЗӘПИЯ ШЕШЕМІЗ

«Көп білген ақылды емес, керегін білген ақылды» - демекші, Зәпия шешеміз керегін білетін адамдар қатарынан еді.

Жақсының нұры таусылмайды ғой, тілі қылыштан да өткір, түсінігі тірі, кекірейген кердеңмен жаны қас жан еді жарықтық. Анамызды ауылдастары «аңқаулығы да бар, қулықтан да кенде емес» деп жатады.



Ал, енді аңқаулық адалдықтан туса,

адалдықтан шындық тумай ма? Меніңше, мұндай адамдар ағынан жарылып, ақылдыға ой салады. Және бір ғажабы қылықтары күлкімен көмкеріліп жатады ғой.

Зәпекеңдердің мақсаты жұртты күлдіре отырып, ойланту, ойланта отырып тәрбиелеу, тәубеге келтіру.

Анамыздың бір көрген адамына ат қойғыштығы ол енді бөлек қыры. Зәпекең қойған аттан талай ауылдастары өздерін көріп, өздерін танып, бірден тұла бойларын жинап алатынын маңайы ескере бермейді.

Менің бір байқағаным, Зәпекең шешеміздің ат қойған адамдарының басым бөлігі өз замандастары және өзі келін болып барған Көшкін руындағы қайындары. Ал, басқа рулардан қосалқы есім иеленген адамдар жоқтың қасы.

* * *

Қайта құру тұсындағы әзілдерді Тәуелсіздік алып келді.

Ауылымызда ат қойуға шебер тағы бір Қиза деген шешеміздің қиыстыра қойған есімдеріне еріксіз бас иесің.

Кеңестік көсем Л.И.Брежневті «Күмәжнек». (әмиян) деп атаса, 70 жыл өмір сүрген Кеңес үкіметін құлатқан М.С. Горбачевті «Кормоцех» атапты.

Не деген дөп қойылған диагноз. Құбылуды білмейтін Қараталдың қылжақбастарына осы

теңеулерден соң қалайша табынбасқа?!

* * *

Әшім әкеміз (ел «Әйем» дейтін) – совхоздың алғашқы жүргізушілерінің бірі. Кейіннен шопан болды.

Совхоздың бір отар қойын ертемен 8-де өріске шығарса, 11-де: «Топалаң келгір, осылардың тойғанын көргем жоқ» - деп, қайта қамап жата-тын.

Осы қылықтарын ескерді ма Әшім әкемізді «Сауысқан» дейтін.

Төлеп әкеміз де Сона бөлімшесінде зейнеткерлікке дейін шопан болды. Кейіннен Балқаштың Қоңыратына көшіп барып, 80-нен асқанда қайтыс болды.

Аласалау келген қағылез, ширақ адам бола-тын. Қыз кезінде осы Төкеңе көңілі де ауыпты. «Біздің үйдің іргесіндегі құдыққа келіп ат суара-ды, әрмиядан жаңа келген кезі, сыртынан қарап тұратынмын» деп, онысын менен жасырмай ай-татын. Кейіннен ұнатпай қалды ма «Күйкентай» атап кетті.

Төкеңнің үйіндегі тәтеміз «Ұршық» атағын ие-ленген. Шешеміз бір аяғын сылтып басатын жан еді. Туа бітті жамбаста кемшілік болған деседі. Өнерге бір табан жақын гармонмен қазақ әндерін нақышына келтіріп орындайтын. Қолы да епті кісі болатын. Қашан көрсең де, ұршық иіріп оты-рады. Ол кезде казіргідей қаптаған көлік жоқ.

Төкең мен бәйбішесі үнемі ат-арбамен жүретін. Гармон мен ұршық қашан көрсен, арбаларында жатады.

Анау бір жылдары той басқаруға Қарқаралының Сарыобалы ауылына барсам, Төкең мен бәйбішесі сонда жүр. Қандай көлікпен келдіңіздер десем?

- Сол баяғы өзің көрген ат-арба, - дейді Төкең.

Зәпекең шешеміз қолындағы ұршығын айтты ма, жамбастағы ұршықты айтты ма ол енді өзіне ғана мәлім.

Зәрубек әкеміз бен Ғайни шешеміз де кәсіп жағынан әріптестері. Зәкеңнің құлағы елден ерекшеленіп тұратын, содан болар «Шойынқұлақ» дейтін, ал Ғайнекеңнің мойыны қысқалау болғандықтан ба, «Бірмойын» деді – елде екіден мойын бардай.

Біздің ауылда екі Зәрубек болды. Заманда-сы көшкін Зәрубекті бірде «Шойынқұлақ», бірде «Тоңмойын» атаса, құлық Ұйқасбаев Зәрубекті «Босмойын» дейді екен.

Әубәкіров Сапар ағамыз да біраз қызметтің басын шалып, шама-шарқынша еліне еңбек етті. Еңгезердей, екі иығына екі адам мінердей пошымы бар.

Совхозға қарасты барлық бөлімшені басқарып шықты, білем. Сапекеңнің иеленген лауазымы «Сары інген».

Қасымов Серікбай ағамыз совхоздың бас инженері, кейіннен көрші совхоздарда партком, директор болды. Сапар ағамыз бәрі за-

мандас. Секеңді «Қара інген» атапты. Қызмет бабымен кетіп қалған соң ба, жоқ әлде, апайға ауызбастырық беріп кетті ме, бұл атау кейіннен қолданыстан алынып қалыпты.

Шаймағанбетов Матжан – бөлімше меңгерушісі, кейіннен совхоздың бас зоотехнигі болды. Әкесі Жасымбек те ферма басқарған, соғыс ардагері еді. Династияның жалғасуын меңзеді ме, Матжанды «Офицер» дейтін.

Айтқан әкеміз де сол бөлімшенің отымен кіріп, күлімен шыққан еңбек адамы. Старший рабочий (Аға жұмыскер) болды көбіне. Жұмыскерлерге құрал-сайман, етік-пима тарады, содан ба «Керзавай» атанды, арасында «Сумұрын» деп те қоятын. Ал, Айтекеңнің үйіндегі кейінгі Ғалия жеңгеміздің екі бетінің ұшы үнемі қызарып жүретін қызыл шырайлы жан. Ол кісіні «Помидор» дейтін.

Төлептің інісі Сәуленің де өмірі ат үстінде өтті. Бөлімшенің ветсанитары болды. Аласа ғана қара кісі. Сөзге сараң, ісіне мығым. Сәулені «Үсіген торғай» дейтін.

Несіпбаев Тәкіш ағамызды «Әлеумен» атапты. Былқ-сылқ еткен қимылы мен кісіге иілгіш мінезін ескерген болар.

Кенжеханов Қабдолла ағамыз сол бөлімшені басқаруға барған бойда «Ала қарға» атанса керек.

Әбдірбаев Мүсілім әкеміздің денесінің жүні мейлінше қалың, қоюланып өскендіктен «Бридон», «Бизон» атаған екен. Бауырлары

қалжақтап:

- Апай, шешіндіріп көрдіңіз бе, оны қайдан білесіз? - десе,

- Ойбай, құрып қана кетсін, ана қалың жүнінен қорқып, «Бизонға» қатын да тимес - дейді екен.

Әміржанов Тақсиын әкеміз он-он екі жасынан бастап қой бақса керек, қой топалаң да кісіні жастай қажытады ғой, қой соңында алба-жұлба боп жүргенде бір кезікті ме екен, содан Тахаңды «Ит шайнаған» атайды. Ал, Тахаңның үйіндегі Несіпбала шешемізді әпербақан, аңқау мінезіне орай «Алыпсоқ» атап жүрген де Зәпекең апамыз.

Әділбаев Қали әкемізді «Алшағыр» атапты. Көзі көк, жалт қарағанда сұс сезіліп тұратын.

Иманғалин Мәжкен ағамыз жас кезінде орта бойлының томпағы болса керек. Содан «Бүйен» деп атайды.

Жаңылған шешеміздің тартылған тарамыс денесіне қарап «Тулақ» дейді екен.

Шаяхметов Ғалы ағамыздың шыжбалақ, шыдамсыз қылығына әбден тойынған ба – бір жағынан қаралығын меңзеп, «Қолбақыр» дейді екен.

Әшірбеков Ізбасар ағамыз өкпе-назға құлақ аспайтын, ақкөңілділердің қатарынан еді. Жақын інісі болып келеді. Толықтау дене бітімін нұсқады ма «Болыс» бауырым деп атады.

Мерген ағамызды туған бауырындай көріп қатты сыйлапты, сондықтан да болар, ағайға ат қоймаған. Ал, жеңгеміз Гүлсімді «Мәтүшке»

деді. Жеңгеміздің анасы таза қанды татар қызы. Зәпекең шешеміз үйіне барғанда Гүлсім жеңгеміз оңашалап:

- Апай, елдің көзінше «Мәтүшке» деменізіші, - деп бір стақанға құйып тартқызып жібереді, білем. Сонда шешеміз:

- Әй, Мәтүшке, апаң біреумен тоқтаушы ма еді, берсең жөндеп бер, - деген екен.

Әбдіғұлов Сағат Қаратал совхозында бірнеше жыл директор болды, талапшыл, еңселі ірі денелі адам болатын. Содан да болар директорымызды «Піл Сағат» атады.

Жақыпбеков Секен ағамызды неге екенін жұрт «Қан Секен» дейтін, орта бойлы толықтау болатын. Нағашысы болған соң жұмсартты ма – «Буаз Кесіртке» дейді екен.

Жан-жағын күлкімен емдейтін Зәпия шешем маған шымбайыма батпайтын, өзім қатты ұнататын тәттімнің аты «Батончик» деп ат қойды. Шын мәнінде, баласындай жақсы көрді. Марқұм кездескен сайын «батончигім» деп бетімнен сүйетін.

Көшкіннің бір баласы Қазыбай атамыздың атын атамаудың ретін тапқан келіндері жылқы қазысын аталарының атын атамас үшін «ойма» дейді. Осы атаның көп келіндері мені «ойма» бала атады.

Әр адам өз алдына бір-бір әлем деген рас болса, өзін сөз етеміз бе, сөзін сөз етеміз бе?

Зәпекең шын мәнінде біраз әзіл-қалжыңның жиынтығы. Зәпекең «құдай төбеңнен ұрсын

сенің» деп, ернін шығарып, кейбір әйелдерге тән ерсілікті жасамайды. Мырс етіп күліп алып, мысқыл тастайды. Көңіліне жақпаған, «жыны келген» жәйттерге тұспалдап, сын садағын тартқанда, кірерге тесік таппайсың.

Әдемі сөйлей білетін кісінің ісі де әдемі. Анамыздың дастарханы, тазалығы дегеніңіз өз алдына бөлек әңгіме.

ЖОЛ ЖОҚ, СВЕТ ЖОҚ, БІРІМІЗДІ БІРІМІЗ АЛЫП, ТОЙ ЖАСАП ЖАТЫРМЫЗ

Шабанбай би ауылына қарасты бұрынғы қос бөлімше Ақшол ауылы мен Сона ауылы – айналдырған оншақты үй – бірімен бірі құда. Сыртпен аса байланыс жоқ. Қыс мезгілінде атшанамен ғана қатынасады. Сондықтан болар, айналып-айналып кеп, бірін-бірі ала береді.

«Ауылыңызда не жаңалық?» - деген ағайынға Зәпекең шешеміз:

- Жол жоқ, свет жоқ, солярка, бензин жоқ, бірімізді біріміз алып, той жасап жатырмыз, - деген екен.

МҰХАМЕДИЯНЫҢ ҚАЛАМЫ АЛҒАН ЕКЕН ҒОЙ БІР ҚЫЗДЫ

Зәпекең шешеміз зейнеткерлікке шығатын болып, совхоз конторын басына көтеріп, балаларының санына жете алмай жүр дейді.

- Тапқаным сегіз, екеуі өлген, оны қайда

көмгенін Мақсұт біледі, - депті. Әйел адамның жерлеу рәсіміне бармайтынын меңзегені ғой.

Олай санайды, былай санайды – бір бала кем. Біреудің баласын біреу біліп бола ма, еш көмек болмаған соң шығып кетсе керек.

Сүтпісірім сәттен соң, сүріне-қабына кіріп келіп:

- Таптым, таптым, бар болғыр бір қызды Мұхамедияның Қаламы алған екен ғой, - деп отырғандарды ду күлдіріпті.

КАБИНЕТКЕ КІРМЕЙСІЗ

Марқұм Шахуов Оралдың совхоз директоры болып тұрған кезде Зәпекең шешеміз қабылдауына барса, сөзін атүсті тыңдайды. Болмаса, бірдеңеге ашуланып тұрған сәтіне дөп келді ме:

- Шығып тұрыңызшы, кабинеттен, - деп шығартырып жіберіпті.

Күздің күні. Байғазы қыстауында мал ұрықтандырып жатқан уақыт. Қыстаудағылар алаңсыз шәйда отырады, білем. Бір топ ауданнан өкілдермен қоса директор Шахуовтың өзі келеді.

«Кім келе қояр дейсің?» деген оймен, бар қошқарды қойға қосып жіберген, оның үстіне ауырып өлген екі қой қораның кіреберісінде шығарылмай қалыпты.

Өз қателігін сезіне қойған апамыз да, амандықты қалғандарына қалдырып, жүгіре ба-

рып, қораның есігіне құлып салып үлгерсе керек.

Өкілдерімен қора алдына келіп тоқтаған совхоз басшысы:

- Ашыңыз қораны, жұмыстарыңызды көрейік, - дейді ғой.

Зәпекең де жұлып алғандай:

- Кірмейсіңдер, менің кәбинетім осы, директор жолдас. Өткенде ақ жаулығымды желбіретіп алдыңа барғанда, маған шығып тұр дедің емес пе, ендігі кезек өзіңдікі, - десе керек.

Өкілдер алдында қателігі бетіне басылған басшы да, басқалары да әңгіме ауанын түсіне қойып, жөндеріне жөнелсе керек.

ҚОЙДЫҢ ҚЫРЫЛҒАНЫН ҚАЙТСЫН, РАДИОМ ӘН САЛАДЫ ДА ТҰРАДЫ

Бір жылы қыс қаңарына мініп, дайындалған жем-шөпқоры да сарқылып, қыстақ-қыстақтарда біраз мал шығыны болса керек.

Аудан мен совхоз орталығынан арнайы жасақталған комиссия шопандардың мал шығынына неге жол бергендіктерін тексеруге Мақаң мен Зәпекең шешеміздің қыстағына келсе керек.

Мал өлекселерін санап, бір жерге үйіп, жылынып алмаққа үйге кіреді, білем. Бәрінің қабағы қатулы. Үйге кірген бойда радио көңілді дәстүрлі әндерді орындап жатса керек.

Сонда Зәпекең шешеміз:

- Қойдың қырылғанын қайтсін, радиом ән са-

лады да тұрады, - деген екен.

ЕССІЗ НЕМЕ-АУ, ЕСІКТІ АШЫП ЖЕМЕСЕҢ ҚАЙТЕДІ

Совхоз директоры Саят Тохметов қысқа түскен малдың жай-күйін білмек ниетпен Мақаңның қыстағына соқса, есік алдындағы теплякта көтерем малға арналған жемді қызыл сиыр соғып тұр дейді.

Көзімен көріп тұрған соң басшының да мысы басым болады ғой, үйге кірісімен:

- Істейтіндеріңнің бәрі осы, жаман малға арналған жемді есігін ашып қойып тұрып жеке меншік сиырларыңа бересіңдер. Алдағы партия ұйымының жиналысында қаралатын өзекті мәселенің бірі осы болады, - деп, тысқа оқталады, білем.

Зәпекең шешеміз де жақ ашпастан соңынан еріп, шыға берісте жатқан шлапшынды қоса ала шығыпты. Директордың көзінше тепляктан жарты шлапшын жемді алып келіп:

- Ессіз неме-ау, есікті ашып жемесең қайтеді. Өз қолыммен де беретін едім ғой, - деп қызыл сиырдың алдына тастай салған екен.

ЕДЕН НЕГЕ ЖУЫЛМАҒАН

Мақаң мен Зәпекең отырған Жайнақбай қыстағына совхоз құрылысшылары жаңадан үй салып береді. Кеңес кезеңінде қазіргідей аста

төк құрылыс материалдары жоқ. Төрт қабырғасы мен едені болса болды. Шопан байғұс соған мәз.

Жылға жетпей кеппеген қарағайдан салған полдың арасы 5-10 см дейін ашылып, сыйқы қаша бастайды.

Малшының алдында мал болған соң шығын болмай тұра ма? Қора жақтан бірде-екілі өліп жатқан малды көрген тағы да сол совхоз директоры Саят біраз айғайға дем беріп алып, ашуланған күйі үйге кіреді, білем.

- Анау малдар неге өліп жатыр, мына полдың кірі не? - деп Зәпекең шешемізге қарапты.

Қарап тұрар апай бар ма. Кіреберісте тұрған екі шелек толы суды полға төге салып:

- Ал, немен жуайын, екі шелек су қайда жаңағы? - деп, сапасыз салынған еденге екі шелек судың да аздық ететінін меңзесе керек.

Оны көрген Саят: «Зәпия, саған дауа жоқ екен» деп шығып кетіпті

«МИҚО-ҚИҚО» ДЕП МЫНА ЖУҚАЛАР ОНЫ ДА БӨЛІП АЛДЫ.

Мақаң мен Зәпекең зейнеткерлікке шыққаннан кейін бөлімше басына көшіп келіп, біздің Мерген ағаймен көрші болды. Тұлғалық қадыр-қасиетін еш көнертпеген Мекең ағамызды жағымды да жұғымды мінезімен, еңбекқорлығымен бүкіл ел сыйлайтын.

Замандас келіншектері Мекеңді Михо деп

атайды білем. Бір отырыста бастары құралып қалған әлгі келіншектерді көріп:

- Бір жап-жақсы көршім бар еді. «Миқо», «Қиқо» деп мына жуқалар оны да бөліп алды менен, - деген екен.

СЕНДЕРДІҢ КӨЗДЕРІҢ ТИДІ, ЖУҚАЛАР

Зәпекеңнің «Жуқасы» – орыстың «Сукасы». Тікелей өзінің тәржімасы. Ақсақалы Мақаңда көп сөз жоқ: бар ма – бар, жоқ па – жоқ. Өзі айтпақшы, жуқалары бас қосқан сайын «Мақаң момын ғой, Мақаң момын ғой, не шықса өзіңізден» деп, дес бермейді екен.

Бірде жуқалары шұбырып үйіне барса, терезе сынып жатыр дейді.

- Ойбай, мынаған не болған демей ме? - жамырап.

- Сендердің көздерің тиді, жуқалар, үнемі ағатай момын, ағатай момын, - деп, кеше үйдің ішінде тұрған мені ұрам деп бар шыныны сындырды, ауған, - деген екен.

СЕНІ КӨР ДЕ ҚАБЫЛДАМАС

Спанов Қуаныш бөлімше меңгерушісі. Көршілері Мақаң мен Зәпекең. Мен Тоғызбайда қырман меңгерушісімін. Боран соғып, екі-үш күн аялдауға тура келді.

Әйнектен сыртқа көз салып тұрсам, алба-жұлба апамыз жүгіріп, тысқа атып шықты,

соңында Мақаң. Шалы жетіп қалғанда шешеміз жата қалды. Қардың үстінде екі аяғын көтеріп алған, ербеңдетіп жолатпай қойсын.

Содан қойшы, шаршады ма – Мақаң қолды бір сермеді де, үйге қарай кетті.

Мен аң-таңмын. Көрніс жайлы марқұм жиенім Зейнептен сұрамаймын ба:

- Осы кісілердің бір жанжалдасқанын көрмедік, ойындарының түрі ме, адам түсініп болмайды екен, - деп.

Мақаң әбден қажығанда Зәпекеңе айтады екен:

- Сені құдайдың көрі де қабылдас, үш күннен кейін шығарып тастайтын шығар, - деп.

ҚҰЛАҒЫМНАН КЕТПЕЙДІ, ҚУАНЫШТЫҢ ДАУЫСЫ-АЙ

Қуаныш ағамыз бөлімше меңгерушісі болды. Бөлімше басқару да оңай шаруа емес. Діттеген шаруасы істеліне қоймаса, быж-тыж болып қарамағындағыларды мазалай беруге тура келеді.

Ағайдың үні жіңішке. Қарлығыңқы дауыспен ашуға мініп, жылдам сөйлеген кезде тіпті қиқылдап қалатын. Көрші тұрғаннан кейін Зәпекең шешеміздің бұл үнге құлағы әбден қанық.

Қукең совхоз орталығына «К-700» тракторларының бригадирі болып ауысып, ауыл болып қайқаңда шығарып салу дастарханын жасаса

керек. Жақсы-жақсымен ауылдастары да біраз жерге барысады, білем.

Зәпекең шешеміз тумысынан қазақтың қара өлеңіне жақын жүретін жан. Бір-екі жол шумақты тастай салатын әуеніне салып, қайырмасында:

Орталықтың алысы-ай,
Құлағымнан кетпейді,
Қуаныштың дауысы-ай, - деп әндетсе керек.

БІРЕУГЕ ӘПЕРМЕКШІ БОП ЖҮРСІҢ БЕ?

Совхоздың жұмысы біте ме? Тоғызбайда қырман меңгерушісімін. Науқанның қызған шағы.

Қыркүйек айында інім Жазыбек үйленетін болып, он күнге зорға сұранып шықтым.

Құдалар Өскеменнен. Үйде бас көтерер өзің болған соң, керек-жарағы бар, құдалыққа бару деген қат-қабат шаруалармен мұрынға су жетпей жанталасып жүгіріп жүргенде Зәпкең шешем жолығып қалды. Кезіккенде бірден маңдайымнан искейтін марқұм.

- Әй, «Батончик» сен үйленбеп пе едің? Әлде біреуге әпермекші болып, арам тер болып жүрмісің? - дегені

Бірден есіме түсті, апамызға шақыру билеті бармағаны. Тойда өкпеші көп қой, бірақ орны бөлек апамызға ертеңіне шақыру билетін беріп жібердім.

ТӘБЕТІ ЖАҚСЫ, МАЙ ЖЕЙДІ

Барған жерінде қасық-қасық майды ауызға салып жіберетін Зәпекең сырқаттанып жүрді ме, біраз майға беттей алмаса керек. Есесін жібере ме, соны сезген бір жуқасы:

- Апай, май алыңыз, - демей ме.

- Тәбеті жақсы, май жейді, май жейді деп өңшең жуқалар, сендердің көздерің тиді, ақырында майдан да қалдым, - деген екен.

БІР КЛАССТА ТӨРТ ЖЫЛ ОТЫРСАҢ НЕШЕ БІТІРЕСІҢ?

Қимыл тірлігінің бәрі нанымды, маңайындағыларының бәрін қыран-топан күлкіге бөлеп отырған Зәпекең шешемізге отырыстағы бір қонақ:

- Апай, неше класс бітірдіңіз? - деп сауал тастаса керек.

Зәпекең де жұлып алғандай:

- Бір класста төрт жыл отырсаң, неше бітіресің? - деген екен.

БІР ЖҮРЕГІМ СЕНДЕ

Айтхан ағамыз бәрі замандас, әзілдері де жарасымды. Айтекеңнің екінші жолдасы қаладан келген, білем, құрдастар аралық қалжыңды түсіне қоя ма? Сонда әдейі Ғалия шешеміздің көзінше Айтекең:

- Сумұрын-ау, бір жүрегім сен деп соғады әлі,
- деп құрдасын құшақтайды, білем кезіккен сайын. Сонда Ғалия жеңгеміз қызғанды ма:

- Маған десең күллі жүрегіңді бер, онда менің нем бар, - деді дейді.

ОЙЫМ ҚОТЫР ТӨЛЕП

Қызыларайда өзінің құрдасы, туысы Ғайни апамыз екеуі бір класта оқып, бір үйде жатыпты. Ол кезде мектепке кеш барады да, жоғарғы кластарда алып қашып кете береді, білем.

- Зәрубектің сондай тұзағына жанымда бірге жүрген Ғайни ілігіп, бір түнде алып кетті. Содан әжеме келіп жыладым дейді:

- Әже, Ғайни кетті, мен де кетем, бірақ сөз айтқан ешкім жоқ. Ойым қотыр Төлеп, әрмиядан келгелі, құдығымыздан ат суарып жүр дедім, - дейді.

МЕН СЕНБЕЙМІН

Төл науқаны басталысымен совхоз басшыларының 100-қойдан 100-қозы алуға шопандарды үгіттеп, қысайтыны белгілі. Содан біраз Мақаң мен Зәпекеңді айналдырса керек. Мақаңа салса «иә» дей салады. Өзіне қарап телміріп отырған совхоздың төрт басшысына:

- Мен сенбеймін, құдайдан ба, Ауғаннан ба (Ауған ақсақалы) өзім де қысыр жүргелі үш жыл болды. Оны білгенде күзде қошқардың уәдесін

алып қалуым керек еді, оның да қайда жүргенін білмеймін, - десе керек.

ӨЗЕГІ МЕН ӨГЕЙІ

Құдайы көрші болып етене араласқан Өмірсерік ағамыздың үйіндегі Күлзекен шешемізді бірдеңе сұрарда іш тартып: «Әй, Тәңірқұл» деп нағашыға балайды да, өзге уақытта «Өгейім» дейді екен. Ал, Әкімжан бауырының келіншегі, келіні Кәмешті «Өзегім» деп атайды екен.

АТА ҚҰМЫРСҚА АНА БӨЛМЕДЕ

Апамыз «Ақтоқаш» атаған Ағдарбегі армиядан келерде «әне келді, міне кеп қалдымен» үш-төрт рет шәй-жем әкелініп, «бір жөні болармен» ауылдастары сарқып ішіп, таусып жеп отырғанда Ақтоқашы сап ете қалыпты. Айрандай ұйып отырған оншақты үй келген қонақтың бәрін қарсы алып, түнімен кішігірім дүркіреген той өтіпті.

Ол уақытта қазіргідей класс-класс болып бөлінбейді, жалпы ауыл жастары жаппай жиналады. Төреш деген марқайып қалған жігіт ағасы тамада болыпты. Жастар жағы таң ата залға жаппай жата кетеді да, кішіректеу жеке бөлме тамадаға бұйырса керек.

Ертесіне жүргізушісін іздей келген басшыға Зәпекең шешеміз:

- Ата құмырсқа (ол тамадасы) ана бөлмеде, қалғандары илеуінде жатыр, - деген екен.

ОТ ЁПОШАМАЙТ...

Өмірсерік ағамыздың үйіндегі Күлзекен шешемізді өзіне іш тартқанда: «Әй, Тәңірқұл» - деп нағашыға балайды да, көңілі құп көрмеген күні: «Өгейім» - дейтінін айттық.

Тәуелсіздік таңымен таласа келген нарық заңына төселгенше, ауылдағы ағайынның біраз берекесі қашқаны жасырын емес. Себебі, малда құн болмады. 5 литр сұйық май, болмаса 1 литр «Рояль» спирті бір қойға бағаланды.

Кісі шақырып алмақ болды ма, сұйық майы сарқылған Зәпекең қонақтан бірге шыққан Күлзекен шешемізге:

- Әй, Тәңірқұл, сұйық майыңнан қарайлас, кейін ауыса жатармыз, қандай ыдыспен барайын, - десе керек.

Жоқты сұраған апасына ыза болған Күлзекең:

- 200 литрлік бөшкемен келіңіз апай, - депті.

- От ёпошамайт сенде болмаса елде жоқ, - деген екен.

БАСЫНЫҢ САҚИНАСЫ БАР САНДЫРАҚТАЙТЫН

1976 жылдың көктемі болса керек. Күйгенсай қыстауы. 9-мамыр Жеңіс мерекесіне орай, маңайындағы белсенді шопандарымыз ту

көтеріп, жүз қойдан жүз қозы алынып, той да-
той болып жатқан мезгіл.

Мақаң әкеміз өзінің нормасын асыра орындап
келіп, кіреберіс бөлмедегі еденге қисая салып-
ты. Сол сәт Көмеш жеңгеміз жүгіріп келіп:

- Төрт құлақ келді, Ыдырысов келді, - десе
керек. Зәпекең шешеміз сасқанынан сөйлеп
тұрған радионы жинаулы тұрған көрпенің ара-
сына тығып жіберіп, жалма-жан ақсақалының
үстіне бұрышта ілулі тұрған сары тонды лақтыра
салды дейді. Мақаң ірі адам ғой. Көтеріп апарып
басқа бөлмеге жатқызуға біраз уақыт және біраз
күшті қажет етеді. Іле-шала Ыдырысов та үйге
кіріп:

- Мына кісі неге жатыр? - десе, жинау-
лы көрпенің арасынан міңгірлеген радионың
дауысы естілсе керек. - Ауырып қалған ба,
сандырақтап жатыр ғой, дәрігерге неге апар-
майсыздар? - депті. Саса қоятын Зәпекең бар
ма:

- Қарағым, үйреншікті дерті, басының ұста-
масы, сақинасы бар, дәрі, дәрігерге қарамайды,
сүтпісірім мезгілден соң құр аттай боп тұрады,
- депті.

- Ондай болса, демалсын, мазаламайық, -
деп басшы да тысқа беттепті.

О, МАҢҚА, СҰМЫРАЙ, ГЕРЗЫВЫЙ...

Бір-біріне әзіл-қалжың айтып, қатар қомпиып
жүретін Зәпекеңнің Айтқан замандасы қалаға

бір барып келсе, кісі менсінбей қалады, білем.

Әкімжанның үйіндегі Кәмеш жеңгеміз бен Ертай ағамыздың үйіндегі Жәния жеңгеміз ертемен бұзауларын өріске айдап шықса, алдыларынан Айтекең кездеседі.

Кеше ғана қаладан оралған Айтекеңнің үстінде кейінгі мода қара-ала көйлек, басында әдемі шляпа. Келіндері жамырай амандасса да, көрмеген болып өтіп кетсе керек.

Келіндерге де керегі осы. Дереву Зәпекең апаларына барып болған жайтты әсірелей жеткізеді. Онсыз да қаладан келген құрдасынан сарқыт дәмепіп отырған Зәпекең:

- О, маңқа, сұмырай, герзывий, мен оны орнына қойып келейін, - деп жөнелсе керек.

Қадалған жерінен қан алатын Зәпекең есесін жіберсін бе, сарқытын ішіп, Айтекең мен алысып ойнаған болып жүріп, қара-ала модный көйлегін жыртып тынса керек.

СЫРТЫН ІШІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ҚОЙҒАМ

Совхоз директоры Орал Шахуов, партком, рабочком, комсомол секретары Нұргүл Төребековалар шопандар қыстағын аралап жүріп, Мақаң мен Зәпекеңнің ауылына соғады, білем. Қора-қопсыны аралап келіп, есік алдында үйден біреу тысқа шығуын тосып тұрса, түк естімеген, түк көрмегендей болып Зәпекең шықса керек далаға.

- Көтек, сіздер қашан кеп қалғансыздар? -

деп, таңданыс танытса керек.

Өзі көйлегін, желеткесін теріс айналдырып киіп алыпты дейді. Оны көрген Оркең:

- Шешей, мынауыңыз не, ауданнан өкілдер жүр, ұят емес пе? - десе керек. Зәпкең:

- Сол өкіліңе дайындалып, көйлектің кір жағын ішіне ауыстырғаным ғой, - депті.

- Неге жуып кимейсіз? - десе,

- Оны жуатын кірсабын қайда? - депті біраздан бері автодүкеннің соқпағанын меңзеп.

АЛА ҚАРҒА МЕН САУЫСҚАН НЕ ІСТЕП ШЫҒАР ЕКЕН?

Сона бөлімшесіне меңгерушілікке келген Қабдолла ағамызды «Ала қарға» атағанынан хабардарсыздар. Әйемді болса-болмаса, «Сауысқан» атады.

Қабдолла ағасы Әшімнің үйіне жеңгесінің шәйін ішуге бара ма, болмаса ақылдаса ма, кездесулерінің жиілеп кеткенін сезген Зәпекең шешеміз ауылдастарына: «Ала қарға мен Сауысқан биыл не істеп шығар екен?» - десе керек.

БҰЛ КІСІНІҢ ЖАЗЫҒЫ ЖОҚ, БҰЛ КІСІ ЖАҚСЫ АДАМ

Сол Ақсай қыстауында алғаш екі бөлмелі ұрық пункті салынып, Мақаңдар жаңа үй салынғанша бір қыстап шығады.

Төл науқаны кезінде қалың жаңбыр жауып, арты ақ жауынға ұласып, 2-3 күн елдің де, малдың да берекесін қашырса керек. Ферма меңгерушісі Сарыбас Алшынбеков ағамыз қарбалас шақта түнемеге сол қыстақа келіпті.

Ескі қора іші сел боп ағып кеткен. Жаңа туған бұзау, қозы-лақтарды таңға дейін екі бөлмелі үйдің бір бұрышын ергенекпен бөліп, орындар дайындап, жататын жерлеріне жандарына алады.

Басқарма да басқасы да шаршап, таңға жуық ұйқыға кетеді. Ертеректеу тұрған Зәпекең шешеміз шәй қамдаған болып жүріп лақтар тұрған орының есігін ашып жіберіпті.

Ешкі төлі ширақтау келеді ғой, оның үстіне жылы жерде естерін жиып алған 7-8 лақ ортада жерде жатқан Сарыбас әкеміздің үстіне шығып-түсіп ойынға кіріссе керек. Ұйқылы-ояу атып тұрған Сәкең:

- Ойбай-ай, қу Зәпия-ай, не істедің? - десе Зәпекең шешеміз:

- Бұл кісінің жазығы жоқ, бұл кісі жақсы адам,
- деп, біртіндеп лақтарды орнына тасып жүр дейді.

ӘКЕТ КӘРІ ИТТІ, ШАҚЫР КОМСОМОЛДЫҢ БІРІН...

Сарыбас әкелеріміз еңбегін өзіне тірек етіп, колхоз, совхоз жұмысының «отымен кіріп, күлімен шыққан» ұзақ жылғы бейнетті еңбегімен ел

есінде қалған жан.

Күз мезгілі қойды ұрықтандыру жұмыстары қызу жүріп жатса керек. Жалпы басшылық өз мойнында. Аталмыш қыстаққа бөлінген қошқарлардың дені кәрі болса керек – қазіргі биліктегі біздің шалдар құсап, не қолдарынан ештеңе келмейтін, не жастарға орын бермейтін.

Содан кәрі қошқарда қылар қайран жоқ, қойға босқа артылып тұрып алады, білем. Сәкең де шыдамсыз адамдар ғой: «Әкет кәрі итті, әкет кәрі итті, шақыр комсомолдың біреуін, комсомолдың біреуін әкел» - деген екен.

КІМНІҢ ОҚУШЫСЫ ДЕЙСІҢ?

Біздің Сона бөлімшесінде 70-жылдары Ұлы Отан соғысының ардагері бір әкеміз бастауыш класстарға сабақ берді. Ол кезеңде 4 сыныпқа дейін әр бөлімшеде мектеп болатын. Өзі соғыс ардагері, бөлімшедегі жалғыз мұғалім. Қалаған уақытында ащылатып қойып жүре береді екен.

Оқушыларына аса зияны жоқ. Бас жазып үлгерсе, жұмыс орнында арақідік қалғып алады екен. Ұйқылы-ояу отырғанда, ептеп мұрыннан су да ағып кетеді, білем.

Әбден мұғалімді құрмет тұтып, сыйлап өскен оқушылары үн-түнсіз сабақтарын оқып отыра береді. Тек қана мұрыннан су кеткен кезде:

- Мұғалім, мұғалім ақты, ақты, - деп бар оқушы шу ете қалады көрінеді.

Содан ардагер ұстазымыз Дулатов Өмірсерік

ағамыз бен Күлзікен шешеміздің үйіне бір топ ауылдастарымен бірге қонаққа шақырылады.

Әбден бабына келген ұстазының мұрнынан аққан суды көріп қалған оқушысы, сол үйдің үлкен ұлы Құрмет онда 2-3 оқиды, білем:

- Мұғалім, мұғалім ақты-ақты, - деп, айғай салыпты.

Сонда ұстазы қалтасынан сүлгісін алып:

- Кімнің оқушысы дейсің! - деп риза болып, мұрынын сүртті дейді.

АУҒАННЫҢ ДАМБАЛЫ ҒОЙ МЫНАУ

Көңіліне жақпаған, өзі ұната қоймайтын адамдарды бір тәубасына келтіріп алу – анамыздың бұлжымайтын қағидасы. Әсіресе, науқан кезінде аудан, ауыл болып комиссиялап жүріп алатын тобырды ұната қоймайды екен.

Сондай бір кезекті дастархан басында:

- Әй, кесе сүртетін орамал әкелші, анау орамалды әперші, - деп кесе сүрткен болып отырып:

- Әй, мыналарың Мақсұттың кептіріп қойған дамбалы ғой, - десе жаңағы жақтыртпайтындары Зәпекең шешеміздің қолындағы матаға үрпиісе қарайды екен.

АМАН СЕМЬЯСЫМЕН КЕЛГЕН ЕКЕН ҒОЙ, ҚАЗАН КӨТЕРЕЙІК

Совхоздың бас зоотехнигі Аман Тұрғынбеков

ағамыз облыстық идеология бөлімінен келген өкіл келіншекпен қыстақтарды аралап жүріп, Мақаң мен Зәпекеңнің қыстауына соқса керек. Бөгде келіншекпен кіріп келген бас зоотехнигін көрген Зәпекең орнынан атып тұрып:

- Аман семьясымен келген екен ғой, қазан көтерейік, - деген екен.

ЖҰРТТА ҚАЛДЫ ДЕГЕН ОСЫ

Мақсұт әкеміз бен Зәпия шешеміздің жаңа бас құраған кезі. Ол кездегі совхоздың маңыраған малынан бел қайысатын. Жайылым жетпейді. Жиі қоныс аударып отыруға тура келеді.

Зәпекеңнің енесі Жәмила деген кісі ер мінезді, өте адуынды, мейлінше ірі адам болса керек. Жаңа үйленген жастарды бір-екі рет оятып, тұра қоймаған соң ызаға булығып, жанындағыларға үйді жығуды бұйырыпты.

Шекесінен күн өткен апай оянса, киізүй жоқ:

- Ойбай, Мақсұт тұр-тұр, жұртта қалды деген осы, - деген екен.

Кейіннен сол жайт рас па деп сұрағандарға:

- Жұртта жалғыз қалдым ба десем, жанымда Ауғаным жатыр екен, соған қуандым, - десе керек.

МҰРАТ ЖҰМАШЕВ
(1940-2009)

Мал шаруашылығын өркендетуге ат салысқан.

Әкесі Жұмаш Тәжіұлы (1908-1969) Ақтұмсықта құс фирмасын ұстаған, кейіннен бақташы болған. 1960 жылдары ВДНХ-ның көрмесіне қатысып, Қаратал совхозы бойынша ең бірінші «Москвич» автокөлігін мінген адам екен.

**ӨЗІМІЗГЕ ҚАРАҒАН ӘРУАҚТАРҒА
БАҒЫШТАДЫҚ**

Тәуелсіздік алдық. Тәуелсіз Қазақстан атандық. Кезінде бала да, дана да жер-көкке сыйғызбай мақтаған Кеңес қоғамы «гүрс» құлады. Партия мен өкіметке шын сенгендігіміз сондай, халқымыздың қанына сіңген салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздың біразынан ажырап қалдық. «Қайта құру» деп аталған дүрбелеңнен бастап өз-Наурызымыз, дербестікпен қоса Айт мерекеміз оралды.

Сол еркіндікті ұтымды пайдаланған Мұрат ағамыз (Руы Құлық болатын). «Айт күні қырық үйге кіріп шығу сендердің мұсылмандық басты парыздарың» - деп, бауырларын соңынан ілестіріп, үйді-үйді аралайды, білем. Ескі ғадет қала ма, шөлпекпен қатар дастарханнан бөтелке де қылаң беріп қояды. Оншақты үйден кейін тіпті жиілейді, білем. Отыз алтыншы үйге,

өздерінің тақауда ғана шаңырақ көтерген жас отауларына, келгенде ағай кішкене қызыңқыраса керек. Қайтпаққа бекінген бауырлары ағай «Бата қайтарыңыз» десе: «Өзімізге қараған әруақтарға бағыштадық, Аллану акбар», - деген екен. Туғандарын көрген соң ет-бауыры елжіреп кеткен ғой ағамыздың.

КЕБЕНЕК КЕЛГІР

Жолдасымыздың інісі тосыннан қайтыс болып, иманды болғыр сол ағамыз екеуміз қайғыға ортақтасқан ағайынның бергендерін дәптерге тізіп отырмыз. Бұл 90-жылдардың басы. Мал құны сабан ақшамен өлшеніп, құны қашқан өлара шақ. Балқаштың Қоңырат руднигінен келген бір келіншек:

- Ағай, менің атымнан бір ешкі жазыңызшы, - дегені. Бір абзацта малдың қайда тұрғаны көрсетіледі. Жазылған ешкісінің Қоңырат руднигінде екенін естіген ағамыз:

- Ол кебенек келгірді, анау Қоңыраттан Қараталға сүйреп жүргенше, біреуден қарыз ала салмадың ба, қарағым? - деп отырғандарды бір күлдіріп еді.

ЕТКЕ ӨТКІЗЕТІН ЕШКІ ҚҰСАТЫП...

Жарты сағат өтті ме, өтпеді ме – трактордың тіркемесіне отырып алған Сона бөлімшесінің бір топ әйелдері келе қалды.

Үйге кіріп шыққан соң жазылатындары жазылып, улап-шулап қайыра тіркемеге мінгелі жатқанда Мүрекең ағамыз жәй ғана:

- Етке өткізетін ешкі құсатып, бақыртып бәрінің басын қалай қосып алған? - дейді. Ел іші, халық арасы қашан да осындай тауып сөйлейтін айтқыштарға кенде болмаған.

ҰЛЫ КЕУДЕСІ КЕЛДІ ҒОЙ, БІР ЖЕРІНЕН ШЫҒАР

Қайта құрудың соңын ала совхоздар тарап, жекешелендіру басталған сәтте жұрт аңтарылып, не ұжымда қаларларын, не өз алдына жеке кетерін білмей тығырыққа тірелгені жасырын емес.

Осы өлара шақта ең бірінші болып біздің совхоздан Ордабеков Хазиз, Манатбек, Жұмашев Мұрат ағаларымыз өздері бағып жүрген мыңға жуық отарды алдыларына салып, «фермер» атанып кетті.

Әр қайсы жеке-жеке қыстақтарын да жерімен жеке меншікке алды. Мүрекеңнің де үлесіне өзі мал баққан Шұбарөзек қыстағы тиіп, «Шұбарөзектің әкімі» атанатын шағы осы мезгіл.

Алғашқы жеке шаруа қожалығын құрған шаруашылықтарға мемлекет те өз тарапынан үлкен қолдау көрсетті. Жоғарыда аттары аталған ағаларымызға бір-бірден үр жаңа МТЗ-80 тракторларын тарту етіп, Жарық станциясынан тосып алу керек болады.

Жанына балаларын ертіп, айтылған уақытта үшеуі де Жарық станциясында болады. Тракторларын пойыздан түсірісімен Манатбек ағай мен Хазиз жездеміздің балалары көліктеріне от алдырып жүріп кетсе керек.

Мұрекеңе тиесілі трактордың түтін шығатын глушителі жоқ болса керек. Балалары ерсілік-қарсылы сабылып, «енді не істейміз, енді не істейміз?» деп сасқалақтап қалады, білем.

Сонда Мұрекең айтты дейді:

- Абыржымаңдар, балалар, ұлы кеудесі келді ғой, түтіні бір жерінен шығар, - деген екен.

БІЗДІҢ ЖОЛБАРЫС КЕЛІП, ЖАРЫП ТАСТАМАСЫН

Тоқырау уақытының өтпелі сынынан сол фермерлеріміздің біразы шаруа қожалықтарын жауып, ал ұқсата білгендері табыс көзін жандандырып, ірі-ірі шаруашылыққа айналдырды.

Мұрекең алғашқылар легінде. Қожалықты жауып, орталықтың басына көшіп келетін болып, үй іздеп жүр дейді. Бір қыстақтың «әкімі» атанған ағамызды аядай ауылда бәрі құрметтейді, қайтар мезгілде көлігіне мінгізіп салып тұрған бір-екі інісіне қарап:

- Көшіп келуге бекініп отырмын, ел естімедім демесін, түгел иттерін байласын, біздің Жолбарыс келіп иттерін жарып тастап, ертең ағайынның арасында реніш болып жүрмесін, - деген екен.

Марқұм әсірелей сөйлегенді ұнататын.

МҰНДАЙ БАЛАНЫ ҚАТЫННЫҢ ҚАТЫНЫ ҒАНА ТАБАДЫ

Марқұм Төлеген деген ұлы нағашыларына тартқан ба, қара, әм ерінді, мұрынды деген дейін өзге балаларынан оқшауланып тұратын.

- Осы бала кімге тартқан, - деп бір құдасы сұраса, қашан да жауабы дайын Мүрекең:

- Мұндай баланы қатынның қатыны ғана табады, - деген екен.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫНА – 80 ЖЫЛ

Хан Шыңғыс атамекенім.
Тауына қарай – қыраны,
Жеріне қарай – құланы.
Ұлысына қарай – ұраны,
Ұранына қарай – ұланы.

Әнет баба.

Сан ғасырлық тарихы бар Сарыарқа белінде орналасқан ғажайып өлке Ақтоғайдың аудан болып құрылғанына 80 жыл толуына орай мерейтойға дайындық шаралары басталған шақ.

Мен аудандық газетте бас редактормын. Аудан әкімі Махмұт Жарылғап Семей еліндегі Тобықты елінің азаматтары мен аудан азаматтарының араласуына дәнекер болып, сыйласым салтанат құрып тұрған шақ.

Ол жақтағы ел ақсақалдары ақылдаса келе той қарсаңында ақтоғайлықтардың бір әжетіне жарап қалар деген ниетте баспа саласының білгірі, журналист, жоғарғы дәрежедегі фотосуретші, отыз жылдан астам Ресейдің Новосибирск қаласында жұмыс жасап, зейнеткерлікке шығып келген Қуанышбек Төлеухановты жібереді.

Екі-үш күн іс-сапарда болып келгенім сол еді, Мақан шақыртты. «Қонақүйде алыстан келген әріптес ағаң жатыр, бар да таныс, ертеңнен бастап өлкенің тарихи орындары мен әсем

табиғатын көрсетіп, ауыл-ауылды аралатасың, мерейтойға байланысты бейнебаяндық журнал шығарамыз» деді.

Бардым, таныстым, бейне бір бұрынан таныс адамдардай ашық жарқын әңгіме құрдық. Жұмбақ адамның жайын мен ұқтым, Қуанышбек аға да мені түсінді.



Таңға жуық қонақұйден біздің үйге көшіп алды. Содан екі ай мейманым болды. Бірге болған аз уақыт ішінде бір-бірімізге деген адал сыйластық қалыптасып еді.

Қукеңмен бір-екі рет тереңірек сөйлескен адам досына айналатын. Жан баласын бөтен деп, бөлектеп жатқанын көрмедім. Отанын, ұлтын, тарихын, салт-дәстүрін, оның әдебиетін мейлінше сүйген, оған жанашыр, табанды жанды көзбен бірінші көруім.

Отыз жыл орыстың ортасында ғұмыр кешкен жанға мүлдем ұқсата алмайсың. Кіндік қазығынан алшақтап бара жатқан қалалық қазақтардың алдында шіркін-ай сағаттап лекция оқытырып алар ма еді деймін ішімнен.

Қазақтың кемел де, кемеңгер ақыны Абай туған топырақтан болғандықтан ба, Абайтанудан да ақпараты мол, бойынан лақылдап өнер төгіліп тұрған ерекше жан еді.

Екі жетідей жұмыс бабымен Алматыда қонақүйде жаттық. Кез келген ұлттың грузин, хо-хол, шешен, мейлі поляк болсын салт-дәстүрінен хабары бар және солардың әндерін тебірентіп тұрып орындағанда, сол ұлт өкілдерінің өзі таңдай қағатын.

«Аман болсам бір келермін» - деп фотоаппаратын бөктеріп алып жаһанның біраз түкпірін шарлаған адам сынды. Ашу мен өкпеден ада, ішкі қоймасын алдыңа жайып салатын жайсаң жан және әр ісі өзін әйгілеп тұрады.

Тағы бір ерекше қыры есте сақтау қабілеті. Біздің өлкеде 1928 жылы халық, мал санағы жүргізіліпті. Сондағы дерекке сүйенсек: халық саны – 35000, жылқы – 55000, ірі-қара – 37000, қой-ешкі – 363000, түйе – 13000 болған екен.

1938 жылы жүргізілген халық және мал санағында: халық саны – 7000, жылқы – 747, ірі қара – 241, қой-ешкі – 6000, түйе 186 ғана қалыпты.

1949-1953 жж. аралығында құпиялы түрде 20 рет жер үстінде, 89 рет ауада атом бомбыларын сынаған.

1954-1989 жылға дейін Дегелеңде 225 рет сутегі сынақтары жасалса, Балапанда 223 рет жер асты сынақтары жүргізілген деп қағаздан оқып отырғандай әңгімелейтін.

«Міне, Абай, Шәкәрім, Көкбай, Мұхтар туған топырақтың көрген құқайы» дейтін.

Данышпан Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп-көріп, ұстап, татып ескер-

се, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» - демеп пе еді. Жаратушы әр адамға қанымен біткен мінез береді ғой, ал қанына қасиет қонған адам бірінші өзінің ұлтын сүйеді.

Жақсы ағаның ұлағатты ақыл сөздері санамда әлі күнге дейін сақтаулы. Бар болымысы қазақылыққа суарылған Қуанышбек ағам сол сапарында Алматыдан 80-90 шақырым орналасқан ауылға апарып, бұрынғы Абай аудандық газетінің редакторымен де таныстырып, емен-жарқын әңгіме құруымызға да дәнекер болып еді.

«Анекдот» деген сөздің түп-төркініне үңілсек, ол грекше жарияланбаған, ауызша тараған деген ұғымды білдіреді екен. Ел арасына ауызша тараған, халықпен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан, кейде әдептен асып кететін анайылау, бірақ маңыздылығы дегеніңіз күн өткен сайын жаңаратын әдемі әзілдерді де талай ағаларымыздың ауызынан естідім.

Өкінішке қарай, күлдіргі әзіл әңгімелерге әлі күнге дейін ұсақ-түйек, жеңіл-желпі нәрсе ретінде қарап, лайықты бағасын бере алмай жүрміз.

Өткір тіл, тапқыр оймен қарсыласын бұлтартпай күлкі нысанына бірден айналдыратын, шашасына шаң жұқтырмаған Шашубай ақын мен Шәкір Әбенювтердің тентек сөз

араласқан әдемі әзілдерін де сол түні естіп, жадыма жаттап алып едім, өзгеріссіз жіберуді ұйғардым.

«Әрбір кісінің жаман қылығына күлсең, рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкінің өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл» депті Абай Құнанбаев.

ШӘКІР ӘБЕНОВ

ПРЕЗИДЕНТКЕ БАТА

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевқа ақ батасын берген Шығыстың шәйірі атанған ақын Шәкір ӘбенOV атамыз.

«Бата» бізге түсті деп, Семей облыстық әкімшілігінің бетке ұстарлары шұбырып, Қызылтудағы Шәкеңнің үйіне барыпты.

«Сүйінші, сүйінші, Шәке! Президентке бата беру бақыты сізге бұйырды» деп. Тумысынан жағымпаздыққа жаны қас Шәкең:

- Шығыстағы Шәкірді қайткелі жүр, анау Шамалғандағы есекке жақын өзінің шалдары берсін, - деп қисайыпты да қалыпты.

Содан қойшы, зорға дегенде ақынның бетін бері қаратып, келісімге қол жеткізеді.

Жоғарғы жақтың тапсырысы бойынша берілетін батаның мазмұны алдын ала жазы-

лып, президент аппаратына жолдануы қажет. «Қисық шал» атанған Шәкең оған көне қоя ма? «Құдай ауызыма сол күні не салады, сол батам «бата» деп» қырсығады да қалады.

Сонымен бөтуалы батаның берілетін күні белгіленіп, жасы ұлғайған қарт ақынды ауылының әкімі өзі Астанаға жетелеп апарады.

Әкімге берілген тапсырма бойынша, ақынның ауызынан барып қайтқанша батадан басқа бір ауыз артық сөзге жол берілмеуі керек.

Шәкең шын мәнінде ағынан жарылып тұрып, Президентке Ақ батасын берді. Бұл туралы ақпарат құралдары, көгілдір экран арқылы кезінде іс-шара барысын барша қазақстандықтар тамашалады.

Қарт адамға оңай ма, бата рәсімінен соң сәл тыныстап алмаққа бекініп, шеткері орындыққа отыра кетеді, білем. Қолтықтап жүрген сол баяғы әкім. Сол сәтте Шәкеңнің жанына президентіміздің жары Сара Алпысқызы келеді де:

- Ой ата, батаны керемет бердіңіз, сізге алғысымыз шексіз, - десе керек. Шәкең Сараның бетіне түксие қарап:

- Сен кімсің? - дейді.

- Ата мен жаңа өзіңіз бата берген Нұрсұлтанның жолдасы, Сарамын, - депті.

Сонда Шәкір атамыз:

- Қарағым, еркекке әйел жолдас болмайды, Нұрсұлтанның қатынымын де, - деген екен.

МҮШЕЛ ЖАС КЕЙІН ШЫҒАДЫ ҒОЙ

Жоғарыда айтып өткенімдей, берілетін батаның алдын ала жазылған нұсқасын алу үшін әкімшілік адамдары Шөкеңнің үйінен шықпайды, білем. Ақынның ұнататыны жақсы монша, сонан соң жұмсақ коньяк екен.

Ауыл әкімі қыстан қалған сүрді асып, моншасын баптап, Шөкеңді шақырса керек. Күтім көңілінен шықты ма:

- Халық сендерге қарап отыр. Мына қиын қыстау уақытта ел басқару деген де абырой әпермес жұмысқа айналды. Өз қолдарыңда пәрмен болмай, жоғарыға жаутаңдаған күн не болады дейсің? - деп, біраз мақтап алады да, алыстан іздемей-ақ мен саған бір элементарный сауал қояйын, соған жауап берші, - депті.

- Мына бастағы шаш неге ақ, ал борбайдағы жүн неге қара? - депті.

Әкім де адам ғой. Жүрегі қылп ете қалса керек, бергенді ішіп кетпей ме дегендей.

Содан олай ойланады, былай ойланады. Нақты жауап табылалар емес. Білмеймін деп айтайын десе, бір ауылдың әкімі. Намысы да жіберер емес. Әңгіме желісін өзге бағытқа бұрмалап, қайта-қайта коньяк ұсынса да шатақ шал шатасатын емес. Содан біраз уақыттан соң шыдамы таусылды ма:

- Қалай ел басқарып отырсыңдар? Оқығанбыз, тоқығанбыз дейсіңдер, элементарный сұраққа жауап бере алмайсыңдар. Борбайдағы жүн,

бастағы шаштан мүшел жас кейін шығады ғой,
- деген екен.

У ТЕБЯ САЙМАН СТОИТ?!

Семей қаласын басқаруға әкім болып, ұмытпасам, Чернигов деген орыс келіпті. Не шықса өз қазағыңнан шығады ғой, қарамағындағы табан жалағыштар жаңа келген басшының басын көтертпей, келген бойда:

- Басеке, жұмысқа кіріспес бұрын бізде президентке бата берген ақын шал бар, сол шалдың сіз де батасын алғаныңыз дұрыс шығар, - деп шулап қоя береді.

Қазақтың салт-дәстүрінен хабары бар орыс әкіміміз де көпшіліктің бұл ұйғарымын жақсылыққа жорып келісімін береді. Шабармандары келіп, Шәкеңе де естіртіп үлгереді.

Хабарды естісімен ызаға булыққан Шәкең:

- О, заманда, бұ заман кәпірге бата берген қай қазақты көріп едіңдер атаңа нәлеттер? - деп біраз туласа керек. Ісі бөлек, тілі майда қулар ақыры ақынды келістіріп:

- Қазақша қайбір түсініп жатыр дейсіз – бір-екі ауыз бірдеңе деңіз де, артынан бетіңізді сипай салсаңыз болды, - дейді ғой.

Содан қойшы, үш-төрт күн өткен соң алды-артында ГАИ көлігі, артқан тарту-таралғылары бар, орталарында әкім – бата алуға Шәкеңнің үйіне келеді.

Алдын ала жоспарлап пішіп қойған сцена-

рий бойынша шабармандардың екеуі Шәкеңді аулаға әкімнің алдынан сүйемелдеп алып шығады. Жандайшаптардың ерсі қылықтарынан әбдан төзімі таусылған Шәкең де жарылардай болып тұрса:

- Здравствуйте, уважаемый Шаке, здравствуйте, - деп әкім Шәкеңе қос қолын ұсынып сәлем беріпті.

Онсыз да зордан тұрған Шәкең әкімшілік адамдарының көзінше:

- У тебя х..й стоит? - деп сұрақты төтеден қойса керек.

Қапелімде сасып қалған әкім де:

- Пока не жалуемся, - дейді.

- Ну, тогда ебись далше, Аллаху акбар, - деп, қос қолымен бетін сипайды да үйіне беттейді.

Бір жаман шалдан қарамағындағыларның көзінше осындай сөз есту әкімге де оңай тимесе керек, тұтыққан бойда көлігіне келіп отыра салып келген ізбен кері айдапты. ГАИ мен әкімшіліктен бар көлік алдыңғы көліктің шаңына көміліп, арттарынан асығыс жөнелсе керек.

ҚЫЗ КҮНДЕРІНДЕ ҚАЙСЫҢ ҚАРАЙЛАСЫП ЕДІҢ?

Жамбыл Жабаев қайтыс болды деп естігенде:
Сөзімді мен айтпаймын кекесінмен,
Айтамын тура бетке төтесінен.
Отыз жыл Сталин деп бақылдаған,
Қазақстан айырылды текесінен, - дейтін

атақты Шәкір Әбенев жиырма жылдан астам түрмеде отырып келген. Орыс тілін жақсы меңгерген Шәкең өте сауатты болған. Құранды да жетік білген, өз ортасында «қари» атанған.

Шәкең отырған жерде Құран оқуға анау-мынау молдаларыңыздың жүректері дауаламайды екен. Бір ауқатты кісі аталарына ас беріп, Шәкең де дүркін-дүркін дұға оқып, қалтасына біраз нәпақа басса керек. Сол аста бастары құралып қалған ақынмен замандас шешелеріміз Шәкеңді тысқа шығуын аңдып тұрыпты. Кезіккен бойда:

- Өзің ғана қалтаңа баса бермей, бізге де неге бермейсің осы алғаныңнан? - деп жатып жабысады, білем.

Басынан сөз асыратын Шәкең бе:

- Рас осы мен бір аманатты ұмытып жүрмін, қыз кездеріңде қайсың маған беріп едіңдер, қу кәрілік ұмыттырып жібереді. Мәкила, сен бердің ғой деймін, мә ала ғой, - десе,

- Мен саған қашан бердім? кет әрі! - деп Мәкиласы тұра безіпті.

- Айтса да Қатипа, сен беріп едің ғой, мә ала ғой десе, немерелерінен ұялған Қатипа шешеміз:

- Құры әрмен, мен саған қашан беріп едім? Алжыған албасты, осыдан сұрап жүрген бізде де ес жоқ, - деп, ол шешеміз де зыта жөнелген екен.

ТӨЛЕУХАННЫҢ АТҚА МІНІП ТҰРАЙЫҚ ДЕГЕНІ ДҰРЫС БОЛДЫ

Қуанышбек ағамыздың әкесі Төлеухан өмір бойы мал баққан момын адам болса керек. Алғаш қазақ ауылдарына кино көрсетіле бастаған күз мезгілі болса керек. Басқарма барлық шопандарды бір ауылға жинап, қазір кино көресіңдер дейді ғой.

Киноның не екенін қазақ қайдан білсін, бәрі аң-таң. Аттарын шылбырларынан мықтап ұстап алып, қара деген үйдің қабырғасына анталай қарап тұрса, АБ-1 (ток беретін мотор) дар ете қалыпты. Тосын дауыстан аттар үркіп, дүрлігісіп қалса керек. Сол мезет Төлеухан әкеміз: «жаман айтпай жақсы жоқ» - деген осы атымызға мініп тұрайықшы депті.

Кино басталысымен экраннан солдаттар «Уралай» жүгіріп, пулеметтен соларға қарай оқты жаудырғанда, атқа мініп тұрған бір топ шопан аттарына қамшыны басып алдыдағы кезеңнен бір-ақ шығады.

Алқынысын басалмаған бір әкеміз:

- Төлеуханның жаңа атқа мініп тұрайық дегені дұрыс болды, болмаса сол бетте қырылып қалады екенбіз, - деген екен

КҮЙГЕН ҚОШҚАР

Кеңестік дәуірде меншіктен гөрі қоғам малына деген көзқарас айрықша болды. Мал

қыстату, қой төлдету, қырқым, егін егу, егін ору, жем-шөп дайындау сынды науқандық жұмыстар ауыл адамдарының ертелі-кеш қолын байлап, сіңбіруге мұрша келтірмейтін. «Балапанды күзде санайды» - демекші, осы қарбалас жұмыстардың нәтижесі күз аяғына қарай таразыланады.

Семей өңіріне қарасты бір шаруашылықтың маясы тұрғызылып, қысқа 100 пайыз дайынбыз деп отырғанда, аяқ астынан өрт шығып барлық шөп лезде жанып кетсе керек.

Тосын хабарды естісімен ауданнан бір топ комиссия сау ете қалыпты. Әбден жанып біткен мая жанында 3-4 күйген қошқар мен қошқарларды бағып отырған шал жүр дейді.

- Ақсақал, баяндаңыз, өрт неден шықты? - дейді ғой.

Сонда ақсақал айтқан екен:

- Қарағым, қайдан пайда болғанын білмеймін, аяқ астынан бір қоңыр саулық пайда болып, ана жүрген көк мүйізді қошқар мен мына жатқан қызыл мүйізді қошқар (екеуі де жартылай күйген) әлгі саулыққа таласып, сүзіскенде мүйіздерінің арасынан жарқ ете қалған отты көрдім, басқасы есімде жоқ, - деген екен.

ШАШУБАЙ ҚОШҚАРБАЙҰЛЫ

Ашаршылық жылдары халықның ертеңіне алаңдаған ақын, алдағы көктем егін екпекке бекініп, тұқым іздей Жалайыр елін бетке алып

жолға шықса керек.

Шау тартқан шағы. Мінгені інген, соңынан ерткен ботасы бар. Кеш бата оншақты киізүй тігілген ауылға шаршап-шалдығып әрең жетеді.

Оншақты үйдің ішіндегі еңселі ақ үйге, қазан көтерсе осы үй көтерер деп, інгенін шөгереді. Үйде ақсақал бәйбішесімен және бір бойжеткен қыз бар екен. Жолсоқты болып келген Шәшекең қатты ұйқыға берілсе керек, «дәмге келіңіз» деген қыздың шақыртуына да мән бере қоймапты.

Тары көже істеп әкелген бойжеткен қыз ақын екен, менсінбей жатқан мейманның шашасына шаң жуытпас Шәшекең екенін межелеп:

Ей, Арғын, кел демеймін, кет демеймін,
Көжем жақсы, мен арғындай ет жемеймін.
Отымды жақ, күлімді шығар,

құйрығымды сұрт,

Мен саған бұдан артық ет демеймін, - деп табанда суырып салса керек.

Қыздың сөзі қытығына тиіп кетті ме, жастықтан басын жұлып алған Шәшекең:

Сен өзің кел демесең, кет демесең,
Бәленшемді жеймісің ет жемесең? - деп, төтеден салса керек.

Сасып қалған қыз:

- Ойбай, көтек, - деп тұра безіпті.

Сөйтсе қыздың шешесі де ақын екен:

Дегенде аппарат-ғаппар, аппарат-ғаппар,
Алдыңа алты табақ а... жасайын,

Жартысын жеп, жартысын ауылыңа апар, - десе керек. Сонда төрде отырған шал, «хе-хе»

- деп күлді дейді ішек-сілесі қатып.

- Ей, арғынның ақыны, жеңілген жерің осы, інгеніңе мін де ізінді жасырғаның жөн, - деп жол сілтепті.

Басынан сөз асырар Шәшекең бар ма, табанда:

Дегенде тас атайын, тас атайын,

Алдыма алты табақ а.. жасаса,

Алдымен ақсақалға асатайын, - біздің елде дәмді бірінші үлкен кісіге береді деген екен.

Жеңіліп жер болғанын түсінеген шал:

- Арғынның жүйрігі жеңдің, көлдің бұл қабағында әңгімеге арқау қылмай-ақ қой, қолқаң орындалады, қонағым бол, - деп ақынға арнайы мал сойдырған екен.

Сөзге тоқталған қазақ осындай-ақ болар.

ӨЛЕҢГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ

Ақын Ілияс Мұқайдың «Сыныптасы жоқ бала» кітабына алғысөз жазған ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Абзал Бөкен ағам: Меніңше, қазақ қауымында ақыны көп болған, оның ішінде кітабы шыққан ақыны мол болған заман, ол – осы заман, - дейді. Қазір өлеңге таласы бар әр «сәби» жөргегінен бір томдығын ала түседі десек, артық айтқандық емес. Бұрын балабақшаның бүлдіршінінен бастап, ел ағасына дейін оқуға ұмтылса, қазір оқуды ұмытып, жаппай жазуға жанталасқан уақыт. Бұрын бір облыстан кітабі бар бір адам-

ды әрең тапсаң, қазір бір аймақтың қалам ұстарларынан бір Жазушылар одағын құрып алуға болатындай, - деп, ақ қағаздың бетін аткөпір етіп жазып жатқан қаламгерлерлердің де күн өткен сайын қаулап бара жатқанына қынжылады. Қаламгер жауапкершілігінің қашан да зор екеніне үндейді. Біз сол Абзекен айтқан оқуға ұмтылған ұрпақпыз. Жоғарыда айтып өткендей жабағыдан тайшығар бозбала шақта бізде өзімізше өкірте өлең жазыппыз. Әскер қатарынан оралдық, ой тоқтаттық. Кейінгі қазақ ақындарының жырларын жастанып жатып оқыдық. Өлең өлкесіне ішкі дайындығымыздың жоқтығын, ақын бойына тән жұпар қасиеттерден жұрдай екенімізді сезініп, кілт тоқтадық. Қадыр ақын айтпақшы: - Мойындау да білімділік, - деп. Оқырман қауым ой ауқымына өзі сыйғыза жаттар деген оймен сол шақтағы бір-екі өлеңді жариялағанды жөн көрдім.

КИЕЛІ МЕКЕН ҚАРАТАЛ

Ақсораңның күнге күйіп арқасы,
Мұнарлайды менмұндалап әр тасы.
Шыңға өрлеген қарағайы сән беріп,
Бетегеде бел қайысқан аршасы.

Өткені аңыз, ғасыр ма әлде бір дәуір,
Әулиеге апаратын жол да ауыр.
Көк аспанда көрінбейді қыранда,
Күтіп жүр ме жан біткеннің қолдауын?

Қараталым, мөлдір сулы тереңім,
Қараталым, ән бастауы өлеңім.
Арнасынан азайса да айдыным,
Қараталым, тілім жетпес байлығым.

Туған жер деген сөздің өлшемінің,
Мен-дағы бір нүктесі бөлшегімін.
Тізейін жер-су атын тіл жеткенше,
Ақтасам, ақтай алсам ел сенімін.

Өр тасы тұнып тұрған ырым дейді,
Әу баста аталыпты Шылым дейді.
Жайғасқан жағасына жеті рулы ел,
Бірлігі Шабанбайдың бүлінбейді.

Бегазымның бөлектеніп тұрысы,
Елдігімнің тай-қазаны ырысы.
Қола дәуір, алтын сандық қойнауы,
Марғұланның маңдай тері бір ұшы.

Желтаудағы желмен жеткен таңбалар,
Өрелі жан өре жетпей таңданар.
Мың сан тұяқ дүбірлеткен даланың,
Шаңы болып, тозаңы боп қаламын.

Көшасқаннан көште тоқтап қалғалы,
Асу бермейді, шатқалы мен аңғары.
Көшкен бұлтқа еміреніп қарайды,
Төрқора мен Қарағаштың орманы.

Шықтың ба Қарашоқы биігіне,
Көз тігіп Құлжа тұрар үйіріне?
Жүндіоба жиырылып жатқан сынды,
Бөгеудің бөгет болған иіріміне.

Кеңбұйрат, Шоқпартас пен Тастырғайлы,
Аттыға қарағаны бастырмайды.
Құланшат, Молдашілік, Кепеліден,
Таупияз талай тердік етегінен.

Сәкімбай, Шолақеспе, Ахметжан,
Қыс-қыстау, жаз-жайлауым даңқы асқан.
Бабеке, Құлекедей баһадүрлер,
Парағы ашылмаған бөлек дастан.

Хас батырлар ойран салған кешегі,
Бесбатырдың жатқан жері деседі.
Хан тауынан Жуылғыға апарып,
Сол бұлақтың қан болыпты етегі.

Үштөбе, Сармантай мен Керегетас
Серікбай, Қызылжал мен Қарақойтас.
Бүгінде Жіңішкенің арнасы тар,
Тасөткел саязданған жағасы жар.

Күйгенсай, Жұрымбай мен Мойынқұдық,
Жатқандай жел өтінен бойын бұғып.
Косманавт Белтерекке қонған кезде,
Кетіп ед бір шопанның қойы ығып.

Қалайша биіктікпен таласамын,
Желтау мен Жекежалдан аласамын.
Кіндігі кесілген жер Әлиханның,
Түнегін күн қылмақшы ед қарашаның.

Қырға шықсаң алдыңнан жел ескені,
Көненің көз көрмеген елестері.
Бай бопты Сона деген Құлжа тауда,
Рақыш пен Жайнақбай ғой белестері.

Тағдырдың тартқан сыйы мол адырлар,
Үшқатты, Қараша мен Шөладыр бар.
Айналған Қарауылтас дара шыңға,
Дәнбұлан, Қаршығалы жағасында.

Сендердей осы жерлік тау ұлымын,
Жақсының жанына ерген бауырымын.
Жарасам бір шегедей әжетіне,
Саф ауа, шежірелі ауылымның.

ҚАСЫМ ЖЫР

Бір туары ғасырдың,
Сынығы текті асылдың.
Тәуелсіз елдің көгінде,
Қалықтайды Қасым жыр.

Кеңге керіп өр төсін,
Қырда қымтап көрпесін.
«Дариға-ай» сол қыз әуені
Тербеген әнге жер төсін.

Өмірге келдің Қасым боп,
Өзге ақыннан басым боп.
Жырларың жасын, жанартау,
Өмірден оздың Қасым шоқ.

ДОСЫМ КӨМЕКБАЙҒА!

Кеңдігі қазақтың кең даласындай,
Тұнып тұр тұла бойы жарасымға-ай.
Ішінде құрдастардың бұл Көмекбай,
Ерек бір менмұндалар дара шыңдай.

* * *

«Біреу өлмей, біреуге күн жоқ» дейді қазақта.
Аудан әкімі Төлеужан Ахметбековтің атасы Ал-
тынбек ақсақал қайтыс болған күні екі жыл бұрын
сөнген жарығымыз қосылып, аядай ауыл сама-
ладай жарқырады. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз
жанды.

Бірақ қуанышымыз үш-ақ күнге созылды.

Егемендік алып,
Жүрген кезде жарып.
Қатарынан екі жыл,
Сөніп еді жарық.

Қайын атасы Алтекең,
Қадырлы сыйлы қарт екен.
Өшкенін жаққан ауылдың,
Әкім де біздің мәрт екен.

Алтекеңді көмді,
Свет қайыра сөнді.
Қараталға қайтадан,
Қара түнек төнді.

Куәсіңдер осыған,
Халқым менің,
Өлсе де,
Свет жаққан Алтынбегім.

АҒА-ІНІ, ЗАМАНДАСТАРДЫҢ АРНАУЫ

ҚАЗАҒАҢА!

Тұсауы кесілетін кезі келіп,
Бағымның жанатынын сезіп едім.
Жемісін үзбек болған құлын жырды,
Ағажан, бағалаған өзің едің.

Арманның арғымағын арындатып,
Алдыңа тастағанмын жанымды ашып.
Жана алмай барғанымда жібердің ғой,
Бір ауыз лебізіңмен жалындатып.

Аға, мен бұрын бұлай ақпағанмын,
Жырымды құпиядай сақтағанмын.
Бапкері келіспеген тұлпар сынды,
Кермеде өзімді-өзім баптағанмын.

Өмірдің өткелдерін көрмеп едім,
Пәк сезім, балғын ойға сенген едім.

Аңдаусыз иіріміне түсіп кетіп,
Өмірдің айдынында дөңгеледім.

Жандәрмен құлашымды сермеп едім,
Бір сәтте өзіме-өзім келген едім.
Өмірдің иірімінен атып шығып,
Өзеуреп өрге қарай өрмеледім.

Тағдырмен тайталасып түстім үстем,
Өмірді қалғандаймын түсініп мен.
Жырымнан жанымды да түсінерсің,
Жақсылар жарт-ақ сөзбен түсініскен.

Ініңіз Қамбар АХМЕТОВ.

* * *

Ассалаумағалейкум, Қазыбегім!
Аудандық баспасөздің қазығы едің.
Тәуір жыр, жақсы өлеңге сусап отыр,
Артыңда қара орманың – қалың елің.

Сүр болып қатып, семіп қалар ма екен,
Үш ай бұрын бір өлең жазып едім.
Газет беті босамай құттықтаудан,
Ыңғайы келмей жатыр тағы ненің?!

Қазанама, есеп беру, Азияда,
Жол бермес өлеңге де, жарияға.
Саған жазған жырымды оқисың деп,
Мақтанып болып біттім жанұяма.

Қарасақал жігітке жол жоқ болса,
Сен үшін айналайын қарияға.

Ағаң Манасбай НҰРЛАНОВ

* * *

Ассалаумағалейкум, Қазыбек інім,
Ми-боран, көңілімді жаз деп жүрмін.
Ауданның газетінде істейді, - деп,
Өзіңді Рахманнан сұрап білдім.

Мәселені қойсақ егер төтесінен,
Сен мені кісі-киік бөтенсінбе.
Өзіңде азды-көпті шаруам бар,
Өтінсем, маған қызмет етесің бе?

Мен өзім Ақтоғайдың қожасымын,
Кеуде-күй, көңіл күмбір, мазасызбын.
Әйтеуір «қақ пен соқта» шаруасы жоқ,
Ішінде қожалардың тазасымын.

Ал енді қош болып тұр, Қазыбек бала,
Атағың шықсын бидей аттас дана.
Қайталап тағы-тағы өтінерім,
Осы іске кірісерсің ынта сала.

Тез болса, тіпті жақсы көңіл асық,
(Газеттің жатқандайсың бетін ашып).
Шешерсің арғы жағын жеке дара,
Ой толғам, қабырғаңмен ақылдасып.

Айтбай КӘРІПБЕКОВ

ЖАЙДАРМАН БАСТЫҚ

Жымиып ішін сыртқа алдырмайды,
Көңілін тірі жанның қалдырмайды.
Қалжыңдап өзіл сөзге келген кезде,
Қазағаң атқа қамшы салдырмайды.

«ТТ»

ҚАЗАҒАҢА

Бас редактор «Тоқырауын тынысында»,
Әжептәуір ұжымы бар уысында.
Бойы аласа болғанмен, ойы биік,
Аққөңіл, әділ жігіт дұрысында.

«ТТ»

* * *

Қойдырып еді бір әкім, біраз жылдық араға,
Келгеннен соң жаңа әкім, қайта болдың
тамада.

Үйге кіріс толықсын, Қазағаңды қамама,
Жұмса енді, Балзия, сан алуан салаға.

Сана би көшесінің қыздары

Азаматты Қазекең, құрметтейді құдайдай,
Қызыл тілге келгенде, қоян алған құмайдай.
К... бөліске келгенде,
Шық татырмас Шығайбай

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ

АЛПЫСЫҢНЫҢ ЖАРҚЫРА БИІГІНДЕ!

Бауырым Қазыбек Опиұлы Ештанаевтың
60 жасқа толған тойына жыр-шашу

Жақсылықтан құраған жан ұранын,
Ізбасарым, бауырым, жаным, әнім.
Ел біледі Ештанай әулетінің,
Сен құлатпай қалғансың шаңырағын.

Хаққа жетті ақ тілеу, берді несіп,
Дегендей-ақ «тағдырмен көр күресіп».
Үзік жерін үміттің сен жалғап ең,
Жазыбек те соңыңнан келді ілесіп.

Ұмыт болып уайыммен көрген күндер,
Сендер келіп, әулетке дем бердіңдер.
Сол әулеттің сәніне кетті айналып,
Соңдарыңнан ілесіп келген Гүлдер.

Сол бақыттың басы сен, Қазыбегім,
Саған арнап бір өлең жазып едім.
Алпысқа кеп түсті ме маңдайға әжім?
Әзірге ешкім тапқан жоқ әжім емін.

Күндер өтті күзгі ызғар өтіндегі,
Салмақ салды өктем күн өкімдері.
Әжім деген солардың жазбасы ғой,
Маңдай дейтін дәптердің бетіндегі.

Белді буып түскенсің сынаққа мың,
Азаматсың, сенімді құлатпадың.
Жігеріңді жасытып, жылатпадың,
Лайлатпадың көңілдің бұлақтарын.

Шаршасаң да шыққан жоқ кейіп үнің,
Қылығына түкірдің кей «ірінің».
Матай анаң ақ сүтпен ар дарытты,
Жамал шешең емізген мейірімін.

Топқа түссе, қара үзіп келген інім,
Өмірің бар өзіндік өрнегі мың.
Сопыжанның ғұмырын жалғай келдің,
Екі ананы тел емген Телқоңырым.

Алпыс дейтін өмірдің иінінде,
Адамдардың өзгерер күйі мүлде.
Жүрегіңде жанартау буырқанып,
Алпысыңның жарқыра биігінде.

Бұрынғыдан өзгереді күндер бүгін,
Қарайла да қымтап қой іргеңді мың.
Мен үшін де теңдесіз бақыт жаным,
Сенің аман жарқырап жүргендігің.

Қазбек-Балзия, торқалы той құтты бол-
сын! Бірге жүріп, бірге өмір жақсылығын көріп,
ұрпақтың өсіп-өнгенін көріңдер. Атамның жасы-
нан асып кетіңдер. Мыны «қызылды-сарылы»
індет қол-аяқты буып тастап отыр ғой. Той
қызығы алда, жақсылықпен жолығысайық.

Асқар таудай АЛПЫСЫҢ құтты болсын, бауырым! Алла ғұмырыңды ұзақ, бақытыңды баянды, нәсібіңді берекелі етсін.

Ізгі тілекпен: **ағаң Ғазиз ЕШТАНАЕВ**

ҮЗІК ОЙ

Ауылдың мәдениетін, көркемөнерін жоғары көтеріп, жалындатып жіберуге бірден бір себепкер болған басшы марқұм Орал Шахуов еді. Кәсіподақ басқарған Мұқсиын Каримов, Зейнолла Құдашбаев, комсомол хатшысы Сайран Құлатаев ағаларымыз игі істі жалғастыруға ұйытқы бола білді.

Ал, өнерпаз жастарды мектеп қабырғасынан бастарын біріктіріп, өнерге баулыған Абайтанушы, айтыскер ақын, ұлағатты ұстаз Зия Елеубеков еді.

«Шалқар» мәдени-үгіт бригадасы, кейіннен «Шалқар» халықтық үгіт театрының атағын облыс, республика көлеміне танымал еткен, әрине, Аманолла Шайбеков ағамыз.

Бәрін сағынышпен еске аласың.

БАЛАБАҚША БАЛАНЫҢ СОРЫ МА, БАҒЫ МА?!

Ұлттың өзге ұлттан айырмасы және жалпақ әлемге қысылмай-қымтырылмай қарауына бірден бір сеп – рухани байлығы. Ұлттық рух бойға ана сүтімен дарымаған жағдайда біртұтас

ұйысқан ұлт қалыптаспайды.

Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Біз – тал шаңырақтың астында туып, талбесікте жатқандардың соңымыз... Әлі күнге уызды сағынамыз, көре салып қуа жөнелер қозыны сағынамыз...

Енді тарих өз тағдырында жартылай патриархалдық тұрмыс пен коммунистік үрдісті бірдей тоғыстырған біздей ұрпақты тумады» - дейді.

Әбекеңдердің арты біз. «Заманға таңғалма, адамға таңғал» - демей ме, мен немерелерімнің ертеңіне алаңдаймын, жалпы, қазақ баласының болашағына, қазақ болып қалатынына күмәнмен қараймын. Өзіне сенбейтін адам төңірегіндегілердің де бойынан жақсы сипат аңдамауы мүмкін. Бірақ, бұл жалғыз менің ғана көкейімде жүрген проблема емес, әр ортаның, қоғамның проблемасы. Ұлттық тәлім-тәрбиеден неге жирендік, осыған орай ойталқы.

Әр шаңырақтың шадыман шаттығы баланың бақытымен баянды, әр отау сәбидің сыңғырлы күлкісімен шырайлы. Кемел елдің іргетасы, ұлттығының асыл ұйытқысы бесігінде күлімсіреп, кекілімен ойнап жатқан нәресте тәрбиесімен қаланбақ.

Әлем әдебиетінің қайраткеріне айналған ұлы Мұхтар «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деп, тегін үндеу тастамаса керек. Әке құты, анасының сүтінен нәр алып, нәзіктікті, мейірімділікті бойына сіңіріп, анасының құшағында ұйқысы қанып күлімдеп оянар сәбилеріміздің тәрбиесін неге

біз ата-анасынан бөліп алып балабақшаға береміз?!

Жаһанды ауызына қаратып отырған Жапон халқы «Ана тек бала тәрбиесімен ғана шұғылдануға тиіс» деп, мемлекет тарапынан болатын бар мүмкіндікті қарастырады екен.

Сөз реті келген соң айта кетейін жапондардың және бір ерекшелігі баланы 13 жасқа дейін тек өз ана тілінде ғана оқытады. Ұлттық ұстаным деп осыны айтады!

Әйел мен еркекті тең деп тапқан кеңестік дінсіз қоғам, ұлттық рухты бойына жылдам сіңіретін ұлттан сескеніп, оңашадан ортақ жасады.

Ұланғайыр жердің егесі қазақ халқы осы ортақ тәрбиеден нені ұтты, неден ұтылды?!

Осы орайда, жазушы ағамыздың жанды сөзі жадымда қалып еді.

«Танысыңды тоқтатып, әкесін жамандашы, жағаңа жармассын, болмаса балаң оңбаған деп көр, қолыңда өледі. Бір рулы елді, ауылын келеке етші, өре түрегеледі. Ал, қазақты, тұтас бір ұлтты жамандашы, қазақ өзіңе қосылып жамандайды».

«Қазақ» деген мен, сен, ол емес пе? Әкеміз, бауырымыз, ауылдасымыз – бәрі жақсы. Неге қазақ жаман! Өкінішті! Біздің осал жеріміз де осы!

Әулеттік бөліністе рушылдық, жершілдік бар да, ұлтқа келгенде ұйысу, тұтасық, ұлттық намыстан жұрдаймыз!

Бүгінде бала тәрбиесіне ұлттық көзқараспен қарамауымыз, қазақ қазақ болғалы қалыптасқан тәрбиенің өміршеңдігіне орасан нұқсан келтіріп отыр.

Қарапайым мысал: ата-анасы жұмыспен қамтылған жанұядағы жеңгеміз таңғы жетіде, тәтті ұйқыда жатқан сәбиін жөргегінен жұлып алып, таңсәріден жылаған күйі балабақшаға апарып тапсырып, өзі алаңсыз жұмысына кіріседі.

Сәбиіміз болса, тәрбиешілердің айтқаны құлағына кіріп те шықпай, телміріп терезеге қараумен болады. Анасы кешіккен сайын бар ашу-ыза ішіне құйылып, ортасына жиіркене қарайды. Бойына жат қылықтарды жиып жатпасына кім кепіл? Болашақ қылмыскердің бейнесін қалыптастырып жатырмыз ба деп қорқамын.

Балаға тән тазалыққа дақ түсіп жатыр емес пе?! Бала жүрек былғанса, нағыз адам қайдан шықпақ – күмәнім бар?!

Сіздің ойыңыз қалай?

ҚАЗАҚ НЕМЕРЕСІН НЕГЕ БАУЫРЫНА САЛҒАН?!

Ал, қазақ тұңғыш немерені не үшін бауырына салған? Жасы ұлғайған қарт адамдарға бала бейнеті қажет пе еді?

Атамыз қазақ бала тәрбиесімен қатар өз тірліктеріне де үлкен мән берген, көңіл бөлген. Дүниеге дені сау ұрпақ әкеліп, өздері де әйбат

қартаюды көрегендікпен алдын ала ойластыра білген.

Ұлғайған адамдардың ыңқыл-сыңқылы да көбейе береді. Қимылсыз жата берген жанның дерттің үстіне дерт жамайтынын о бастан сезінген. Өзін-өзі сауықтыру үшін, үнемі қимылда болу мақсатымен аталарымыз бен аналарымыз жандарына шипа ретінде немерені таңдаған.

Немересі тәй-тәй басқан тәтті шақтан бастап, суға бет алса да, нуға бет алса да, жетіге келгенше соңында жүрген. Бұл дегеніміз – үнемі қимыл (физзарядка).

Екіншіден, ата мен әженің сәби санасында мәңгілік орын тебетін тәрбие мәселесі.

Бұл енді жеке әңгіме...

Осылайша, біздің ата-бабаларымыз адамға өмір бір-ақ рет берілетінін ерте түсініп, пендеге пенде болмаудың озық үлгісін ұрпақ санасына құйып отырған.

Ұлы баба ұрпағы ұлт көшін жалғай ала ма?!

Қазақы тәлім тәрбие сәлем беруден, бөтуалы бата қайырудан, дастархан басынан басталған. Салт-дәстүріміздің ең озық үлгісі болып табылатын осы әдеттен ажырадық.

«Мен ата-анамды сүйемін, бала кезімнен мені сабыр мен парасаттылыққа баулыған» деп мақтанатын ұрпақ өсіп келе жатыр ма? Бұл сауалдың жауабын іздейтін жұрт көрінбейді.

Ұлт тезінен өткен идеологияны жас ұрпақ неге жатырқайды? Жоқ, әлде жастарымыздың бойына, ойына өркениетті түрде ықпал ете ал-

май отырған қоғам кінәлі ме?!

Елбасымыз: «Адам баласы қай жерде жүрсе де, өмірге шыр етіп түсіп, ана әлдиін естігеннен бастап, өзін «қазақпын», «орыспын», «украинмын», «өзбекпін» деп сезінеді. Адам бойындағы бұл сезімді қандай аса зор идеологиялық қарумен атқыласаң да, құртып жібере алмайсың» - демеп пе еді.

Өркениеттіліктің бірінші белгісі ұлтыңды, тіліңді, дініңді, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпыңды құрметтеу емес па?!

БАЛА ТІЛІ – БАЛ

БІЗ ТІПТІ, ОЛ КІСІНІҢ АУЫРҒАНЫН ДА ЕСТІГЕН ЖОҚПЫЗ

Сабақ үстінде мұғалім оқушыдан сұрайды ғой:

- Шоқан Уәлиханов қай жылы қайтты? - деп.

Сонда аң-таң болып, орнынан көтерілген оқушы:

- Мұғалім, біз тіпті ол кісінің ауырғанын да естіген жоқпыз, - деген екен.

Күлесің бе, күлмейсің бе?!

НЕМЕРЕМ АҚЕРКЕНІҢ БАЛ ТІЛІНЕН ТУЫНДАҒАН ӘДЕМІ ӘЗІЛДЕРІ

Ақерке сегіз айлығынан бастап біздің бауырымызда өсті. Аудан орталығында балабақшада болды. Бірінші сыныпқа Тораңғылық орта мектебіне барды. Сықақшы Оспанхан Әубәкіровті көп оқығандықтан ба, мен жасынан «Балпан» атап кеттім.

МАҒАН ДА ОСЫНДАЙ КҮЙЕУ КЕРЕК

Марқұм анамыз аурушаң болды да аурухана төсегіне жылдап жатып ем алатын. Сондықтан болар, үй шаруасына ерте араластым. Ыдыс жуу, іс тігу, тамақ істеу деген мен үшін аса таңсық іс емес.

Келіндеріңіз жұмысынан келгенше үйде болсам, бар ыдысты жуып, дәмді тамақ әзірлеп қоям.

Сондай бір дастархан басындағы отырыста балаға тән тазалығына дақ түсірмеген немерем Ақерке әжесіне айтады:

- Маған да осындай күйеу керек, ыдыс жуып, дәмділеп тамақ істеп қоятын, - демесі бар ма.

ҚАТЫНЫҢДЫ САБАШЫ ҚАМШЫМЕНЕН

Сегіз айлығында бауырымызға салған Ақерке тілі ерте шықты да, жұрт баласы сынды ата демей, бойымның аласалығын ескерді ма, «ата-тай» атап кетті.

Күлімдеген күлкісімен, былдырлаған тіліне сүйсініп, мен «балпан» атадым.

Күлкіқұмар жұртты жастайынан жаулаған Оспанхан Әубәкіровті жатып оқыдым, жастанып оқыдым. «Балпан» Оспекеңдегі балалар прототипі.

Ататайын арқа тұтып, әжесін «қатын-қатын» деп алатын.

- Ататай, қатыныңды сабашы қамшыменен, маған ұрысты, - деп ойынға кетеді де, есіне түскенде қайыра бір соғады.

Жаңа ғана «сабадым» деп, қамшыны көрсетсең мәз болған қалпы ойынын жалғастыратын.

ОСЫ ҚАТЫН ДА МЕНІМЕН ЖАҒАЛАСЫП ТУЫП

Ақеркенің туған күні – 5 қазан, ал әжесінікі – 10 қазан.

Баланың аты – бала, Ақеркеміздің туған күніне келсе әке-шешесі келеді, болмаса өзіміз ғана шағын отырыс жасаймыз.

Әжесі өмірге келген күні бірге істейтін ұжымы, көрші-қолаң, жора-жолдас дегендей біраз адам қараң береді. Келетін қонақтарға арналып, жайнап тұрған дастарханға қарап:

- Осы қатын да менімен жағаласып туып, әйтпегенде осы тәттінің бәрі мен туған күнде болатын еді, - дейді.

Біз күліп жатырмыз.

ШАБЫТ ШАҚЫРСА, МЕН ДЕ ІШЕЙІНШІ

Бірде оңаша ойға шомып, жазу столында отырмын. Алдымда басталған коньягым бар. Шабыт шақырып отырсам:

- Ататай, мынаны не үшін жалғыз ішіп отырсыз? - деп таңданған қалпы жанымға келді.

- Мұны ішсең, шабыт келеді. Өлең ұйқастары да тізбектеліп шыға береді, сондай қасиеті бар, - десем:

- Шабыт келетін болса, мамаға көрсетпей мен де бір ішейінші, сонсоң сіздің жаныңызда отырып, өлең жазам, - дейді бала көңіл Балпаным.

«ӘКІМГЕ АЙТЫП САЙЛАТПАЙ ҚОЙМАСАМ»

Аудандық газетте редактор болып жүрген кезімде аудан әкімі Ғабдырахман Омаровтың ұйғарымымен Тораңғылық ауылдық округіне әкімдікке бекігелі жүрген кез.

Бүгін-ертең деп, жоғарғы жақтан құжаттар тосып отырған мезгіл.

Басқа уақытта ататайынан алтын адам жоқ. Балпанмен байланысымыз кешкілік телевизор алдында басталады.

Мен жаңалық көргім келеді, ол балалар бағдарламасынан бас алмайды.

Сондай бір көгілдір экран алдындағы келіспеушілікте:

- Сені әкімге айтып, сайлатпай қоймасам ба?
- деп қарап тұр.

Біз күліп жатырмыз.

МИЫҢДЫ МАҒАН ТАСТАП КЕТ

Оспанхан атамыз айтпақшы, сотанақтардың сұрағы көп қой. Ананы бір сұрайды, мынаны бір сұрайды, сұрауының бірде-бірі жауапсыз қалмайды.

- Ататай, осының бәрін қайдан білесің? - дейді. «Ол үшін көп оқу керек» деп, сөредегі жиналған кітаптарды меңзейім ғой.

- Мынаның бәрін оқып тауса алмаймын ғой, ататай, одан да өлгеннен кейін миыңды маған

тастап кетсеңші, - дейді Балпаным.

АТАТАЙ ІШЕДІ АРАҚТЫ, КЕШЕ ДЕ ІШКЕН

«Тұрғынүй-91» бағдарламасы негізінде бой көтерген Сана би көшесінің тұрғындары кәрі жасына қарамай, әр мерекені барынша бірге қарсы алуға тырысатын. Әсіресе, Наурызда өз алдына киізүй тігіп, жылмен қоса жұрт әні де жаңаратын.

Мереке өтісімен, ертесіне Жәмшінің әкімі Алтай Жармағанбетов ағамыз қоңырау шалды:

- Қазкен, Әшөк қарындасың Наурыз мереке-сіндегі үш күндік демалысты пайдаланып, әріп-тестерін алып, ауылға концерт қоюға келе жатыр. Келінді ал да кел, ішінде боласың, - деді. Әсем Жармағанбетова – Тәттімбет атындағы филормонияның маңдайалды әншілерінің бірі.

Ол кезде редактормын, қызметтік көлікпен жедел жетіп бардық.

Балпан ол кезде 4-5 жаста.

Филармонияның жас әншілері 7-8 қыз-жігіт. Сол жылғы наурызымыз Рамазан айымен тұспа-тұс келген. Дәм де дайын тұр екен, бара дастархан басына жайғастық. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» қағидасымен Алтай ағам саудыратып тұр-түрімен шөлмектерді қаздай тізіп дастарханға алып келсін.

Сатып алған аурудың құрсауынан шыға алмай отырған біз үшін, бұл ұсыныс құптарлық еді, жабығадан тайшығар кілең жастар:

- Аға, біз орадамыз, мүлдем дастарханға

қойылмаса дұрыс болар еді, - дегені.

Басынан көпті өткерген ағам да түсіне қойды да:

- Қазкен, сен ше, - деп маған бұрылып қарап еді, сасқанымнан:

- Мен үшін ашпай- ақ қойыңыз, - деп, міңгірлеген болдым.

Ағай да:

- Онда кедергі болмасын, мен ана жаққа апарып тастайын, - деп, шөлмектерді құшақтаған күйі босағаға қарай бет алған сол еді, Балпан:

- Ататай ішеді арақты, ататай ішеді, кеше де ішкен, - деп жанұшыра айғай салмасы бар ма.

Алтекең маған қарап тұрып қалыпты:

- Немере асырайды деген рас екен – бүгін көзім жетті, құйсаңыз құйып жіберіңізші, - дегенім.

Не дегенмен өнер адамдары ғой, кеше көрсеіңіз бізден бүгін қысылмаңыз деп жатыр жастар жағы да.

ТҰЗЫҢ ЖЕҢІЛ

Періште көңіл Балпаным бірде ауызына қасықтап бірдеңені салып жіберді де, жуынатын бөлмеге тұра жүгірсін.

Іле соңынан барып:

- Не істеп жүрсің, Аконай, - десем:

- Сіздер тұзың жеңіл, тұзың жеңіл дей берген соң, тұз жеп жүрмін, Ататай, - дейді жайбарақат. Ауызы толған тұз.

ҮШ МҰҒАЛІМ, БІР ӘКІМ

Мен Тораңғылықта әкім болып жүргенде Ақеркеміз алғаш мектеп табалдырығын аттады.

Балзияның да негізгі мамандығы бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан, мамандығы бойынша дәріс беруге кірісті.

Тұрғындардың жарымы орыс ұлты болғандықтан, аралас мектепте кадр тапшылығы да болды.

Екі жас маман мұғалімді ауданнан алдырттық. Әке-шешелерін танимыз. Осында болыңдар деп үйге жатқыздым.

Ақерке бастауыш сыныптарды тек үздікке бітірді. Себебі де түсінікті. Бәрі жабылып, соны оқытады.

Бірде үйге келсем, Балпаным жылап отыр. «Кім тиісіпті әкімнің еркесіне?» - деймін ғой, сондағы жауабы:

- Осы үйде үш мұғалім, бір әкім бар. Бәрі жабылып маған ұрсады, - дейді кемсеңдеп.

Онсы да рас шығар. Біздікі білім негізі дұрыс қаланса деген ой.

МЕНЕН НЕГЕ ОТКАЗ БЕРДІҢДЕР?

Бастауыш сыныпты Тораңғылық негізгі мектебінен жақсы аяқтаған соң Балпанды қаладан оқытқан дұрыс деп шешіп, өз әке-шешесіне бердік.

Сегіз айлығынан бастап тәрбиемізде болған

тәттіміз:

- Менен неге отказ бердіңдер? Тораңғылыққа Саян екеуміз-ақ сыймай қойдық қой, - деп жол бойы булыға кемсеңдегенде, қосыла жылағымыз келді.

Саян деген жігітіміз ауыл фельдшері, аудан дәрігерлеріне жақпайды, ауылдастары жақсы көреді. Жұмысынан шығарып тастайды да, қайта алады.

СӨЗ БІЛЕТІН ШАЛ-КЕМПІРДІҢ БАЛАСЫ БОЛҒАН СОҢ, СӨЙЛЕЙМІЗ ДА...

Күні бүгінге дейін Ақеркемізді жұма күні сабақтан шығысымен тосып алам да, дүйсенбі ертемен апарып салам. Тораңғылыққа қарап есінейді де отырады. Алғашқыда: «Осы бір қызыл есікті иттің етінен жек көрем, ататай» - деуші еді, өз үйінің есігінің алдына барғанда.

Есі кіргелі тоқталыпты. Аға-жеңгесіндей болып кеткен әке-шешесінің кейде әңгімелеріне араласады, білем. Шешесі еркелете қоя ма, «сен осы тапсынбай отыршы» десе:

- Сөз білетін шал-кемпірдің баласы болған соң, сөйлейміз де, - дейді екен.

ЖОЙЫЛСЫН ЖАЛҒЫЗ СӨЗ АРАҚ ДЕГЕН

Балпанды бала күнінен кітап оқуға, оның ішінде батырлар жыры, қазақ ақындарының өлеңдерін жаттауға баулыдым. Айтыс өнерінің

қыр-сырына қанықтырғым келді.

Үйінде қонақ отыр ма, қарамайтын.

- Ататай, шабыт келді айтысайық, айтысайық,
- деп, ойын баласы алып ұшып үйге кіретін.

Бастады да, тастады. Орта кінәлі ме, отбасы
кінәлі ме, түсініп болмастай. Өзім сынды әзілге
бір табан жақын жүреді, оған да шүкір дейсің.

Ататайын қашан да тосын сыймен қарсы
алуға тырысады. Үшінші сыныптан төртке көш-
кендегі туындысы. «Әні де, сөзі де өзімдікі» -
деп, «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген» әннің
әуеніне салып, жарнамалайды жан жағына:

Жойылсын, жалғыз сөз арақ деген,

Атама арақ ішкен, қарап келем.

Тойдағы, қонақтағы қанша ішкенін,

Мамама келген кезде, санап берем.

Арақты атам,

Атамды арақ,

Іздемесін мәңгілік!

ОСЫ БАЛА КЕМПІРДІ «МАМАЛАП», КІМНЕН ТУҒАНЫН БІЛМЕЙДІ ҒОЙ ДЕЙМІН...

Ақеркенің бауыры Әлиден кейінгі сіңлісі Айзе-
ре де 5-6 айлығынан бастап біздің қолымызда
өсіп жатыр.

Ұйқысынан тұра жылайды. «Ел ұйқыдан
тұрғанда тынығып тұрушы еді, бұл бейшара
қирап тұрады» - дейді Ақерке. Одан қалды «Ма-

малап» әжесінің соңынан қалмайды.

- Осы бала кемпірді мамалап, кімнен туғанын да білмейді ғой деймін, - деп, апасы Ақерке өзінің қайда өскенін кейде ұмытып қалады.

АТАТАЙ «МУЖИК» АРАҚ ІШЕДІ

Ақеркенің сіңілісі Айзере қызымыздың тілі орысша сөйлеуге бейім болып шықты. Арасында ағылшын тілі қосылады, біз қыстап қазақшаны қыстырамыз, сонымен қойшы нағыз көже-қойыртпақ болды. Сотканың «пайдасы» – басқа ешкімнен көрмейміз. Дегенмен, ана тілінде сөйлеуін үнемі қадағалаудамыз. Нәтиже беріп келе жатқан сынды. Негізі шала қазақтардың сөзі шын көңілдерінен шыққандықтан ба, шынайы болып тұрады екен. Бірде құрдасымыздың үйінде қонақта отырсақ алдымдағы стаканға қарап: - Ататай – «Мужик», арақ ішеді, - демесі бар ма. Серіктестер де «біз де мужикпыз» деп, рюмка қағысты.

ОНЛАЙН» ОҚУЫ ҚҰРЫСЫН, ҮЙДЕ БАЛА БАҒЫП, КЕМПІР БОЛДЫҚ

Жаһанды жаулаған дерттің кесірінен мектептеріміздің есігі жабылып, жоғары сынып оқушылары «онлайн» оқуға көшірілді.

Біздің Ақеркеміз де сол көп оқушылардың бірі. Анасы колледжде сабақ береді. Төртінші кішкентайлары бір жасқа толмай, аналарын

жұмысқа шақыртып алды. Әкесі де жұмыста. Кенже сіңлісіне қарайлау міндеті – Аконайдың мойнында.

Бірде үйлеріне барып:

- Балам, «онлайн» сабағың қалай жүріп жатыр, - десем?

- Ататай, «онлайн» оқуы құрысын, бала бағып кемпір болдым, - ренжиді.

Ренжитін де жөні бар, қолдан келер шара жоқ?

БІЗДІҢ ПАПАҒА – ПО-ФИГУ

Аудан орталығына көшіп келмекке бекініп, үй сатып алуға оқталып жүрген шақ. Сенбілік тойдан шығып, ұйпа-тұйпа болып жатыр ем, таңертеңгі автобуспен ауылдан Балзия келді. «Бота Серіктің көршісі үй сатады» деген хабар ала келіпті.

Көршісін тосып, Бота Серік пен Бибінұр бөленің үйінде отырмыз. Қайбір жетісіп отыр дейсің? Дереву далаға атып шығып, КамАЗ прицебінің астында лоқсып болып отырсам, жаныма Гүлжан деген кенже қыздары келді. Ол кезде 4-5 жаста.

- Ой, ағатай, сізге қиын екен, - дейді, - ал, біздің папаға «по-фигу» – ол ішіп алады да, құспай жүре береді, - демесі бар ма.

Дереву әңгімені әке-шешесіне жеткізіп, бір бөтелкенің тығынын аттық.

САЗДЫ АУЫЛДЫҢ ҚАТЫНДАРЫ

Кәрібеков Манатбек аға еңбек демалысына шыққаннан кейін орталыққа көшіп келіп, көрші тұрдық.

Әсілі, жақсы адамдардың арадан өзі кетсе де, азаматтық болмысы мен тұлғалық қадыр-қасиеті еш көнермейді. Мәкең сондай адам еді.

Бәйбішесі Несіпбала екеуінен өрбіген ұл қызы ақарлы-шақарлы үй болып отыр. Сол кісілердің Ислам (Ика дейтінбіз) деген немересі шын мәніндегі ата-әженің баласы еді.

Бірінші сыныпқа барып, кішігірім той жасады. Біздің ауыл Сазды ауыл деп аталатын. Бірінші мұғалімі біздің Раиса жеңгеміз, ол да Сазды ауылда тұрады. Тілашар тойына шақырғанда бара алмаған болуы керек.

Ертесіне сабаққа барғанда алғаш мұғалімі Раисаны көріп:

- Кеше Сазды ауылдың қатындарының бәрін шақырдық, сен неге келмедің? - депті мұғаліміне.

СОНДА БІЗ ОТЫРЫП «КІШ» ЕТЕЙІК ПЕ, ЖОҚ ТҰРЫП «КІШ» ЕТЕЙІК ПЕ?

Сол жылдарда 1 сынып оқушылары мектепке 6 жастан алынып, оларға шын мәнінде жағдай жасалды. Әжетхана ішінде.

Содан Раиса мұғалімдері сабақта «әжетханаға барғанда өйтпеңдер, бүйтпеңдер» деп әр шыққан балаға түсіндірме жасай берсе

керек. Сонда Ика қолын көтеріп:

- Мұғалім, мұғалім, сонда біз отырып «кіш» етейік пе, жоқ тұрып «кіш» етейік пе? - десе керек.

АТАМ ШАҚЫРЫП ЖАТЫР

Иканың тілі жасында сақаулау болатын, жылдам сөйлесе түсініп те болмайсың. Бірде жүгіріп үйге келді де:

- Сені атам шақырып жатыр, - деді. Мәкеңнің бір ауыз сөзі ғой, «жәй іздеді ме?» деген ниетпен Мәкеңе барсам:

- Иттің баласы күнде біреуді шақырып келеді. Өзі елден ұят болды, сені қойшы, үй тақау ғой әйтеуір, анау жоғарғы ауылдан Күбай келін мен Баянды жаңа бір шәй беріп қайтарып отырғаным осы, - дейді.

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕЙТІН ЖЕРІ

Көршіміз Болат інім мен келініміз Қымбаттың қызы Зере Ақеркенің шәкірті.

- Ататай, сіз осы көк тудың желбірейтін жерінде істейсіз иә? - деп, әкім болып жүргенде тәтті тілімен бір сүйсінтіп еді.

Түнде үйлеріне аяқ асты меймандар келген бе, соны баяндай келе:

- Қонақ келсе, мен қуанам, қонақ кетсе, мамам қуанады, - деп, ағынан жарылып еді Зере қызымыз.

БІЗДІҢ ҮЙ ҒОЙ, «СЕНДЕР КЕЛЕДІ» ДЕП, ШӘЙ ҚАЙНАТЫП ЖАТҚАН

Қайролла ағай мен Нәзия жеңгемнің жиені Мәдина әлі мектепке бара қоймаған шағы. Жаздай Қараталда болды.

Бір күні ағай екеміз Балқашқа баратын болып, Мадинамыз да қоса жолға шықты. Жас қой әке-шешесін әбден сағынған болу керек. Екі орындықтың ортасына тұрып алған, дауысы жіңішке, шіңкілдеп сөйлей береді.

Бәйгітөбеге дейін отырмай, тік тұрып барды. Төбеден түтін шығып жатқан заводтың мұржасы көрінуі мұң екен:

- Біздің үй ғой анау, «сендер келеді» деп, шәй қайнатып жатқан, - деп нағашыларын бір күлдіріп еді.

ЖУРНАЛИСТ – ОЙ АДАМЫ

Адамдар дүниеге келеді, дәм-тұзы таусылғандар дүниеден өтеді. Бастық-басшылар ауысады, мекен-жай жаңарады.

Уақыт дегеніміз – өзгеріс. Өткеніңді айтпай, бүгінгі еске түсе ме? Олқылықтар көбіне дер кезінде байқалмай, араға уақыт салып қайыра қылаң беруі бек мүмкін. Жіберілген қателіктер кейін қайталанбас үшін, өскелең ұрпақты ойланту үшін біз сол жіберілген кемшіліктерімізді мойындауға тиіспіз.

Ақсораңның бауырында туып, сұлулықты

тану, туған жердің қадыр-қасиетін сезіну, тарихына үңілу, ата-бабалар зиратына тәу ету, адамдарды құрметтеу – бәрі-бәрі қыры көп, сыры көп тәлім тәрбие.

Мен журналистпін. Журналистиканың қадыр-қасиетін, журналистердің меңнатын жұрттың бәрі бірдей түсіне бермейді. Журналист – жолаушының сыңары, жаманнан жеріп, жақсыға жаны жаңғырып, бір ауыз жақсы сөз естісе жаны семіріп жүреді. Қайла-күрек ұстайсың ба, трактордың рөліне отырасың ба, қалам ұстайсың ба, бәрі – айналып келгенде елге қызымет. Айырмасы, журналист – ой адамы, ойсыз бір күнін өткізбейді, араласпайтын саласы болсайшы.

Жазу-сызумен айналысатын адамдардың мінез-құлқын былайғы жұрт онша түсіне бермейді. Біздің аядай ғана ауылдан сегіз журналист шыққан екен. Мақтан етуге бола ма? Болғанда қандай!

«Қолда барда алтынның қадыры жоқ» - дейді қазақ.

АХМЕТОВ Қамбар Жұмағалиұлы

- 1978 жылы Қаратал кеңшарында дүниеге келген. ҚарМУ-ды бітірген. Журналист, ақын. «Балқаш өңірі», «Орталық Қазақстан», «Айқын» газеттерінде, «Қазконтент» АҚ Жобалау және талдау бөлімінің басшысы, «Қазақстан» РТРК АҚ интернет жобалар бөлімінде Бас редактор, ҚР Ақпарат және коммуникациялар

министірінің кеңесшісі, «Егемен Қазақстан» газеті редакторының орынбасары Қарағанды облыстық «Сарыарқа» медиахолдингінің директоры қызметтерін атқарған.

ЕШТАНАЕВ Қазбек Опиұлы

1961 жылы Шет ауданы Кеншоқы кеңшарында дүниеге келген.

Еңбек жолын Қаратал совхозында құрылысшы болып бастаған.

Жезқазған құрылыс техникумын және Қазақстанның менеджмент-экономика және болжау институтын социолог мамандығы бойынша тәмамдаған. Қаратал совхозында құрылыста бригадир, қырман меңгерушісі, «Шалқар» халықтық үгіт театрында режиссер, директор қызметтерін атқарған. 1994-2000 жылдар аралығында Қаратал совхозында кәсіподақ ұйымының төрағасы.

2000 жылдан «Тоқырауын тынысы» газетінде тілші, жауапты хатшы, 2006 жылдан 2011 жылға дейін Бас редакторы. 2011-2017 жылдар аралығында Тораңғылық ауылдық округінің әкімі. 2017-2018 жылдары Балқаш қалалық тұрғынүй инспекциясы бөлімінің инспекторы. 2018 жылдан осы мерзімге дейін Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне қарасты «Балқаш» демалыс орнының администраторы. ҚР Журналистер одағының мүшесі.

ЖҮНІСОВ Оралбек

1954 жылы Қаратал кеңшарында дүниеге келген. Еңбек жолын 1974 жылы аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде бастаған. Республикалық «Ауыл», Приозерный аудандық «Ленин жолы» газеттерінде істеген. Балқаш қалалық «Балқаш өңірі», «Сырлас» газеттерінің Бас редакторы. Бірнеше кітаптары жарық көрген. «ҚР Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстанның Құрметті журналисі», «ҚР Мәдениет саласының үздігі».

ҚОЖАХМЕТОВА Ләззат Таймырқызы

1976 жылы Қаратал кеңшарында дүниеге келген. «Шаңырақ» көпбалалы отбасыларды қолдау орталығының директоры «Qaragandy habary» газетінің бас редакторы, республикалық «Айқын», «5-арна», «ART-TV» телекомпаниясында жұмыс жасаған.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің журналистика кафедрасында аға оқытушы. Әлеуметтану ғылымдарының магистрі.

Сондай ақ, Қожахметова Ләззат Таймырқызы – ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Қоғамдық Сенім кеңесінің мүшесі; «Талбесік» көпбалалы аналар одағы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі; ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және демография жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі; ҚР Президенті жанындағы Жоғары

Кеңестің әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі
Консультативтік комитетінің мүшесі, Қарғанды
облыстық мәслихатының депутаты.

МАҚСҰТОВ Қуаныш

1963 жылы Қаратал кеңшарының Қуаныш
бөлімшесінде дүниеге келген. Қарағанды
Мемлекеттік университетін бітірген. Халықара-
лық, республикалық ақындар айтысының,
фестивальдардың лауреаты. Халық «Сары Тен-
тек» деп атаған. Жезқазған облыстық Жастар
ісі жөніндегі комитет төрағасы, Сәтбаев қаласы
әкімінің орынбасары. Қарағанды облыстық те-
левизиясында аға редактор, «Замандас-Совре-
менник» газетінің Бас редакторы қызметтерін
атқарған.

МҰСТАФИН Еркебұлан

1997 жылы қарашаның 28-і күні Қарағанды
облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылында
дүниеге келген. Шабанбай би ауылындағы
Ә.Ермеков атындағы жалпы білім беретін мек-
теп түлегі. Қарағанды университеті филология
факультеті журналистика мамандығы бойынша
оқыған.

ШИМАНБАЕВ Совет Оспанғалыұлы

Белгілі журналист, баспасөз қайраткері.

Қарағанды облысы Қоңырат ауданы Ақтұмсық ауылында 1938 жылы дүниеге келген. 1956 жылы орта мектепті Ақтоғай селосында бітірген. 1957 жылы Қоңырат аудандық комсомол комитеті жанындағы Пионер үйі директоры. 1958 жылы аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі. 1959 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында жұмыскер. 1965 жылы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. 1964 жылы «Лениншіл жас» газетінде хабар бөлімінің меңгерушісі. 1966 жылы «Спорт» газетінде жауапты хатшы.

Совет ағамыздың қазақ спорты журналистикасында өзіндік қолтаңбасы қалған журналист. 1972 жылдан зейнеткерлікке дейін еліміздің бас газеті «Социалистік Қазақстан» – бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінде тілші, тілшілер бөлімінде жетекші, коммерциялық бөлімде жетекші, жауапты хатшының орынбасары міндеттерін абыроймен атқарған.

ШАЙМҰХАНБЕТОВА Алтын **(Тиыштық)**

- 1941 жылы Қаратал кеңшарында дүниеге келген. ҚазМУ-дың журналистика бөлімін бітірген. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде қызмет жасаған.



ЖАЙСАҢ ЖАНДАР!

Жандары жайсаң, көңілдері көпшіл, қазақтың қайырымды қасиетін ұлықтап жүрген диапазондары кең, жақсы ағаларға өз басым жарыған адамын.

Шешімдері кесімді, мінездері де кесек Оралбек Жүнісов, Жандос Смағұлов, Елубай Баймағанбетов, Шәріп Естеков, марқұм Қабылсаят Әбішевтер туған ауылдың түлегі екенімді қашан да мақтан етем.

Оралбек ағамыз «ҚР Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстанның Құрметті журналисі», онға тарта кітаптың авторы.

Жандос ағамыз болса-болмаса, профессор, 250-ден астам ғылыми және сыни мақалалардың авторы. Мақалалары Ресей, АҚШ, Болгария, Қытай, Түркия, Грузия, Қырғызстан, т.б. елдердің ғылыми журналдарында жарияланған.

Ал, Қабылсаят ағамыз белгілі заңгер, саясаткер, қоғам қайраткері, мемлекет және құқық тарихы тақырыптарына жазылған бірнеше құнды еңбектердің авторы. Үш Арысымыз – Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермековтердің ел үшін атқарған қызметтерін алғаш жарыққа шығарушы. Бұл ағаларымыздың жазғандарын оқып үлгере алмай жататынымыз да жасырын емес.

Ал, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі Елубай ағам:

- Кітап шығардым, тұсаукесер шарасына кел,

- дегенде таңданыста болғаным рас.

Мен Елубай ағаның туған інісі Қаламбаймен бір класта оқыдым. Ес білгелі асықты бірге атып, көк шалғында бірге алысып, бозбала шақтан бүгінгі күнге дейін бірге келе жатырмыз.

Елағаң өз естелігінде жазғандай, Шөкен шешеміздің аманаты бойынша Елубай ағаның аты Қаламбай болу керек те, Қаламбай құрдасым Қағазбай атануы тиіс еді. Анамыз Күлай шекесі торсықтай ұлды дүниеге әкелгенде, Қабыкей әкеміздің ағасы Нұрғали бір сиырын жетектеп апарып, Шөкен шешеміздің алдынан өтіліп, елуде ұл көрген іні құрметіне Елубай атап, дайын есім «Қаламбайға» Қаламбай ие болып қалыпты.

Сөйтіп, Қағазбай есімі Қабыкей әулетінде аталмай қалады.

ЕЛАҒАҢА!

Елаға, сіз соқтықпалы-соқпақсыз жолмен жүрмей, өмірді көшелі, кісілікті даңғылмен бастадыңыз. Ата жағынан да, ана жағынан да белгілі дегдар тұқымнансыз. Сондықтан болар, сөзіңіз бен ісіңіздің арасында алшақтық болған жоқ. Заманға сай жаңаның басшысы бола білдіңіз. Өмірлік ұстаным, түйініңіз адалдық болды деп топшылауға толық негіз бар. Бәлкім осындай асқақтыққа сізді ауылдағы Ақсораң шыңы жетелеген болар.

Біз, інілеріңіз соны өнеге тұттық. Алпыстан

асып, ашуды жоғалтып, ақылыңыз молайған тұста кітап шығарып отырсыз. Құптарлық, ұлағатты іс!

Кітап қазына ғой! тың ойлардың құба белі қол бұлғап шақыра берсін! Қараталдың, Қабыкейдің Құлагері болып, бәйгеден шауып келе беріңіз!

Ағалар аласармаса екен деп, арттарыңыздан біз ерелік!

ҚЫРАНҒА БІТЕР ТЕКТІЛІК

(Еңбек ардагері Қабылбек Рамазанұлы
жайлы толғаныс)

Қашан да жақсының мәртебесі биік, мерейі үстем болары нақ. Ондай адамның кісілігін сірә да айтып тауыса алмайсың. Қоңыр тірлікте қарапайым болса да, халқының қалаулысына айналған құрметті адамдар болады.

Қабекең ақсақал солардың қатарынан. Атағынан ат үрікпесе де, шен-шөкпен киіп, дүниенің тұтқасын ұстамаса да, қала халқы төредей көтеріп сыйлайды.

Ел ішіндегі береке-бірлікке де солар ұйытқы. Хәкім Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық» - дейді.

Нәубетті жылдары дүние есігін ашқан Қабылбек Рамазанұлы – аздың бірі. Құрдастары да қалмауы мүмкін. «Бар ма?» - деген сауалы-

ма, «ағам Байсеркин Қайырбек қалды, ол кісі менен екі жас үлкен» дейді.

Әлиханның бесігі тербеліп, Әлімханның жергегі жайылған топырақтан түлеген қос қыранның бір-біріне деген құрметі. Көңілдерінде түйгені мол, көргені көп қайран көнекөздеріміз-ай!

Тоқсанға аракідік адамдар келіп жатады, бірақ, солардың бәрі бұл асуға биік тұлғамен келе бермейді. Бірін-бірі жоқтаушылар бұл жағынан олжалы кісілер. Өздерін сыйлар, сөздерін ұғар ағайын-туыс, іні-бауырға кенде емес.

Бұл да Алла берген шапағат. Қабекеңнің hareketінен оның жан дүниесінің лебі аңқып тұрады. Қажымай және арымай «әйбат» қартаю деп осыны айт.

«Атадан жалғызбын, қарағым, марқұм анам бірталай жасқа келгенше бала көтермепті. Ағайынның арасындағы қаңқу сөз жанға қатты батады ғой, шешемді бала көтермеген соң «қубас» деп, көп кемсітсе керек.

Анам байғұс ауыл шетіне ши тартуға шығып, қос жанарына ерік береді екен. «Ей, Раббым Алла, мені Жадыра «екі көзі жоқ, екі қолы жоқ, екі аяғы жоқ қыз туып, қайтыс болыпты» деген атаққа қалдыршы, - деп жүргенде Алла сені беріп еді дейтін.

1928-жылдың 16 сәуірінде қасиетті Тоқырауын бойында Қарашілік қыстауында дүниеге келіппін. Ғазиз анам Жадыра – Көшкін

Шегірдің қарындасы. Жарықтық, сөзге шешен, тауып та, қауып та сөйлейтін, алғыр адам еді. 1971 жылы 81жасында дүниеден озды.

Ұлғайған шағында денсаулығына байланысты намазын жүресінен отырып оқиды екен. Соңынан тілейтін тілегі: «Ей, Алла, екі көзі, екі қолы, екі аяғы жоқ қыз сұрап жүргенде, тілегіме Қабылды бердің, мың да бір тәуба, мейірімі көп, я, раббым! Енді осы жалғызға ғұмыр бер, осыны өркендетші» - деп, жарықтық соңында ел бірлігін, заман тыныштығын һақтан сұрап жата-тын.

Бәлкім кейуана анамның тілегін Алла қабыл етіп, Қабылбектің 90-ға келу сыры да сонда шығар. Біздің балалық шағымыз заманның бір аласапыран тұсымен тұспа-тұс келіп, бала көңіл бойын жаза алмай, еңсеміз де ерте түсті.

Елді бірінші ашаршылық жайлады, өкіметтің өкімі қатаң, заңы қатал мезет. Халық жаула-рын да қолдан жасап, халықты у-шуға салған әбігерлі кезең.

Тоқырауын бойындағы желдің өтін тосып тұрған тал-қарағанға, шіркін, тіл бітсе, талай қасыреттің куәсіндей, ботадай боздайды ғой.

Әкемнің әкесі Әлиман әйдік тоғаншы болған кісі. Қарақұланың түбінен бөгеп салған тоғаны әлі күнге «Әлиман тоғаны» аталады. Көзге от-тай басылады. Тақтасы, тілігі өзгермеген қалпы. Қырманның қақ ортасына үлкен діңгекті орна-тып, әлді жылқыны ноқталап байлайды. Оған он асау тай қосақталады. «Тай – тұяқ» деп тегін

айтқан ба? Тай тұяғы өткір ғой, лезде бидайды сабағынан айырады. Қазіргі комбайнның қызметін біздің өңірдің диханшылары солай атқаратын.

Қасиетіңнен айналайын Тоқырауынның топырағы, нәрлі суы бізге атақты «Ақбидайды» берді. Үлкендердің «биыл гектарынан 51 центнерден айналды» деп, балаша қуанғандары әлі есімде.

Өзің білесің – өздеріңнің тұқымнан біреуді кезіктірsem сүйкенбей өтпеймін, себебі, үлкен шешем – қожаның қызы. Жарықтық әулие кісі еді. Дересін жағындағы Әбет қожаның қарындасы.

Аяққорада әкейдің диірмені болатын. Науқан кезеңі «диірмен асылып қалыпты» деп, әкей үйге ренжулі оралды. Судың қуаты жетпей айналымға келмей қалғанда, солай атайтын.

«Қапаланба, отағасы, Алла берерін тауыспасын, сабыр қыл» - деп, дәретін алып, намазын оқып, шапанын жамылып, диірмен жаққа кетті. Сәлден соң шаршаңқы үйге оралды, «енді бара беруіңе болады, диірменің жүріп тұр» - деді де жантая кетті. Дұға оқып келді, білем.

Шешелерінің сондай әулиелігін көріп өскен Қабылбекке де жұғындылары жұққан болар, қарағым. Біздің тұқымға ұсталық дарыған кәсіп еді. Бидайдың жаңа піскен кезі, астында қарагер аты бар Бәкір әкем келді, біз Бәкітай ата дейтінбіз. Өзі дімкәс, кеудесі сырылдап отырады, құрт ауруы ғой. Жаңа піскен бидайды көріп, әкейге: «мынау беторамалға бір кеседей

түйіп берші, үйге апарып қуырып жейін, артынан үлкендерге дұға жасайын» - деді. Әкей «кесірді қой, Бәкіш, жейтін бидайыңды жегеніңше осы жерде жеп ал. Төкен деген бәле жүр деп естідім, бірдеңеге ұрынып кетерсің» - деп еді, болмады. «Құдай сақтар, Әлижан, көңілім ауып тұр» деп алып кеткен.

Айтып ауыз жиғанша, жоғары Қараөткелде Төкен кездесіп, өзі жарымжан Бәкітай әкемізді бір кесе бидай үшін соттатырып жіберді.

Қарағандының Қарабасында отырып, денсаулығы төмендеген соң елге қайтарып, келген бойда қайтыс болды. Өмірдің сансыз сауалы бар. Надан елдің бас көтеруге мүмкіндігі де болмады. Қарсы дау айтсаң, өміріңмен есептесетін уақыттар өтті ғой, қарағым.

Май-май болып диханшылардың арбасын жөндеп, колхозшылардың керек-жарағын дайындап жүрген Шәріп әкем де халық жауы атанды. Елге жаққан ісі еламанға жақпады. Қаншама асыл азаматтар итжеккенге айдалды, қиындықты жеңе алмай түрменің лас нарында нар азаматтар бақилық болды. Жазықсыз жандарды қынадай қырған жергілікті жердегі Берияның Төкен сияқты құйыршықтары. Қудалау мен қуғын, сұрақ пен жауап жандарына жай таптырмаған сорлылардың бостандықта да соңынан сөз ілесіп, азаматтықтарына кір жағылып жатты ғой.

Кейінгі жылдары Қарағанды облыстық прокуратурасынан шығарылған өкімнің көшірмесін ал-

дым. «Әкем-ау, таққан айыптары, Германиямен, Жапониямен байланысы болған делінген. Шәріп әкем түгіл, ептеген сауаты бар мен өзім Германия мен Жапонияның қай тұста орналасқанын білмеймін» - деп нар тұлға сәл тыныстап, үнсіз ойға шомды.

Иә, өткенге өкіну орынсыз да шығар. Бұл әр перзенттің өз заманында маңдайына жазылған тағдыры. Олар қандай қиындық көрсе де сол заманы мен сол заманның адамдары үшін, халқының қамы, жастарының бүгінгі бейбіт күні үшін күрескен күрескерлер. Күн мен түн алмасқан сайын бұрынғы сананы бұғаулаған тұманды ойлардың түнегі біз үшін сейіле берер, бірақ көзбен көрген заман ақылманы Қабекеңдер үшін – жазылмас жара. Осының бәрін жинаған жүрек не деген Жанартау десеңізші!

Тағдырға билікті адам жүргізген дәуірдің тағы бір тауқыметі Ұлы Отан соғысының басталуы еді.

- Соғыс басталғанда 13 жаста едім. Жоғарыда айтқандай, ойының не, бала болып ұйқы да қандыра алмадық. Ер азаматтар соғысқа аттанды. Біздің қатарластар шал-кемпір, жесір әйелдердің жұмсауында болды, егін егу, шөп шабу, қозы бағу, каток айдау сынды істер атқара жүріп, ерте есейдік.

Барша халықтың басына үйірілген соғыс бұлты оңайшылықпен ыдыраған жоқ. Бір әулеттен кеткен ағайындылардың бәрі шейіт болып, ауыртпалықтан аңыраған ананың,

қаралы қағазды құшақтап, қабырғаға басын ұрған жеңгелеріміздің көз жастарын көру оңайға соққан жоқ.

Тылда жұмыс тоқтаусыз жүрді. Ер азаматтар соғыстан оралғанда, біз жігіттік шаққа аяқ бастық. Тесіліп білім құғамыз жоқ, ауылдағы орталау мектепті ирек қамшылай жүріп аяқтадық. Содан кейін талпынып, қызметке кеттім.

Шет ауданында әскери комиссариатта қызмет атқарадым. Қарашілікте қалған қарт әке мен аялаған анама қарайлап, қалған оқуды дерлік сырттай жалғастырдым.

Қатарымнан қалғам жоқ. Алматының ко-оперативный институтын сырттай бітірдім. Жақсылармен араластым, көп қалаларды араладым, әр қазақтың ауызынан шыққан орынды сөзге ден қойдым, сұрыптап сараладым.

Осы сәтте үнсіз мен де ойға шомдым. «Айта білген адамға қисапсыз қызыққа толы өнегелі, тәлімді тағдырлар ұзынсонар әңгіменің бастауы ғана екен ғой. Қилы заманның қайыспас алыптарының соңғы тұяғы Қабекеңдер болса екен дедім».

Бағамдап қарасам, ақсақалдың саналы өмірі кеңес өкіметі тұсында өтіпті. Сол өкіметіміздің уралап қалыптасуы, шарықтап шыңға шығуы, 70 жылдан кейін тұралап күйреуін басынан өткерген.

Соның бәрін бүгінгі бағаммен, оң дей ме екен, түгелдей теріс дей ме екен?! Тұжырымын естуге тоқсанның алдында ыңғайсыздандым.

- Арқа өңірінде, өзіңіз айтпақшы, дәм жазып, жақсылармен жанасып, аламанның ортасында мен де жүрдім, ата, бірақ, дәл өзіңіздей батагөй қартты кезіктірмедім? - деген сауалыма, дала өмірінен өнеге алған қарт:

Жасым келді 90-ға.

Мен өлмеймін, ажал келмей,

Тасқа апарып соқсаң да.

Ажал келеді, жаныңды тауып алады,

Тоғыз қабат темір үйге тықсаң да, - деп, - өзіңді халқың құрмет тұтқан жерде, сөзді аузыңа құдірет салады, - дегені.

Өмірімен өнегесі бірге өрілген Қабылбек Рамазанұлының адамға адалдығынан ескерткіш ретінде төл туындысы «Тоқырауын бойы – тектілер мекені», - деген кітап қалды. Тағдыр топырағына көміліп, талай сырды жұмбақ күйінде жүректерімен қоса ала кеткен Қабекең сияқты әр қазақтың әкесін көз алдыма елестеткім келді...

АСЫЛ ЖЫРДЫҢ, ЖАСЫН ЖЫРДЫҢ ЖАМПОЗЫ!

Өзі кетсе де сөзі қалған марқұм Үмітай (Мүбарак) ақын 60 жаста!

Өнер тарландарының табан ізі қалған киелі топырақ тағы бір ұланын ұлықтап жатыр. Азан шақырып, ата-анасы қойған есімінің (Мүбәрак) түп-төркіні бақытты, қасиетті, қайырлы, құттыға саяды.

Үмітай ақынның өзгешелігі Жеңіс, Дәуітәлі ағалары сынды ақжарма жырдың соңынан Алатау аспады, Шатыршасын сағалап, шабыт шақырды. Тәрбие төресінің бәрі бесіктен, тегінен.

Айтақырда асығын атып, көк майсада күресіп, Ай астында ақсүйек іздеп, алтыбақанда әнін шырқап, Ақтоғайда жігітшілік жасады. Бай-манаптың балалары сынды болашақ мамандығын да болжамапты.

Өлкетанушы, облыстық мәслихат депутаты Тұңғышбай Мұқан ағамыз:

- Халқының үмітін ақтап, Ақтоғайдың бір тасын өрге домалатқан Үмітай ақиық ақын, - деп еді.

Асыл жырдың, жасын жырдың қазынасы қайран ағамен алғаш мәдениет үйінің сахнасында таныстық. Ол кезде түрлі мерекелік шараларға, әсіресе, партия конференциялары боларда «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблінің құрамына дайындық шаралары үшін бізді бір ай бұрын жұмыстан босатып жіберетін.

Бишілерді, оркестр мүшелерін дайындау үшін аудандық партия комитеті Алматыдан арнайы мамандар алдыртатын. Оркестр құрамында марқұм Есіркеп Ибраев, Үмітай аға, бір қатарда отырдық. Өзілдері жарасқан қос ағаның әр кездесулері жеке бір ойын-күлкі, сауықтың от-ауы дерсің.

Бірде аудандық музыка мектебінде қобыздан

дәріс беріп жүрген Есіркеп аға редакцияға Үмкеңе телефон шалып:

- Үмітай, «жеміс-жидек қызарыпты» - деп жұмбақтаса керек. Сөз төркінін түсіне қойған Үмкең:

- Япыр-ай, ә! Қолға қарға тышпай тұрғанын қарашы қас қылғандай. Қазір өзім хабарласам, - деп, телефон трубкасын қоя салыпты.

Сөйтсек Ескеңнің сөз тұспалындағы: «жеміс-жидек қызарыпты» деп жүргені «Овощной» дүкеніне қызыл арақ әкеліп түсірді, - деген хабары көрнеді. Іле-шала редакциядағы журналистердің асыраушысы бас есепші Айша апай келді ме, болмаса құттықтау, еске алуға өлең шығарды ма, әйтеуір көзін тапқан Үмкең Ескеңе телефон шалып:

- Еске, қарға қарық қылды, тіпті саңғытып-саңғытып жіберді», - десе керек. Тағаты таусылып, елең-алаң болып отырған Ескең: «Үмітім, Үздігім, Үмітайым, жарадың, жарадың! Мен көзір Амоняны жіберейін» - деген екен.

Ескеңнің шәкірті, сол музыка мектебінің түлегі, қызылға жүгіртетін қолбала Амоня – бүгінде Алашты аузына қаратып отырған президент оркестрінің көркемдік жетекшісі, белгілі өнер қайраткері Амантай Жұмашев.

Үмітай Жармағанбетов ағамыз ауданымызда өткен үлкенді-кішілі мерекелік шаралардың сценарийлерінің денін өзі жазды және өте сауаттылықпен уақыт үніне үндестіре білді.

Ақтоғай айтыс өнерінің Кенішбайлардан

кейінгі Зия Елеубеков, Қасымхан Қаленов сынды тарланбоздарымен айтысқа түсіп, тоқым түйістірді. Ақтоғай үшін жарық жұлдызға айналған аяулы ақын, жасын жырдың, жазба жырдың жаңа мектебінің негізін қалады.

Ақын ағаның және бір ерекше қыры достық әзілдерді жазуға келгенде Жарасқан Әбдірашев сынды алдына жан салмаушы еді. Комсомол конференциясына делегат болып келген маған да әзілмен әйбат жыр жолдарын арнап еді. Өлі жадымда!

Ұмытпасам 1985 жыл болуы керек. Сол конференцияда «Ақтоғай ауданының ең таңдаулы құрылысшысы» атанып. Арнайы диплом және 100 сом ақшалай сыйлыққа ие бодым.

ҚАРАТАЛДЫҚ КОМСОМОЛ ҚАЗЫБЕККЕ!

Ойы биік, бойға бірақ ұятты,
Аузын ашса көмейінен күй ақты.
О, ғажап-ай, жұдырықтай жігіттің,
Тұла бойын сөзден құйған сияқты.

Бұл сөзіме жүгін, мейлі, жүгінбе,
Бір дарын шығады ертең түбінде.
Ол құрылысшы, ол комсорг, нансаңыз,
Одан асқан «Тамада» жоқ бүгінде, - деп, екі шумақ өлеңмен Ештанаевтың есінен кетпес естелік қалдырып еді.

Іс-сапармен болмаса, нағашылап біздің Қаратал ауылына жиі соғатын. «Қу бала, мен

сенің Қараталыңдамын» - деп келген бойда хабарласатын. Басшыларымыз да: «Ақын ағанды шығарып салып, жұмысқа бір-ақ шығарсың, - деп, бірден жұмыстан босататын.

«Әулие», «Орыс өткелі» сынды әсем табиғат аясында құйрығымыз көк иіскеп, кешкісін «Мәстектің қайқаңы», болмаса «Арқарлыдан» аға-іні болып, қимай-қимай ажырасатынбыз.

Аузын ашса, көмекейі көрінетін, қайран аға! Жеке басының қамы үшін жерден жіп көтермей, жіптіктей таза қалпында кете барды.

«Газетке кел, өзім баулаймын, сенен құрылысшы емес, түбі журналист шығады» - деп, көрегендікпен өзеурей өзіне тартса да, өзі секілді отбасы-ошақ қасы қарияларға қарайлап мен де шыға алмадым.

«Артында бар оңалар» - демей ме дана халқымыз. Ақтоғай ақынсыз қалған жоқ. «Жалын жұтып, шоқ шайнап, отқа кірген» баласы Бағдат бауырымыз барда, елі еркелеткен Еркебұландары жүргенде келте ғұмырдың орны бүтін, толық демекпіз!

АҚСОРАҢНЫҢ АРДАҒЫ!

«Таудың үлкендігін тау ішінде жүріп білмейсің» - деген халық даналығы бар. Оралбек ағамыз екі-үш көйлек бұрын тоздырғандықтан ба, бір ауылдың төлі бола тұра, аға еңбегінің қоғамға, ортаға келтіріп жатқан пайдасын бағамдамаппыз.

Біз жолын қуғандықтан, жоралы жұрты журналист деп таныған ағаның маған ең бірінші соншама қарапайымдығы ұнайтын. Ауылда өсіп, ауылда білім алған Оркеңнің жан-дүниесі ғана емес, сыртқы бітімі, киім киісі, жүріс-тұрысы, сәнді сәлемінің өзі алдыңғы аға буынның қандай болу керек екенін менмұндалап көрсетіп тұрады.

Жүрген жері береке, айналасына мейірім шашып, қоршаған ортасын бірден өзіне баурап адамдар болады. Оркең осындай жан.

Түрлі бас қосуларда қазақтың қара домбырасын қолына алып, Оркең орындаған орынды әндер өз иірімін тауып, жүректерге жылылықпен жетіп жатады. Оралбек ағамыздың әдемі әнші болмауға Һақысы да жоқ. Себебі өскен жері, өлең бесігі болған әсем де сұлу табиғатымен көз сүріндірер Ақсораңдай асқақ шыңның саф ауасын еркін жұтқан ұлынан туған жер, жалпақ жұрты зор үмітте еді.

Журналистиканың қыр-сырын жадына түюге ұмтылған балаң жасты баулыған, томағасын сыпырған қара шаңырақ «Арқа еңбеккері» болса, ұлағатты ұстаздары Смағұл Ибраев, Қасжан Ағеділовтар болатын. Алдыңғы толқын ағалар: Қасым, Төкен, Рымбек, Серік, Абзал, Үмітайлар үкілі үміттің үкісін сеніммен Оркеңе табыстаған.

Қашан да арманына адал адам ұстаздарын ұлағатпен еске алып, кейінгі буынға дәріптеп отырады. Ағамыз ол жолдан жаңылған емес.

Бүгінде өзі қамқоршы. «Қамқоршы» деген

сөзге қазақ қашан да үлкен құрметпен қараған. «Балқаш өңіріндей» беделді басылымды басқара жүріп, Серік Сағынтай, Бағдат Мұбарак сынды жас талантты ақындардың бағын аша білді.

Жалпы, Оркең – жаза бергісі келетін жазушы. Өмір жолындағы айшықты іздерінің дәлелі ретінде сағынышты жылдардың толқын-толқын иірімді кезеңдерінен көңілге түйгендерін біраз кітап етіп шығарды. Кітап тақырыбы – тілеуқор ақсақалдар, туған жерінің текті ұлдары, еңбегімен өзін де өзгені де шуаққа бөлеп жүрген қарапайым жандар. Өз ісінде отызында орда, қырқында қамал бұзған Оркең ағамыз елуге келіпті!

Иә, 50-ге келіпсіз аға, бұған да қуану керек шығар. Өйткені, 50 рет қар басып, 50 рет жаз көріп, осы өмірге лайықты адам пенденің еншісіне бөлінер қуаныштар мен жақсылықтардың дәмін таттыңыз. Сөзіңізді тыңдап, өзіңізді сыйлап, жақсы ағаның жақсылығын естіген сайын біздің де нұрымыз қоса тасысын, Оралбек аға!

АУЫЛ ТАРИХЫНЫҢ ЖЫЛНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

(Жылнамалық деректер Тұңғышбай
Мұқанның «Ел тарихы – рухани қазына»
тарихи-танымдық кітабынан алынды)

1866 жылы 5 наурызда Жекежал қыстауында болашақ Ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы дүниеге келді.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде Алаштың ұлт көсемі, ғалым, саясаткер, Алашорда үкіметінің төрағасы, Алашорда ұлттық-автономиялық мемлекетінің негізін қалаушы жерлесіміз Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов халық жауы деген жалған жаламен 58-статья бойынша айыпталып, Мәскеудің Бутырка түрмесінде атылып, Дон зиратына жерленген.

1940 жылы біздің әке-шешелеріміздің қажырлы еңбектерінің арқасында ат-арба, өгіз-арбаның күшімен тереңдігі мен ауқымы бірнеше метрге созылған ауылымыздағы «Бесбатыр» су қоймасына Жіңішке өзенінің суы бөгелді.

1944 жылы ауданымыздың тылдағы еңбеккерлері 10 адам (бүгінгі тілмен айтсақ, демеушілер) майданға 1 млн 666 мың сом қаржы аударды. Ауылымыздан Шомақбаев Сейдіғазым әкеміз бар.

1950 жылдан 1960 жылға дейін Геология министрлігіне қарасты мемлекеттік «Волковгеология» бірлестігі «Молдашілік» кен орнында

қазба жұмыстарын жүргізіп, уран өндірген.

1954-1955 жылдары колхоздарды өркендетуге арналған «Отызмыңдықтар – ауылға» бастамасымен Әбілдин Сәрсенбай «Ұлы Октябрь» колхозын басқаруға жіберілді.

1962 жылы Восток-3 космос кораблімен космосқа ұшқан космонавт А.Г.Николаев біздің МТМ бөлімшесіне қарасты Белтерек қыстағына қонды.

1963 жылы колхоздардың совхоз болып қайта құрылуына орай аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы құрылып, төрағалығына Байсеркин Қайырбек сайланды.

1963 жылы Қаратал совхозының алғашқы директоры болып Баданов Шаймерден бекіді.

1965 жылы Ақсораң бауырындағы «Арай» пионер лагері алғаш оқушыларды қабылдады.

1973 жылы жаңадан Жамшы совхозы ұйымдастырылып, оның директорлығына Мұқажанов Қауаз тағайындалды.

1978 жылы Ақтоғай-Қаратал-Қызыларай көтерме жолы пайдалануға берілді.

1979 жылы Қаратал совхозының «Шалқар» үгіт бригадасы халықтық атақ алды.

1981 жылы аға шопан Ұйқасбаев Зәрубек Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

1993 жылы республикалық қазақ телефильм студиясының арнайы тапсырысы бойынша Ақтоғай ауданы бойынша ұлттық салт-дәстүрді насихаттау бағытында «Қыз ұзату, келін түсіру»

атты документальды фильм Әулиеде түсірілді.

1994 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті сенатына Әбішов Қабылсаят депутат болып сайланды.

1995 жылы 2 шілдеде Шабанбай би бабамыздың мазары жаңартылып, арнайы ас беріліп, Қаратал кеңшарына Шабанбай би бабаның аты берілді.

2006 жылдың 21 шілдесінде ауылымызда жаңа мешіт ашылды.

2007 жылы аудан орталығында белгілі күйші, сазгер Ахметова Аққыздың (Мүгілсім) 110 жыл толуына орай ас беріліп, үлкен көлемде мәдени іс-шара өткізілді.

2014 жылы ауылымыздағы қолөнер шебері Төлеубаева Қамаш ҚР қолөнер шеберлері атынан Тибеттің Непал қаласында өткен халықаралық қолөнер шеберлерінің көрмесіне қатысып, арнаулы сертификат алды.

ОРДЕН АЛҒАН ҚАРАТАЛДЫҚТАР

«Ленин» орденінің иегерлері:

Бабашев Мақсұтбек – аға шопан.

Драгунова Александра Николаевна – ұстаз.

«Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегерлері:

Смағұлова Мәриға – ұстаз.

Қасымжанов Оралбек – аға шопан.

«Құрмет Белгісі» орденінің иегерлері:

Ордабеков Хазиз – механизатор.
Қабылов Малгаждар – жүргізуші.

«Қызыл Ту» орденінің иегері:
Қасымов Мұрат – ҚССР спорт шебері.

II дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері:
Ұйқасбаев Зәрубек – аға шопан.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері:
Смағұлов Қожахмет – ұстаз, ҰОС ардагері.

«Халықтар Достығы» орденінің иегерлері:
Байсеркин Сәтжан – дәрігер
Мұқажанов Қауаз – еңбек ардагері

«Құрмет» орденінің иегері:
Әбішев Қабылсаят – заңгер.

«Қазақстан Даңқы» орденінің иегері:
Естеков Шәріп – дәрігер.

Қазыбек ЕШТАНАЕВ

Қараша ауыл Қаратал жағасында...

Редакторы:

Серік САҒЫНТАЙ,

Көркемдеуші:

Ақерке АРЫСТАНБЕК.

«Қасым» журналының баспа-дизайн
орталығында беттелді.

Басуға: ж. қол қойылды.

Қарпі «Ариал». Пішімі: . Офсеттік қағаз. Офсеттік
басылым. Шартты баспа табағы – бт.

Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №